Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

УДК 903'1(574) Қолжазба құқығында

ЖУМАТАЕВ РИНАТ СЕРИКОВИЧ

Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)

6D020800 – археология және этнология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Отандық ғылыми кеңесші:
Ә.Т. Төлеубаев
Тарих ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Штелдік ғылыми кеңесші:
Николаус Бороффка
Тарих ғылымдарының докторы,
Герман археология институтының
Бас ғылыми қызметкері, Германия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 4

1 ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚОЙЫЛУЫ. ТАҚЫРЫПТЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

1.1 Қазақ даласындағы ежелгі жылқышылардың мәдениетін зерттеу барысындағы жылқы мәселесі. 19
1.2 Ерте темір дәуірі тайпаларында жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың қалыптасуы мен дамуы. 26
1.3 Түркі-моңғол халықтарының дүниетанымындағы жылқы мәселесі. . 36

2 ЭНЕОЛИТ ЖӘНЕ ҚОЛА ДӘУІРІ ЖҰРТТАРЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ

2.1 Өндірісті экономиканың қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі жылқы мәселесі. 45
2.2 Жылқының толық немесе оның бөліктері кездесетін Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштері. 53
2.3 Қола дәуірі тайпаларының жылқыға қатысты ғұрыптық салт-санасын сипаттайтын Қазақстанның петроглиф кешендері. 60

3 ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕР ЗАМАНЫ МЕН ТҮРКІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҮСІНІКТЕР

3.1 Ерте темір дәуірінің жылқымен байланысты археологиялық жерлеу-еске алу ескерткіштері. 71
3.2 Ерте темір дәуірінің петроглифтері және жазба деректер. 85
3.3 Ортағасырлық түрік халықтарындағы жылқы культі археологиялық деректерде. 92
3.3.1 Жылқының толық немесе оның бөліктері кездесетін Қазақстанның ортағасырлардағы археогиялық ескерткіштері. 92
3.3.2 Жазба деректер және этнографиялық сабақтастық. 103

4 ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫҢ, ДІНИ-МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИГЕНЕЗДІК САРАПТАМАСЫ

4.1 Жылқымен қатысты әдет-ғұрыптардың типологиясы және аймақтық ерекшеліктері. 115
4.2 Қазақ даласының ежелгі және ортағасырлық жұрттарының діни-мифологиялық кешеніндегі жылқы культі мәденигенез контекстінде. . . 133

ҚОРЫТЫНДЫ 148

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 153
ҚОСЫМША. 171

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АО	Археологические открытия
АСГЭ	Археологический сборник Государственного Эрмитажа РФ
АЭАЕ	Археология, этнография и антропология Евразии
Изв.АН КазССР	Известия Академии наук Казахской ССР
КСИА	Краткие сообщения Института археологии АН СССР
КСИИМК	Краткие сообщения Института истории материальной культуры
ҚазМУ	Қазақ мемлекеттік университеті
СА	Советская археология
СГЭ	Сообщения Государственного Эрмитажа РФ
СМАЭ	Сборник музея антропологии и этнографии АН СССР
СО РАН	Сибирское отделение Российской академии наук
СЭ	Советская этнография
ТИИАЭ АН КазССР	Труды Института истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР
Тр.ГИМ	Труды гГосударственного историческогомузея
УКПИ	Усть-Каменогорский педагогический институт

КІРІСПЕ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызы археологиялық және этнографиялық деректер негізінде кешенді түрде талданады. Зерттеудің негізін қазақ даласындағы энеолиттен бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі жерлеу ескерткіштерінде кездесетін жылқы қаңқалары мен жартас бетіне қашалған жылқы бейнелері құрады.

Жалпы ұсынылып отырған диссертациялық жұмысқа қатысты кейбір түсініктемелер бар. Ең алдымен бұл тақырыптағы «жұрт сөзіне» байланысты. Аталмыш сөзді кез-келген оқырман бірден жұртта қалған, яғни көшіп кеткен ауылдың орны ретінде қабылдайды. Ал біз, жұмысымызда бұл сөзді халық деген мағынада қолданамыз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне жүгінейік. Онда келесідей екі түрлі анықтама берілген:

– Ел-жұрт, халық. Жұрт қатарлы – ел сияқты, басқалар тәрізді. Жұрттан ала бөтен – елден ерекше. Жұрт аяғы басылды – ел орынға отырды, тыныштады. Жұрт болмайды – ел болмайды, адам болмайды;

– Көшін кеткен ауылдың, үйдің орны. Жұрт жаңғыртты – қоныс аударды. Жұртта қалған жұрын – түкке тұрмайтын, кәкір-шүкір нәрсе. Жұртта қалғыр – қаңғырып кеткір. Жұртта қалды – бәрінен айырылды, басы қаңғырды [1, 319 б.]. Көріп отырғанымыздай сөздің екі мағынасы бар, яғни кең және тар мағынасы. Біз ұғымның кең мағынасын қолданып отырмыз.

Тағы бір түсініктеме ол мәденигенез мәселесіне қатысты. Диссертациялық тақырыбым бекітілген жылы ғылыми кеңесшім Ә.Т. Төлеубаев «Қазақстанның қола және ерте темір дәуірі тұрғындарының мәденигенезі» тақырыбында отандық ғылыми-зерттеу грантын ұтып алған болатын. Сол уақыттағы Білім және ғылым министрлігінің қойған талаптарының бірі ЖОО магистрлік және докторлық диссертациялардың тақырыптары ғылыми гранттардың аясында бекітілуі болатын. Соған сәйкес, жоғарыда аталған жобаның орындаушысы ретінде менің диссертациямның тақырыбы осы мәдениегенез шеңберіне бағытталды. Сондықтан да жұмыстағы негізгі тұжырымдар мен қорытындылар жылқының қола және ерте темір дәуірі халықтарының әдет-ғұрыптарындағы маңызына арналды. Оның ішінде басты нысандар ретінде қола және темір дәуірлерінің жерлеу ескерткіштері және петроглиф кешендеріндегі кескіндер мен түрлі желілелер қарастырылды. Әрине, тақырыпқа сәйкес жылқының ортағасырлық жұрттардағы маңызы қалыс қалмай, тарихи-сабақтастық тұрғысынан қарастырылды. Дегенмен зерттеулер аясы ежелгі дүние бағытында болғандығын атап өтеміз.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақ даласын ерте замандардан бастап мекендеген ежелгі тарихи-этникалық қауымдастықтар осы өлкенің табиғат жағдайына бейімделіп, соның негізінде ерекше археологиялық мәдениеттер қалыптастырды. Аталған өңір тұрғындарының өндіріс шаруашылығына ауысуы нәтитижесінде экономикалық шаруашылықтың жаңа түрі – көшпелі (жартылай

көшпелі) бақташылық қалыптасады. Өндірістің жаңа түрі сонау энеолит кезеңінен бергі жұрттардың тұрмыс-тіршілігіне сан түрлі өзгерістер әкелді. Соның ішінде рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылатын дүниетанымдық түсініктер де кенде қалмады. Әсіресе, бұл жаңа мәдени шаруашылық типіне сәйкес сол тұрғындардың өмірінде ерекше маңызға ие бола бастаған жан-жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Кез-келген жан-жануардың тіршілік қарекетіндегі орнына сәйкес оған қатысты сан қырлы әдет-ғұрыптар мен жосын-жоралғылар орындала бастайды. Ал мұндай рәсімдер қарастырылып отырған уақыттағы халықтардың өндірістік үдерістерінің сипатына ықпалын тигізді. Мәселен, ежелгі қауымдастықтарға материалдық қажеттіліктерді қамтамасыз еткен жаңа өндіріс күштерінің киелі саналуы осының айқын дәлелі. Сондықтан да жазбаша мәліметтер сақталмаған дәуірлерде қазақ даласын мекен еткен жұрттардың дүниетанымын зерттеу тек қана рухани мәдениеттің даму мәселелерін ғана шешіп қоймай, дүниетанымның сол қоғам өміріндегі мәдени шаруашылық типтің мазмұнын толыққанды түсінуге септігін тигізеді.

Б.з.д. III мыңжылдықтан бастап кейінгі ортағасырларға дейін Қазақстан жерінде бір-бірін ауыстырған түрлі бақташы жұрттар тіршілік етіп, өңірдегі бірегей мәдениеттің қалыптасуына септігін тигізді.

Осыларды негізге алатын болсақ, сол уақыттағы қоғам өкілдерінің өзіндік түсініктерін қандай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырғандығын зерттеу маңызды болмақ. Осы уақытта жылқы малының қолға үйретілуі адамзат тарихында айтарлықтай төңкеріс жасады. Кез-келген халықтың тарихына көз жүгірсек, олардың тіршілігінде жылқы малы белгілі бір мөлшерде өзгеріс енгізген. Әсіресе барлық болмысы мен тұрмыс-тіршілігі осы жануармен қабаттасып жатқан көшпелі халықтарда жылқы жай ғана көлік құралы емес, одан да жоғары құндылықтарды иеленді. Өйткені ұлан-ғайыр атырапқа құлаш жайып, төлтума өркениет қалыптастыруда жылқының маңызы алабөтен болды. Ал көшпелі халықтар өз кезегінде жылқыға қарыздар болмай, оны барынша дәріптеуге тырысты. Оларда жылқыға байланысты түрлі ырымдар мен теңеулердің, дүниетанымдық негіздердің қалыптасуы осының нақты дәлелі бола алады.

Қазақ даласындағы ежелгі және орта ғасырлық жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызын талдау осынау үлкен аумақтағы халықтардың дүниетанымындағы мәденигенез мәселесіне объективті түрде баға беруге мүмкіндік береді. Атап өтетініміз, осындай хронологиялық кең шеңберде және территориялық аумақта жылқының әдет-ғұрыптағы орны кешенді түрде қарастырылмады. Бүгінде жылқы сүйектері мен жартас бетіндегі кескіндері Қазақстан археологиясында барынша ақпаратты деректер қорын құрайды. Айтылған оймызды Қазақстан жеріндегі мысты тас дәуірінен бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі археологиялық ескерткіштер толықтыра түседі. Б.з.д. IV мыңжылдықпен мерзімделетін Ботай және Терсек ескерткіштері өздерінің бірегейліктерінің арқасында жеке-жеке мәдениеттерге атау беріп қана қоймай, қазақ жері алғашқы жылқышылардың отаны екендігін көрсетіп берді.

XX ғ. 40-жылдарының соңында А.А. Формозов Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі археологиялық ескерткіштердің негізінде терсек-қарағай мәдениетін бөліп шығарса, 70-жылдардың соңында ол ескерткіштер В.Н. Логвин және С.С. Калиева, бастаған ғылыми топтың тарапынан кешенді түрде зерделене бастады. XX ғ. 80-жылдарынан бастап аталған мәдениетке жақын Ботай ескерткіштерінде қазба жұмыстары жүргізіледі. Бұл екі мәдениетке тән ескерткіштерді зерттеу барысында жылқы сүйектерінің үлкен топтамасы жинақталды. Зерттеушілер осы остеологиялық материалдарды зерттеу барысында негізінен екі түрлі мәселеге баса көңіл аударды – бірі ежелгі ботайлықтар мен терсектіктердің шаруашылығы, ал екіншісі табылған жылқылардың қолға үйретілгендігі және үйретілмегендігі. Өкінішке орай біздің тақырыбымызға арқау болып отырған жылқы малымен байланысты дүниетанымдық түсініктер аталған мәселелердің шырмауында қалып қойды.

Келесі тарихи кезең – қола дәуірінің археологиялық ескерткіштеріндегі жылқымен байланысты салт-сана мәдени шаруашылық типте орын алған өзгеріске қарай өзіндік бір сипат ала бастайды. Шаруашылық пен күнделікті тіршілікте басты орынға шыға бастаған жылқы түрлі жосын-жоралғылардың кейіпкеріне айналып, әсіресе жерлеу ғұрпында кеңінен көрініс табады. Қазақстанда зерттелген жылқыны немесе оның бөліктерін қосып жерлеу белгілері бар қола дәуірі ескерткіштері негізінен Орталық, Солтүстік және Батыс өңірлерде топтасқан. Аталған өңірлердегі қорымдардан табылған жылқының толық қаңқасы немесе оның бөлшектері көп жағдайда зерттеушілер тарапынан құрбандық ретінде не болмаса жерлеу ғұрпындағы бір ақыреттік зат ретінде ғана сипатталған. Осы ескерткіштермен замандас көршілес Ресейдегі Синташта мәдениеті қорымдарындағы жылқыға қатысты рәсімдер біршама жақсы сарапталған. Сондықтан да Қазақстанның қола дәуіріндегі жұрттардың таным-түсініктеріндегі жылқы мәселесін зерттеу көрші ел зерттеушілерінің ізденістерін біршама кеңейтіп, аталмыш ғұрыптың қола дәуіріндегі таралу аймағы бойынша жаңа мәліметтер береді.

Қола дәуірі тұрғындарының жылқымен байланысты келесі бір әрекет түріне жартас бетіне салынған жылқы кескіндерін жатқызамыз. Әліпбиі болмаған немесе сақталмаған қола дәуірінің бақташыларында жартас суреттері өзінше бір нышандық жүйе болды деп санауға болады. Өзіміз жоғарыда айтып кеткеніміздей шаруашылық қарекетіне қарай қола дәуірінің бақташылары қоғамында маңызы артқан жылқы, әскери істің, соның ішінде екі аяқты соғыс арабасының кең қолданыс алуы нәтижесінде жерлеу ғұрпы ғана емес, бейнелеу өнерінде де өзіндік дүниетанымдық сарынға ие болады. Қола дәуіріне тиесілі жылқы бейнелері бар жартас сурет кешендері елеміздің түкпір-түкпірінде өте көп. Солардың ішінде классикалық үлгіге айналғандары қатарына әрине Баянжүрек, Таңбалы, Теректіәулие, Құлжабасы, Ешкіөлмес, Саусқандық және т.б. жатады. Аталған жартас сурет өнері кешендерінен осы күнге дейін қола дәуірі тайпаларының жылқы малымен байланысты әдет-ғұрыптарын сипаттайтын көптеген мәліметтер жинақталды. Оларға қатысты жекелеген зерттеушілердің мақалаларын, сонымен бірге ғылыми монографиялардағы

сипаттамаларын санамағанда қола дәуіріндегі жылқының жартас бетіндегі кескіндерін бір жүйеге топтайтын зерттеу жасала қойған жоқ.

Б.з.д. I мыңжылдықтың басынан бастап Қазақ даласында жартылай көшпелі және де көшпелі шаруашылық түрі негізгі болып қалыптасып, бірте-бірте басты шаруашылық түріне айналады. Осы кезеңнен бастап көшпелі халық үшін жылқысыз мал бағу былай тұрсын, онсыз Ұлы дала төсінің шексіз қиясында өмір сүру өте қиын еді. Осылайша ежелгі бақташылардың өмір бойығы серігі болған жылқы, олардың о дүниедегі аттануы барысында да жол серігі қызметін атқарады. Оны Еуразия кеңістігінде шашырай орналасқан ежелгі көшпелілердің обаларында кездесетін, өлікпен бірге жылқысын, оның тұлыбын немесе белгілі бір бөліктерін, тіпті болмағанда ат-әбзелдерін қосып көму дәстүрі дәлелдей түседі. Әрине, ерте темір дәуірі бойына кездесетін бұл ғұрыптың хронологиялық және аймақтық ерекшеліктері бар. Ол тіпті ежелгі көшпелілердің белгілі бір аймағын қамтитын қазақ даласының өзінде де білінеді. Ерте темір дәуіріне қатысты мәліметтер бізде XIX ғ. II жартысынан бастап, яғни 1865 ж. Радловтың Берел қорымындағы қазбасымен байланысты. 1998 ж. бастап З.С. Самашевтың Қазақ Алтайында, соның ішінде Берел қорымында бүгінге дейін жүргізіп келе жатқан қазба жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан бойынша жылқы сүйектерінің ең үлкен топтамасы жиналды. Одан бөлек, кезінде Қатон, Зевакино, Құрық, Құлажорға және т.б. ерте темір дәуірінің қорымдарынан өлікке ат арнау ғұрпы бойынша мағлұматтар жинақталды. Осылармен бірге жылқымен қатысты ерекше дәстүрдің үлгісін сипаттайтын Орталық Қазақстандағы Тасмола мәдениеті мен қорғантас типіндегі материалдары жүйелене қойған жоқ. Сонымен қоса Г.А. Кушаевтың 60-жылдары Алматы облысының территориясында (бұрынға Талдықорған) және Батыс Қазақстан жерінде жүргізген қазбалары барысында бірнеше жылқы қаңқалары анықталып, ғылыми айналымға мүлде енгізілмей қалған.

Ал ортағасырлар кезеңімен мерзімделетін археологиялық ескерткіштердегі жылқыға қатысты жосын-жоралғылар, жартас бетіндегі бейнелер жекелеген еңбектерде сипатталғаны болмаса, арнайы зерттеу тақырыбы болмады. Яғни, жылқы белгілі бір жұрт мәдениетінің жалпы сипаттамасы ретінде аталады не болмаса басқа бір аспектілерді қарастыру барысында көрсетіліп кетеді. Оның үстіне еліміздегі жылқы жерлеулері бар ортағасырлық ескерткіштердің көпшілігі ғылыми айналымға енбеген. Бұл біріншіден түркі кезеңі ескерткіштерінің аз зерттелгендігімен байланыстырылса, екіші жағынан бұрынғы зерделенген материалдар тек ғылыми есеп түрінде ғана қалып қойған.

Келесі бір мәселе жылқының қазақ этнографиясындағы, соның ішінде фольклорлық мәліметтердің кең көлемде қолданылмауы. Бүгінгі күні жылқы тақырыбы қазақ этнографиясында жақсы қарастырылған деуге болады. Оардың қатарында Х.А. Арғынбаевтың зерттеулерін атап өтуге болады [2-3]. Одан бөлек бір ғана А.У. Тоқтабайдың осы мәселедегі еңбектері, қорғаған докторлық диссертациясы біршама тұщымды дерек береді [4-5]. Одан бөлек аталған тақырып төңірегіндегі этнографиялық зерттеулерде Ә.Т. Төлеубаев [6-7], С.Е.

Әжіғали [8-10], сынды елімізге белгілі зерттеушілердің де еңбектері бар. Өзіміз айтып өткеніміздей этнографияда жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар барынша жан-жақты зерттелген. Белгілі материалдардың көпшілігі талданып, ғылыми айналымға енгізілген. Сол себепті де бүгінге дейін қордаланған жылқыға қатысты археологиялық деректерді талдау, сол арқылы тұжырымдар жасау бір жағынан этнографиялық мәлеметтерді толықтырса, екінші жағынан болашақта жүйеленген археологиялық және этнографиялық мәліметтерді бір арнаға тоғыстыру арқылы қазақ даласындағы жылқы тарихына қатысты кешенді еңбек жазуға болады.

Осылайша бүгінгі күнге дейін қазақ даласынан жылқымен байланысты ежелгі дәуірден бастап ортағасырлар аралығын қамтитын ауқымды деректік қор қордаланды. Алайда, өзіміз жоғарыда сипаттап өткеніміздей жинақталған материал бойынша арнайы шолу еңбегі жазыла қойған жоқ. Сондықтан да, жұмыстың өзектілігі жоғарыда сипатталған деректер қорын тұжырымдай отырып, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының дүниетанымындағы жылқының орнын мәденигенез тұрғысынан анықтаумен астасады. Бұл өз кезегінде, жылқы бейнесі арқылы қазақ жеріндегі ежелгі дәуірден этнографиялық кезеңге дейінгі халықтың этнотарихи тамырының үзілмегендігін негіздейді.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақстан жерінде ежелгі және ортағасырларда мекендеген жұрттардың материалдық және рухани мәдениетінің ескерткіштері біздің зерттеу нысанымыз болып табылады. Материалдық мәдениет ескерткіштері ұғымында біз жерлеу орындарын, қоныстарды, ғұрыптық кешендерді және тағы басқаларды, ал рухани мәдениет ескерткіштері ретінде аңыздарды, әдет-ғұрыптарды және тағы басқаларды түсінеміз.

Зерттеу пәніне Қазақстанның ежелгі дәуірлерден ортағасырларға дейінгі жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқы бейнесі жатады.

Диссертацияның мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың басты мақсаты Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызын тарихи-сабақтастық тұрғысынан қарастыру.

Айқындалған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттерді шешу алдыға қойылды:

– қазақ даласындағы ежелгі жылқышылардың мәдениетін зерттеу барысындағы жылқы мәселесін айқындау;

– ерте темір дәуірі тайпаларында жылқыға байланысты әдет-ғұрыптардың қалыптасуы мен дамуын зерттеулер арқылы көрсету;

– түркі-моңғол халықтарының дүниетанымындағы жылқы мәселесін сипаттау;

– жылқының толық немесе оның бөліктері кездесетін Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерін анықтау;

– қазақстанның петроглиф кешендеріндегі қола дәуірі тайпаларының жылқымен қатысты ғұрыптық салт-санасын сипаттайтын бейнелерді талдау;

– ерте көшпелілер дәуірінің жылқымен байланысты жерлеу-еске алу ескерткіштерін сипаттау;

– жазба деректер мен петроглифтердегі ерте темір дәуірінің жылқыға қатысты әдет-ғұрыптарын саралау;

– түркі тайпаларындағы жылқы культінің археологиялық деректердегі ерешелігін айқындау;

– жылқыға қатысты әдет-ғұрыптардың ортағасырлық жазба деректер мен этнографиядағы көрінісін сипаттау және өзара үйлесімін сараптау;

– хронологиялық тұрғыдан жылқымен қатысты әдет-ғұрыптардың типологиясын жасау;

– қазақ даласының ежелгі және ортағасырлық жұрттарының діни-мифологиялық кешеніндегі жылқы культін мәденигенез контекстіде сипаттау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша арнайы түрде үлкен еңбек жазылмаса да, аталған тақырып зерттеушілердің назарынан тыс қалмағаны анық. Ондай еңбектерді төмендегідей мәселелер бойынша жіктеп қарастырамыз. Сонымен бірге бұл жерде ең басты атап өтетін дүниеміз төменде аталатын зерттеушілердің еңбектері бойынша және жалпы диссертациялық жұмыстың ішінде көтерілетін әрбір мәселе бойынша қарастырылатын басқа да авторлардың зерттеулері негізінен жұмысымыздың бірінші тарауында қарастырылады. Одан бөлек әрбір бөлімдегі тақырыптарды көтеру барысында да назардан тыс қалмайды. Олардың ішінде сол еңбектердің тақырыпты ашудағы маңызы, кейбір үйлесім таппайтын біржақты тұстары және басқа да мәселелері қарастырылады.

Қазақ даласындағы алғашқы бақташылар мен салтаттылар мәселесі, нақтырақ айтқанда жылқының қолға үйретілу мәселесі бойынша А.А. Формозов [11], В.Ф. Зайберт [12-14], С.С. Калиева [15-18], В.Н. Логвин [16-17], О.П. Ченченкова [19], П.А. Косинцев [20], С.М. Ахинжанов [21], И.Е. Кузьмина [22], Н.М. Ермолова [23], Л.Л. Гайдученко [24-25] және тағыда басқа зерттеушілердің еңбектерін атап өте аламыз. Аталған зерттеушілердің еңбектерінде негізінен остеологиялық материалдар бойынша талдаулар жасалған. Оның ішінде негізгі мәселе ретінде табылған сүйектердің аңшылықтың барысында немесе қолға үйретілген жылқыны азық ретінде пайдалану қарастырылады. Отандық зерттеушілердің барлығы бір ауыздан олардың барлығы үйсіндірілген деген ұстанымды қолдай отырып, жабайы жылқылардың да азық ретінде ауланғандығын теріске шығармаған. Бұл еңбектердің көпшілігінде аталған мәселе ғана қозғалып, біздің тақырыбымыздың өзегі болып табылатын жылқыға қатысты дүниетанымның қалыптасуы соның көлеңкесінде қалып қойған. Жоғарыдағы аталған зерттеушілердің еңбектерінің ішінен тек қана В.Ф. Зайберт пен О.П. Ченченкованың ізденістерін біздің зерттеу тақырыбымыздың аясында қарастыруымызға болады.

Қарастырылып отырған мәселе аясында зерттеу жүргізген шет елдік ғалымдар қатарына А. Оутрам [26-27], А. Фагес [28], М.Левин [29-30], Д. Браун мен Д. Энтони [31-32], Норберт Бенеке мен Ангела фон Дриш [33], С.Олсен

[34] және тағыда басқа ғалымдардың еңбектері жатқызамыз. Бұл зерттеушілердің еңбектерін екі бағытта қарастыруға болады. Бірінші бағыт ол ботай жылқыларының қолға үйретілген немесе жабайы деген ұстаныммен астасса, екінші бағыт жылқылардың геномын зерттеу арқылы олардың бір аймақтан келесі бір аймаққа қоныс аударуы және кейінгі дәуірдегі жылқылардағы генезисін талдауға арналған. Аталған шет елдік зерттеушілердің еңбектерінің ешқайсысында ежелгі дәуірдегі жылқымен байланысты дүниетаным көтерілмеген.

Қола дәуірінің жерлеу кешендеріндегі жылқы мәселесі А.В. Логвиннің [35-36], В.Н. Логвиннің [37], И.В. Шевнинаның [36-37], Г.Б. Здановичтің [38-39], Д.Г. Здановичтің [40], Е.Е. Кузьминаның [41], Е.А. Черленоктың [42], П.А. Косинцевтің [43], И.В. Чечушковтың [44], С.В. Сотниковаңың [45], А. Оутрамның [46] және тағыда басқалардың еңбектерінде сипатталады. Мұндағы зерттеушілердің еңбектерінің бірқатарынан Синташта және Петров мәдениеттеріндегі жылқы жерлеулеріне қатысты ақпарттар ала аламыз. Нақтырақ айтқанда, обалардағы жылқылардың жерлену тәселдері, жатқызылу бағыттары және қосымша жерленген ақыреттік заттары тәрізді мәселелер. Е.А. Черленок, И.В. Чечушков секілді авторлардың еңбектерін Синташта мәдениеті мен Қазақстан жеріндегі сол мәдениетпен замандас ескерткіштерден табылған жылқы жерлеулеріне байланысты типология жасалған. Е.Е Кузьминаның еңбегінде жылқы жерлеулерінің қола дәуіріндегі қалыптасуы, бір мәдениеттен келесі бір мәдениетке берілу жолдары қарастырылған. Соңғы аталған авторлардың барлығы Қазақстан мен іргелес өңірлердегі қола дәуіріндегі жылқы қосып жерлеу ескерткіштерін арбалы жауынгерлер ұғымымен байланыстырған. Оған қосымша кейбір үндіарийлік дәстүрлерге сілтеме жасай отырып бұл ұғрыпты құрбандық мағынасы тұрғысынан түсіндірген. Бұл еңбектерде біздің тақырыбымыздың негізі болып отырған мәденигенез мәселесі жеткілікті дәрежеде қозғалмаған.

Ежелгі көшпелілер заманындағы жылқымен байланысты дүниетаным мен түрлі жосын-жоралғылардың сипаттамалары және кейбір тұжырымдары С.И. Руденконың [47-48], М.П. Грязновтың [47-51], В.Д. Кубаревтың [52-53], Е.Е. Кузьминаның [54-56], А.М. Беленицкийдің [57], З. Самашевтың [58], А. Оңғардың [59], М.А. Очир-Горяеваның [60-62], Р.В. Николаевтың [63], Е.Е. Фиалконың [64-65] және басқа да еңбектерінде қарастырылған. Ерте темір дәуірі жылқы культінің нағыз өркендеген, ежелгі көшпелілерді жылқысыз елестету мүмін емес кезең ретінде сипатталады. Оның үстіне осы дәуір ескерткіштерінен жерленген жылқы топтамасы орасан зор. Соның негізінде зерттеушілердің көпшілігі ерте темір дәуіріндегі дүниетанымммен сабақтасатын жылқы мәселесін айналып өтпеген. Мұндағы еңбектердің барлығы дерлік сол кезеңдегі жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарды талдауға арналған. Жерлеу орындарындағы жылқылар екі мағынада қарастырылады: құрбандық малы немесе иесін о дүниеге жеткізетін көлігі.

Зерттеушілердің көпшілігінің еңбектері Таулы Алтай мен Қара теңіз жағалауындағы материалдар негізінде тұжырымдар арқылы жазылған.

Дегенмен олардың кейбір түйіндерінде жалпы Еуразия кеңістігіндегі ерте көшпелілер дүниетанымы үшін ортақ көзқарастар мен пікірлер бар. Қазақстандық материалдармен жұмыс істеген зерттеушілердің еңбектеріне З. Самашев пен А. Оңғардың зерттеулерін жатқызамыз. Олардың тұжырымдары Қазақ Алтайындағы Берел қорымы бойынша жасалған.

Ортағасырлық көшпелілердің жерлеу ғұрпы мен дүниетанымындағы мәселелер С.П. Нестеровтың [66], Г.В. Кубаревтың [67], Д.Г. Савиновтың [68] және өзге де зерттеушілердің еңбектерінде тұжырымдалған. Бұл авторлардың ішінен тек С.П. Нестеровтың еңбегін ерекше атап өтуімізге болады. Мұнда Орталық Азиядағы ежелгі түркілердің дүниетанымындағы жылқы бейнесі кешенді түрде қарастырылған. Зерттеуші археологиялық, этнографиялық, жазба және фольклор ақпараттарын үйлестіре отырып сүбелі еңбек жасаған. Автордың еңбегіндегі ең атап өтерлік тұсы негізгі тұжырымдардың көпшілігінің кейінгі түркі халықтарының этнографиясымен байланыстырыла отырып жасалуында. Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда осыған қатысты мәселелерді назардан шығармауға тырыстық.

Жартас бетіндегі қола дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі жылқымен байланысты түрлі желілер мен сарындар жәнеде басқа да шағын өнердегі жылқы бейнелері З.Самашевтың [69-75], А.Н. Марьяшевтың [76-78], В.А. Новоженовтың [79-80], А.Е.Рогожинскийдің [81], В.Д. Кубаревтың [82], И.В. Ковтунның [83], А.С. Суразаковтың [84], В.А. Дергачёвтың [85], О.П. Ченченкованың [86], Я.А. Шердың [87] және бұлардан бөлек зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан.

Диссертациялық тақырып бойынша этнографиялық зерттеулердің шеңбері жоғарыда атап өткеніміздей өте кең. Қазақ халқының әдет-ғұрыптарындағы жылқы тақырыбы Ә.Т. Төлеубаевтың, А.У. Тоқтабайдың, С.Е. Әжіғалидің жоғарыда айтылған еңбектерінде жақсы талданған. Түркі-моңғол халықтарының этнографиясындағы жылқы тақырыбының кейбір қырлары В.Е. Васильевтің [88], А.И. Гоголевтің [89], А.К. Салминның [90], О. Гундогдыевтың [91], В.Ф. Яковлевтың [92], В.Д. Славнинның [93], Т.А. Бертагаевтың [94], Л.П. Потаповтың [95], В.П. Дьяконованың [96], Р.С. Липецтің [97], Я.И. Линденаудың [98], Р.И. Бравинаның [99], А.А. Поповтың [10], Н.Ф. Катановтың [101] және тағыда басқа авторлардың зерттеулерінде баяндалған. Бұл зерттеушілердің еңбектері белгілі бір халықтың дүниетанымындағы жылқы бейнесін сипаттауға арналған. Негізінен алғанда еңбектердің көпшілігінде жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың орындалу үдері баяндалады, одан бөлек кейбірінде ондай ғұрыптардың не үшін және кімге арналатындықтары сталып кетеді. Дегенмен салыстырмалы талдау жасау үшін бұл зерттеушілердің еңбектерінің маңызы зор. Бұл әсіресе тарихи-мәдени сабақтастық мәселесін қарастырған тұста өте пайдалы.

Жалпы жоғарыдағы жылқы қосып жерлеу ғұрпына байланысты сипатталып кеткен еңбектер біздің тақырыбымыздың кейбір қырларын қамтығаны болмаса, көпшілігі көршілес өңірлердегі ескерткіштердегі мәселелерді талдауға бағытталған. Бұл еңбектердің ішінде өлікке жылқы арнау

ғұрпының мәденигенездік мәселесін кең хронологиялық шеңберде қамтитыны жоқ екендігін алдыға тартамыз. Зерттеулердің толыққанды ұтымды тұстары мен қалыс қалған жақтары еңбегіміздің бірінші тарауыда қарастырылады.

Жұмыстың деректік кешені. Диссертациялық жұмыстың деректік кешенін негізінен келесідей екі түрге жіктеуге болады: заттай және жазба деректер.

Заттай деректердің негізін құрайтын археологиялық материалдардың өзін келесідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Қола дәуірінен орта ғасырларға дейінгі обалар мен қоршаулардан тұратын жерлеу кешендері. Қола дәуіріндегі жылқы немесе оның бөлшектері кездесетін археологиялық жерлеу ескерткіштері негізінен Қазақстанның орталығында, солтүстігінде және батысында орналасқан. Атап атар болсақ, олар Бірлік II, Ақсайман, Ұлыбай, Бестамақ, Халвай, Аяпберген, Балықты, Бозінген, Бұғылы, Майтан, Нұртай және тағыда басқа қола дәуірінің қорымдары. Бұл қорымдардың материалдары бізге қола дәуіріндегі жұрттардың жылқыға қатысты әдет-ғұрыптары жөнінде екі түрлі дерек береді. Біріншісі, қос жылқыны жерлеу ғұрпы туралы, екіншісі жылқының бас сүйегі мен аяқтарының жеке жерлену рәсімі жөнінде. Яғни, біз осы деректер арқылы Қазақстанның қола дәуірі тұрғындарында екі түрлі мәдени дәстүрдің болғандығын аңғарамыз.

Жылқы қосып жерлеу ғұрпы кездесетін ерте темір дәуіріндегі ескерткіштер еліміздің әр өңірінде кезедседі. Өлікке жылқы арнау ғұрпының классикалық үлгілерін негізінен Алтай-Тарбағатай өңіріндегі ерте темір дәуірі жерлеу кешендерінен аңғарамыз. Аймақтың аталған дәуірдегі ескерткіштері үш кезеңге жіктеліп, олардың әрқайсысында адаммен бірге жылқыны қосып жерлеудің ерекшеліктері бар. Ерте кезеңіне Майемер, Күрті, Қатон қорымдары жатады. Алғашқы екеуіндегі жылқы жерлеу ғұрпы өте ұқсас болып келсе, Қатон ескерткішінде өзгеше. Ерте темір дәуірінің екінші кезеңі Берел қорымы материалдарымен сипатталады. Осы күнге дейін қорымда бірнеше ондаған оба қазылып, солардың әрқайсысы жылқыға қатысты әдет-ғұрыптардың түрлі үлгілерін берді. Таулы Алтайдағы Пазырық мәдениетінің қазақстандық үлгісі болып табылатын Берел ескерткіштері қарастырылып отырған тақырыптың айтарлықтай үлесін құрайды. Өйткені бүгінде Берел ескерткіші ежелгі көшпелілер заманындағы жылқы шаруашылығы және онымен байланысты түрлі ғұрыптардың мән-мазмұнын шешуге септігін тигізетін заттай дерек қорын берді. Соңғы кезең ретінде анықталатын Құлажорға кезеңіне жататын Қызылту, Жартас, Баты, Юпитер, Славянка, Убадермет, Қарашат және тағыда басқа қорымдар құрайды. Ерте және кейінгі болып екі кезеңге жіктелетін бұл ескерткіштердің алғашқысында жылқы жерлеулері кездеседі. Негізінен бір шағын ауданда ғана топтасқан бұл ескерткіштердің архитектуралық құрылысы, жерлеу ғұрпы және оларды қалдырушы тайпалардың этникалық тиістілігі бойынша әлі шешімін таппаған мәселелер көп. Біздің 2012 және 2016 жылдардағы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданына қарасты Шілікті жазығында жүргізген зерттеулеріміз Құлажорға ескерткіштерінің таралу

ареалын біршама кеңейтті, соның ішінде жылқыны қосып жерлеу дәстүрі жайлы қосымша деректер қорын қалыптастырды.

Ерте темір дәуіріндегі жылқыға қатысты ғұрып белгілері бар келесі ескерткіштер тобының топтасқан аймағы Орталық Қазақстан. «Мұртты обалар» деген атаумен ғылымға енген Тасмола мәдениеті ескерткіштерінің материалдары да деректік қордың бір бөлігін құрайды. Аталған мәдениетке жататын Тасмола I, V, Қанаттас, Қарамұрын, Нұрмамбет және одан басқа да қорымдардан табылған жылқының бас сүйектері мен аяқтары бұл өңірде ерекше бір ғұрыптық дәстүрдің болғандығын көрсетеді. Соңғы уақыттарда бұл өңірден жеке құрбандық орнында жануарлардың сүйектерін қою дәстүрі кезедесетін қорғантас типіндегі ескеркіштер жіктелді. Ал еліміздің оңтүстік-шығысындағы, яғни Жетісу жерінде бүгінге дейін жылқы жерлеулеріне байланысты мәліметтер ғылыми айналымға мүлде енгізілмеді. Г.А. Кушаевтың жүргізген қазбалары барысында Алакөл I, Онағаш, Басқан тәрізді ескерткіштерден жылқыны қосып жерлеу белгілері кездескен болатын, бірақ ол материалдар тек ғылыми есеп ретінде ғана сақталып қалған. Біздің жұмысымызда осы мәліметтер қамтылып, алғаш айналымға енгізіліп отыр.

Ортағасырлық археологиялық деректер қатарын негізінен Жетісу өлкесі мен шығыс және батыс өңіріндегі ескерткіштерден алынған материалдар құрайды. Олар негізінен Зевакино, Боброво, Берел, Қарақаба, Бұтақты, Алакөл I, Ақтерек, Қарасу және басқа да қорымдардан алынған қазба материалдары.

2. Археологиялық деректердің екінші тобын петроглиф кешендері құрайды. Нақтырақ айтқанда, диссертациялық жұмыста Теректіаулие, Баянжүрек, Сауысқандық, Күршім, Шимайлы, Құлжабасы, Ақберлі және тағыда басқа жартас бетіндегі кескін өнері туындылары қолданылды. Жартас бетіндегі кескіндер түрлі кезеңдердегі бейнелер мен желілердің шоғырлануы бойынша аймақтық және өзіне тән ерекшеліктерге ие. Мәселен, қола дәуіріндегі жылқы бейнелерінің мән-мазмұнын ашуда Теректіаулие, Сауысқандық пен Шимайлы петроглифтерінің маңызы зор. Сонымен бірге осы кезеңдегі «әлем ағашы» ұғымымен астасатын мәліметтерді Күршім петроглифтерінен және автордың қатысуымен 2015 жылы анықталған Ақберлі петроглиф кешенінен кездестіреміз. Қола дәуіріндегі жерлеу кешендерінде кездесетін қос жылқының пәуескеге жегілген имитациясының мазмұнын айқындауда Сауысқандық, Ешкіөлместегі және тағыда басқа петроглифтердегі бейнелер нақтылайды. Ерте темір дәуіріндегі жылқы бейнелерімен қатысты желілелер мен кескіндерге қатысты деректер қорын Ешкіөлмес, Таңбалы пен Сауысқандық петроглифтері құрайды. Ал, түркі дәуірі бойынша қарастырылып отырған мәселелер түйінін шешуде негізінен Баянжүрек кешенінің және қосымша басқа да жартас суреттерінің материалдары қолданылды.

Жұмыстағы деректердің екінші түрін жазба деректерден тұрады. Оларды жарияланғандар және ғылыми айналымға енбегендер деп екіге жіктейміз:

а) жарияланған жазба деректер қорына ежелгі кезең бойынша үнді мәдениетінің Ригведа жырлары, зоастризм дінінің қасиетті кітабы Авеста, антикалық және қытай деректері жатады. Қола және ерте темір дәуіріндегі

жылқыны жерлеу ғұрпына қатысты кейбір археологиялық мәліметтерді жазба деректермен сәйкестендіруде Ригведа мен Авестаның мәліметтері қолданылды. Антикалық жазба деректердің ішінде Геродоттың жазбаларында ежелгі көшпелілердің жылқыны құрбандыққа шалу дәстүрі жан-жақты сипатталған.

Ортағасырлық жазба деректердің қатарын қытай, арап және Еуропа саяхатшылары мен миссионерлерінің жазбалары құрайды. Олардың ішінде қытай деректері негізінен Н.Я. Бичуриннің еңбегінде біршама қамтылған. Араб деректернің қатарына Әл-Джахиздің, Ибн-Фадланның және тағы басқалардың жазбалары, Еуропалық деректерге Киракос Гандзакецидің, Плано Карпинидің, Винсент де Бовенің және басқа да саяхатшылардың мәліметтері жатады;

ә) жарияланбаған жазба деректер қорын Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағат қорындағы С.С. Черниковтың, Ф.Х. Арсланованың, Г.А. Кушаевтың, З. Самашевтың, А.А. Ткачевтың және басқа да зерттеушілердің археологиялық қазбалар бойынша дайындаған ғылыми есептері құрайды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының жүргізген археологиялық қазба материалдарының есептері де осы деректер қатарынан.

Нақты бір материалды сипаттау барысында біз оларды жазба деректермен және этнографиялық материалдармен толықтырылды.

Диссертациялық жұмыстың территориялық ауқымы. Зерттеу жұмысының ауқымын толығымен Қазақстан территориясы қамтып, кейбір салыстырмалар үшін іргелес өңірлерде қарастырылады. Диссертациялық жұмыста қазақ даласының толығымен қамтылуы бірнеше факторлармен айқындалады.

Біріншіден, елімізде ботай-терсек мәдениеттерінің ашылуы, соның негізінде қазақ даласы жылқыны қолға үйретудегі орталықтардың бірі болуы мүмкін деген пікірлердің қалыптасуымен анықталады.

Екіншіден, қазақ даласын қола дәуірінде мекендеген жұрттардың түсініктерінде жылқы бейнесі түрлі рәсімдерде көрініс табады. Яғни, өңірде жылқыға қатысты әдет-ғұрыптардың белгілі бір жүйесі қалыптасады. Ерте темір дәуірі мен ортағасырлардағы жұрттардың жосын-жоралғыларында жылқының маңызы жоғалмай, жаңаша түрленіп дамиды. Бір сөзбен айтқанда мысты тас кезеңінен басталған жылқы культі тарихи тамырлаластығын үзбестен этнографиялық дәуірге дейін жетеді. Міне осы жайыттар зерттеу тақырыбының территорриялық шеңберін осылай белгілеуге негіз болды.

Диссертациялық жұмыстың мерзімдемелік шеңбері. Диссертациялық жұмыста қарастырлып отырған тақырыптың мерзімдемелік шекарасы мысты тас дәуірінен бастап кейінгі ортағасырлардың соңғы кезеңін қамтиды. Қалыптасқан археологиялық мәдениеттер бойынша айтар болсақ, Ботай-Терсек мәдениеттерінен бастап қимақ-қыпшық уақыттарымен межеленеді. Сонымен бірге этнографиялық мәліметтердің негізінде бұл мерзімдік шеңбер XIX ғ. соңына дейін созылады.

Бір еске сала кететініміз, кейбір мерземдемелік шеңберлер нақты материалдармен біркелкі ұсынылмаған. Оның бірнеше себептері бар. Ең

алдымен, ол белгілі бір кезеңнің археологиялық ескерткіштерінің дұрыс зерттелмеуімен және жазба деректердің жоқтығымен немесе аздығымен байланысты. Екінші жағынан, территориялық жағынан үлкен аумақты қамтитын қазақ даласында ежелгі және орта ғасырларда түрлі тарихи-мәдени қауымдастықтар тіршілік етіп, олардың әрқайсысының рухани әлемі және сырттан келетін әсерлері әрқилы болды. Соған орай, олардың бірінде жылқы культі жақсы көрініс тапса, енді бірінде анықталмады.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында қолданылған әдістер мен әдіснама. Диссертациялық жұмыстың әдістемесі археологиялық және этнографиялық деректерді зерттеудің әдістерін кешенді пайдалануға негізделген. Археологиялық кешендер бірқатар сыртқы факторларға байланысты адам іс-әрекетінің нәтижелері ретінде қарастырылды. Типологиялық әдіс екі нұсқада қолданылды. Формалды-типология археологиялық деректерді реттеу кезеңінде қолданылса, ал салыстырмалы-типология ғылыми дәлелдерді түсіндіру сатысында пайдаланылды.

Мәдени иерархия жүйесіндегі ескерткіштердің орнын анықтау үшін және кез-келген бір жұрттың байланыс векторын нақтылауда тарихи-салыстырмалы әдіс маңызды. Аталған әдіс шеңберінде салыстыру екі бағытта жүрді: жекелей және жинақтау түрінде. Осылайша дүниетанымдық әдет-ғұрыптар нақты бір қауымның тіршілігін көрсететін мәліметтер негізінде ғана зерттелмей, әр дәуірлердегі өзгерістер мен ерекшеліктер тұрғысынан қарастырылды. Осылармен қатар, диссертациялық тақырыппен анықталған нақты бір мәселелерді шешуде құрылымдық талдау әдісі қолданылды.

Сонымен бірге диссертациялық жұмыстың территориялдық шеңберінің ауқымды екендігін ескере отырып аудандастыру әдісі қолданылды. Бұл әдіс ежелгі жұрттардың рухани мәдениетінің аймақтар бойынша ерекшеленетіндігін көрсетіп берді.

Этноархеологиялық әдіс археологияға қатысты, бірақ қазба материалдарына жатпайтын мәліметтерді жинақтау арқылы археологиялық деректің кеңістігін кеңейту үшін қолданылды. Этноархеологиялық мағлұматтар деректі түсіндірудің мүмкіндіктерін жоғарлататын идеялар мен тәсілдердің қайнаркөзі болып табылады. Біздің жағдайда этноархеологиялық мәліметтер тақырыпқа қатысты ежелгі үндіеуропалық деректерді жаңғыртуда және кейінгі түркі-моңғол халықтарының дәстүрлерін сараптауда пайдаланылды.

Ежелгі жұрттардың дүниетаным жүйесіндегі жылқы бейнесін зерттеуде миф және әдет-ғұрып түсініктері өте маңызды. Өйткені осы екеуі арасындағы байланыс бір жағынан мифологиялық сарындарды әдет-ғұрып арқылы, ал әдет-ғұрыптарды мифологиялық мәтіндер негізінде жаңғыртуға мүмкіндік береді. Осындай өзара үйлесілім ежелгі замандардағы мифтік және ғұрыптық кешеннің толық сипатын анықтауға жағдай тудырады.

Жартас бетіндегі туындыларды зерттеу барысында формальді-стилдік талдау әдіс қолданылып, ол арқылы ескерткіштерді зерттеудегі иконографиялық, тарихи-мәдени және тарихи-археологиялық мәліметтер сараланды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

– Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқымен бйланысты материалдар алғашқы рет ғылыми айналымға енгізілуде. Кеңес дәуіріндегі және кейінгі онжылдықтағы археологиялық зерттеулердің жарияланбаған ғылыми есептері сарапталды және негізге алынды;

– осы күнге дейін жинақталған мәліметтерді қорыту, жүйелеу және зерттеу негізінде жылқымен қатысты әдет-ғұрыптардың зерттелу тарихы мен тарихнамасы тиянақты қарастырылды. Аталмыш материалдардың мысалында, ежелгі дәуірден кейінгі ортағасырларға дейінгі Қазақстан халқындағы жылқымен байланысты таным-түсініктің қалыптасуы мен даму үдерісінің жаңғыртпасы жасалды;

– автордың жеке қатысуы барысында Шілікті жазығындағы жерлеу ескерткіштерінен жәнеде Тарбағатайдағы жартас сурет өнері кешендерінен алынған жеке суреттер ғылыми айналымға енгізілді. Осы мағлұматтардың негізінде құлажорға мәдениетінің шекарасы кеңейтілді, жәнеде қола және ерте темір дәуірлеріндегі петроглифтерде сомдалған жекелеген желілердің жаңаша түсіндірмесі ұсынылды;

– жылқы және оның жеке бөліктерінің жерлеу ғұрыптарында көрініс табуы түрлі кезеңге жататын және еліміздің әр аймақтарындағы археологиялық ескерткіштер бойынша сипатталды. Қола, ерте темір және ортағасырлық дәуірлерге тән жылқы немес оның бөліктерін жерлеудің белгілері анықталды, сол арқылы бұл ғұрыптың өзгеруінің басты факторлары нақтыланды. Анықтылған жерлеу ғұрпындағы түрлі нұсқалар обаларда жерленген адамдардың әлеуметтік дәрежесімен және әр кезеңдегі ескерткіштердің хронологиялық этаптарымен үйлесетіндігі дәлелденді;

– жылқының жартас сурет өнеріндегі бейнесін талдау барысында олардың әртүрлі семантикалық және иконографиялық желілер мен сарындарда кескінделгендіктері анықталды. Қола дәуірі петроглифтерінің ерекше қатарындағы жылқы бейнелерін, сол дәуірдің әлем ағашы түбіндегі, «сейма-турба» мәнеріндегі, денелері сызылып тасталған және тағыда басқа осы сияқты жылқы қағидалары бар кескіндер құрайды. Ерте темір дәуірінің суреттерінде зооморфтық таңбасы үндіарийлік бастаумен қиылысатын мүйізді бетперде киген жылқылардың бейнелері кездеседі. Ерте ортағасырлар өнері, әскери атрибуттары мен басқа да керек-жарақтары нақты көрсетілген атты жауынгер бейнесінің тұрақтылығымен сипатталады;

– алғаш рет археологиялық зерттеуде, ежелгі және ортағасырлық авторлардың мәліметтері бойынша жылқы арнаудың екі түрі болатындығы нақтыланды: қан шығару арқылы жылқы арнау және қансыз құрбандық жылқысы. Бұл ғұрыптық дәстүрлер ерте темір дәуірінен бастап белгілі болып, кейнгі түрк-моңғол халықтарының көпшілігінде түрлі нұсқада көрініс тапқан;

– қордаланған деректерді кешенді зерттеу және сараптау негізінде олардың түсіндірмесі ұсынылды, жылқымен байланысты түрлі әдет-ғұрыптар тіркелген археологиялық ескерткіштердің хронологиялық типологиясы

жасалды. Соның негізінде қола дәуірі ескерткіштері бірнеше тармақтарға жіктелетін 3 типке, ерте темір дәуірі ескерткіштері 5 типке және ерте ортағасыр ескерткіштері 4 типке бөлінді. Мұндай сараптаманың нәтижесі бір жағынан әрбір тарихи кезеңдегі жұрттарда жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың бірегейлігін көрсетсе, екінші жағынан аталмыш кезеңдердегі қоғамдардың дүниетанымында өзгешеліктері бар бірнеше топ өкілдерінің болғандығын айқындап берді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– археологиялық деректердің негізінде қазақ даласы жылқыны қолға үйреткен орталықтардың бірі ғана емес, сонымен қатар жылқыға қатысты діни-мифологиялық қағидалардың қалыптасқан территориясы екендігі дәлелденді. Оны арнайы ғылыми тұжырым ретінде қолдану ғылыми тұрғыда дұрыс болып саналады;

– жерлеу-еске алу орындарынан алынған деректер қола дәуірі тұрғындарының жерлеу ғұрпында жылқыны немесе оның бөліктерін қосып жерлеу дәстүрінің ерекше элементтерінің қалыптасқандығын көрсетеді. Бұл әсіресе, Халвай, Бозінген, Аяпберген, Бестамақ, Ақсайман және басқа ескерткіштерде анық байқалады. Аталған ескерткіштердің жерлеу-еске алу ғұрыптары нақты бір жазба және бейнелеу мәтіндерінде көрініс таба отырып, мифтік-ритуалдық кешенмен үйлеседі;

– жерлеу ескерткіштерінен алынған археологиялық материалдар ерте көшпелілердің жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарын кеңінен жаңғыртуға мүмкіндік берді. Нақтырақ айтқанда, ерте темір дәуірі жұрттарының жерлеу-еске алу ғұрпындағы жылқының рөлін хронологиялық және аймақтық шеңберде сипаттадық. Алакөл қазаншұңқырындағы ерте көшпелілерде өлікке жылқы арнау ғұрпының болғандығы ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

– археологиялық мәліметтердің негізінде жылқы қосып жерлеу рәсімі кездесетін ежелгі түркілердің жерлеу ескерткіштері зерттелді және сарапталды. Бұрын ғылыми әдебиеттерде белгісіз болып келген ортағасырлық жылқы қосып жерлеулері бар Сұлуқоян, Алакөл, Арасан, Қарасу және тағыда басқа ескерткіштер айналымға енді. Бұл материалдарды Қазақстанның ортағасырлық көшпелілерінің менталитетін жаңғыртуға шынайы негіз болады.

– ежелгі және ортағасырлық авторлардың жазба деректері, сонымен бірге жартас сурет өнері материалдары жерлеу ғұрпын талдаудың нәтижелерін нақтылайтындығы анықталды;

– түркі-моңғол халықтарындағы, соның ішінде қазақ халқының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарында ортақ бірегейлік сақталған. Ондай тарихи-мәдени бірегейлік жылқы байлауға арналған атқазықтан бастап, қайтыс болған адамның құрметіне бағышталатын «тұл» ат ұғымына дейін кездеседі. Мұндай ұғымдардың атаулары әр халықта әртүрлі болғанымен мағыналары ортақ болып келген.

– қазақ даласындағы ежелгі көшпелілерден бастап кейінгі қазақ халқына дейінгі жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың сабақтастық тұрғысынан үзілмей жеткендігі, яғни мәденигенез үдерісінің ғасырлар бойы бір тарихи

кезеңнен екіншісіне өтіп отырғандығы тұжырымдалды. Мәденигенездік сараптама жасау үш бағытта нақтыланды: жылқының бас сүйегін жерлеу, әлем ағашы түбіндегі жылқы және жылқыны толық жерлеу ғұрпы.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы. Диссертациялық жұмыстың мәліметтері мен нәтижелерін Қазақстанның көне тарихы, археология мен этнология бойынша жалпылама жұмыстар мен теориялық ізденістер барысында, ЖОО жалпы және арнайы оқу бағдарламаларын дайындауда, дүниетанымдық бағыттағы ғылыми-танымдық еңбектерде қолданылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыстың кейбір қорытындыларын ізденуші әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінде «Археология негіздері», «Қола дәуірі», «Ерте темір дәуірі», «Көшпелілер өркениеті», «Қазақстан ерте темір дәуірі тайпаларының әдет-ғұрыптары» атты пәндерді жүргізу барысында пайдаланды. Сонымен қатар бұл жұмыстың бірқатар тұжырымдары автордың 0624/ГҚ «Қазақстанның қола және ерте темір дәуірі тұрғындарының мәденигенезі» ғылыми жобасында қатысушысы ретінде қарастырылды. Диссертациялық жұмысқа қатысты далалық ізденістер барысында ашылған жаңа ескерткіштер әр өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштері тізіміне енгізуге ұсынылған.

Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес 13 ғылыми мақала дайындалып, баспадан шығарылды. Олардың ішінде 5 мақала Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми журналдарында, 7 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында және 1 мақала «Scopus» ақпараттық базасына кіретін журналда жариялады. Диссертациялық жұмысқа қатыс негізгі тұжырымдар республика мен шетелдердегі халықаралық конференция жұмыстары барысында баяндалып, сыннан өтті.

Диссертация қолжазбасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасында дайындалып, аталған кафедраның кеңейтілген мәжілісінде талқылаудан өткеннен кейін қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден бөлек, төрт тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚОЙЫЛУЫ. ТАҚЫРЫПТЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

1.1 Қазақ даласындағы ежелгі жылқышылардың мәдениетін зерттеу барысындағы жылқы мәселесі

Еуразия құрлығының орталығында орналасқан Қазақстан территориясы ежелгі замандардан-ақ маңызды тарихи үдерістерде ерекше роль атқарды. Шығыс пен Батысты байланыстырушы болған бұл аймақта ежелгі тарихи-мәдени бірлестіктер мен алғашқы тайпалық одақтар қалыптасты және ыдырады, көптеген көші-қон үдерістерінің орын алуы нәтижесінде бірегей мәдениет үлгілері пайда болып жан-жаққа тарады. Осылармен бірге қазақ даласы арқылы шаруашылықтың дамуындағы тарихи тұрғыдан қалыптасқан екі бағыттың – көшпелілік пен отырықшылықтың өзіндік бір шекарасы өтті. Осы тарихи-мәдени аумақта алғашқы металл өндіруші тайпалардың қалыптасуы, олардың қоғамдық қатынастарында иемденуші экономиканың өндіруші шаруашылық түрімен ауыстырылуы тарихи даму жүйесінің маңызын анықтады. Қарастырылып отырған кезең Қазақстан аумағы үшін мысты тас пен қола дәуірлерінің тарихи саты ретінде жіктеліп, күрделі қоғамдық бірлестіктерге (өркениет, мемлекет) материалдық негіз болған бақташылық пен егіншіліктің шаруашылықтың дербес жүйесі ретінде сипатталуымен анықталады. Осылармен бірге діни түсініктерге негізделген рухани іс-әрекет пен бейнелеу өнерінің жылдам дамуы қатар жүрді. Бұл маңызды үдерістер жерлеу ғұрпынан және түрлі дүниетанымдық рәсімдерден көрініс тапты.

Алғашқы металл кезеңімен сипатталатын бірегей ескерткіштер мен археологиялық мәдениеттер еліміздің солтүстік аймақтарында топтасқан. Олар қазақ жеріндегі алғашқы бақташылықтың қалыптасқандығын дәлелдейтін Терсек және Ботай археологиялық мәдениеттері. Аталған ескерткіштерден жылқы сүйектерінің үлкен топтамасының жинақталуы, зерттеушілер ортасында өңірді сол замандарда мекендеген жұрттардың қоғамдық қатынастарындағы түрлі мәселелерді шешуге деген қызығушылық тудырды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы сол халықтардың мәдени шаруашылық типі, жылқының үйсіндірілуі және соған қатысты қалыптасқан әдет-ғұрыптардың қалыптасу мәселесі болды.

Адамзат тарихында жануарларды, оның ішінде жылқыны қолға үйрету ұзаққа созылған әрі күрделі үдерістердің бірі болды. Кейбір зерттеушілердің көрсетуінше жануарларды қолға үйретудің ең ерте тарихи кезеңдерінде үйсіндірудің ой-талғамсыз түрі болған, яғни адамдар қатынасқа түсетін жануарларды ғана таңдаған [102, с. 873].

Археологиялық ескерткіштерден жануарлардың сүйектерінің көптеп табылуы зерттеушілер арасында жаңа бағытты анықтайды. Ендігі жерде сол сүйектердің негізінде жануарлардың қолға үйретілу аумағын анықтау. Бір жағынан алып қарағанда бұл үдерістің астары саяси көзқарастарға бет бұрғандығы да байқалады. Бұл әсіресе посткеңестік әлемде қатты көрінді. Яғни, бірқатар зерттеушілер кез-келген бір жануардың өз елінде немесе соған жақын

аймақта қолға үйретілгендігін дәлелдеуге тырысты. Бұл әсіресе жылқының қай өңірде үйсіндірілді деген сұраққа жауап іздеу барысында қатты көрінді.

Мәселен, Н. Виноградовтың айтуынша б.з.д. 2200-1800 жылдары жылқы шаруашылығы Оралдың шығыс бөлігінде кеңінен қолданылды. Алайда, жылқы шаруашылығының дәл қай уақытта пайда болғандығы әлі жауабын таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі екендігін жоққа шығармайды [103, с. 283-294].

Аталмыш аймақты, нақтырақ айтқанда Днепр мен Оралдың аралығын Е.Е. Кузьмина жылқыны қолға үйрету үдерісі жүрген деп бір мақаласында қарастырады. Осыған қатысты зерттеуші былай деп жазды: «жылқының ежелгі жабайы тұқымы жүрген, соған сай экология қалыптасқан, экономикасында айтарлықтай рөль ойнаған Днепр мен Орал далаларында жылқыны қолға үйретуге қолайлы жағдай туындады» [104, с. 129]. Сонымен бірге зерттеуші аталған өңірлердегі қола дәуірі ескерткіштінде сабақтастық тұрғысынан пайдалана отырып келесідей қорытынды жасайды: «Көрсетілген фактілердің барлығы Шығыс Еуропа далалары жылқы қолға үйретілген басты аймақ болды» [104, с. 130].

Аталған өңірлердегі мәдениеттермен көршілес әрі кезеңдес Сұртанды мәдениеті бойынша Г.Н. Матюшин аталған аймақта «көшпелі халықтардың» болуы мүмкіндігін жоққа шығармай, ежелгі сұртанды тұрғындарының экономикалық базасын мал шаруашылығы құрағандығы туралы жазды [105, с. 283–294].

Жылқының қолға үйретілген тағы бір аймағы ретінде Кіші Азия қарастырылып жүр. Оған аталған өлкеден табылған жылқы бейнесі бар жәдігерлер себеп болады. Соларды негізге ала отырып және басқа да археологиялық деректерді дәйектей келе В.И. Сарианиди жылқының қолға үйретілген аумағы Кіші Азияның шығысы деп көрсетеді [106, с. 106].

Бүгінде Еуразия кеңістігіндегі бақташылықтың қалыптасуы мен дамуы әлі де болса толық шешімін таба қойған жоқ. Дегенмен, жоғарыда аталған мәдениеттердің материалдарын басшылыққа ала отырып бір шағын ауданның негізінде бұл мәселенің кейбір қырларын танып-білуге болатындай. В.Ф. Зайберт атап өткендей, жылқының қолға үйретілуі және оның шаруашылықтағы рөліне қатысты тарихнамалық ізденістердің шеңбері кең [13, с. 279]. Онымен түрлі салалардан тұратын жаратылыстыну және гуманитарлық ғылым өкілдері айналысып келеді. Әр ғылым саласының зерттеу жүргізудегі өзіндік әдістері мен мәселеге басқа қырынан қарайтын жолдары болғандықтан түрлі көзқарастар мен бір-бірімен ұштаспайтын пікірлер және тұжырымдар қалыптасқан.

Оған басты себептердің бірі, Ботай ескерткішінің негізінде қазақ даласының жылқыны қолға үйреткен аймақтың бірі деп жасалған тұжырым болды. Оның да негізі жоқ емес еді. Осы мәселемен айналысқан басқа да зерттеушілер тәрізді В.Ф. Зайбертте қазақ жеріндегі ерекше «көп салалы, жылқы шаруашылығы үстемдік» еткен «ботайлық мәдени-шаруашылық типін» бөліп көрсетеді [12, с. 168–169]. Келесі бір зерттеушілер тобы терсек қоғамын

нақты бір шаруашылық әрекетінде көшпелі болғандығын алдыға тартады [16, с. 66–76].

Л.А. Макарова мен Т.Н. Нурумов ботайдан және басқа да ескерткіштерден алынған жылқы сүйектерін көлемдік сипаттамасы бойынша салыстырып, оларды, соның ішінде Тұзды көл 1, Евгеньевка 2 тәрізді терсек ескерткішітерінің жылқыларын да қолға үйретілген деп тұжырым жасады [21, с. 31-39].

Дәл осындай бағыттағы зерттеу жұмыстарын жүргізген И.Е. Кузьмина Ботай қонысының жылқыларын үйсіндірілген деп есептеді [22, с. 188].

С. Олсэн аталған авторлардың пікірлерін ойға қонымды деп табады. Себебі Ботай тұрағының жер қабатында фосфордық қалдықтары табылған. Зерттеушілер бұл бір жерге жинақталған жылқы қиының қалдықтары деген қорытындыға келді (қорада бағылған). С. Олсен жоғарыда келтірілген пікірлерді саралай отырып, бұл жылқының қолға үйретілуінің тағы бір белгісі болуы мүмкін деп қорытындылайды [34]. Одан бөлек, С. Олсен Ботай қонысындағы бұзылмаған жылқы қаңқаларын олардың ең алдымен тұрмыста пайдаланғандығын көрсетеді дей келе, жануарлардың қолға үйретілгендігін жоққа шығармайды. Осылай дей тұра, ғалым өзінің екінші пікірін де алға тартады. Оның ойынша, жылқы қаңқаларының жартылай бұзылған және бұзылмаған күйінде табылуы, бұл аңшылық барысында қолға түсірілген жабайы жылқыларды сол күйінде қонысқа жеткізіуінен болуы мүмкін [34, p. 101].

Ботай қонысының ашылуымен және оның шет елге танылау бастауы нәтижесінде оған деген шет елдік зерттеушілердің қызығушылығы арта түседі. Осы ретте шетелдік зерттеушілердің жеке және отандық ғалымдармен біріккен еңбектері шығады, бұл біріккен ізденіс әлі де жалғасын табуда.

Мұндай жұмыстың алғашқы нәтижелері А. Оутрам, В.Ф. Зайберт және тағыда басқа зерттеушілердің «Science» журналындағы мақалада көрініс табады [27, p. 1332-1335]. Жаратылыстану ғылымдарының зерттеу әдістері арқылы жылқы сүйектерін және басқа да археологиялық жәдігерлерді талдаған авторлар Ботай жылқыларының үйсіндірілгендігі жайлы пікір айтады. Әсіресе. Қыш ыдыстардың түбінен бие сүтінің қалдықтары шығуы олардың көзқарастарын одан ары бекіте түседі.

Терсек мәдениетін зерттеумен айналысып жүрген С. Калиева мен В. Логвин еңбектерінде де қазақ даласындағы ежелгі жылқылардың қолға үйретілу мәселесі кеңінен қарастырылады [15-17]. Энеолит дәуірінің бірнеше ескерткішінде қазба жұмыстарын жүргізген аталмыш зерттеушілер бұл мәселеде ойға қонымды және археологиялық материалдармен дәйекетлген тұщымды тұжырымдар жасайды. Төменгі арнайы тарауды оларға қатысты нақтырақ көңіл бөлетін боламыз.

Осылайша, мысты тас дәуіріндегі жұрттардың шаруашылығы мен дүниетанымындағы жылқының бейнесі, кейінгі тарихи кезең қола дәуірінде өзінің шарықтау шегіне жетеді. Бұл ең алдымен Еуразия кеңістігінде ортақ діни түсініктің қалыптасуымен байланысты. Соған орай қола дәуіріндегі

жұрттардың жылқыға қатысты тұжырымдары бірқатар мәселелер айналасында жүрді. Олардың қатарына аталған ғұрыптың пайда болуы мен таралу аймағы, жылқымен бірге пәуеске жерлеу немесе оның имитациясын жасау, қола дәуірі петроглифтеріндегі жылқы образы тәрізді тақырыптар жатады.

Осы бағытта алғашқы тұжырымдар жасаған зерттеушілер қатарына К.Ф. Смирнов пен Е.Е. Кузьминаны жатқызуымызға болады. Авторлардың пікірінше II мыңжылдықтың орта шенінде Орталық Азия шеңберінде үлкен миграциялық үдерістер орын алып, солардың негізінде жаңа мәдени бірлестіктер қалыптасқан [107, с. 51]. Солармен бірге аймақтағы жұрттардың рухани әлемінде өзгерістер орын алады. Соның бірі қола дәуірі тайпаларының жерлеу ғұрпында жылқыны немесе оның бөліктерін қосып көму. Зерттеушілердің ұстанымдары Қазақстан мен іргелес өңірлерге үндіарийлер тарала бастады деген XX ғ. 60-жылдары қалыптаса бастаған тұжырымдарға негізделген. Осымен бірге зерттеушілердің арасында бірқатар пікірлер тудырған мәселелер қатарына жерлеу ғұрпындағы жылқы және пәуеске тақырыбы жатады. Е.Е. Кузьмина аталған мәселенің төмендегідей деректер арқылы жаңғыртуға болады деп есептейді:

– жазба дерекөздері негізінде;

– археологиялық зерттеулер барысында, арбалар мен доңғалақтардың табылуы;

– жылқы сүйектерінің жерлеу шұңқырынан және қоныстардың маңайынан табылуы; доңғалақты арбалардың көне монументальды өнерде, тасқа қашалған бедерлерде, мүсін өнерінде көрініс беруі;

– доңғалақты арбалардың жартас беттерінде бейнеленуі [41, с. 41].

Д.Г. Зданович пен Е.В. Куприянованың біріккен мақаласында қола дәуірі ескерткіштеріндегі жылқы қосып жерлеу ғұрпы талданады [25, с. 188-197]. Авторлар Синташта мәдениетіндегі жерлеу кешендерін басшылыққа алады, сонымен бірге аталмыш мәдениетке жақын іргелес Қазақстан жеріндегі материалдар да салыстырмалы түрде қарастырылады. Зерттеушілер 39 қос жылқы жерлеу орнын сараптай келе, оларды типологиялық жағынан екіге бөледі. Қазақстан жеріндегі жылқының толық қаңқалары кездесетін ескерткіштер Б типіне жатқызылған [40, с. 189]. Мұндай жерлеу ғұрпының семантикасын зерттеушілер былай түсіндіреді: «Біздің көзқарасымыз бойынша, осындай жерлеулерді (құрбандық шалу) үндіеуропалық егіз мифімен семантикалық контексте қарастыру керек. Дәстүрлі сана және мифология бинарлы қарама-қарсылықтан тұрады. Егіздер – қарсылықтың бір түрі болып келеді және мәдениетте белгілі бір тақырып, сюжеттер, мәдени құралдар осы қарсылықты көрсетеді. Осындай тақырыптар, сюжеттер, заттар миф пен салттардағы егіздер образымен тығыз байланыс орнатады. Олар егіз мифологиясының нақты мазмұнын қалыптастырады. Мифологиядағы осындай заттарға арба, молшылыққультті және эротика жатады» [40, с. 191-192].

Қола дәуіріндегі қос жылқы жерлеу ғұрпы Е.А. Черленоктың мақаласында да қарастырылады [42, с. 346-349]. Зерттеушінің жаңа археологиялық мәліметтер мен археозоологиялық материалдарды талдай отырып тұжырым

жасаған бұл еңбегі қарастырылып отырған ғұрыптың типологиялық ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге мұндай жерлеулердің семантикасы мен мифологиясына жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Зерттеушінің пікірінше қос жылқы жерлеу ғұрпы алдымен Синташта мәдениетінде қалыптасып, кейіннен маңындағы Петров, Потапов және Покровка мәдениеттеріне көшкен [42, с. 348].

Еліміздегі қола дәуірі тайпаларының дүниетанымындағы жылқының маңыздылығы А. Оутрам мен тағы бірнеше автордың мақаласында археологиялық қазба материалдары негізінде сипатталады [46, p. 116-128]. Негізінен Қазақстанның орталығы мен солтүстігіндегі қола дәуірінің жерлеу ескерткіштерін басшылыққа алған авторлар толық бір тарихи кезеңге сараптамалық шолу жасап шыққан. Олардың жасаған қорытындысы бойынша қола дәуірінің алғашқы кезеңдерінде аталып өткен аймақтарда жылқымен байланысты жерлеу ғұрпының екі түрі орын алған: алғашында, жылқыны толық жерлеу кездессе, уақыт өте тек бас сүйегі мен аяқтарын қой тән болған. Ал, қола дәуірінің соңғы кезеңінде қабірге жылқы сүйектерін қою жойылған [46, p. 120].

Қарастырып отырған тақырыбымызға қатысты жоғарыдағы зерттеушілердің еңбегін И.А. Кукушкиннің «Колесничные комплексы Центрального Казахстана» атты мақаласы толықтыра түседі [108, с. 25-31]. Зерттеуші қос жылқыны обаның батыс бөлігінде немесе жерлеу камерасының шетіне қарай жамбасымен жатқызып жерлеу орталық қазақстандық дәстүр екендігі дәлелдейді. Сонымен бірге қос жылқыны арбаға жегілген имитация сипатында жерлеу тек обаларда ғана кезедесетіндігі тұжырымдалады [108, с. 27, 31].

П.А. Косинцевтің «Происхождение колесничных лошадей» атты мақаласы осы сипатта жазылған [43, с. 113-129]. Бұл еңбектің бір маңыздылығы автор биолог болғанына байланысты, жерлеу орындарындағы жылқыларды биологиялық және археозоологиялық тұрғыдан қарастырған.

Л.Л. Гайдученконың мақаласыныда Қазақстан мен іргелес өңірлердегі қола дәуірі жерелеу орындарындағы жылқының орналасуына қатысты сипаттама жасалған. Оның пікірінше бұл жерленген адамның кейбір қасиеттеріне байланысты болуы мүмкін [26, с. 53-55].

Жоғарыда тоқталып кеткен зерттеушілердің барлығы дерлік қола дәуіріндегі қос жылқы жерлеу ғұрпын екі дөңгелекті арбаға жегілген жылқылар имитациясымен байланыстырығын. Мұндағы семантикалық мән жылқыдан бөлек арбаға берілген. Сондықтан біздің тақырыбымызға қатысты кейбір зерттеулер жерлеу ғұрпындағы және петроглифтердегі қос ат жерленген арбаларды үйлестіре жүргізілген. Жалпы, жартас суреттерінде кездесетін арба бейнелерінің түрлері, олардың алғашқы пайда болған орталықтары мен таралу бағыттырын анықтау, оларды мерзімдеу мәселесінде ортақ пікір жоқ. Дөңгелекті көліктің пайда болуы мен таралуы туралы зерттеушілер арасында моноцентристік және полиценристік екі концепция бар. Моноцентристік

концепцияның негізін қалаушы Гордон Чайлдтың ең алғаш арбалардың пайда болған орталығы Шумер деп біледі [41, с.197-201].

Е.Е. Кузьмина арбалардың алғашқы пайда орталықтары ретінде төрт негізгі ауданды бөліп көрсетеді - Ежелгі Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Европа мен Кавказ және Оңтүтік-Шығыс Каспий маңы [41, с.72-76].

Я.А. Шер мен Ю. Голендухин Е.Е. Кузьмина көрсеткен төрт ауданға бесінші ауданды қосу керек немесе төртінші ауданның аймағын кеңейтіп яғни, оңтүстік шығыс Каспий маңы деген аймаққа Тянь-Шань мен Памир-Алтайды біріктіре отырып бүкіл Орта Азияны да қосу керек деп біледі [87, с.18-25].

Ауыр төрт дөңгелекті арбалар еуразия даласында б.з.д. III мыңжылдықтан бастап Кубаньдағы көне шұңқыр мәдени-тарихи кауымдастығында және оны алмастырған катакомба бірлестігінде таралған. Көне шұңқыр мәдениетінің жерлеу орындарында пәуескенің дөңгелектері жерлеу шұңқырының әр бұрыштарына қойылған. Кейде жерлеу орындарында пәуескенің бөлшектері орналастырылатын (көп жағдайда дөңгелектері) немесе олардың саздан жасалған нұсқалары. Пәуескені немесе оның бөлшектерін жерлеу шұңқырына салу катакомба мәдениетінің өкілдерінде де кездеседі. Олар пәуескені шұңқырға кіре берісте де шұңқырдың ішінде де орналастырған. С.В. Сотниковаңың көрсетуінше Катакомба мәдениетінің ерекшелігі олар дөңгелекті шұңқырды жабу үшін қолданған [45, с. 102]. Сонымен бірге, зерттеушінің пікірінше мұндай жерлеу кешендерінде құрбандық шалудың бүкіл болмысы көрініс таппаған, ал тек оның соңғы фазасы ғана көрсетілген [45, с. 105].

Е.И. Елизаренкова және В.Н. Топоров ведалық арийлердің өміріндегі пәуескенің орнын келесідей анықтайды: «олар пәуескелерінің ішінде көшіп мал бағып өмір сүрді, олар отырықшы болған жоқ; олардың пәуескелері тіпті үйден де қымбат болды, олар пәуескеде көп уақыт өткізетіндіктен емес, бұл кіші үй ретінде саналды, мұндағының бәрі адамға тиесілі болды; пәуеске үнемі болатын құбылыс болды. Өмір сүру салтын үй мен отырықшылық емес арбамен көшу алмастырды» [109, с. 489-490]. Бұл зерттеушілердің ойынша «Ригведадағы» пәуеске немесе арба ведалық күнделікті тұрмыс көрінісі ғана емес, олардың сакральді және мифологиялық заттар болуы мүмкін [109, с.490]. Яғни, зерттеушілердің көзқарасы бойынша қола дәуірі ескерткіштерінің қабірлері арба, ал жерленген қос жылқы соған жегілген деген түсінік байқалады.

Жерлеу рәсіміндегі пәуескенің орны туралы әр түрлі пікірлер бар. Н.Б. Виноградов синташта кешеніндегі пәуескелерді зерттеу барысында ең алдымен жерлеу ұрпына аса мән беру керек деп есептейді. Кейбір адамдардың жерлеу орындарына екі дөңгелекті арбаны қоса жерлеуі мифтік рухтың о дүниеге сапарымен байланысты болуы мүмкін [103, с. 264].

Арбалар мәдениетінің қалыптасу мәселесін И.В. Чечушков біршама ұғынықты анықтап берген: «Орта қола дәуірінде батыстан келген халықтар мыс рудаларына бай Қазақстан-Орал далаларын игере бастайды. Соның нәтижесінде б.з.д. III-II мыңжылдықтар шеңберінде мұнда синташта типіндегі ескерткіштер қалдырған жаңа тарихи жүйе қалыптасады...Осы уақытта әлеуметтік стратификация өзінің даму шегіне жетті, бірақ элитаны бөліп көрсететін

белгілер жерлеу ғұрпында көрініс тапқан тек олардың әскери қызметтеріне ған берілді» [44, с. 62-63].

Автордың жасаған тұжырымынан анық ұғынатынымыз жаңадан қалыптасқан саяси бірлестік біртіндеп бірегей мәдениет жүйесін қалыптастырып, соның негізінде Қазақстанның солтүстігі мен батыс аймақтарын қамтыған жұрттардың әдет-ғұрыптарында жылқыға байланысты түсініктер көрініс табады.

Қола дәуіріндегі жылқы культін петроглифтер мен ұсақ пластика туындылары негізінде қарастырғын зерттеушілердің қатарына З.С. Самашев [69-75], В.Д. Кубарев [82], И.В. Ковтун [83], В.А. Дергачевтың [85] және тағы басқалардың еңбектерін жатқызамыз.

З. Самашевтың Қазақстан жеріндегі бірнеше петроглиф кешендеріне арналған еңбектерінің ішінде қола дәуіріндегі жылқы бейнесіне арналған бөлімдер кездеседі. Оларда зерттеуші Қазақстандағы қола дәуірі жылқыларының кескінделу мәнеріне, негізгі желілер мен сарындардың семантикасына және бейнелердің дәстүріне талдаулар жасаған. Бұған қатысты төмендегі арнай бөлімде нақтырақ тоқталатын боламыз.

В.Д. Кубаревтың мақаласы жылқы бейнелерін тарихи-сабақтастық тұрғысынан қарастыруға арналған. Бұл еңбек негізінен таулы Алтай мен Моғолиядағы петроглифтерге арналғанымен, жылқы бейнелерін тасқа таңбалау стилі жағынан бүкіл Орталық Азияға жақын болып келеді. Соған байланысты автордың жасаған қорытындалары да аталмыш территориядағы қола дәуіріндегі халықтардың дүниетанымын толық ашады [82, с. 52-75].

Қола дәуіріндегі жұрттардың жылқымен байланысты таным-түсініктерінің семантикалық мазмұны кейбір мүсіншілерде сомдалған. Солардың қатарында түрлі діни ғұрыптар өткізу барысында қолданылуы мүмкін асатаяқтар кездеседі. Олардың қатарына еліміздің шығыс өңірінен кездейсоқ табылған жылқының басы түрінде тұйықталатын тас асатаяқтар қолөнердің ерекше туындылар санатына жатады. Дайындалу технологиясы жағынан, әсіресе жылқының сұлбасын көркемдеп беру мәнері тұрғысынан олар сейма-турба мәдениетінің айрықша үлгілері қатарынан. Мұндай асатаяқтардың генезисі мен дүниетанымдық мәні толығымен И.В. Ковтунның зерттеуінде барынша ашылған [83, с. 95-105]. Зерттеушінің жасаған тұжырымдамасы бойынша ежелгі үндіиран мифологиясындағы жосын-жоралғылар таңғажайып және құдайға тән күшке ие, сонымен бірге иесіне құдыреттілік пен береке дарытатын жылқының басымен үйлеседі. Ал мұндай ерекше қасиеттерге ие мифологиялық кейіпкердің бейнесі жылқының басы сомдалған асатаяқтарда жатыр [83, с. 102].

Осындай асатаяқтардың тас және қола дәуіріндегі үлгілерінің классификациясы мен типологиясы В.А. Дергачевтың сүбелі еңбегінде жасалған [85].

Көріп отырғанымыздай, зерттеушілердің жоғарыда келтірілген пікірлері бұл мәселе бойынша түрлі көзқарастың бар екендігін анықтайды. Дегенмен, терсек және ботай жылқыларының үйсіндірілгендігін дәлелдеуге тырысқан зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдары біршама айғақталған деп

есептейміз. Бірақ, бұл зерттеушілердің аталған мәдениеттердегі жылқының қолға үйретілу немесе үйретілмеу мәселесінің көлеңкесінде тағы бір маңызды бағыт қалып қойған тәрізді. Ол ежелгі ботайлықтар мен терсектіктердің жылқы малына қатысты таным-түсініктері. Жоғарыдағы зерттеушілердің ешқайсы бұл мәселеге қатысты ой толғамайды. Тек қана В.Ф. Зайберт өзінің Ботай мәдениетіне қатысты жарияланған толымды еңбегінде мәселенің шетін шалып кетеді. Ол жерлеу камерасын салу барысында қолданылған жылқы бас сүйектерін ғұрыптық мәнмен байланыстырады [13, б. 242].

Осыған байланысты қазіргі күні зерттеушілердің алдында тұрған келелі міндеттердің бірі ежелгі ботайлықтар мен терсектіктердің дүниетанымдық түсініктеріне көңіл бөліп, олардың жан-жануарлар әлемін қалай қабылдағандығын зерделеу болып табылады.

Қола дәуіріндегі жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарды талдау жасалынған еңбектерде негізінен көзқарастар арбалардың жерленуіне қатысты түйіскен. Яғни, зерттеушілердің көпшілігі жерлеу ғұрпындағы жылқы емес, ондағы арбаның маңызын көбірек ашуға тырысқан. Петроглифтердегі жылқы бейнелірін қарастыруға қатысты зерттеулерде суреттердің салыну техникасы мен қалпына жәнеде ондай бейнелердің дәстүріне мән берілген.

1.2 Ерте темір дәуірі тайпаларында жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың қалыптасуы мен дамуы

Б.з.д. I мыңжылдықта Еуразия кеңістігіндегі халықтардың өмір сүруінде орын алған өзгерістер олардың дүниетанымына өз әсерін тигізеді. Бұл әсіресе, олардың қоршаған ортаны жерлеу ғұрпымен байланыстыру әрекетінен жақсы байқалады. Оны өлікке ат арнау дәстүрінен анық көре аламыз. Осылайша, ерте көшпелілердің дүниетанымындағы жылқының маңызына қатысты ғылымдағы түрлі тұжырымдардың қалыптасуына ең алдымен археологиялық қазба жүргізілген обалардан жылқы мүрделерінің не болмаса жылқы түріндегі мүсіншелер мен әшекейлердің табылуы басты себеп болды.

Осыған байланысты зерттеушілердің бір тобы обадағы жылқымен байланысты ғұрыптарды, қандай түрі болмасын, о дүниелік немесе жер асты құдайларымен байланыстыра қарастырды. Мәселен, А.К. Ақышев Есік обасынан табылған қос жылқы бейнесінде әшекейді ежелгі үнді мифологиясымен салыстыра келе келесідей қорытындыға келеді. Жылқы арийлердің мифологиясындағы әлемнің бейнесі болатын болса, Есік жылқылары полярлық бастауларды білдіретін ежелгі ортақ зооморфтық бейнені сипаттайды. Зерттеушінің сөзімен айтқанда, жылқы нышандық жағынан аспан әлемімен байланысты солярлық циклдегі құдайларға жатқан [110].

Осы бағытта зерттеу жүргізген Е.Е. Кузьмина өзінің 1977 ж. жариялаған «Конь в религии и искусстве саков и скифов» атты мақаласында аталған тайпалардың таным-түсініктеріндегі жылқы бейнесін иран тілдес халықтардың идеологиялық жүйесі арқылы негіздейді [54, с. 96-119]. Яғни, ежелгі үнді құдайлары - Индра, Ашвин және т.б.; Авеста құдайлары - Митра, Фарн, Сиявуш

және т.б. жылқыға айналады және оларға арнап құрбандық шалған деген пікір айтады [54]. Одан бөлек зерттеуші аталмыш мақаласында жылқы бейнесін басқа да жануарлардың кейпімен сомдауға қатысты да тұжырымдар жасаған. Автор «жылқы-құс» және «жылқы-бұғы» тәрізді бейнелерді күн мен құрбандық шалу нышанымен байланыстырып, түп-төркінін өмір ағашынан іздейді [54, с. 105-106]. Келесі бір мақаласында зерттеуші бір жағынан жылқыны ежелгі құдайлармен байланыстыра отырып, екінші жағынан оны құрбандық малы ретінде сипаттайды. Оның көзқарасы бойынша өлікпен бірге жерленеген жылқы тірілер әлемі мен өлілер әлемі арасында дәнекер қызметін атқарған [44].

З.П. Соколова да жерленген жылқыны өлікке арналған құрбандық ретінде сипаттап, бұл дәстүрден төмендегідей екі қарапайым қорытынды жасайды:

1. өлген адамды мініс көлігімен және шаруашылықтағы малымен қамтамасыз ету;

2. өлген адамның жанына ас арнау [111, с.184-185].

Осы бағыттағы А.М. Беленицкийдің «Конь в культах и идеологических представлениях народов Средней Азии и евразийских степей в древности и средневековье» атты мақаласын атап өтуге болады [57, с. 31-39]. Автордың көзқарасы бойынша о дүниелік құдайлар ежелгі замандарда өлілермен байланысты жер асты кейіпкерлері ретінде ғана қабылданбаған. Артында қалған ұрпағының, яғни тірілердің аман-саулығы сол құдайларға байланысты болған [57, с. 32]. Оның осы мақаладағы басты тұжырымдарына мән берсек зерттеуші жылқыны от және су стихиясымен байланыстырады. От ретінде күнді мысалға ала отырып, зерттеуші Грузиядан табылған ыдыстардағы от жанып тұрған алтарь жанындағы жылқы суреттерін келтіреді [57, с. 35]. Ал жылқыны су әлемімен байланыстыру кезінде ежелгі грек аңыздарынан (Посейдонға қатысты), қытай мифологиясынан (айдаһар-жылқы) және ежелгі үнді дүниетанымынан (Индраның боз жылқысы Уччайхшраваса) мысалдар келтіреді [57, с. 35]. Қолындағы бар мәліметтердің барлығын саралай келе А.М. Беленицкий Еуразия кеңістігіндегі халықтардың әдет-ғұрыптары мен тіршілігіндегі жылқының бейнесі полисемантикалық болды деген қорытынды жасайды [57, с. 38].

Жоғарыда айтылғандармен қатар өлікке жылқы арнау ғұрпын ежелгі тотемдік идеологияның көрінісі ретінде қорытынды жасаған зерттеушілер болды [53, с. 58-70].

Алайда, зерттеушілердің бір тобы тарапынан тотемдік теория салмақты қарсылыққа ұшырады. Мәселен, ежелгі көшпелілердің қолданбалы өнеріндегі жан-жануарлар бейнесін зерттеген М.И. Артамонов жануарлардың бәріне тотемдік түсініктерді балауға болмайды, олар басқа да ғарыштық күштерді немесе құбылыстарды білдіруі мүмкін деген пікір жасаған [112, с. 33].

С.И. Руденконың тұжырымдамасына сәйкес тотемдік идеология негізінен шаруашылығы аңшылыққа бағытталған қарапайым тайпаларға тән, ал хайуан тайпаның шаруашылығында тұрақты орнын алғаннан бастап қоғамдық санада тотем ретінде бағаланудан қалған [48, с. 336]. М.П. Грязновта осындай

көзқарасты ұстана отырып, тотемдік түсініктерді ерте замандарға, яғни жан-жануарлар тайпаның жебеушісі болған кезеңге жатқызады [49, с. 12].

Өлікпен бірге жылқыны қосып көму дәстүрін Р.С. Липец пайдалылық тұрғысынан түсіндіреді. Оның пікірінше, жылқы культіне қатысты белгілі дүниелердің барлығын (күн нышаны, үндіеуропалықтардағы жақсылық пен жамандыққа қатысты дуалистік түсініктер және т.б.) жерлеу ғұрпымен байланыстыруға келмейді [97].

Қаратеңіз жағалауындағы скифтердің обаларында жерленген жылқыларға қатысты зерттеу жүргізген Е.Е. Фиалконың еңбегі біздің жұмысымызға кейбір салыстырмалы мәліметтер қосады. Автор жылқыларды скифтердің о дүниедегі қорғау-тұмары ретінде қарастырады. Яғни, жылқы әбзелдеріндегі түрлі аңдар мен жануарлардың бейнесіндегі әшекейлер жылқыға ерекше күш беріп, соның арқасында жылқы басқа әлемде иесінің қорғаушысы болған [64, с. 17-19].

Еуразия кеңістігіндегі ерте көшпелілердің дүниетанымындағы жылқының орнын анықтауға, оның ішінде ат-әбзелдерінің сараптамасына М.А. Очир-Горяеваның зерттеулерін арналды. Бір айта кетерлігі зерттеуші өзінің еңбектерінің барлығында дерлік ежелгі көшпелілерде жылқыға байланысты культтің болмағандығын дәлелдеуге тырысады. Мәселен, бір мақаласында автор Қаратеңіз жағалауындағы обалардағы жылқы жерлеулерін Геродоттың кітабындағы мәліметтермен салыстыра келе бұл, жылқыларды о дүниеде қызмет ету үшін қан шығармай өлтіру ғана деп қорытынды жасайды [60, с. 245-248]. Тағы бір мақаласында аталмыш зерттеуші былай деп жазады: «Геродоттың мәліметтерін жүйелі талдай келе келесі жағдайды тұжырымдауға болады, скиф кезеңіндегі обаларда жерленген мініс жылқыларын патша мен оның нөкерлерімен бірге о дүниеге ілесуші ретінде қабылдаған дұрыс болар. Яғни, бұл өзінше бір өте бай әрі абыройлы жерлеу заты» [61, с. 75]. Бір қызығы автор тағы бір мақаласында өзінің жасаған бұл тұжырымдарына керағар пікірлер келтіреді. Мысалы, пазырық обаларындағы бетперделермен әсемделген жылқыларға талдау жасай келе ол мұндағы жылқылар мифтік жануарлардың кейіпін қабылдап, жерлеу ғұрыптарында тотемдік роль атқарған деп қорытынды жасайды [62, с. 97]. Осылай дей келе автор өзінің жылқы культі болмады деген басты көзқарасын жанама түрде болсын теріске шығарады.

Жылқының культтік түсініктемесі Р.В. Николаевтың мақаласында ашылып көрсетіледі. Зерттеушінің көзқарасы бойынша скифтердегі жылқы культі уақыт өте түрлі халықтар мен аймақтардағы эпостарда көрініс тапқанымен, олардың ортақ біртұтастық жүйесі болған. Өзінің осы ұстанымын автор негізінен этнографиялық және фольклор материалдары негізінде дәлелдеуге тырысқан [63, с. 154-158].

Біздің қарастырып отырған мәселемізді ашып көрсетуде В.С. Синиканың Днестр бойындағы скиф дәуірі ескерткіштеріндегі өлікке ат арнау ғұрпына байланысты жүргізген зерттеуі маңызды болып табылады. Өзінің зерттеу мақаласында аталмыш автор скифтердің жылқы қосып жерлеу ғұрпын үш түрге бөліп қарастырады. Бірінші топқа жылқыны қабірге толық қоюды жатқызады, екіншіге жылқының тұлыбын жерлеуді енгізеді және үшінші түр ретінде

жылқының бас сүйектерін ғана жерлеуді жіктейді [113, с. 119-124]. Аталмыш зерттеушінің мақаласының ұтымды тұсы бөліп көрсетілген үш түрлі жерлеу дәстүрі этнографиялық параллельдер арқылы негізделіп, олардың сипаты белгілі бір дәрежеде ашылған.

Оңтүстік Орал жеріндегі ежелгі көшпелілердің жерлеу ғұрпындағы жылқы бейнесін ашуға арналған А.М. Ушаковтың мақаласы савромат-сармат тайпаларындағы жылқы культін түсінуге септігін тигізеді [114, с. 64-70]. Автордың көрсетуінше атаған өлкедегі жерлеу орындарында жылқыны қосып жерлеудің әлеуметтік мәртебеге негізделген екі түрі орын алған. Қоғамдағы әлеуметтік дәрежесі жоғары адамдардың жерлеу орындарында жылқының толық қаңқасы кездескен. Сонымен бірге олардағы ат-әбзелдерінің өзі өте салтанатты болған. Ал қатардағы қауым мүшелерінің қабірлерінде жылқының толық нұсқасын сипаттайтын нышандар ретінде кейбір сүйек бөліктері немесе ат-әбзелінің элементтері қойылған [114, с. 70].

Батыс Қазақстан жеріндегі сармат дәуірі ескерткіштеріндегі өлікке жылқы арнау ғұрпы М.К. Сейткалиев пен Л.Л. Гайдученконың біріккен мақаласында қарастырылады 115, с. 271-274]. Авторлар негізінен алғанда Қырық-оба қорымындағы № 3 обадан табылған екі жылқының морфологиялық мазмұнына көп көңіл бөлген. Өйткені, бұл материалдар аталмыш өлке үшін таңсық, яғни салыстырма жасау үшін қолдарында басқа материалдар болмаған.

И.А. Кукушкиннің «Семантика массовых захоронений лошадей в царских курганах ранних кочевников» атты мақаласында біздің қарастырып отырған тақырыбымыз бойынша кейбір тұжырымдар алдыға тартылады [116, с. 276-283]. Зерттеуші ерте көшпелілердегі жылқыны қосып жерлеудің мәнін қола дәуірінен іздеуге тырысқан. Нақтырақ айтқанда автор қола дәуіріндегі күнмен байланысты білдіретін символдарды үлкен патша обаларында жерленген жылқылардың орналасуымен түсіндіреді. Мәселен, Аржан және Қаратеңіз жағалауындағы скифтердің патша обаларындағы жылқыларды шеңбер жасап орналастыру белгілі бір дәрежеде өмір айналымын білдірген. Бұл жерде қола дәуіріндегі свастика таңбасы басшылыққа алынған [116, с. 277].

Жоғарыда айтылғандармен бірге зерттеушілердің бір тобы, әсіресе отандық ғалымдар қарастырылып отырған мәселені тарихи тамырластық тұрғысынан негіздеді. Мәселен, Ә.Т. Төлеубаев археологиялық және этнографиялық материалдар бойынша өлікке ат арнау ғұрпына энеолит заманынан этнографиялық дәуірге дейінгі терең тарихи экскурс жүргізді [6, 7]. Автор өз еңбегінде жылқымен қосып жерлеу дәстүрі бар археологиялық ескерткіштерді сипаттама жасап және дәстүрдің қазақ халқындағы көріністерін талдай келе, бұл ғұрыптың мәнін практикалық жағынан түсіндіреді, яғни жылқы киім мен қару-жарақ тәрізді о дүниеде де керек болған.

Осындай бағытта зерделеу жүргізген С.Е. Әжіғали ежелгі жылқышы халықтарда жылқыны қосып жерлеуден бұрын жылқының ғарыштық қызметі ең алдымен пайда болды деп тұжырым жасайды. Өзінің бұл көзқарасын автор үндіарийлердің жылқыға қатысты жерлеу гимндерімен негіздейді [8-10]. Сонымен бірге, зерттеуші Қазақстанның ортағасырлық тұрғындарының

архитектурасында конструктивтік үдерістер орын алғандығын алдыға тарта келе, өзгерістің жерлеу ғұрпына да әсері болғандығын жазады. Мәселен, жылқыны жерлеу тәрізді ғұрыптық құрбандықтар осы кезден бастап жерлеу моласының үстінде атқарыла бастаған. Зерттеуші осылармен қатар, ерте темір дәуіріндегі бұғытастардың, түркі дәуіріндегі тас мүсіндердің және қазақ халқындағы құлпытастардың семантикалық мән-мағынасын атқазық тұжырымдамасы негізінде жылқы культімен байланыстыра талдайды [8]. Зерттеуші өзінің келесі бір еңбегінде жерлеу-еске алу ғұрпындағы жылқының үш рөлін атап өтеді:

1) ғарыштық құрбандық малы;

2) өлген адамның көлігі;

3) жеке дара медиатор.

Бұл үшеуін де автор жоғарыда айтылып кеткен ғұрыптық тік бағаналармен байланыстырады [8, с. 176].

Отандық зерттеушілердің келесі бір тобының біздің тақырыбымызға қатысты ізденістері тікелей археологиялық қазба материалдарымен байланысты. Аталған мәселе бойынша алғашқы деректер қоры Таулы Алтайда, оның ішінде Қазақ алтайында жүргізілген зерттеулер негізінде жинақталды. 1865 ж. В.В. Радловтың Үлкен Берел обасы мен Катандадағы қазба жұмыстары жүргізіліп, жылқыны қосып жерлеу дәстүрі анықталған болатын. Өзінің осы жұмыстарының қорытындыларын жариялаған еңбегінде зерттеуші ауқатты адамдардың молаларында жылқылардың көп болатындығы туралы тұжырым жасайды [117].

Ұзақ жылдар бойы Қазақ Алтайында археологиялық зерттеулер жүргізіп келе жатқан З. Самашев Берел қорымындағы обалардан табылған жылқы әбзелдері жайлы келесідей қорытынды жасайды. Оның пікірінше жылқыларға кигізілген түрлі аң түріндегі бетперделер және бұғы, тауешкі және арқардың мүйіздері көпбейнелі нышандық мағынаға ие. Мұндай белгілер билік, күш және құдыреттілік тәрізді қасиеттерін таңбалайды. Оның үстіне аталған жан-жануарлар таудың ұшар басында тіршілік етеді, бұл өз кезегінде жоғарғы әлемді меңзейді. Яғни, жерленген адамның жоғарғы әлемге жылдам әрі сәтті жеткізілуі үшін осындай мифологиялық сипаттағы іс-шаралар атқарылған [118]. З. Самашев өзінің «Конь в ритуально-обрядовой практике у древнего населения Казахского Алтая» атты мақаласында біздің талдап отырған мәселеміз бойынша былай деп жазады: «Ежелгі замандарда қалыптасқан жылқы культі ең алдымен бұл жануардың тіршілік қарекеті мен тіршілік қамсыздандыру жүйесіндегі ерекше ролімен байланысты. Сондықтан да күрделі әрі көп сатылы рәсімдер мен ғұрыптар бірнеше мыңжылдықтар бойы жетіліп, көшпелі халықтардың діни-мифологиялық жүйесінде этнографиялық кезеңге дейін айтарлықтай орын алды» [58, с. 624].

Осы бағытта және аталмыш қорымның материалдары негізінде А. Оңғардың зерттеу мақаласы жарияланған болатын. Автор Берел қорымындағы обаларда жерленген жылқылардың орналасуына байланысты сипаттамалар жасай отырып, ежелгі көшпелілердегі жылқы культінің толық мазмұнын ашу

үшін обалардың құрылысына, ондағы жылқылардың жатқызылуы мен бағытталуына көңіл бөлу керектігін білдіреді. Сонымен қатар зерттеуші қарастырылып отырған мәселенің түйінін шешуде түркі-моңғол халықтарының этнографиясындағы мәліметтердің маңызы жоғары екендігін атап өтеді [59, 188-195 б.].

Таулы Алтайдағы ежелгі көшпелілердің ескерткіштерін жүйелі түрде зарттеу XX ғ. 20-жылдары басталып бүгінгі күнге дейін өзіндік зерттеу кезеңдері бойынша зерделеніп келеді. Осы арлықтағы ізденістер барысында 1929 ж. ашылған I Пазырық обасының атауын алған ерте темір дәуірінің ескерткіштерінің көпшілігінен жылқы жерлеулері ашылған. Осындай ерекше ұрып зерттеушілер тарапынан қалыс қалмай түрлі тұжырымдар мен көзқарастарға негіз болады.

Пазырық обасы алғаш ашылған жылы-ақ сатылы теорияның өкілі Н.Я. Марр ондағы жылқыларға қатысты өзінің пікірін білдіреді. Зерттеуші лингвистикалық мәліметтерге сүйеніп ежелгі халықтардың нанымында ең басты жануар бұғы болған, бірақ кейіннен өзінің негізгі маңызын жоғалтқан деген тұжырым жасайды. Осыны негізге алған Н.Я. Марр Пазырықтағы бұғы кейіпіндегі бетпердемен жерленген жылқыларды сол бағытта қарастырып, бұғы жылқыға қарағанда мініс көлігі ретінде ертерек пайдаланылған деген көзқарас ұстанған [119]. Бұл мәселені С.И. Руденко ежелгі көшпелілердегі бұғы шаруашылығының сарқыншағы деп түсіндірді [47]. М.П. Грязнов те осындай көзқарасты ұстанды [51]. Е.Е. Кузьмина пікірінше, сақтар мен скифтерде бұғы (оның ішінде қиял-ғажайып бұғы-жылқы-құс) күн және өсіп-өну нышыны ретінде болған, осылайша бұғы да жылқы тәрізді көсемнің мәңгілік өмірімен байланыстырылған [54, с. 105-106].

Одан бөлек Н.Я. Маррдың еңбегінде жылқының жерлеу ұрпындағы маңызы күнмен байланыстырылады. Осы мәселені ол былайша түсіндіреді: біріншіден, жылқы бұл таң шапағы, яғни атып келе жатқан күн, екінші жағынан, жылқы - бұл батып бара жатқан күн, яғни о дүниенің нышаны [119].

Пазырық қорымдарындағы жылқыларға байланысты ескерткіштің алғашқы зерттеушілері С.И. Руденко мен М.П. Грязновта өздерінің қорытындыларын жасады.

Пазырықтан табылған жылқылардың құлақтарындағы ендердің түрлі екендігін аңғарған М.П. Грязнов «пазырықтықтарда» жеке меншік болды деген болжам жасайды. Яғни, зерттеушінің ұғымынша бұл жылқылар обада жерленген адамдікі емес, олардың әрқайсысының иесі болған. Осыған байланысты автор жерленген жылқылардың саны тайпаның құрамындағы рулардың санын анықтайды деп есептеген. Ал обадағы түрлі ені бар жылқылар жерленген тайпа басшысына бағынышты рулардың сыйы болса, ат-әбзелдері жерлеу ұрпы үшін арнайы жасалған [51]. Зерттеушінің бұл тұжырымдары ғылыми ортада қолдау таппады, дегенмен С.А. Токарев М.П. Грязновтың кейбір пікірлерімен келісе отырып, қабір ішінде бұғы кейіпіндегі бетпердемен сәнделген жылқылардың болуы жерленген көсемге тайганың бұғышы-аңшы тайпалары бағынышты болған деген қорытындыға келеді [120].

Ал М.П. Грязновтың жоғарыдағы пікірлерін сынға алған С.И. Руденко болды. Жылқы жерлеулеріне қатысты өзінің тұжырымдарын зерттеуші монографияларында негіздеді. Ең алдымен, ол бұғы бетпердесі бар жылқылар бұғымен байланысты ежелгі сенімдерге қатысты деген өзінің алғашқы кездегі тұжырымынан бас тарты. Ол өзінің қазба материалдарын сараптай келе, жылқының ежелгі көшпелілер тіршілігінде өте маңызды болғандығын атап өтіп, жылқы жерленген адамдардың жынысына, жасына және әлеуметтік деңгейіне қарамастан барлық обаларда кездесетіндігін көрсетті [48, с. 33]. Бір сөзбен айтқанда, жылқы – ерте темір дәуірінің орта кезеңінен бастап "өлікке арналатын ежелгі тотемдік идеологияның сарқыншағы" болудан қалып, енді, түрлі деңгейдегі қоғам өкілдерінің негізгі байлығы мен қасиетті меншігіне айналғандай. М.П. Грязновтың ат-әбзелдеріне байланысты тұжырымдарын С.И. Руденко сынға ала отырып, олардың арнайы жерлеу салты үшін жасалмағандығын өзінің бақылаулары бойынша түсіндіреді. Оның байқауы бойынша обадағы жылқы әбзелдерінің кейбірінде жөндеу іздері бар, яғни бұл дегеніміз олардың қолданыста болғандығын аңғартады Осыларға қоса, С.И. Руденко Пазырық обаларындағы жылқылар көсемге сыйлық емес, керісінше оның жеке меншік малдары деген, яғни тірі күнінде мініске қолданған жануарлары [48, с. 239].

Қарастырып отырған мәселе В.Д. Кубаревтың бірқатар зерттеу еңбектерінде көрініс тапты. Зерттеушінің пікірінше пазырық мәдениетінің жерлеу ғұрпындағы ең тұрақты компонент жылқыны қосып көму болды. Өлікке құрбандық ретінде жылқы арнау өлілер культімен және ежелгі алтайлықтардың жерленген адамды о дүниеде көлікпен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындаған. Ал, қабірде 2-3 жылқының кездесуі өлген адамның о дүниеге дейінгі жолының қашық болуы мүмкін деген түсінігімен байланысты, яғни жолда бір жылқы шаршаса, басқалары оын ауыстырған [53, с. 59]. Сонымен бірге зерттеуші Таулы Алтайдағы ерте темір дәуірі обаларынан табылған жылқы мүсіншелерін де ежелгі көшпелілердің дүниетанымындағы жылқының маңызымен байланыстырады. Осыған қатысты автор өзінің бірқатар көзқарастарын ұсынады: біріншіден, ағаштан ойылып жасалған мұндай мүсіншелер жерленген адамның бас киімінен орын алған; екіншіден, оларды дайындаумен сол кездегі қоғамның мифтік діни түсініктерін жақсы білетін шебер айналысқан; үшіншіден, бір-біріне жақын мәнерде орындалған жылқы мүсіншелерін зерттеуші жұп бойынша жіктеп, олардың бірі айғыр, екіншісі бие деген тұжырым жасай келе, олардың ғұрыптық мағынасын өсіп-өну идеясымен байланыстырады. Яғни, жұптасқан жылқылар иесімен бірге о дүниеге барғаннан кейін оның жылқыларының санын көбейтулері керек болған [53, с. 59-60].

Ерте көшпелілердің әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызын қарастыру барысында А.С. Суразаков мәселеге басқа қырынан келді. Ол жерленген жылқылардың рәсімдік маңызын әт-әбзелдерімен байланыстыра қарастырды. Оның пікірінше, пазырық обаларынан табылған жылқы әбзелдері ең алдымен қолданысқа қажетті зат, бірақ кез-келген заттың өзіндік нышандық белгісі

болады. Мәселен, ат-әбзелдер жерлеу ғұрпындағы, оның ішінде, көсемді шығарып салуға арналған ақыреттік заттар қатарына кіреді [84, с. 4-5].

Соңғы жылдары Пазырық мәдениетіне тиесілі ескерткіштерден табылған жылқылардың дүниетанымдық мән-мазмұнын ашумен басқа да зерттеушілер айналысып келеді.

А.А. Тишкин мен П.К. Дашковскийдің біріккен «Социальная структура и система мировоззрений населения Алтая скифской эпохи» атты еңбектерінде қарастырылып отырған мәселе бойынша арнайы бөлімдер бірілген. Авторлар пазырық мәдениетіне жататын обалардан табылған жылқылардың саны мен жерлену дәстүріне қатысты талдау жасай келе, жылқымен жерлеу ғұрпы Алтайдың орталығында, оңтүстік-шығысында және оңтүстік-батысында шоғарланғандығын анықтайды. Ал статистикалық мәлімет бойынша жылқылар негізінен ер адамдардың қабірлеріне, одан аз әйелдерде және балалардың қабірінде тіпті кемиді. Ал жерленген жылқылардың саны қабірдегі адамның әлеуметтік мәртебесі мен дәулетіне байланысты болған [121, с. 148]. Жазба деректер мен археологиялық мәліметтерді саралай келе зерттеушілер келесідей қорытындыға келеді. Олардың тұжырымдауынша ежелгі көшпелілердің жерлеу ғұрпындағы жылқы мәселесін қарастырғанда келесідей үйлесімге назар аударған жөн. Ол қабір шұңқырындағы қима-таған және оның бойына жатқызылған жылқы. Авторлар алғашқысын арба түріндегі тұрғын үймен байланыстырып, ал жылқыларды оған жегілген жануарлар деген пікір айтады [121, с. 261].

Бұдан бөлек П.К. Дашковский өзінің тағы бір зерттеу мақаласында пазырық мәдениетінің жерлеу ғұрпындағы жылқының маңызын жазба деректермен үйлестіре отырып төмендегідей қорытынды жасайды: «Қолдағы бар деректердің жиынтығы Таулы Алтайдың пазырық кезеңіндегі көшпелілерінің жерлеу камерасында адаммен бірге жылқыны қоюдың шығу тегі, жәнеде соған сай мифологиялық және дүниетанымдық түсініктердің қалыптасуы екі жағдайға байланысты. Біріншіден, Азияның бұл аймағындағы көшпелілердің мәдениетіндегі жылқы қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде жетекші рөл атқарды. Екіншіден, пазырықтық діни-мифологиялық жүйеде үндіиран түсініктері мен наным-сенімдер кешені бар, олардың басым бөлігі ертедегі жалпы үндіеуропалық танымдардың қайта жаңғыруы болып табылады» [122, с. 22].

Ерте көшпелілердің дүниетанымындағы жылқы бейнесі, оның ішінде жерлеу ғұрпымен байланысты кейбір жайттар жартас бетінде суреттер мен басқа да шағын өнер туындаларында көрініс табады. Бірқатар зерттеушілер сондай жереккөздері арқылы қарастырылып отырған тарихи кезеңдегі жылқының түрлі діни-мифологиялық қатынастардағы мазмұнын түсіндіруге тырысқан. Солардың бірі Н.Л. Членова өзінің «Тагарские лошади» деген мақаласында б.з.д. VII-III ғғ. Минусин қазаншұқырында мекендеген ежелгі көшпелілердің дүниетанымындағы жылқының орнына сараптама жасайды [123, с. 80-94]. Бір қызығы тағар мәдениетінің ерте темір дәуіріндегі басқа мәдениеттерден өзгешелігі мұнда жылқы қосып жерлеу ғұрпы мүлде

кездеспейді. Автор бұл еңбегінде негізінен алғанда археологиялық зерттеулер барысында табылған алуан түрлі жылқы мүсіншелеріне (қанжар сабының басындағы, ағаштан ойылған мүсіншелер, алтын жапсырмалар, ат-әбзеліндегі әшекейлер және т.б.) талдау жасай келе, тағар типіндегі мұндай жәдігерлерді үш типке бөліп жіктейді. Олардың әрқайсысының семантикалық мазмұнын ашып көрсетеді. [123, с. 80-94]. Олардың кейбіріне қатысты төмендегі бөлімдерде арнайы тоқталатын боламыз.

Осындай өнер туындылары арқылы ежелгі көшпелілердің діни түсініктеріндегі жылқы бейнесі ашылған келесі бір зерттеулер қатарына Д.В. Черемисиннің еңбектерін жатқызамыз. Оның «О семантике маскированных рогатых лошадей пазырыкских курганов» атты мақаласында жерлеу ғұрпындағы жылқыларға түрлі жануарлар мен аңдардың кейпіндегі әшекейлермен безендірудің семантикалық және мифологиялық мағынасы қарастырылады [124, с. 129-140]. Автор Н.Я. Мардың өзіміз жоғарыда тоқталып өткен жылқыны бұғымен байланыстыру теориясына түбейгейлі қарсы шығады. Ондай мәселе ешбір археологиялық дерекпен дәйектелмейтіндігін алдыға тартады [124, с. 133]. Зерттеуші пазырық обаларындағы жылқылардың бастарындағы бұғы немесе таутеке бейнесіндегі бетперделерге қатысты пікірін былайша білдіреді: «Көшпелі-бақташылар қолға үйретілген мүйізді ұсақ малға олардың жабайы туысқандары сәйкес болып, соған байланысты рәсімдерді өткізу барысында жылқыға бұғының немесе таутекенің мүйізі іспеттес бетпердені кигізу арқылы оны жабайы мүйізді жануарға айналдырған» [124, с. 135]. Жалпы Д.В. Черемисиннің тұжырымдамасы бойынша ежелгі көшпелілер үшін даланың жабайы аңдары қолға үйретілгендерге қарағанда әлдеқайда киелі болған [124, с. 138]. Бір жағынан алып қарағанда зерттеушінің бұл ұстанымен келісуге де болатын сияқты. Сол ежелгі көшпелілердің мұрагері қазақ халқының дүниетанымында жабайы аңдарға деген ерекше құрмет, қорқыныш осы қағидаға саятын тәрізді. Мәселен, аңшылардың жабайы аңдарға деген құрметі, халық арасында қасқарды «ит-құс» деп атау және тағыда басқа параллелдер.

Ерте көшпелілердің дүниетанымындағы жылқының рөлін қарастыруға арналған В.Д. Кубаревтың тағы бір мақаласы осы өнер туындыларына арналған [82, с. 52-75]. Автор бұл мақаласында жылқымен байланысты өзі зерттеген қола дәуірінен ортағасырларға дейінгі өнер туындыларының мысалында біздің тақырыбымызға байланысты кейбір көзқарастарын білдірген. Соның ішінде зерттеуші жылқы культін қарастырудағы бұғытастардың маңыздылығын ерекше бөліп көрсетеді. Оның пікірінше бұғытастардағы жылқының кескінделу мәнері құрбандық жануарына жақын, бірақ бұл мәселе әлі де басқа деректерді салыстыру арқылы нақтылауды қажет екендігін ескертеді [82, с. 55].

Таулы Алтайдағы жылқы жерлеулерінің ашылуы археологтармен қатар басқа да сала мамандарының зерттеу үдерісіне тартылуына себеп болды. Олардың қатарына обалардан табылған жылқы сүйектерін зерттеумен айналысқан зоологтар жатады. Осы бағыттағы алғашқы зерттеулердің біріне В.О. Виттің «Лошади пазырыкских курганов» атты мақаласы жатады [125, с.

165-179]. Автор онда обалардан табылған жылқы сүйектерін зерттеу барысында мынандай мәселелерге көңіл бөлген: жылқылардың бойына, олардың тірі кезіндегі сипатына және түрлі деректер негізіндегі салыстырмалы хронологиясына. Ол Алтай ескерткіштерінен алынған жылқыларды бойы бойынша тоғыз категорияға жіктейді және жылқының шоқтығы бойынша биіктігін негізінен кәрі жілік пен сан сүйегі бойынша анықтауды ұсыныды, бір айта кетерлігі бұл әдіс қазіргі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Жылқы сүйектерін зерттей отырып ғалым біздің тақырыпқа қатысты мәселелер жөнінде де сөз қозғайды. Оның пікірінше жылқардың бастарына киілген бетперделер мен кекілдіктер жерлеу ғұрпында ғана емес, басқа да түрлі салт-жоралғыларда қолданылған. Ал жерленген жылқы құйрықтарының өрілуі қаралы рәсімнен хабар берген. Айтылғандармен қоса, зерттеуші Алтай обаларындағы жылқылардың түсіне назар аударып, олардың дені жирен болғандығын ерекше атап өтеді. Мұны ол ғылымда қабылданған күн культымен байланыстырады [125].

Осы еңбекпен қатар 1952 ж. В.И. Цалкиннің С.В. Киселевтың зерттеулері барысында табылған қатардағы қауым мүшелерінің 23 жылқысын талдауға арналған мақаласы жарияланады. Бас сүйектер мен олардың құрылымдық ерекшеліктерін сараптай келе ол жылқыларды екі топқа бөлді:

1) орта маңдайлы таулы жазық жылқылары;

2) қушық маңдайлы жазық жердің жылқылары. Жылқылардың барлығы үй жылқысының түрлі тұрпатына жатады деген қорытындыға келген автор, оларды қазіргі күнгі жылқылармен салыстырады. Нәтижесінде бірінші топ жануарларының қазақ жылқыларына жақын екендігін анықтайды [126, с. 37-42].

XX ғ. 90-жылдарынан бергі Таулы Алтайдағы жаңа археологиялық ашылулар нәтижесінде жылқы сүйектерінің үлкен топтамасы жинақталып, олардың зоологтар тарпынан зерттелуінің қажеттілігі туындады. Осы бағыттағы ізденістер Қазақ Алтайындағы Берел қорымынан алынған жылқыларға қатысты кешенді жүргізілді деуге болады. Қ.Қашқынбаев пен З.Самашевтың Берел жылқылары жылқыларына арналған толымды монографиялық еңбегі жарияланды [127]. Негізінен аталған еңбекте берел жылқы сүйектерінің палеопатологиялық ерешеліктері мен өзгерістері қарастырылған. Бес мыңнан астам сүйектерді зерделеудің негізінде омыртқа, аяқ буындары ауруларының шығу себептері мен дамуы және кейбір соғыс құралдарының жылқы денесіне тигізген жарақаттарының әсері ашып көрсетілді.

Берел қорымынан табылған жылқыларды зерттеу П. Косинцев пен З. Самашевтың еңбектерінде жалғасын тапты [128]. Алдыңғы еңбекке қарағанда мұнда жылқыға байланысты әдет-ғұрыптар кешені көрініс тапқан. Авторлар жылқының жерлену салтына қатысты, олардың ат-әбзелдерінің түрліше безендірілуіне байланысты пікірлерін білдерген.

Осы бағыттағы зерттеулер қатарына И.Ю. Гребенниковтың мақаласы жатады. Зерттеуші Таулы Алтайдағы ерте темір дәуірінің ескерткіштерінен

табылған жылқы қаңқаларына остеологиялық талдаулар жасай келе, өлкеде сол замандарда жергілікті және сырттан әкелінген жылқылар боғандығы жөнінде пікір қалдырады [129, с. 164-170].

Жалпы, қарастырылып отырған мәселе бойынша жоғарыда сипатталған басылымдарды бірнеше топқа жіктеуге болады. Бір топқа қазылған ескерткіштердің толық түсіндірмесін келтірген монографиялар мен мақалалар жатады. Екінші бір топқа жазба деректерді, этнографиялық мәліметтерді және қазба материалдарын қосып талдау жасалған еңбектер жатады. Келесі бір топты тек қана сипаттаулардан тұратын, яғни жалаң мәліметті берумен ғана шектелетін еңбектер құрайды.

Ерте көшпелілердің жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарына арналған жоғарыдағы еңбектердің авторларының көпшілігі жылқы бейнесінің көпқырлы әрі күрделі екендігін тұжырымдайды. Дегенмен, әлі де болса ерте көшпелілердегі жылқымен байланысты дүниетанымның генезисі, петроглиф пен бұғытастағы сюжеттердің толық мазмұны шешімін таба қойған жоқ. Бұл айтылған мәселердің кейбір мазмұнды тұстарын төменде қарастыратын боламыз.

1.3 Түркі-моңғол халықтарының дүниетанымындағы жылқы мәселесі

Ортағасырлық түркі халықтарының жерлеу ғұрпындағы жылқының маңызы мен жартас бетіне салынған сурет өнеріндегі бейнесіне қатысты түрлі археологиялық және этнографиялық мәліметтер қоры жинақталған. Қарастырылып отырған мәселені зерттеу барысында басты назар сол замандағы саяси-экономикалық, этникалық, хронологиялық және этникалық бағыттарға аударылып, соның нәтижесінде жылқының ортағасырлық көшпелілердің дүниетанымдағы орны әлі де болса толық ашылмаған.

Жалпы С.И. Вайнштейннің көрсетуінше жылқыны адаммен қосып жерлеу ғұрпын сақтап, I мыңжылдықтың екінші жартысымен мерзімделетін обалар шығысында Моңғол үстіртінен бастау алып, батысында Еділ бойына дейін таралуы түріктердің аталған ғұрпының орасан зор аумаққа құлаш жайғандығының көрінісі [130, с. 321]. Осыншама ұлан-ғайыр атырапты алып жатқан бұл дәстүр өзінің таралу аймақтарына және уақытнамасына қарай біршама өзгешеліктерден тұрды. Бұл бір жағынан алып түрік қағанатының және одан кейінгі түркі тілдес тайпалардан құралған мемлекеттердің түрлі тайпалық бірлестіктерден тұрғандығын байқатса, екінші жағынан өлікке жылқы арнау ғұрпы өзінің басты таралған жері Алтайдан алыстаған сайын өзгеріске ұшырағандығынан хабардар етеді. Үшіншіден, аталған дәстүрдің жекелеген аймақтарда бір уақытта жергілікті жердің тарихи тамырын сақтай отырып пайда болғандығын да жоққа шығаруға болмайды.

Қалай дегенмен де түркі кезеңіндегі жылқыны қосып жерлеу ғұрпының кең көрініс беретін және ғылыми айналымға мүмкіндігінше енгізілген аймаққа таулы Алтай мен оған іргелес өңірлердің жататындығы белгілі. Бұл аймақта өлікке жылқы арнаудың келесідей басты үш түрі кең тарады:

1) жылқыны толықтай жерлеу;

2) қабірге жылқының тұлыбын, басын немесе аяқтарын қою;

3) адамды тек ат-әбзелдерімен жерлеу. Өзіміз тізбелеп кеткен нұсқалардың ішінде жылқыны толығымен жерлеу біршама орнықты түрлерінің бірі болып табылады. Мәселен, Г. Длужневскаяның 1976 ж. көрсеткіші бойынша аталған аймақта (Алтай, Тыва, Моңғолия) жылқымен қосып жерлеу ғұрпы сақталған 200-ге жуық ортағасырлық оба зерттелген [131, с. 193]. Әрине бұл мәліметтің біршама уақыт бұрынғы екендігін ескере отырып, содан бергі аталған аймақта зерттелген ескерткіштерді санамалайтын болсақ олардың саны бірнеше жүзді құрайтыны белгілі.

Зерттеуші Б.Б. Овчинникова мұндай ғұрпты сақтаған ескерткіштердің уақытнамалық шеңберін VI-X ғғ. мерзімдеп, төмендегідей үш кезеңге жіктейді: VI – VIII ғ. бірінші жартысы (ежелгі түрік кезеңі), VIII – IX ғғ. (ұйғыр кезеңі), IX – X ғғ. (ежелгі хакас немесе қырғыз кезеңі) [132, с. 67]. Бұл уақытнамалық шеңберге байланысты басқа зерттеушілер тарапынан айқын келіспеушілік туындамағанымен, ғұрыптың орындалу тәсілі мен оны қалдырушылардың этникалық ерекшелігі жөнінде түрлі көзқарастар қалыптасты.

Таулы Алтайдағы ежелгі түріктердің жылқыны қосып жерлеу ғұрпын алғаш анықтаған Л.А. Евтюхова мен С.В. Киселев болды. Зерттеушілер мұндай ескерткіштерді VI-VIII ғғ. мерзімдеп, оларды «руникалық жазу дәуірінің ескерткіштері» деп атады [133, с. 93].

Зерттеушілер арасында қызу талқылау тудырған мәселе ортағасырлық ескерткіштердегі жылқыны қосып жерлеу ғұрпының қай тайпаларға тиесілілігін анықтау болды. Ғылымда өлікке жылқы арнаған ортағасырлық жұрттардың этникалық тиемелдігі бойынша үш түрлі көзқарас қалыптасқан:

1) барлық таралған территориясына қарай жылқы қосып жерлеу түрік-тюгуларға тән болған;

2) аталған ғұрып ежелгі түрік бірлестігіндегі теле тайпаларына тиесілі;

3) жылқыны қосып жерлеу әр ауданда өзінің этникалық тиістілігін иеленген – Моңғолияда ежелгі түркілер, Алтайда телелер, Минусин қазаншұңқырында енисей қырғыздары [134, с. 273-275].

Ортағасырлық түркілердің Еуразия кеңістігіндегі жылқы қосып жерлеу ескерткіштерін зерттеген Е.П. Казаков дәстүрдің екі нұсқасын жіктейді:

1) жерленген адаммен параллель жылқының толық қаңқасының жатқызылуы;

2) жылқының бөліктерін жерленген адамның бас жағына, жанына немесе аяқ жағына қойылуы. Зерттеушінің пікірі бойынша қабір шұңқырына жылқының кейбір бөліктерін қою етті үнемдеумен байланысты [86, с.99]. Сонымен бірге, зерттеуші қабірдегі жылқы бөліктерінің қалдықтарын құрбандық тағамы емес, керісінше иесін о дүниеге шығарып салған жылқының нышаны деп түсіндіреді [135, с. 104].

Ортағасырлық түркілердің әдет-ғұрыптарындағы жылқының рөлін кешенді түрде қарастырған С.П. Нестеров болды. Зерттеуші қарастырылып отырған мәселені қойғанда-ақ ортағасырлық тайпаларға қатысты жылқымен байланысты ғұрыптардың тарихнамада мүлде қарастырылмағандығын айтады.

Десе де, автор мәселенің шешімін ерте көшпелілер дүниетанымы мен этнографиялық материалдары негізінде табуға тырысқан. Зерттеуші қабір шұңқырына жылқының толық қаңқасын не болмаса оның бөліктерін немесе ат-әбзелдерін қоюды жеке-жеке талдап өзіндік тұжырымдарын береді. Мәселен, қабірге ақыреттік зат ретінде қойылған ат-әбзелін автор адамды жерлеген күні сойылған жылқыға тиесілі деп санайды. Ал, өлікпен бірге жерленген жылқының рөлі иесін о дүниеге жеткізу және сол жақта қызмет ету болған деп автор қабірдегі жылқының толық нұсқасына қатысты айтады. Автордың ойынша, иесінің жанына қойылған жылқы басының бағытталуы олардың о дүниеге кеттетін жолын анықтаған [135].

Қазақстан мен оған іргелес өңірлердегі ортағасырлық көшпелілердің өнері мен мәдениетіндегі жылқының орны Б.А. Конниковтың мақаласында көрініс табады [136, с. 24-39]. Автор негізінен Ертіс өзенінің Омбы өңіріндегі археологиялық материалдарды талдаудан өткізеді. Обалардан анықталған жылқы жерлеулері мен мүсіндерге қарап зерттеуші аталмыш өлкеде ерте темір дәуірінен бергі тарихи-сабақтастық сақталғандығын ашып көрсетеді. Осының негізінде ол өлкедегі ортағасырлық көшпелілердің дүниетанымындағы жылқы сыртқы әсерден емес, жергілікті жерде ертеден жалғасып келе жатқандығын дәлелдеуге тырысқан [136, с. 37]. Дегенмен, бұл мақалада археологиялық материалдарды құрғақ сипаттау ғана орын алған. Зерттеушінің ұстанған басты идеясы аталған өлкеде жылқы культінің болғандығын дәлелдеуге ғана негізделген.

Көне түркілердің наным-сенім жүйесіндегі жылқының рөлі А.А. Нұржанов пен Г.К. Кадиркулованың біріккен мақаласында қарастырылады [137, с. 61-64]. Авторлар бұл мақалада негізінен жазба деректерге басымдық бере отырып, жылқымен байланысты мәтіндерге талдау жасаған. Мәселен, М. Қашқаридың еңбегіндегі жылқы түстеріне байланысты, көне түркі бітіктастарындағы өлген адамды шығарып салуға қатысты айтылатын сөздер жөнінде мәліметтер келтірілген. Жалпы жылқыны қосып жерлеудің мазмұнын зерттеушілер иесін басқа әлемге жеткізу, сол жақта да қызметін жалғастыру тәрізді ұғымдармен түсіндіреді.

Археологиялық деректер негізінде Саян-Алтай өңіріндегі ежелгі түркілердің жерлеу ғұрпындағы жылқының рөлін талдауға арналған Н.Н. Серегиннің еңбегі ерекше қызығушылық тудырады [138, с. 171-180]. Зерттеуші аталмыш өңірдегі жерлеу орындарын саралай келе Таулы Алтайдағы түркі обаларында иесімен жылқы жерлеу 86,4 %, Тывада 86,3 % және Минусин қазаншұңқырында 80,6 % жағдайда кездесетіндігін бөліп көрсетеді. Автор бұл мақаласында иесі мен жылқысының бағытталу мәселесіне көңіл бөліп, бұл жайттың ежелгі түркілердегі о дүниеге қатысты бағытын білдіргендігін дәлелдеуге қадам жасайды.

Таулы Алтайдағы ежелгі түркілердегі жылқы культі А.П. Бандураның мақаласында қарастырылады. Зерттеуші ерте түркілердегі жылқы қосып жерлеу ғұрпының ерекшеліктерін талдай келе, оның тарихи-сабақтастық

мазмұнын алтайлықтардың этнографиялық мәліметтері негізінде қарастырады [139, с. 109-113].

Аталған аймақтағы жылқы қосып жерлеу ғұрпының ерекшеліктері А.М. Илюшиннің мақаласында талданған. Автор қолда бар материалдар негізінде жылқы қосып жерлеу ғұрпы кездесетін ескерткіштердің кезеңдемесін жасайды және олардың таралу аймағына қатысты мағлұматтар келтіреді [140, с. 122-125].

А.С. Васютин мен С.С. Онищенконың біріккен мақалаларында Батыс Сібірдегі ортағасырлық көшпелілердің жерлеу ғұрпында жылқының тұлыбын қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар ежелгі түркілердегі мұндай ғұрыптың ерекшеліктері мен генезисіне тоқталады. Олардың пікірінше жылқының «тұлыбы» деген ұғым жануардың толық сүйектері бір қалыпта сақталғанда ғана қолданылады, егерде сәл өзгеріс болса, онда ол жылқы тұлыбына қосымша жерлеу саналады [141, с. 96-98].

Жоғарыдағы зертеушілердің көпшілігі ежелгі түркілердегі жылқыны қосып жерлеу ғұрпының дүниетанымдық мазмұнын түсіндіруге тырысса, Ю.И. Трифонов өзінің мақаласында аталмыш ғұрыптың этникалық мәнін қарастырады. Автор бұл мақаласында негізінен жылқыны өртеп жерлеудің ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Археологиялық деректер мен жазба мәліметтерін салыстыра келе ол жылқыны өртеп жерлеу ғұрпының ерте түркілердің бір тайпасында тарағандығын дәлелдеп, жәнеде бұл ғұрыптың көп жағдайда тайпаның әлеуметтік мәртібесі жоғары адамдары жерлеу барысында қолданылғандығын атап өтеді [142, с. 351-374].

Тянь-Шаньдағы ежелгі түркілердің археологиялық ескерткіштерін зерттеген К.Ш. Табалдиевтің еңбегінде біздің қарастырып отырған мәселе бойынша мәліметтер кездеседі. Зерттеуші өзі зерттеген обалардан табылған жылқы жерлеулеріне талдау жасай келе, ондағы жылқылардың басымен батысқа, ал адамдар шығысқа бағытталғандығы туралы жазады. Оның көрсетуінше мұндай дәстүр Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштеріне де тән құбылыс және мұның өзіндік мәні болған. Оны ғалым этнографиялық мәліметтермен салыстыра отырып негіздеген [143, с. 26-34].

Жалпы алғанда, жоғарыда сипатталған зерттеулерде негізінен Қазақстаннан тыс өлкелердегі ежелгі түркілердің жерлеу ғұрпындағы жылқының орны қарастырылған. Бірақ, ондағы негізгі тұжырымдар мен пікірлердің барлығы ежелгі түрік дүниетанымына ортақ болып табылады. Қазақстан жеріндегі ортағасырлық ескерткіштердегі жылқы қосып жерлеу ғұрпына қатысты жеке зерттеулердің болмауына біздің ойымызша бірнеше себептер бар. Біріншісі, аталмыш жерлеу ғұрпы сақталған ескерткіштердің зерттелмеуі, екіншіден, көптеген материалдардың әлі күнге дейін ғылыми айналымға енбеуі.

Ежелгі түркілердің жылқыға қатысты әдет-ғұрыптары тарихнамада жеткілікті дәрежеде зерттеліп ашылмаса да, олардың кейінгі ұрпақтары болып табылатын түркі халықтарының дүниетанымында өте жақсы көрініс табады. Кезінде Л.П. Потапов жылқы культіне қатысты мәселелерді толыққанды шешу

үшін түркі-моңғол көшпелілерінің этнографиялық деректеріне жүгіну керектігін, өйткені оларда бұл рәсім XX ғ. басына дейін сақталған деп атап өткен болатын [95, с. 165].

Жалпы түркі-моңғол халықтарына қатысты қарастырылып отырған мәселенің көтерілуін тарихнамалық тұрғыдан екі топқа жіктеуге болады. Алғашқы топқа мәселені түрік-моңғол халықтарының шеңберінде қарастыратын еңбектер жатса, екінші топты жеке бір халықтың әдет-ғұрыптарындағы жылқының рөлін ашуға талпынған зерттеулер жатады.

Бірінші топқа Л.П. Потаповтың «Конь в верованиях и эпосе народов Саяна-Алтая» атты мақаласын жатқызуға болады. Мұнда зерттеуші негізінен Саян-Алтайды мекендейтін түрік халықтарының жосын-жоралғыларындағы жылқы бейнесін ашуға тырысқан. Автор жылқы малы аталған халықтардың дүниетанымында құрбандық ретінде қарастырылғандығын, соның ішінде басты мән олардың түсіне берілгендігі туралы жазады [95, с. 168]. Мәселен, телеуттер таудың жергілікті перілеріне сары түсті, осы халықтың Тонгул руы шаманизмдегі басты құдай Ульгенге бурыл немесе көк түсті, ал биік таулардың иесі Тезимге құла түсті жылқыны құрбандық жасаған [95, с. 168]. XIX ғ. 70-жылдарындағы материалдарда тывалықтар Оран-Телегейге қара түсті, Жетығанға шұбар түсті, ал Қайрақанға көк түсті жылқыны құрбан шалғандығы айтылады [95]. Л.П. Потаповтың пікірінше аталған халықтардағы жылқының түсіне байланысты құрбан шалу, орталықазиялық ежелгі көшпелілерінің құрбандық жасауына қатысты жазба деректерді жаңаша қарауға және түсінуге мүмкіндік береді [95].

Түркі-моңғол жырларындағы жерлеу ғұрпының көріністерін қарастырған Р.С. Липец қабірдегі жылқы құдайға немесе ата-баба аруақтарына арналған құрбандық емес деп санайды. Оның пікірінше иесімен бірге жылқы қосып жерлеудің «қажеттілік» мағынасы болған, яғни көшпелі адам тірі күнінде жылқысыз жүре алмаған, сондықтан о дүниеде де оны көлікпен қамтамасыз ету қажет болған. Жерленген жылқының міндеті - өзінің иесін сол жаққа жеткізіп, бұрынғыдай көші-қон мен жорықтарда қызмет қылу болды. Өзге әлемде жерленген адам үйір-үйір жылқыларды иеленуі үшін қабірге мініс жылқысымен бірге құлынды биені немесе биенің өзін қосып қоятын болған [97, с. 214].

А.И. Гоголев өзінің еңбегінде сахалардың ата-бабаларының батыс тармағын қыпшақтармен байланыстырады, олардың қорымдарындағы жылқылардың қаңқасы мен тұлыптарының басы батысқа қаратылғандығын атап өтеді. Қабірдің ішінде немесе оның жанында ат байлайтын бағана болуы, ауыздықпен бірге жерлеу, молаға кіреберістің «есігі» шығысқа қарап тұруы және тас мүсіндер сияқты бөлшектерді байқаған автор, осы параллельдердің бәрі сахаларды Қара теңіз маңы скифтерімен, Қазақстан сақтарымен, Алтайдағы юечжилермен және қазіргі қазақтармен, моңғолдармен, буряттармен және басқалармен байланыстыратындығы туралы тұжырым жасайды [89, с.124-125].

Осы сахалардағы «кэрэх» дәстүрін жылқыны қосып жерлеу ғұрпымен байланыстыра зерттеген В.Е. Васильев аталған дәстүрдің екі мақсатты көздегендігін атап өтеді: бірі сойылған малдың етімен елді тамақтандырса, екіншісі қалған сүйектер мен терісін символдық тұрғыдан өлікке о дүниеде пайдалану үшін берген. Басқаша айтқанда жылқы ішінара құрбандық ретінде сипатталып, осы арқылы ол о дүние өкіліне айналған [88, с. 21]. Жерлеу ғұрпындағы жылқының маңызын аталған автор келесідей түсіндіреді: «Жерлеу кешеніне жылқы қаңқалары кіреді, ол жылқылардың жаны арғы дүниеге иесіне еріп барып, мініс көлігі ретінде қызмет етеді. Ауадағы жерлеу типіне жылқылардың бас сүйегі мен тұяғы кіреді, кейде моланың жанына немесе зираттың маңына, ағаш басына тұтас терісін де іліп қояды. Бұл этнографиялық нысандар әлем ағашын бейнелейді, оның діңін бойлап маркұмның жаны атымен бірге жоғарғы әлемге өтеді» [88, с. 21].

Осы саха-якутардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы бейнесін сипаттауға А.П. Васильеваның мақаласы арналған [144, с. 141-146]. Автор мұнда жылқының якуттар мифологиясындағы, ғұрыптық тәжірибедегі, эпосындағы және жерлеу ғұрпындағы мәселелерді этнографиялық материалдар мен зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжырымдарды сипаттаумен шектеледі. Алайда бұл мақаланың тарихнмалық тұрғыдан алып қарағандағы маңызы якуттардың жылқымен байланысты белгілі жосын-жоралғылардың көпшілігін жүйелеп беруінде. Мәселен, якуттардың наным-сенмдері бойынша жаратушы Ақ құдай жылқыны адаммен бірге жаратты. Тіршілігінде сенімді серігі болған жылқы оны о дүиеге де жеткізуге тиісті деген ұғым болған [144, с. 145].

Алтайдағы түркі халықтарының бірі құмандардың дүниетамындағы жылқының маңызын көрсетуге арналған В.Д. Славниннің еңбегін атап өтуімізге болады. Автор аталған халықтың жерлеу ғұрпы мен тіршілік қарекетіндегі түрлі рәсімдерге көңіл бөле отырып, олардағы рулық қолдаушы Пайнеге арнап жылқыны құрбан шалу ғұрпын кешенді түрде сипаттайды. Зерттеушінің тұжырымы бойынша бұл дәстүр түрлі этникалық және хронологиялық нұсқалардан тұрып, уақыт талабына сай ортақ бір рәсімге біріккен [93]. Зерттеушінің өзі жинаған этнографиялық материалдары негізінде жарияланған бұл мақаласы келесідей тұстарымен қызығушылық тудырады. Ең алдымен, құмандардың атауы басқа болғанымен басқа Алтай халықтары тәрізді ортақ бір жебеушіге жылқыны құрбандыққа арнауы, ғұрыпты толығымен шаманның орындауы. Келесі бір жайт, Пайне рәсімі барысында жылқының қан шығарылмай өлтірілуі Геродоттың скифтердегі осыған ұқсас ғұрпымен астасады.

Д.Г. Мессершмидттің экспедиция барысында жауынгерді жерлеу кезіндегі ерекше ғұрыпты атап өтеді: «жауынгердің ең сүйікті жылқысын әбден шынықтырады, сосын сойып, терісін бас сүйегімен бірге сыдырып алады да, ағашқа керіп қояды, ал жылқы терісі керілген ағашты жауынгер жерленген қабірдің басына бекітіп қоятын болған». Тура осы секілді ғұрыптар «барабиндерді» сипаттау барысында жазылады. Сахалардағы мазарларлық кангаластардың князі жылқы суретін өзінің туында бейнелеп жүрген [66].

Якуттық шамандар жоғарыдағы жаман жын-перілерге байланысқа шыққанда балқарағайға жылқының бас сүйегін іліп немесе аңыздық бастауы бар қанатты жылқының бейнесін өздеріне жігер беретін күш деп сенген. Сібір татарларының кебір топтары өздерін қорғаушы деген түсінікпен, жылқы бас сүйектерін іліп қоятын дәстүрлері болған. Бурят шамандарында жылқы яғни жылқы терісі ілінген үлкен сырғауыл экстаздық би барысында пайдаланылған. Бұл ғұрып, «тірілту» ғұрпымен байланысты яғни оларды тірі жылқыларға айналдырып жіберу. Ал шаман сол жылқылармен жын-перілер еліне сапар шегеді. Бұл аталған ғұрып, «жылқыбасты» асатаяқтарды аңыздық-ғұрыптық функияциясына қарап пайдалану ғұрыптарымен байланысты дүниеге келуі мүмкін [99, с. 155].

Саха-якуттардың түрлі ғұрыптарындағы жан-жануарлардың рөлі В.В. Попов пен В.С. Николаев мақалаларында талданады [145, с. 194-212]. Аталған зерттеушілердің еңбегінде негізгі басымдық жылқы бейнесіне берілген. Жұмыстың ең ұтымды тұсы XV-XX ғғ. аралығындағы сахалардың жерлеу ғұрпынан табылған жылқыларға қатысты кесте жасалған. Сонымен бірге аталмыш халықтың жылқымен байланысты ғұрыптары жеке-жеке сарапталған.

Хакастардың тұрмыс-тіршілігіндегі жылқының маңыздылығы А.А. Кыржинаковтың «Лошадь в культуре Хакасов» атты мақаласында қарастырылады [146, с. 119-122]. Зерттеуші жылқыға құрметтің жоғары болғандығы соншалық, хакастар киіз үй тұрғызбас бұрын алдымен атқазық орнатқандығын ерекшелеп атап өтеді. Сонымен бірге хакастардың рухани әлемінде жылқы қылының семантикалық мазмұны болғандығы сипатталады.

Бұл айтылғандар В.А. Бурнаковтың әдістемелік жағынан өте сүбелі мақаласында жалғасын табады. Зерттеуші негізінен далалық этнографиялық мәліметтерге сүйене отырып хакастырдың дәстүрлі дүниетанымындағы жылқының маңызына сараптама жасайды. Оны жүзеге асыруда ол «ызых» ұғымының мәнін ашуды қолданады. Жалпы «ызых» хакас тілінде ақсүек ат немесе құдайдың жылқысы деген мағына берген. Сонымен бірге хакастардың әрбір руының жеке ызыхы болғанды айтылады. Зерттеушінің басты тұжырымы бойынша ызыхтың негізгі қызметі медиатор болу, яғни адаммен тылсым күштер арасында байланыс орнатылған [147, с. 111-121].

В.М. Мендешеваның мақаласында алтайлықтардың дәстүрлі мәдениетіндегі жылқының маңыздылығы этнографиялық материалдар негізінде жақсы қарастырылған [148, с. 253]. Зерттеушінің бұл мақаласынан жылқымен байлыныстытөмендегідей жағдайларды аңғаруға болады. Ең алдымен, алтайлықтарды жылқыны құрбандыққа шалудың түр-түстік семантикасы болған. Мысалға, Жер-Су құдайына жирен түсті, тау мен орманның жергілікті аруақтарына сары түсті жылқыларды құрбандыққа шалған [148, с. 250-260]. Жылқымен бірге алтайлықтарда атқазықтың да танымдық маңызы жоғары саналған. Ондай атқазықтар оларда «чакы» деп аталған. Ондай атқазықтардың түр-сипаты мен көлеміне қарай үй иелерінің қоғамдағы орны байқалған. Жаңадан үйленгендердің шаңырағын көтеру алдымен атқазық тұрғызудан басталған [148, с. 256].

Тағы бір түркі тілдес халықтар қарашайлар мен балқарлардың дүниетанымындағы жылқы бейнесі Л.К. Текееваның мақаласында қарастырылған. Автордың бұл еңбегінен аталған халықтарда әсіресе жылқының басы ерекше семантикалық мәнге ие болғандығын көре аламыз [149, с. 171-173].

Келесі бір түркі халқы башқұрттардың жылқымен байланысты әдет-ғұрыптары А.Ф. Илимбетова мен Ф.Ф. Илимбетовтың біріккен салиқалы еңбектерінде қарастырылады [150]. Зерттеушілер башқұрт мифологиясындығы жылқы бейнесін үш топқа бөліп қарастырған:

1) аспан, су және үңгір жылқылары;

2) қанатты жылқылар (пырақ);

3) құбылғыш жылқылар (адам бейнесіне енетін) [150, с. 551].

Түркі халықтарымен ежелгі тарихы мен дүниетанымында кейбір ортақтастықтар болған моңғол тілдес халықтардың діни-сенімдерінде де жылқыға қатысты жоғарыда сипатталғандай әдет-ғұрып үйлесімдері бар. Моңғол халықтарындағы жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар классикалық еңбекке айналған К.В. Вяткинаның «Культ коня у монгольских народов» атты мақаласында қарастырылады [151, с. 117-122]. Мақалада моңғол халықтарындағы жылқымен байланысты рәсімдер рухани және материалдық тұрғыдан жіктеліп қарастырылған. Материалдық мәдениеттің құрамдас бөлшегі ретінде атқазықтар, шамандардың асатаяқтары, музыкылық аспаптар ретінде қарастырыла келе, олардың рухани болмыстағы түсініктемесі жасалған. Сонымен бірге, жылқыны құрбандыққа шалудың түрлері сипатталған. Мәселен, қасиетті жылқыларды өлтіру дәстүрінің буряттардағы ерекшелігі келесі бір еңбекте сипатталады. Қасиетті жылқы қартайған шағында оны ер адамдар оның биік таудың басына апарып құрбан шалатын. Етін жеп, басын, терісін және сүйектерін өртеген. Тағы бір нұсқа бойынша өлтірілген жылқының етін өртеп, басы мен терісін ағашқа ілген. Зерттеушілердің түсініктемесі бойынша бұл дәстүр жылқының өліп қайта тірілуі қағидасымен астасады [94, с. 24-39]. Жалпы буряттардың да түсінігіне сәйкес құрбандыққа шалынған жылқылар өлген адамның рухын о дүниеге жеткізу керек болған.

Батыс Моңғолиядағы дербеттердің жылқымен байланысты жосын-жоралғыларын В.Терентьев «сэтэртей» ұғымы арқылы сипаттайды [152, с. 191-211]. Бұл ұғым дербеттерде құрбандық малы деген түсінікпен анықталған. Көп жағдайда бұл жылқы малымен байланысты. Зерттеушінің келтірген мағлұматтары бойынша «сэтэр» жылқының басты мақсаты отбасы мен мал басын аман сақтау, одан бөлек түрлі аурулардан айығу, көлік құралы ретінде, бедеуліктен арылу және тағыда басқалар болған [152, с. 199-200].

Жоғарыда баяндалған сараптаулардан байқайтынымыз ежелгі түркілердегі жылқымен байланысты дүниетаным кейінгі түркі-моңғол халықтарында жан-жақты көрініс тапқан. Оған қатысты тұжырымдар жоғарыда сипатталған зерттеушілердің еңбектерінде жақсы көрініс тапқан. Бір айта кетерлігі бұл зерттеушілердің көпшілігі белгілі бір халықтағы жылқыға қатысты әдет-ғұрыптарды баяндаумен және сипаттаумен шектелген. Жәнеде ондай әдет-

ғұрыптардың сол халықтың тіршілігіндегі маңызы қарастырылған. Барлық зерттеу еңбектерінің ортақ дүниесі жылқы немесе онымен байланысты басқа да атрибуттар адам өмірін жеңілдетумен, о дүниедегі өмірге сеніммен және басқа да қажеттіліктерден туандағандығын дәлелдеуі.

Қазақ халқындағы жылқыға байланысты дүниетаным жоғарыдағы басқа да халқытардағыдай түрлі әдет-ғұрыптармен сипаттылғанымен, өзінің шеңбері жағынан өлшеусіз деген тұжырымдама беруге болатындай. Мәселен, А. Янушкевичтің үйіне жазған хаттарының бірінде «қазақтар ең бірінші ер адамды, одан кейін жылқыны, үшінші кезекте әелді құрметтейді» деп көрсетуінің өзі көп нәрсені аңғартады [153, б. 191]. Орыс этнографтарының бірі К.Н. Калачев «Қазақтар тіршілігінің көп бөлігін ат үстінде өткізеді. Дүниеде олар үшін осыдан асқан артық ештеңе жоқ» [154, с. 292]. Марқұммен бірге соңғы жылғы көму дәстүрін А.М Левшин мәлімдеді: «Үйде сүйекпен бірге қару – жарақ, от – әбзелдерін, марқұмның заттарын көмген, кейде оның үстіне жылқыны сойып, етін жеп, сүйегін сол қабірге өртейді [155, с. 174-175]. Жалпы қазақ халқындағы жылқымен байланысты жосын-жоралғылардың, түрлі рәсімдердің және басқа да әдет-ғұрыптардың толыққанды мәнін ұғынуда Х. Арғынбаевты, Ә. Төлеубаевтың, С. Әжіғалидың және әсіресе, А. Тоқтабайдың еңбектерінің маңызы зор.

Осы талданған еңбектер біздің қарастырып отырған мәселеміздің кейбір қырларын сараптауға және тұжырымдар жасауға негіз болды.

2 ЭНЕОЛИТ ЖӘНЕ ҚОЛА ДӘУІРІ ЖҰРТТАРЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ

2.1 Өндірісті экономиканың қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі жылқы мәселесі

Қазақстан жеріндегі мысты тас дәуірі туралы мәселе XX ғ. 40-жылдары А.А. Формозовтың зерттеулерінен кейін көтерілді. Аталған зертеушінің Торғай өлкесіндегі ғылыми ізденістері нәтижесінде Терсек-Қарағай мәдениеті туралы мәселе қойылды [11]. Өткен ғасырдың 70-жылдарының соңынан бастап Терсек мәдениетіне тән ескерткіштерді зерттеу кешенді түрде жүргізіліп, нәтижесінде мысты тас дәуірі бойынша қомақты деректер қоры жиналды [16, 18]. Дәл осы уақытта Ботай қонысындағы зерттеулер негізінде Ботай мәдениеті ғылыми айналымға енді [13]. Ең маңыздысы, аталған екі мәдениеттің материалдары еліміздегі өндірісті экономиканың тамырын одан ары тереңдетті десе болады. Олай дейтініміз терсек және ботай мәдениеттері ашылғанға дейін аталмыш мәселенің уақытнамасы қола дәуірімен ғана шектелетін. Сонымен бірге өзіміз жоғарыдағы тарауда тоқталып кеткеніміздей бұл ескерткіштер жылқыны қолға үйрету мәселесі аясында да маңызды пікір-таластар орталығына айналды. Бір сөзбен айтқанда өндірісті экономиканың қалыптасу барысын сипаттайтын аталмыш мәдениеттер кейбір зерттеушілер алдыға тартып жүргендей, қазақ жеріндегі ерте көшпеліліктің бастамасы болды [156, с. 246-255]. Осы тұжырымды толық негіздеу үшін жәнеде алдыңғы тарауда қордаланған мәселенінің байыбына жету үшін жоғарыдағы мәдениеттердің қалыптасуындағы жылқының орнына тоқталайық.

Уақытнама қағидасынан айнымай ең алдымен зерттелу тарихы ертерек басталған Терсек мәдениеті ескерткіштеріне көңіл аударайық. Терсек мәдениеті бойынша бүгінгі таңда 30-дан аса ескерткіштер белгілі, олардың қатарында ең маңыздылары, одан бөлек біздің тақырыбымыздың аясына енетіндері Қожай 1, Құмкешу, Тұзды көл, Қайыңды. Бұлардың әрқайсысынан айтарлықтай көлемде жылқы сүйектері алынған болатын. Сөзіміз дәлелді болуы үшін келесідей деректер келтірейік. Мәселен, Қостанай облысы аумағындағы Бала-Терісаққан өзені жоғарғы ағысының оң жағалауында орналасқан Қожай 1 қонысынан 3475 жылқыға тиесілі 46974 сүйек топтамасы жиналса, дәл осы облыстың Амангелді ауданы аумағында орналасқан Құмкешу 1 қонысынан жылқының 8 мыңнан аса сүйегі табылып, мамандардың есептеуі бойынша олардың 1026 жылқыға тиісілі екендігі дәлелденді [17]. Бұл аталған екі қоныстағыдай көп болмаса да Қайыңды 3 және Тұзды көл 1 ескерткіштерінен де жылқы сүйектері кездесті, алғашқысынан 39 болса, екіншісінен 12 жылқының сүйегі жиналды [17].

Қазақ жеріндегі өндірісті экономиканың қалыптасуын жан-жақты қырынан таныстыратын келесі мәдениет Ботай. Аталмыш мәдениеттің зерттелу тарихы, тарихи маңызы мен уақытнамалық атрибуциясы кеңінен талданғандықтан, негізгі әдебиеттерге сілтеме бере отырып [12-13] тек біздің тақырыбымызды ашудағы қырларына мән береміз. Ботай мәдениетінде жылқы

сүйектерінің жиынтығы Терсекке қарағанда да көп кездесіп, бүкіл сүйек топтамасының 90 % астамын құрады.

Көріп отырғанымыздай аталған екі мәдениеттің де жылқымен байланысы алабөтен болған. Осы мәдениеттерден алынған материалдар төмендегідей үш мәселенің түйінін шешуге септігін тигізеді:

1) жылқының қолға үйретілу мәселесі;

2) жылқыға қатысты ғұрыптық жосын-жоралғылардың қалыптасуы.

Ендігі жерде жіктелген мәселелерге жеке-жеке талдау жасайық.

Жылқының қолға үйретілу мәселесі. Алғашқы тармақ бойынша түсініктеме жасау барысында мысты тас дәуірі тұрғындарының шаруашылығына көңіл бөлген абзал. Бүгінгі күні қолымызда бар материал энеолит дәуіріндегі халықтың тіршілікті қаматамасыз ету жүйесі көп компонентті болғандығын дәлелдеп отыр. Яғни, шаруашылық түрлері адамның қоршаған ортаға бейімделуімен және керісінше, ортаны өзінің тұрмысына пайдалана білумен астасып жатты. Қазақстанның мысты тас дәуіріндегі тіршілікті қамсыздандырумен байланысты түрлері осы саланың зерттеушілері тарапынан барынша талданды [13, 16, 18]. Сондықтан да оны қайталаудың жөні жоқ деп есептейміз. Мұндағы біздің басты назар аударатынымыз жылқымен байланысты шаруашылықтың қалыптасу жолдары. Жалпы палеозоологтардың ізденістері, археологиялық мәліметтердің этнографиямен үйлесімде қарастырылуы осы кезеңде өндірісті экономиканың қалыптасқандығын толық дәлелдейді.

В.Ф. Зайберт Ботай мәдениетіне жататын барлық ескерткіштердің негізінде басымдылық жылқышылыққа беріліп, аңшылық, бақташылық және үй кәсібі секілді құрамдас бөлігі бар үлкен мәдени-шаруашылық типті жіктейді. Бұл жерде автор сол замандағы табиғи өзгерістерді басты қағида ретінде ұстанады [12, с. 171].

Терсек мәдениетін қалыптастырушылардың экономикасы бақташылықпен байланыстырылады. Зерттеушілердің пікірінше егін шаруашылығы болмаған, ал аңшылық пен балық аулау кәсібі аса бір жоғары сұранысты қажет етпеген [16, с. 112].

Осы айтылғандарды назарға алатын болсақ, Ботай-Терсек жылқылары қолға үйретілген болып шығады. Бірақ бұл пікірдің қарсыластары да жоқ еместігін жоғарғы тарауда атап өткенбіз. Солардың бірі П.А. Косинцев Жайық пен Ертіс өзені аралығында б.з.д. II мыңжылдықта өмір сүрген жұрттардың шаруашылығының тұрпаты иемденушілік болды дей келе [157, с. 85], терсек пен ботай жылқыларын жабайы деп санайды [157]. Оларда иемденуші шаруашылықтың болғандығын былайша суреттейді: «Ботай қонысындағы баспаналар арасындағы қазбалар барысында жылқы сүйектерінің көп болып үйіліп қалған «асханалық» қалдықтары, олардың ішінде анатомиялық қалпын сақтаған қаңқа бөліктері табылды. Еділ-Жайық пен Батыс Сібірдің орманды және далалық аймақтарындағы бақташылардың қоныстарын зерттеу барысында олардың мәдени қабаттарынан мұндай жинақтарды бірде-бір рет байқамадым. Ботайдағы сүйек жинақтары аңшылардың көп мөлшерде аулаған тұяқтыларды

сойған, бөлшектеген және пайдаланған орындарға өте ұқсас. Бақташылар психологиялық тұрғыдан өздері өсірген малдарын былайша бейберекет қолдануға жол бере алмаған. Ботайдың сүйек кешендеріне берілген бұл субъективті археозоологиялық сипаттама қалай дегенде де ботай тұрғындарының иемденуші шаруашылықпен айналысқандығына қосымша дәлел бола алады" [20, с. 48-50].

Автордың ұсынысын Е.Е. Кузьминада қолдай отырып, келесідей пікір айтады «Мен ұзаққа созылған Қазақстандағы неолиттік Ботай қонысынан табылған жылқыларға қатысты айтып отырмын. Бұл қоныстағы жылқылардың қолға үйретіліп, мініске қолданылғандығын американдық зерттеуші Д. Энтони қолдап шықты. Оның кітабы өте құнды, үндіеуропалықтардың пайда болуына қатысты энеолит пен қола дәуірінің материалдарын қамтиды, бірақ көпшілігі Ботай жылқыларының қолға үйретілуіне арналған. Дәлел ретінде тістердегі қажалу іздері келтірілген. Бұл басты қағида палеозоолог П.А. Косинцев тарапынан жоққа шығарылды. Ол ауыздықтың жылқының тісіне емес, қызыл етке тиетіндігін дәлелдеді» [41, с. 34].

Осы айтылғандарға ұқсас ұстанымда М. Левинде өз негіздерін қалады. Алайда ол, ботайлықтарда қолға үйретілген жылқылардың болуы мүмкіндігін атап өте отырып, бірақ жылқы сүйектерінің басым бөлігі аңшылық барысында алынғандығын алдыға тартады [30, p. 63-74]. Жалпы алғанда, М. Левин жылқының қолға үйретілу мәселесімен Украина жеріндегі Дереивка қонысынан алынған жылқы қаңқаларымен танысқан кезде-ақ бастаған болатын [29]. Сол материалдардың негізінде зерттеуші плейстоцен ескерткіштерінде жинақталған жылқы сүйектерінің қалдықтарын жас ерекшелік тұрғысынан аңшылық нәтижесінде алынғандығы туралы болжамын айтқан болатын [29, p. 29-31]. Міне осы тұрғыдан Ботай қонысының №31 теліндегі остеологиялық материалдарды қарастырған М. Левин жылқылардың жартысы 3-7 жас, үштен бір 4-6 жаста және тағы бір тобы 6 жаста сойылғандығын анықтайды [30, p. 72]. Автор өзінің тұжырымдамасын этнографиялық мағлұматтар арқылы бекітуге талпынып, екі қазақ пен екі моңғолдан XX ғ. басындағы аталған халықтардың шаруашылық жағдайы туралы мәлімет сұрастырады. Олардан алған ақпаратқа сүйеніп М.Левин қазақтар мен моңғолдар етке екі-үш жастағы жылқыларды сояды, егер жылқы басқа мақсатқа қажет болса 16 немесе одан да үлкен жануарлар таңдалуы керек болған. Осылайша Ботай қонысындағы жылқылардың жас ерекшелігі мұндай қағидаға сәйкес келмегендіктен ол ботай жылқыларын жабайы және олар таңдаусыз аңшылық нәтижесінде алынған деп есептейді [30, p. 41–52, 73].

Д. Браун мен Д. Энтони Ботай тұрағының кейбір жылқылары қолға мініс үшін, яғни жабайы жылқыларды аулау үшін пайдаланылғандығын атап өтеді. Оған дәлел ретінде, табылған жыдқылардың 12 пайызынның тістерінде іздер пайда болған дейді. Тістегі бұл өзгерістер ауыздықтан қалуы мүмкін деп тұжырымдайды. Алайда қалған 90 пайыз жылқы тек азық үшін ғана пайдалынылуы мүмкін [31, p. 331-347].

Айтылған тұжырымдарға қарама-қарсы көзқарасты Н.М. Ермолова ұстанды. Оның ойынша Ботай жылқылары жабайы болған, ал ботайлықтардың өздері отырықшы аңшылар санатына жатқан [23, с. 87-89].

М. Левин аталған авторлардың жылқының қолға үйретілгендігінің белгісі ретінде тістердегі үзеңгінің ізі деген дәлелін құптамайды. Оның ойынша, жылқы қолға үйретіліп, бірақ үзеңгі салынбауы мүмкін жағдайдалар кездеседі. Сол себепті, тістегі іздермен қатар, басқа талдау әдістері де бірге қарастырылуы тиіс деп табады. М. Левин Ботай жылқылары аңшылық кезінде өлтірілген деген қорытынды жасай отырып, Д. Энтонидың де пікірін жоққа шығара алмаймыз дейді [30, p.29-78].

Норберт Бенеке мен Ангела фон Дриш «Қазақ даласындағы энеолит және қола дәуіріндегі жылқы шаруашылығы» атты мақалаларында төмендегідей қорытындылар жасайды:

– неолит, энеолит және ерте қола дәуірінде Солтүстік және Орталық Қазақстанның орманды және далалық аймақтарын мекендеген халықтар үшін жылқы азық және шикізат көзі ретінде маңызға ие болды;

– Ботай тұрғындары жылқыны жыл бойы пайдаланған тәрізді, бұл жылқыға деген жоғары сұранысты көрсетеді;

– бірең-сараң жылқылардың тек жабайы жылқыларды аулау үшін қолға үйретті деген мәселе әлі ашық болып қалмақ;

– жылқының қолға үйретілгенін айғақтайтын морфологиялық өзгерістер тек орта және кейінгі қола дәуірі жылқыларында ғана анық байқалады;

– б.з.д. 2500 жылдары Солтүстік және Орталық Қазақстанның шаруашылығы біршама өзгеріске ұшырады. Яғни, тек жылқыны ғана пайдаланған шаруашылықтан төрт түлікті (қой, ірі қара мал) пайдаланатын шаруашылыққа өту басталды;

– жылқы шаруашылығының пайда болуы осы өзгерістердің бір бөлігі болуы мүмкін. Б.з.д. 2000 шамасында жылқы шаруашылығы осы аймақтарда толығымен тұрақтайды.

Ал Ботай жылқыларының қолға үйретілу мәселесіне келгенде, авторлар жылқыларының дене өлшемі мен салмағы бойынша есептеулерді ескере отырып, оларды жабайы болған, яғни қолға үйретілмеген деген қорытынды жасайды [33].

Ондай көзқарастарды Терсек мәдениетіне тән ескерткіштердің материалдары негізінде С.С. Калиева мен В.Н. Логвин және Л.Л. Гайдученко барынша теріске шығарды. Зерттеушілер өздерінің ғылыми қарсыластарының пайдаланған деректерін келесідей үш топқа бөліп жіктеді: морфометриялық, морфологиялық және жас ерекшелігі құрылымы. Осылардың әрқайсысы бойынша тұжырымдар келтірілді.

Мәселен, С.С. Калиева және В.Н. Логвин археозоологтардың тұжырымдарына сүйене отырып жабайы жануарларға қарағанда үй жануарларының дене тұрқы кішірек болатындығын айтады. Оны ол қоға үйретілгеннен кейінгі малдардың тіршілік ету жағдайының өзгеруімен және

алғашқы кезде адамдар үйірдегі сәл кішірек, асаулығы шамалы жануарларды үйретуге тырысқандығымен түсіндіреді [16] .

Аталған зерттеушілер ең алдымен М.Левиннің жылқының қолға үйретілу мәселесіне қатысты ұстаған жас ерекшелік әдісін сынға алады. Олар Терсек мәдениетіне жататын Қожай 1 қонысындағы жылқылардың 42% 4-6 жасында сойылғандығын, ал кәрі жылқылардың шамалы екендігін анықтайды [15, с. 245 - 247]. Яғни, М.Левиннің ұстанымы бойынша жылқылар аңшылық барысында ауланған болып шығады. Сонымен бірге аталған авторлар М.Левиннің этнографиялық мәліметтерді дұрыс пайдалана алмағандығын алдыға тартады. Осыған қатысты былай деп қорытынды жасайды: «XX ғ. басында қазақтар мен моңғолдар нарықтық қатынастарға енген. Онда, шынымен де жас жылқыларды бордақылау арқылы саудаға жіберу әлдеқайда тиімді. Нарықтық экономикада бұл пайда әкелу мақсатында жұмыс істейді» [16, с. 146]. Сонымен бірге авторлар М.Левиннің Ботай қонысындағы жылқы сүйектерінің толық қаңқасы бойынша оларда жабайы аңшылық болды деген ұстанымын, белсенді шаруашылыққа тартылуы барысында жарақат алған немесе ауру жылқылардың сойылуы мүмкін деген көзқарастарымен негіздейді [17, с. 246]. Зерттеушілер осындай негіздемелер жасай отырып, қарсы көзқарастағы авторлардың үйліп қалған жылқы қаңқаларының түрлі себептерге байланысты бір уақытта өлуін ескермегендігін атап өтеді [17, с. 251].

Терсек жылқыларының үйсіндірілгендігі жайлы тағы бір дәлел ретінде жоғарыдағы авторлар олардың ірі қара малын өсіргендігімен және көне шұңқыр мәдениеті тұрғындарымен көршілес орналасуын келтіреді [17, с. 90]. Авторлардың пікірінше, ірі қараны қолға үйрете білген дала тұрғындары өздері үшін аса маңызды жылқыны үйсіндіруге тырыспауы мүмкін емес, оның үстіне жылқы еті негізгі азық көрсеткіші болған [17, с. 263]. Сонымен қатар, осы күні зерттеушілер арасында көне шұңқыр мәдениетін қалыптастырушыларда қолға үйретілген жылқының болғандығы дау тудырмайды [22]. Ал бұл мәдениеттің Суртанды, Терсек және Ботай ескерткіштерімен замандас екедігін негізге алар болсақ, аталған мәдениет жұрттарында үйсіндірілген жылқының болғандығы туралы мәселе өз шешімін табатындай. С.С. Калиева мен В.Н. Логвиннің сөзімен айтқанда, қыр адамы үшін жылқының құндылығы соншалық, көршілердегі жылқыны қолға үйрету тәжірибесін біле тұра, оны меңгеруге талпыныс жасамау мүмкін емес еді [17, с. 90].

Зерттеушілердің терсек жылқысының қолға үйрітілгендігі жайлы келесі бір айғақтарын жылқылардың тістеріндегі қажалу іздері құрайды. Д. Энтони мен Д. Брауның әдістемесін қолданған Л.Л. Гайдученко 40 дана төменгі жақ азу тістерін зерттеп олардың ішіндегі төртеуінен ауыздық іздерін табады. Осымен бірге қажалу белгілері бар бұл жиынтық Д.Браунға зерттеуге беріледі, нәтижесінде автор олардағы қажалу белгілерін ауыздық іздері екендігін жоққа шығармайды [32]. Тістегі мұндай іздер ауыздықты жүздеген сағаттар бойы қолданған кезде пайда болған [32, p.76].

Осылайша қолдағы бар барлық материалдарды саралай келе С.С. Калиева мен В.Н. Логвин мынандай қорытынды жасайды: «Морфометриялық, тарихи-

мәдени жасерекшелік тәрізді ақпарат топтамалары ботай және терсек жылқыларының үйсіндірілген деп есептеуге тыйым салатындай мәліметтерге ие емес. Археозоологиялық ақпараттар жинағы ондай қорытындылардың қате екендігін анықтайды. Д. Энтонидың соңғы зерттеулері бойынша алынған төменгі тістердегі ауыздықтың үйкелісі негізінде орын алған патологиялық өзгерістерді құрайтын морфологиялық деректер терсек пен ботай үйірлерінде «ауыздықталған» жануарлардың болғандығын біржақты нақтылайды. Жылқылардың көлік құралы ретінде пайдаланылғандығы С. Олсеннің толық қаңқалар бойынша жүргізген зерттеулері дәлелдейді. Ең соңында, Қожай 1 мен Құмкешу 1 қоныстарындағы жылқы мен құлан сүйектерін салыстыру адамдардың аталған екі жануарға қатысты қарым-қатынасы түрлі болғандығын көрсетеді. Оның себебі құланның жабайылығымен және жылқының үйсіндірілгендігімен түсіндіріледі» [156, с. 253].

Көріп отырғанымыздай зерттеушілер ботай-терсек жылқыларының қолға үйретілгендігін барынша салмақты дәлелдеген. Бұдан бөлек, Ботай мәдениетін ғылыми айналымға енгізген В.Ф. Зайберт ескерткіштегі жылқы сүйектерінің 90% астамын құрайтындығын ескере отырып ежелгі ботайлықтардың негізігі шаруышылығы жылқышылық болғандығын атап өтеді. Сонымен бірге зерттеуші өңірде жабайы жылқылардың көптеген үйірлері болғандығын жоққа шығармай, ботайлықтар аңшылық кезінде соларды аулаған деп есептейді [14, с. 88].

Жалпы, ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденісін Ботай мәдениетін негіздеуге және оны әлем тарихында насихаттауға арнаған В.Ф. Зайберт ойға қонымды мынадай қорытындылар жасайды.

Біріншіден, ол б.з.д. IV мыңжылдықта Қазақстанның орталығы мен солтүстік аудандарында алғаш жылқы қолға үйретілді деп тұжырымдайды. Зерттеуші әлем бойынша орталық болды деген батыл қадам жасайды [14, с. 88-90]. Әрине біз, В.Ф. Зайберттің ғылыми ұстанымына керағар пікір білдірмейміз, десекте бұл аталмыш аймақтың Қазақстандағы алғаш болып табылатындығына дау айта алмаймыз. Осыған қатысты нақты ойымызды төмендегі арнайы тарауға қалдырамыз. Десек те, ботай және терсек мәдениеттерін қалыптастырушылардың жылқы малын қолға үйрету мен оған қатысты рәсімдердің пайда болуына өзіндік үлесі бар екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Екіншіден, аталған зерттеушінің тұжырымдауынша қарастырылып отырған өңірде адамзат баласы миллиондаған жылғы жаяу жүрісінен жылқы коммуникациясына өткен. Бұл сәт өз кезегінде дала өркениеті қалыптасуының бастамасы ретінде әлемдік тарихи үдерісті жылдамдатқан.

Жылқыға қатысты ғұрыптық жосын-жоралғылардың қалыптасуы. Ғылымда қалыптасқан ұстанымға сәйкес, ежелгі қоғамдардың экономикасында қандай жан-жануар жетекші болса, сол дүниетанымдық іс-әрекеттерде алдыңғы қатарға шығады. Осыны басшылыққа алатын болсақ Ертіс пен Днепр аралығындағы мысты тас дәуірі мәдениеттерін қалыптастырушылардың рухани өмірінде жылқының маңызы артқан. Оның көріністерін бірнеше факторлар арқылы нақтылауға болады. Ең басты фактор ол әрине - жерлеу ғұрпы. Оған

қарастырылып отырған кезеңге тән ескерткіштерден табылған жылқының рәсімдік жерлеулері дәлел. Екінші фактор ретінде жылқыға байланысты ұсақ пластика өнер туындыларын жатқызамыз. Аталған екі фактор бойынша сарапта жүргізейік.

Мысты тас дәуіріне тән ең ерте жылқыны қосып жерлеу белгілер бар ғұрып Самар мәдениетіне жататын Съезжее қорымынан анықталған болатын. Ғұрыптық алаңда жылқының екі бас сүйегі мен аяқтары басқа да ақыреттік заттармен бірге орналастырылып үстінен жоса себілген [158, с. 147]. А.Г. Петренконың жасаған анықтамасы бойынша жылқылар қолға үйретілген [41, с. 33].

Осыған ұқсас ғұрып Хвалын мәдениеті ескерткіштерінде де көрініс тапқан. Мұнда да бірнеше жылқының бас және аяқ сүйектері қойылған [41, с. 33].

В.Ф. Зайберттің еңбегінде көрсетілген жылқы бас сүйектерін жерлеу камерасының қоршауы ретінде пайдалану да осы ғұрыптық жүйенің шеңберінде [13, с. 242]. Бұл мәселелердің біраз қырлары біздің тарапымыздан да қарастырылған [159, 221-225 б.].

Бұлардан бөлек Еділ мен Днепр аралығындағы мысты тас дәуірімен кезеңделетін басқа да ескерткіштерден жылқының түрлі сүйектерінің, әсіресе тістерінің жерлеу орындарынан табылуын зерттеушілер діни символикамен, яғни «pars pro toto» түсінігімен байланыстырады.

Жылқы культімен байланысты жәдігерлер тобын шағын мүсін өнеріндегі туындылар құрайды. Бір айта кететініміз ондай жәдігерлердің өзі негізінен алғанда жерлеу ғұрпымен байланысты. Сондықтан да, олар да дүниетанымдық идеологияның көрінісі қатарынан. Бүгінде XX ғ. 50-жылдарына бастап мысты тас дәуірінің ескерткіштерінен шағын мүсін өнерімен байланысты көптеп кездесті. Олардың көпшілігі тастан, тағы бір бөлігі сүйектерден, оның ішінде жылқының сүйектерін қолдану кеңінен ұшырасады.

Мәселен, Варфоломеевка ескерткішіндегі № 1 жерлеу орнынан жылқы иісінен жасалған салпыншақ табылса [160, с. 7], Липовый Овраг қорымындағы №2 жерлеуден жылқы бейнесіндегі сүйек әшекей анықталады [161, с. 6-7]. Соңғыға жақын иконографиялық мәнерде орындалған жылқы мүсіншелері Съезжее қорымынан анықталады [158, с. 159]. Мұндай салпыншақтардың бірқатарында ілуге арналған тесіктер бар, яғни салпыншақтардың әшекей немесе тұмар ретінде пайдаланылуы күмән тудырмайды. Осындай салпыншақтардың үшеуі Варфоломеев тұрағынан, тағы екеуі Виловатов тұрағынан кездескен [85, с. 290].

Мысты тас дәуіріндегі шағын мүсін өнерінің бірегей нұсқаларына жылқының басы түрінде аяқталатын асатаяқтар жатады. Оларда жоғарыдағы салпыншақтар тәрізді жерлеу орындарынан табылған. Ондай жәдігерлердің қатарына Хвалын мәдениеті ескерткіштерінен анықталған бес асатаяқты, Лебяжинка IV, Акжунас қоныстарынан, Новоорск I, II ескерткіштерінен табылған кездейсоқ олжаларды қосамыз. Асатаяқтардың сапқа бекітуге арналған тесіктері бар [85, с. 290]. Мұндай асатаяқтардың стилистикалық, типологиялық және рәсімдік сараптамасын В.А. Дергачев жан-жақты талдап

жасады. Сондықтан да осы мәселе төңірегіндегі түрлі көзқарастарға қатысты жарыс сөзге түспей тек сол еңбекке сілтеме берумен шектелеміз [85, с. 290]. Жалпы алғанда, зерттеушілердің барлығы асатаяқтың негізгі екі қызметіне қатысты келгенде ортақ көзқараста. Алғашқысы бойынша, астаяқтар ғұрыптық нышаны бар бұйым. Екіншісіне сәйкес, ол қоршаған ортаға психологиялық тұрғыдан әсер етуге арналған зат.

Жерлеу орындарымен байланысты тағы бір деректер қорын жылқы сүйектерінен, әсіресе тұсамыс сүйектерінен жасалған заттар құрайды. Олардың сыртқы беті түрлі сызықтармен бедерленген. Бүгінгі күнге дейін Жайық пен Днепр өзендерінің аралығындағы ескерткіштерден алынған ондай сүйек заттар аса көп емес. Бірнешеуі Варфоломеев тұрағынан [160, с. 163], бір-бірден Виловатов [85, с. 290] пен Ракушечный Яр тұрақтарынан кездескен.

Ботай мәдениеті ескерткіштерінен де сыртқы бедері өрнектелген жылқының тұсамыс сүйектері үлкен топтамасы табылды (Сурет 1-2). Зерттеушілердің пікірінше мұндай сүйектердің символикалық маңызы бар [12, с. 314; 19, с. 85-88 с]. Стилистикалық жағынан соларға жақын тұсамыс сүйектері Қожай I қонысынан кездесті [15, с. 43].

Жалпы осындай өрнектелген тұсамыс сүйектеріне қатысты В.Ф. Зайберттің жасаған тұжырымдары келесідей:

- ежелгі адамдар ең алдымен, шығармашылық элементтері арқылы ортақ дүниетанымды көрсеткен;

- сүйектің сыртындағы өрнектер белгілі бір рулық немесе отбасылық тотемнің белгілері мен таңбаларын білдіруі мүмкін;

- малды жұттан қорғайтын бойтұмар ретінде қолдану;

- отбасы ішінде малды бөлісуде жеребе ретінде пайдалану [12, с. 316].

Көріп отырғанымыздай зерттеуші өрнектелген тұсамыс сүйектерге функционалды жағынан бірнеше белгі беруге тырысқан. Оның әрқайсысы бойынша сөз талас жасамай, бір нәрсені атап кеткіміз келеді. Ол аталмыш жәдігерлердің жылқы сүйектерінен ғана жасалуы. Біздің оймызша, бұл заттардың қызметі қандай болмасын, оларда жылқымен байланысты нышандық рәсімнің болуы ықтимал.

Одан бөлек аталған мәдениетке жататын Красный яр қонысынан жабайы өгіз - турдың мүйізінен жасалған айғырдың жыныс мүшесін білдіретін зат табылды. Басқа өңірлерден табылған осыған жақын заттарға қатысты ғылымда көптеген зерттеулер жасалып, түрлі пікірілер қалыптасқан болатын [12; 162; 163; 164]. Аталған пішіндегі заттардың дүниетанымдық мәні өсіп-өну ғұрпымен астасады. Осы бағыттағы дүниетанымдық түсініктер қола дәуіріндегі ескерткіштерде, әсіресе петроглифтер мен шағын пластика өнерінде жақсы көрініс тапқан.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе қорытындылайтын болсақ, жылқылардың сүйектерін жерлеу ғұрыптарында пайдалану мысты тас дәуірінен бастау алатындығын байқаймыз. Бұл жағдай қазақ даласы мен іргелес өңірлердің сол замандарда ақ жылқы малының қолға үйретілу ортасы болып қана қоймай, оған қатысты дүниетанымдық көзқарастырды негіздеуші өңір

екендігін тағы бір дәлелдейді. Бір жағынан жылқы сүйектері құрбан шалу белгілері болса, екінші жағынан азық қорының қалдықтары болып табылады.

Одан бөлек ескерткіштерден табылған асатаяқтар мен өрнектелген жылқының тұсамыс сүйектері де қалыптасқан күрделі діни түсініктердің көрінісі. Ондай заттардың жерлеу ғұрпының құрамында кездесуіне қатысты жоғарыда өзіміз тоқталып кеткендей түрлі түсіндірмелік нұсқалары бар. Қалай анықтама бергеннің күннің өзінде де олар ақыреттік зат болып саналады. Бір сөзбен айтқанда, осы айтылғандардың барлығы өндірісті экономиканың ғасырларға созылған жылқы культінің қалыптасуына негіз болғандығын нақтылап, қазақ даласында жылқыны қолға үйрету мен оған қатысты әдет-ғұрыптардың қатар жүргендігін байқатады.

2.2 Жылқының толық немесе оның бөліктері кездесетін Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштері

Қазақстан мен оған іргелес өңірлерді қола дәуірінде мекендеген ежелгі этникалық қауымдастықтар осы өлкелердің табиғат жағдайына бейімделіп, соның негізінде ерекше археологиялық мәдениеттер таралады. Аталған өңір тұрғындарының өндіріс шаруашылығына ауысуы нәтитижесінде экономикалық шаруашылықтың жаңа түрі – көшпелі (жартылай көшпелі) бақташылық қалыптасады. Өндірістің жаңа түрі қола мен ерте темір дәуірлері тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінде сан түрлі өзгерістер қалыптастырады. Соның ішінде рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылатын дүниетанымдық түсініктер де кенде қалмады. Әсіресе, бұл жаңа мәдени шаруашылық типіне сәйкес сол тұрғындардың өмірінде ерекше маңызға ие бола бастаған жан-жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Кез-келген жан-жануардың тіршілік қарекетіндегі орнына сәйкес оған қатысты сан қырлы әдет-ғұрыптар мен жосын-жоралғылар орындала бастайды. Ал мұндай рәсімдер қарастырылып отырған уақыттағы халықтардың өндірістік үдерістерінің сипатына ықпалын тигізді. Мәселен, ежелгі қауымдастықтарға материалдық қажеттіліктерді қамтамасыз еткен жаңа өндіріс күштерінің киелі саналуы осының айқын дәлелі. Сондықтан да жазбаша мәліметтер сақталмаған дәуірлерде Қазақстан мен оған іргелес өңірлерде мекен еткен тайпалардың дүниетанымын зерттеу тек қана рухани мәдениеттің даму мәселелерін ғана шешіп қоймай, дүниетанымның сол қоғам өміріндегі мәдени шаруашылық типтің мазмұнын толықанды түсінуге септігін тигізеді.

Осыларды негізге алатын болсақ, сол уақыттағы қоғам өкілдерінің өзіндік түсініктерін қандай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырғандығын зерттеу маңызды болмақ. Орталық Азия мен оған іргелес өңірлерде қола дәуірі мәдени шаруашылық типте орын алған өзгеріске қарай дүниетанымдақ сана да өзіндік бір сипат ала бастайды. Шаруашылық пен күнделікті тіршілікте басты орынға шыға бастаған жылқы түрлі жосын-жоралғылардың кейіпкеріне айналып, әсіресе жерлеу ғұрпында кеңінен көрініс табады. Қазақстанда зерттелген жылқыны немесе оның бөліктерін қосып жерлеу белгілері бар қола дәуірі ескерткіштері негізінен Орталық, Солтүстік және Батыс өңірлерде топтасқан.

Орталық Қазақстан жеріндегі алғашқы мәліметтер Нұра, Атасу кезеңдерімен сипатталатын ескерткіштерде кездеседі. Мәселенің толыққанды мазмұнын ұғыну үшін алдымен аталған кезеңге тән қорымдардан табылған жылқы немесе оның бөліктерін қосып жерлеу дәстүріне тоқталайық. Одан кейін солардың негізінде қола дәуіріндегі бұл дәстүрдің ерекшеліктеріне талдау жасаймыз.

Жылқыны құрбандыққа шалу белгісі бар Нұра кезеңіне жататын қорым Бұғылы I. Қорымдағы алғашқы зерттеулер 1952 ж. жүргізілген. Ол Шерубай-Нұра өзені аңғарының батысында 6 шақырым, Жарық станциясынан солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым жерде, Бұғылы тауының етегінде орналасқан. Қорымда 57 ескерткіш тіркеліп, көрсетілген жылы 13 жерлеу орны зерттелген. Олардың төртеуінен жылқы құрбандығының белгілері анықталған [165].

№ 1 қоршау диаметрі 8,5 м, биіктігі 20 см. Қоршаудың орта тұсындағы шым қабатын алу барысында жылқының алдыңғы аяғының сүйегі анықталған.

№ 2 қоршаудың үйіндісі жоқ, ортасындағы тік қойылған тастардан тұратын қоршауының ұзындығы - 8,6 м, ені -5 м. Оның оңтүстік бұрышының солтүстік-батыс қабырғасы маңынан жылқының бас сүйегі табылған.

№ 10 қоршаудың диаметрі 4 м құрайтын тастарды жалпағынан қойған шеңберлі құрылыс. Жерлеу шығыстан-батысқа созылған 1,35 х 1,1 м, тереңдігі 1,1 м болатын қабірде жасалған. Қабірдің оңтүстік-батыс бөлігінен жылқының бас сүйегі анықталған.

№ 11 қоршау орташа тас плиталардан құрастырылған төртбұрыш болып келген. Көлемі 3,5 х 3,5 м. Орта тұсындағы қазба барысында тұмсығымен оңтүстік-шығысқа бағытталған жылқының бас сүйегі анықталды.

Атасу кезеңімен мерзімделетін Былқылдақ II қорымының № 2 қоршауында өлікке ат арнау дәстүрі кездеседі. Онда жылқының бас сүйегі мен тұяқтары тас жәшіктің батыс қабырғасының сыртына қойылған. Зерттеушілер ежелгі адамдардың бұл әрекеттерін өлген адамның жанына құрбандық арнау ретінде түсіндіреді [165, с. 93].

Осы кезеңге тән Майтан қорымында да жылқымен қосып жерлеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Қарағанды облысының территориясында орналасқан бұл қорымдағы №15А қоршауда қабір шұңқырынан тыс бір жылқының қаңқасы және қабірдің ішінен жылқының аяқ сүйектері анықталған. Сонымен бірге №7Г қоршаудан қос жылқының қаңқасы ашылды. Жылқылар оң жамбастарымен тас жәшіктің ұзына бойына орналастырылған, ал қабірдің ішінде жылқының аяқтары қойылған. Бірінің аяғы жәшікке, екіншісінікі кері жаққа бағытталған. №29В қоршаудағы жылқылар аяқтарын бауырына жинаған қалыпта, оң және сол жамбастарымен жәшіктің ұзына бойы жатқызылған. Жылқылардың бірінің тұмсығынан сүйек сулық кездескен. Ал №29Г қоршаудағы қос жылқы жәшіктің солтүстік қабырғасы бойына оң және сол жамбастарымен, аяқтарын бауырларына жиған күйде орналастырылған [165].

Кейінгі уақытта тақырыпқа қатысты мәліметтер қарастырылып отырған өңірдегі Нұртай, Аяпберген және Ащысу ескерткіштеріндегі зерттеулермен толықтырылды.

Нұртай қорымы. Қарағанды облысы Талды ауданындағы Талды станциясының солтүстік-солтүстік-батысында қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Негізінен алғанда диаметрі 3-16 м болатын 22 жерлеу орнынан тұрған.

№ 2 оба. Диаметрі 16 м, биіктігі 0,7 м. Обадан екі жерлеу орны ашылады. Бірінші мола шұңқырының оңтүстік-батысына қарай ақ топырақтан тұрғызылған құрылыс анықталады. Қос жылқы осы ақ түсті топырақтың үстіне аяқтарымен бір-бірлеріне қаратылып жатқызылған [166, с. 158, 162]. Бастарының бағытталуы да оңтүстік-батысқа қаратылған. Жылқылардың орналасуына қарап олардың арбаға жегілген қалыпты бейнелейтінін байқауға болады (Сурет 3).

Бозінген қорымы. Қарағанды облысы Талды станциясының солтүстік-батысына қарай 7 шақырым жер орналасқан. Жоспар бойынша 30 аса қола дәуірі ескерткіштерінен тұрады.

№ 5 оба. Қазбаға дейін сопақша үйінді түрде, көлемі 11х8 м, биіктігі 0,3 м құрады. Оба үш мола шұңқырынан және бір ішкі қоршаудан тұрған. Екінші мола шұңқырының шығысындағы аса терең емес құрбадық орнына жылқының бас сүйегі мен керамика қойылған. Ал осы мола шұңқырының батысына қарай жылқының толық емес қаңқасы орналастырылған. Негізгі обаның солтүстік-батыс жағынан бірігетін қоршаудың шығысындағы терең емес шұңқырға тағы бір жылқының бас сүйегі жерленген [166, с. 202-205].

Екпен I қорымы. Қарағанды облысы Нұра ауданы аумағындағы Көбетей ауылының солтүстікке қарай 10 шақырым жерде, Нұра өзенінің оң жағалауында орналасқан. Қорымдағы № 5 құрбандық орнынындағы қабір шұңқырының солтүстік бұрышынан жылқының бас сүйегі анықталады. Тұмсығы солтүстік-батысқа бағытталған [166, с. 259].

Балықты қорымы. Ақмола облысы Ерементау ауданы аумағында орналасқан. Құмай өзенінің сол жағалауында орналасқан қорым 27 жерлеу құрылысынан тұрады.

№ 3 қоршаудың қосымша Б қоршауында жылқының жарты қаңқасы жерленген [167, с. 3].

№ 10 қоршау. Диаметрі 9,2 м болып келген нысанда 3 мола шұңқыры ашылады. Соның біріншісіндегі тас жәшіктің үстіне жылқы жатқызылған. Жылқы сол жамбасымен, аяқтарын бауырына жинап, басы батысқа бағытталған қалыпта жерленген [167, с. 6-7].

№ 13 қоршау. Нысан сопақша пішінде, көлемі 5,6х5,1 м. Қоршауда екі қабір мен құрбандық орны зерттелген. Нысанның шығыс бөлігінде орналасқан құрбандық шұңқырына жылқының бас сүйегі мен төрт аяғы қойылған [167, с. 9].

№ 27 қоршау. Диаметрі 6 м болып келген нысандағы екінші құрбандық орнына екіге бөлінген жылқының бас сүйегі қойылған [167, с. 16].

Қызыл тау қорымы. Қарағанды облысы Теміртау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Қорым үш жерлеу ескерткіштері тобынан тұрады.

№7 қоршау. Көлемі 8 м құрайды. Қоршаудың оңтүстік-батыс қабырғасына тыс жерде құрбандық орны ашылады. Түбінен жылқының екі бас сүйегі мен төрт тұйяқ анықталады. Жылқының тұмсықтары солтүстік-шығысқа қаратылған [167, с. 140].

Ал Аяпберген қорымының №7 обасында орталық тас жәшіктің батысында арбаға жегілген қалыптағы екі жылқы жатқызылған [168, с. 50-69].

Біршама айтарлықтай мағлұматтар Ащысу қорымын зерттеу барысында жинақталған болатын. Қарағанды қаласының шығысына қарай 80 шақырым жерде орналасқан аталмыш қорымда қола дәуіріне тән 4 оба қазылып зерттелді. Обалардың барлығының орталықтарында екі қабір шұңқыры болды. Жерленгендерді о дүниеге топырақ қабатының үстіне жатқызылған қос жылқылар шығарып салды. Екі жағдайда арбаға жегілген қалыпты бейнелейтін көрініс жақсы байқалады. Зерттеушілердің пікірінше обаның батыс бөлігінде, жерлеу камерасының тысында немесе олардың шетінде бір жақ қырымен жатқызылып, жегілген қалыпты бейнелейтін қос жылқылардың жерлеулері орталық қазақстандық дәстүрді сипаттайды [169, 219-226 б.]. Мұндай ғұрпты атқару барысында көп жағдайда от пайдаланылған, оны жерленген жылқылардың астына салынған күл қалдықтарының қабаты дәлелдей түседі.

Солтүстік Қазақстанда жылқы қосып жерлеу ғұрпы сақталған обалар Бірлік II, Ақсайман, Ұлыбай, Бестамақ, Халвай қорымдарында кездеседі.

Бірлік II қорымы Есіл өзенінің сол жағалауында, Петропавл қаласының оңтүстік-батысында 130 шақырым жерде, Бірлік ауылы маңында топтасқан. 1974-1981 жж. аралығында қорымнан түрлі кезеңге жататын отыздан аса ескерткіш зерттеліп, олардың он төрті қола дәуіріне жатады.

№ 1 оба диаметрі 12 м, биіктігі 0,1-,02 м. Обадан екі қабір анықталған. Орталық қабірдің айналасына қалыңдығы 0,3 м, диаметрі 9,5 м болатын топырақ қабаты төселген. Осы топырақ қабатының үстінде, қабірдің ұзына бойына екі жылқының қаңқасы орналастырылған. Бірінші жылқы сол жамбасымен, екіншісі оң жамабасымен жатқызылған. Қаңқалар анатомиялық қалпын сақтаған, аяқтары шауып бара жатқан сияқты бүгілген.

№ 2 обаның диаметрі 18 м, биіктігі 0,2 м. Оба астындағы алаңда алты шұңқыр анықталды. Орталық шұңқырды қалыңдығы 0,2 м, диаметрі 12 м болатын топырақ қабаты қоршаған. Топырақ қабатының үстіне бастары батысқа бағытталып, қабірге аяқтарымен қарама-қарсы екі жылқы жатқызылған. Обадағы 1-шұңқырдың солтүстік қабырғасында жылқының қабырғасы мен тістері және солтүстік-шығыс бұрышында тұмсығы солтүстікке бағытталған жылқының бас сүйегі қойылған.

№ 10 оба диаметрі 12 м, биіктігі 0,1 м. Орталық тұсынан көлемі 3,6 х 2,7 м, тереңдігі 1,4 м болатын, батыстан-шығысқа бағытталған тікбұрышты қабір шұңқыры ашылды. Шұңқырдың айналасында қалыңдығы 10 см болатын топырақ қабаты төселген. Осы топырақ қабатының оңтүстік жағында басы батысқа бағытталған, оң жамбасымен жылқы жатқызылған. Жанына жылқының бас сүйегі қойылған.

Осы өңірдегі жылқы жерлеулері кездесетін келесі ескерткіш Ақсайман

қорымы.

Ақсайман қорымындағы № 2 оба диаметрі 12 м, биіктігі 0,2 м. Обаның ортасында БСБ-ШОШ бағытында созылған, көлемі 3,4 х 2,6 м, тереңдігі 1,2 м тікбұрышты қабір анықталды. Қабір шұңқырын ашу барысында 0,7 м тереңдікте оңтүстік және батыс қабырғаларда жылқылардың бас сүйектері мен аяқ сүйектері табылды. Бұл сүйектер қабір тоналғанға дейін мұнда екі жылқы жерлеуінің болғандығын дәлелдейді [169, с.222].

№ 4 обада жүргізілген қазба жұмыстары барысында екі ірі шұңқыр мен сегіз орташа және кіші шұңқырлардан тұратын алаңқай анықталды. Олардың орналасуы екі шеңберлі құрылысты еске салады. Ішкі шеңбердің диаметрі 6-8 м. Оның ортасындағы топырақтан үйілген құрылыс үстіне жылқылар жатқызылған. 1-шұңқыр қазбаның орта тұсында орналасқан, көлемі 3,5х2,1 м, тереңдігі 1,3 м, солтүстік-шығыстан – оңтүстік-батысқа бағытталған. Қабірді айналдыра қалыңдығы 10-20 см шамасында топырақтан арнайы қабат төселген. Осы топырақ қабатының үстіне шұңқырдың ұзына бойымен бастары оңтүстік-батысқа бағытталған жылқылар жерленген. Жылқылардың аяқтары сәл бүгіліп қабір шұңқырынан қарама-қарсы бетке бағытталған.

Семипалатное қорымы Петропавл қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 56 шақырым жерде орналасқан. Есіл өзенінің оң жағалауындағы тегіс алаңды алып жатыр. Қорымнан алты оба тізімге алынып, барлығында қазба жұмыстары жүргізілген.

№ 2 оба диаметрі 16 м, биіктігі 0,3 м. Обаның орталық тұсынан, бұрынға жер бетінен басы батысқа бағытталған жылқы қаңқасы анықталған. Одан алыс емес жерде батысқа қаратылған жылқының бас сүйегі орналастырылған.

Халвай 3 обасы Қостанай облысы Таран ауданындағы Халвай ауылының солтүстік-шығысқа қарай 7 шақырым жерде орналасқан. Диаметрі шамамен 32 м, биіктігі 1 м.

№ 3 шұңқыр обаның солтүстік бөлігінде орналасқан. Тікбұрышты пішіндегі шұңқырдың көлемдері 4,9 х 3,9 м, тереңдігі 3,2 м. Батыс-шығыс бағытында созылған. Шұңқырдың тереңдігі 0,7-1 м құраған кезде бөренелерден құралған жабын анықталған. Осы жабынның үстінде бірінің тұмсығы батысқа, екіншісінікі шығысқа бағытталған жылқы бас сүйектері жатты (Сурет 4). Зерттеушілердің пікірлерінше бас сүйектер айғар мен биеге тиесілі. Сонымен бірге жабынның оңтүстік-шығыс бұрышында 1,7 м тереңдікте тағы бір жылқының, нақтырақ айтқанда биенің бас сүйегі табылған [36, с. 104.].

№ 6 шұңқыр обаның батыс бөлігінен анықталған. Шұңқырдың жоғарғы беті 1,5 м дейін бүлінген. Одан ары қарай шұңқырдың көлемі 3,1 х 2,5 м, тереңдігі 3,1 м құрайды. Солтүстіктен-оңтүстікке созылған. Шұңқыр үстіндегі жабынның қалдықтары 0,2-0,7 м тереңдікте анықтала бастаған. Шұңқырдың солтүстік қабырғасынан 0,5 м тереңдікте жылқының бас сүйегі анықталған [36, с. 108].

Осы өңірдегі келесі ескерткіш Бестамақ қорымы. Қорым Торғай ендігінің солтүстік бөлігінде, Бұрықтал өзенінің оң жағалауында Шилі өзенінің оңтүстік-шығысында 8 шақырым жерде орналасқан. 1981 жылдан басталған зерттеу

жұмыстары аздаған үзілістермен әр жылдары жүргізілді. Қорымда неолит дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі ескерткіштер тіркеуге алынған. Жалпы зерттеу жұмыстары барысында қорымнан 170 аса жерлеу шұңқырлары анықталып, олардың 70 % синташта-петров кезеңімен сипатталады [169, 223].

№ 1 шұңқыр. Қазіргі жер беті бойынша есептегендегі тереңдігі 1,2 м құрады. Батыс-шығыс бағытында созылған. Шұңқырдың орталығымен диаметрі 0,1 м болатын қайың сырық жіберілген. Оның бетінде жанды ағаштар жатты. Соның астында бастарымен батысқа қаратылып, аяқтары бауырына жиылған екі жылқы анықталған [Логвин, синташта с. 13].

№ 5 шұңқырды 10-15 см тереңдеті барысында қарашірік топырақ араласқан құммен толтырылған батыс-шығыс бағытындағы қабір шұңқыры анықталған. 110 см тереңдікте екі адамның әбден бүлінген сүйектері анықталған. Зерттеушілердің анықтауынша қабірде ер және әйел адам жерленген. Ал қабір шұңқырының солтүстік, шығыс және оңтүстік қабырғалары бойында үш жылқының шашырап кеткен сүйетері анықталған. Солтүстік қабырғаға жақын жылқы басымен батысқа бағытталып, алдыңғы аяқтары жерлеу камерасына тірелген. Артқы аяқтары сақталмаған. Шығыс бөліктегі жылқының басы оңтүстікке қаратылып, алдыңғы және артқы аяқтары қабірхананың жабынына тірелген. Үшінші, яғни оңтүстік қабырға бойында орналасқан жылқы батысқа бағытталып, алдыңғы аяқтары жабынға тиіп жатқан [104].

№ 14 шұңқыр тік бұрыш тәріздес болып келген. Тереңдігі 1,2 м құрады. Шұңқырдың шығыс-батыс қабырғасын бойлай жылқы сүйетері анықталады [170, с. 23].

№ 20 шұңқыр жеке бір құрылыс ретінде түбіне қарай екіге бөлінген. Соның біреуінен бастары батысқа, аяқтарымен бір-біріне қаратылып екі жылқы жерленген. Бас сүйектері сәл көтеріңкі орналастырылған. Жылқылардың бірен сулық кездескен. Екінші шұңқырдан да орналасу белгісі жоғарыдағыдай екі жылқы сүйегі анықталған [170, с. 24-25].

№ 22 шұңқырдың тереңдігі 0,75 м жеткенде мұнда да екі жерлеу камерасы анықталған. Шартты түрде 22А деп белгіленген шұңқырда аяқтары бір-біріне, ал бастары солтүстікке бағытталған екі жылқы жатқызылған. Қабірдің солтүстік бөлігінде орналастырылған жылқылардың бастары сәл жоғары. Көлемі 3,55х2,5 м болып келген 22В шұңқырында да дәл сол қалыпта екі жылқы жерленген, бір өзгешелігі олар қабірдің оңтүстік бөлігінде орналастырылған [170, с. 25-26].

№ 26 шұңқыр батыс-шығыс бағытында созылып жатты. Тереңдігі 1.4 м құрады. 0,7 м тереңдіктен бастап екі жылқының сүйегі анықталды. Жылқылар аяқтарымен бір-біріне қаратылып, бастары солтүстік-батысқа бағытталған. Жылқының бірінің аяғы созылыңқы, екіншісінікі бауырына жиылған [170, с. 29].

№ 35 шұңқыр солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытында созылып жатты. 0,75 м тереңдікте бастары солтүстік-батысқа бағытталып, аяқтарымен бір-біріне қаратылып екі жылқы жатқызылған (Сурет 5). Оңтүстік беттегі

жылқының алдыңғы аяқтары денесінен бөлектенген, бір аяғы жаурынмен бірге анатомиялық қалыпта қаңқаның астында жатты. Екінші аяқ буындарға бөлініп, екі жылқының арасына қойылған [169].

№ 45 шұңқыр батыс-шығыс бағытында созылған. 0,6 тереңдіктен бір-біріне қаратылып жатқызылған екі жылқының сүйегі анықталады [170, с. 35].

№ 61 шұңқыр шығыс-батыс бағытында созылып, формасы сопақтау болды. Тереңдігі 0,2 м құрады. Оның ішіне 6 жылқының бас сүйегі бір қатарға қойылып, тұмсықтарымен батысқа қаратылған [170, с. 41].

№ 64 шұңқыр да формасы жағына сопақша келіп, тереңдігі 0,3 м құрады. Ішінен тұмсығы батысқа бағытталған жылқының бас сүйегі шықты [170, с. 42].

№ 69 шұңқырдың көлемі 1,2х0,88 м, тереңдігі 0,9 м болды. Шұңқырдың орталық және оңтүстік бөліктерінен 3 жылқының бас сүйектері анықталған. Екі бас сүйек солтүстік қабырғаның бойында, бастарымен батысқа қаратылса, ал енді бірі тұмсығымен батысқа бағытталып шығыс қабырға жанынан кездесті [170, с. 42].

№ 75 шұңқыр солтүстік-оңтүстік бағытында созылып, тереңдігі 0,2 м құрады. Шұңқырдың орталығында тұмсықтарымен солтүстік-бағытқа қаратылып, бір қатарға 5 жылқының басы қойылған [170, с. 42].

№ 104 шұңқырдың оңтүстік-батыс бөлігінен, 0,5 м тереңдікте тұмсығымен шығысқа бағытталған жылқының бас сүйегі табылды. Шұңқырдың солтүстік бұрышында, 0,8 м тереңдікте екі жылқының бас сүйегі анықталады [170, с. 43].

№ 111 шұңқырдың тереңдігі 1,4 м, сопақша келген қабір дағы 3,85х2,8 м. Оңтүстік-батыс бұрышынан тұмсығы оңтүстікке бағытталған жылқының бас сүйегі анықталды [170, с. 45].

№ 123 шұңқырдың ішіндегі тепкішектік үстіне, 0,2 тереңдікте жылқының 2 бас сүйегі қойылған [170, с. 46].

№ 128 шұңқыр солтүстік-оңтүстік бағытында созылған. 0,4 м тереңдікте жылқы мен ірі қараның 10 бас сүйегі анықталған [170, с. 46]. Олардың нешеу жылқынікі екендігі анықталмаған.

№ 140 жерлеу шұңқыры 2006 жылы зерттелген. Қабір батыс-шығыс бағытында созылып, ұзындығы 3,44 м, ені 1,8 м құрады. 0,05 м тереңдіктен жабынның қалдықтары шірінді түрінде кездескен. Оның үстіне бастары батысқа бағытталған екі жылқы қойылған. Жылқылар солтүстік жіне оңтүстік қабырғаларды бойлай орналастырылған [35, с. 190-196].

№ 170 шұңқыр кешеннің орталығында орналасып, бұрыштары жұмырланған тіктөртбұрышты пішінде келіп, солтүстік-шығыс – оңтүстік-батыс бағытында созылған. Шұңқыр үш деңгейлі құрылыстан тұрған. Үстіңгі қабатыны бұқа мен сиырдың бастары жерленсе, ортаңғы деңгейде жылқылар қойылып, төменгі жағына ер адам мен бала жерленген. Шұңқырдың тереңдігі 0,9 м құраған тұста ағаш жабынның қалдықтары анықталып, оның үстіне бастары оңтүстік-батысқа бағытталған екі жылқы жатқызылған. Жылқы сүйектерін зерттеген Л.Гайдученконың мәліметінше жерленген жылқылардың бірі айғыр, екіншісі бие. Айғыр сол жамбасымен, бие оң жамбасымен жатқызылып, осылайша олардың аяқтары бір-біріне қаратылған [40, с. 188-197].

Ал, еліміздің батыс өңірлерінде жылқыны қосып жерлеу белгілері бар ескерткіштері ішінде соңғы уақыттарда ашылған Танаберген II мен Жаман-Қарғалы I қорымдарын атап өтуге болады. Мәселен Ақтөбе облысының территориясында орналасқан Танаберген II қорымының № 7 обасының 22 қабірінен жылқының 3 бас сүйегі мен аяқтарының жіліктері, 23 қабірдің шығыс бұрышынан бас сүйек, ал солтүстік бұрышынан аяқ сүйектері, 33 қабірдің оңтүстік-шығыс бұрышынан екі бас сүйек пен аяқ сүйегінің бөліктері алынды. Аталған облыс шекарасында зерттелген Жаман-Қарғалы I қорымындағы №14 обаның 2-жерлеу қабірінің батысында жылқының бас сүйегі мен аяқ сүйектері жатты [43, с. 113-129].

Жерлеу орындары мен қатар қола дәуірінің қоныстарын зерттеу барысында да жылқыны құрбандыққа шалу белгілері байқалған. Оны біз Солтүстік Қазақстан жеріндегі Новоникольское I қонысы материалдары бойынша нақтылай аламыз [38].

Аталған қоныс Петропавл қаласының оңтүстік-батысына қарай 56 шақырым жерде, Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан. 1969-1971 және 1977 жылдардағы қазба жұмыстары барысында 19 тұрғын-жайдың орны зерттелген [38].

№ 1 тұрғын-жайдың ұзындығы 22 м, ені 12 м. Солтүстік-шығыс кіреберісінде анықталған шұңқырдан жылқының бас сүйегі анықталған.

№ 16 тұрғын-жай қазбаның солтүстік-батысында анықталып, ұзындығы 14 м, ені 6-8 м құраған. Құрылыстың ішінен төрт құрбандық орны ашылған. Тұрғын-жайдың солтүстік-шығыс бұрышындағы құрбандық орнынан екі сиыр мен жылқының қаңқалары табылған. Төртінші құрбандық орны батыс қабырғаның орта тұсында орналасып, одан жылқының бас сүйегі анықталған.

Қарағанды облысы аумағындағы қола дәуіріне жататын Ақ-Мұстафа қонысынан жылқының толық қаңқасы табылады [171, с. 63].

Жоғарыда сипаттап өткеніміздей қазақ жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерінде екі түрлі жерлеу ғұрпының болғандығы нақтыланды.

2.3 Қола дәуірі тайпаларының жылқымен қатысты ғұрыптық салт-санасын сипаттайтын Қазақстанның петроглиф кешендері

Бейнелеу өнерінің ескерткіштері мен дәстүрлерін зерттеудің Қазақстан археологиясында өзіндік орны бар. Мұндай деректер тобының маңызы олардың мәдени дәстүрлердің өзара байланысын және ежелгі қоғамдардағы дүниетанымдық ұстанымдарды жаңғыртудағы шарттылығымен айқындалады. Олар ежелгі нысандарды зерттеу барысында алынған мәліметтерді барынша толықтыра түседі, өйткені мұндай кескіндерде басқа дерек қорларынан алу мүмкіндігі жоқ адам қызметінің қырлары көрініс табады. Жалпы алғанда жартас бетіне сурет салу өнерінің жарқын белгілері өзіміз қарастырып отырған қола дәуірі кезеңінде байқалады. Бірқатар зерттеушілердің пайымдауынша бұл келесідей маңызды факторлардан туындаған: ең алдымен бұл бақташылықта, металл өңдеуде және қолөнер саласындағы ілгерінді мәдени-шаруашылық типтерінің қалыптасуынан; әлеуметтік өзгерістердің қалыптасуына байланысты

қоғамдық қатынастардың күрделенуінен; қоршаған ортаға, яғни табиғат әлеміне қатысты жеткілікті білімнің жинақталуынан және жаңа дүниетанымдық тәжірибенің қалыптасуынан [172, 238-243 б.].

Қола дәуіріне тән сарындар мен желілердің негізгі образдарына қарай кескіндердің бірнеше тобын бөліп көрсетуге болады: жан-жануарлар бейнелері, адам кейпі суреттелген кескіндер және басқа да түрлі заттардың бейнелері. Кескін желілерінің ең үлкен тобын құрайтын жануарлардың ішінде барынша танымалдылыққа жылқы бейнесі ие. Қола дәуірі өнерінде жылқы бейнесінің басым болуы нақты тарихи жағдайды сипаттады, бұл ең алдымен осы уақытта жылқы малын толық қолға үйретумен байланысты болды.

Жартас бетіндегі жылқы бейнесін семантикалық тұрғыдан талдауда көп жағдайда мифологиялық және этнографиялық мәліметтер қолданылады. Дегенмен, аталмыш жануар бейнесінің кейбір маңызды қырлары, әсіресе зооморфологиялық және наным-сенімдік ерекшеліктері зерттеушілер тарапынан қалыс қалып қалады. Жылқы кескіндері өздерінің стилистикалық мәнері өзгешелігіне қарамастан жартас бетіне түсірілуі барысында қоршаған ортадағы шынайы нысандармен үйлестірілді. Сондықтан да, жартас бетіндегі жылқы бейнесін табиғи контекстіде қарастыру керек. Өйткені, ежелгі тұрғындардың шығармашылығы белгілі бір деңгейде қоршаған ортаға, экономикалық және қоғамдық құрылысқа, сонымен бірге ортақ дүниетанымдық түсінікке тәуелді болды [173, 202-206 б.].

Осындай қағидаға негізделген қола дәуіріне тән жылқы бейнелері бар петроглиф кешендері Қазақстан территориясында біршама кездеседі. Солардың ішінде жылқы бейнесі ерекше салтанатқа ие болған немесе жылқы кескіндері қайталанбас үлгіде орындалған дала галереяларына тоқталсақ. Сипаттау барысында түсінбестіктер мен шатасулар болмас үшін аймақтық қағиданы басшылыққа алуды жөн көрдік. Еліміздің орталық өңірінде, басқаша айтқанда Қазақстанның ең ірі табиғи-тарихи өңірлерінің бірі Сарыарқадан бастасақ. Бүгінде қола дәуіріндегі жылқы образын жан-жақты сипаттайтын жартас бетіндегі ескерткіштердің алдыңғы қатарында Теректіәулие кешені тұрады. Еліміздің орталық өңірінде, басқаша айтқанда Қазақстанның ең ірі табиғи-тарихи өңірлерінің бірі Сарыарқадан орналасқан Теректіәулие ескерткіші қазіргі күні классикалық үлгіге айналған кешен деп айтсақ қателеспейміз. Нысан Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Теректі темір жол бекетінен 20 шақырым солтүстік – солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Зооморф бейнелерінің 90% жуығын жылқы суреті құрайтын Теректіәулие петроглифтерінің біздің тақырыбымызды ашудағы маңызы зор. Кезінде Ә.Х. Марғұлан Теректіәулие петроглифтері өзінің желісімен ерекше екендігін атап көрсете отырып, оларда жылқы бейнесінің алдыңғы қатарда тұратындығын сипаттаған болатын [174, с. 58-59]. Теректіәулие жартас суреттері кешені негізгі төрт топтан тұрады. Олардың әрқайсысында жылқымен байланысты желілер мен сарындар бар. Олардың қатарында басы оңға немесе солға төменірек қарап тұрған, төрт аяғы бейнеленген жылқы бейнелері, кейбірінің жыныс мүшесі айқын көрсетілген. Одан бөлек қарсыласып тұрған жылқылар

(айғырлар), арбаға жегіліп бір-біріне арқасын бере орналасқан қос жылқы, бірінің артынан бірі орналасқан жылқылар тізбегі тәрізді кескіндер барынша жақсы сомдалған (Сурет 6-8)

Сонымен қатар, қарастырылып отырған кешенде ерекше назар аударатын суреттер топтамасы бар. Олардың алғашқысы және осы кешендегі ең айтулысы төртінші топтағы жылқы бейнесі. Бұл суреттің басты ерекшелігі оның көлемінде. Тақта тасқа түсірлеген жылқының көлемі ұзына бойы 1,5 м, биіктігі 1 м жақын. Жылқының шоқтығына бастап арқасын бойлай құйрығына дейін 26 ойық салынған. Жылқының басы шығысқа бағытталып, фаллосы анық көрсетілген. Маңайында кескінделуі жағынан ұсас, бірақ көлемі жағынан біршама кішірек бірнеше жылқының бейнелері бар. Бұл композицияның семантикалық және ғұрыптық маңызын талдауды төмендегі арнайы бөлімге қалдыра отырып, қарастырылған суретке қатысты толық ақпарат З.Самашевтың еңбегінде берілгендігін атап өтеміз [72].

Теректіәулиедегі келесі бір жылқымен байланысты бейнелердің қатарына «әлем ағашы» ұғымымен астасатын кескіндерді жатқызамыз. Мәселен, жылқы денесін сызықтар арқылы бөлу, оның ішінде басын басқа дене мүшелерінен нышандық түрде айырып көрсету ежелгі үнділік әлем ағашы түбінде жылқыны құрбандыққа шалу рәсімімен үйлесім табады. Яғни, жылқының денесін үшке бөлу, одан ары оларды жер қойнауына тапсыру жоралғысы жартас бетіндегі сурет арқылы көрініс тапқан [69, с.197].

Біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша Теректәулие кешенінде көрініс тапқан ғұрыптық рәсімдерді сипаттайтын тағы бір бейнелер қатарына жылқы тұяқтарының іздері жатады. Жылқы тұяғының бейнесі Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір жартас суреттерінде көптеп кездеседі. Мұндай суреттердің де түрлі діни ұғымдармен және басқа да ғұрыптық әрекеттермен байланысты екендігі дау тудырмайды. Жылқы тұяғы бейнелерінің мазмұнын түсіндіруге қатысты зерттеушілер ортасында ортақ тұжырым жоқ.

Теректіәулие кешеніндегі жылқы бейнелерінің тас бетіне кескінделуі мәнеріне келетін болсақ, оны «Теректіәулие петроглифтері» атты еңбектің авторлары былай суреттеген: «мүсіні нобайлы (төрт қысқа және сәл бүгілген аяғы барлары сирек), қалпы қимылсыз, тек жуан, түбіне қарай жуандай беретін және доғадай иіліп тұрған (кей кездері алдыға қарай созылған), сына тәрізді кекілге ұласатын жалы бар мойны жануардың ішкі ширығуын суреттеп тұрғандай. Мойнын үлгілеудің қанша нұсқасы болғанымен, әр кезде оның төменгі сызығы сирек жағдайларда болмаса өзгеріссіз, түзу болып қала береді. Әсіресе созыңқы (немесе төмен қаратылған) ұшы доғалданған, кейде сәл иілген сызық түрінде суреттелген жылқының тұмсығы бейнелі. Иек сызығы әдемі еппен иілген; астыңғы жағының басталатын тұсы тамағымен сүйір бұрыш жасаған, бұл жануардың басын айрықша сүйкімді етеді» [72]. Зерттеушілердің көрсетуінше Теректіәулиедегі мұндай жылқыларға иконографиялық және бейнелік жағынан жақын ұқсастықтарды Ертістің жоғарғы ағысындағы, Жетісу мен Қаратаудағы петроглифтерден кездестіруімізге болады [72, 15-16 б.].

Жалпы алғанда, Терекгіәулие петроглифтерінде сомдалған жылқылар кескінделу мәнері бойынша «сейма-турба» дәстүрінде орындалған.

Терекгіәулиедегі жылқы бейнелерімен байланысты негізгі образдар, әсіресе жануардың қалпын беру және жал-құйрығы айнытпай салынған кескіндер Орталық Қазақстан аймағындағы Байқоңыр ескерткішінде қайталанады. Кешендегі жылқы бейнелерімен байланысты түрлі суреттердің мән-мазмұны нысанды зерттеген В.А. Новоженов тарапынан жан-жақты талданды [79]. Зерттеуші Байқоңырдағы жылқы кескіндерін орындалу мәнері жағынан «сейма-турба» дәстүріне жақын екендігін алдыға тартады [79, с. 37-39]. Осы мәселені ескере отырып, біз Байқоңырдағы жылқы бейнелеріне қатысты қайталау жасамай, тек аталған автордың еңбегіне сілтеме жасаумен шектелеміз. Тек Байқоңыр кешеніндегі келесі бір жылқы бейнелеріне қатысты жайтты атап өту керек деп санаймыз. Ол ескерткіште қосақталып берілген, яғни өзара шылбыр арқылы байланысқан жылқы суреттерінің көптеп кездесуі. Мұндай суреттерге қарап қазақтардың асау жылқыны қолға үйрету үшін мініс жылқысына қосақтап байлап жіберу әдісін еске түсіруімізге болады.

Ғұрыптық сипаты бар жылқы бейнелері сомдалған петроглиф кешендері топтасқан келесі бір аймақ Жетісу өлкесі болып табылады. Мұндағы негізгі кешендер қатарына Ешкіөлмес, Таңбалы, Баянжүрек, Құлжабасы ескерткіштерін жатқызамыз.

Ешкіөлмес шатқалы Жетісу Алатауының батыс тау сілемі. Жалпы ұзындығы 30 шақырымнан аспайды. Оның оңтүстік етегін бойлай Көксу өзені ағады. Өзеннің оң жағалауындағы биік террасада қола дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі археологиялық ескерткіштер топтасқан. Ешкіөлмес петроглифтері туралы алғашқы мәліметті 1981 ж. геолог Л.И. Скрынник хабарлайды. Ал зерттеу жұмыстары 1982-1990 жж. аралығында жүргізіледі.

Жетісу Алатауының батыс тау сілемінде орналасқан Ешкіөлмес петроглифтер кешенінде қола дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі археологиялық ескерткіштер топтасқан. Мұндағы қола дәуірі суреттерінің көп бөлігін жануарлардың бейнелері құраса, соның ішінде жылқы кескіндері басым болып келеді. Жалқы берілген суреттер аз, негізінен топтасқан жылқы бейнелері. Антропомофпен қатар берілген кескіндер жиі ұшырасады, солардың арасында басымдыққа екі дөңгелекті арбаға жегілген қос жылқы суреттері ие. Бір айта кетерлігі, Жетісу петроглиф кешендерінің ішінде Ешкіөлмес арбаға жегілген қос жылқы кескіндері бойынша алдыңғы орынды иеленеді. Кешендегі суреттердің арасында адамның жылқыны өлтіріп жатқан көріністері бар, бұл құрбан шалу рәсімімен астасуы мүмкін [76].

Жетісудағы тағы бір петроглиф кешені Құлжабасында қола дәуіріне жататын жылқы бейнесі бар ерекше суреттер болмаса да, арбаға жегілген жылқылар сомдалған кескіндері бойынша Ешкіөлмес ескерткіштеріне жақын. Сонымен бірге, Құлжабасында қола дәуірінде үндіарийлік танымтүсініктің мәнін сипаттайтын «әлем ағашы» түбінде жылқы көрінісі бар. Кескінде үш айырлы талға екі жылқы байланған [76]. Мұндай көріністің мағынасын төмендегі арнайы тарауда толығырақ ашатын боламыз, сондықтан да бұл жерде

оның түсініктемесіне үңілмейміз.

Жетісу петроглифтер кешенінің ерекше үлгісін құрайтын Баянжүрек ескерткішінде жылқы байланысты дүниетанымдық көзқарасты негіздейтін суреттер бар. Негізінен алғанда Баянжүректің қола дәуірімен мерзімделетін жылқы кескіндерінде Жетісудың басқа кешендеріндегі бейнелермен ұқсастық және оларда кездеспейтін ерекшелік бар. Ұқсастық ретінде Баянжүректегі қос дөңгелекті арбаға жегілген екі жылқы бейнесін атауға болада [73, с. 99]. Мұнда да жылқылар арбаға жегілген қалпы, жоталарын түйістіру арқылы Петров мәдениетіндегі жерлеу ғұрпын қайталайды. Кешендегі жылқы бейнесімен байланысты ерекше кескіндерді екіге бөліп қарауға болады. Бірінші топты көпфигуралы композиция құрамында бір немесе екі жылқыны шылбырынан ұстап тұрған адам бейнесі бар көріністер құрайды. Оларда жылқылар ұзын құйрықты, мойыны иілген, басы мен құлақтары әдемі салынған қалыпта, бір жағдайда «сейма-турба» дәстүріне жақын мәнерде көрсетілген [73, с. 77, 79-81, 83]. Екінші топқа бірнеше жеке тас бетіне геометриялық стилде салынған жылқылардың әртүрлі кескіндерін жатқызамыз. Мәселен, сәл шалқая орналасқан тас бетіне сондай он жылқының бейнесі сомдалған. Мұнда жылқылардың денелері тікбұрышты, бастары кішірек, ұзын мойындары сәл иілген қалыпта берілген [73, с. 38, 40-41]. Баянжүректегі геометриялық мәнерде салынған жылқы кескіндері Ешкіөлместегі қос дөңгелекті арбамен бірге сомдалған жылқыларға стилі жағынан өте жақын.

Жетісудағы жартас сурет өнерінің айнасына айналған Таңбалы кешенінде зерттеушілер қола дәуіріне тән 50 аса жылқы суреттерін бөліп көрсетеді (Сурет 9). Мұнда жылқының дене тұрқы, әсіресе жотасы мен қарны параллель сызықтар арқылы иіліп көрсетілген. Мойыны баяу денеге ұласып, басы созылыңқы берілген. Тұмсығы соңына қарай жұмырланып, төменгі жағында жақ сүйегі көрсетілген. Жалы тістер тәрізді белгіленіп, қысқа құлақтары жоғары бағытталған. Құйрықтары түзу сызық түрінде немесе доға секілді белгіленген. Кейбір жылқыда жыныс мүшесі көрсетілген [81, с. 13, 27].

Жалпы, Жетісудағы петроглиф кешендерінде жылқы кескінін беруде өзіндік мәнер, тіпті өзгеше иконографиялық дүниетаным болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Осыған қатысты талдауды төменге қалдыра отырып, еліміздегі басқа да петроглиф кешендеріндегі жылқы суреттеріне тоқталайық.

Жылқы бейнелерінде діни-салттық түсінік бар келесі бір петроглифтер кешені еліміздің оңтүстігіндегі Сауысқандық ескерткішінде топтасқан. Мұндағы жартас бетіне бедерленген жылқы кескіндерінің иконографиясы мен мән-мазмұнында өзіндік ерекшеліктері бар (Сурет 10). Мәселен, қола дәуіріне тән мойыны «аққу» тәрізді, «кенеттен тоқтаған» жануарды көрсететін сұлбалы суреттер қызығушылық тудырады. Оған Бағаналы шатқалындағы тік жазық бетке салынған жылқының үш суретін жатқызуға болады. Жылқылардың мойындары, жотасы және қарны жіңішке жолақ түрінде берілген. Зерттеушілірдің пікірінше, мұндай жолақты түсіру арқылы ежелгі суретшілер жылқының түр-түсін жеткізуге тырысқан немесе әшекейленген жылқыны сипаттаған. Бір жағынан бұл құрбандық малы дегенді білдіретін таңба да болу

мүмкіндігі жоққа шығарылмайды [74, 155-156 б.]. Аталмыш жылқылардағы тағы бір айрықша белгілер қатарына айыр тісті жалдардың берілуін жатқызамыз. Бір жылқыда мұндай 16 айыр тіс берілсе, енді бірінде 12 көрсетілген. Бұған жақын суреттер Хакасиядағы окунев мәдениетіне тән жартас суреттерінде ұшырасатындығын атап өтеміз [74]. И.В. Ковтунның көзқарасы бойынша жылқының жалын белгілеуде белгілі бір сандық жүйеге негізделудің ұғрыптық мәні болған [74].

Сауысқандық жартас суреттеріндегі жылқы бейнелерінің тағы бір ерекше белгілерінің қатарына – үш тарам шошағы бар құйрықтарының кескінделуін жатқызамыз. З.Самашевтың көрсетуінше мұндай элементтер негізінен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы қола дәуірінің жылқы мен бұқа бейнелеріне тән [74, 158 б.]. Мұндай үштік белгісі бар жануар құрбандық үшін арнайы таңдалған деген белгіні, яғни үштік ұғым туралы таным-түсінікті көрсетуі мүмкін дегенді болжауға болатындай.

Алтай-Тарбағатай өңіріндегі петроглиф кешендерінде түрлі жосын-жоралғыларды сипаттайтын жылқы бейнелері кездеседі. Олардың қатарында әлем ағашының түбінде құрбандыққа шалу - «ашвамедха» атты күрделі ұғрып кескінделген бейнелер өзіндік мәнге ие. Оған Күршім (Сурет 11) мен Ақберлі петроглифтеріндегі кескіндерді жатқызамыз. Алғашқысында қос жылқы ат қазыққа байланған күйде берілсе [69, с. 200], Ақберліде дөңгелек нышанға екі жылқы шылбырынан ілінген [175]. Өзіміз сипаттап өткен Күршім кескіндік композициясында жылқылармен бірге 6 шабағы бар шеңбер бейнеленген. Ашвамедха барысында ұғрыптың мазмұнын одан әрі тереңдету үшін құрбан бағанының үстіне күннің нышаны ретінде дөңгелек орнататын. Осы ретте Күршімдегі шеңбер мен Ақберлідегі дөңгелек те осы ұғрыптың терең мағынасына арналса керек.

Жылқы бейнелерінің қарастырылып отырғын аймақтағы ерекше сомдалған кескіндеріне Тарбағатайдағы Шимайлы кешеніндегі суреттерді жатқызамыз. Шимайлыда бейнеленген қола дәуіріне жататын жылқы кескіндерін бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Олардың барлығында дерлік жылқылар терең діни-ұғрыптық түсіктермен байланыстырылған. Ең танымалдарының қатарына әлем ағашы түбіндегі жылқы образы жатады. Мұнда да Құлжабасы кешеніндегідей үш айырлы тік ағашқа екі жылқы байланып, дәл солай бір жылқының аяқтары шідерленген [176, с. 288]. Бір ерекшелігі Құлжабасында жылқылар тік бағанның бір жағынан берілсе, Шимайлыдағы қос жылқы бағынның екі жағында, яғни бір-біріне қарама-қарсы кескінделген. Келесі түріне қола дәуірі суреттерінің классикалық үлгісіне айналған қос жылқы жегілген арбаларды жатқызамыз. Қола дәуіріндегі халықтардың мәдени-этникалық атрибутына айналған мұндай кескіндер Шимайлы жартас суреттерінің айрықша үлгісін құрайды. Шимайлыдағы мұндай арбалардың бір тобы Петров мәдениетіндегі жерлеу-еске алу ұғрпымен астасса [176, с. 244], енді бір тобы ежелгі үнді-арийлік құдайлардың қос дөңгелекті арбадағы кейіпін сомдағандай әсер қалдырады [176, с. 139-140, 308, 325]. Жылқы бейнелерінің тағы бір түрін сейма-турба мәнерінде орындалған кескіндер құрайды [176, с.

297, 309]. Жылқылар қозғалыссыз, басына қарай жуандайтын мойындары доға тәрізді иілген, маңдайындағы кекілі үшкір болып келеді, жалдары бірде қалың, енді бірде тік сызықтар түрінде.

Шимайлыдағы денелері штрихтелген жылқылар суреттердің бірегей түрін құрайды. Ондай жылқылардың денелері бірдей болғанымен, мойындары мен бастарын бейнелеуде ерекшеліктер бар. Мәселен, жылқылардың бір тобының мойындары жуан, бірден баспен ұласып кетсе, екінші топтағылардың мойындары аққудікі тәрізді созылыңқы келген. Жылқы кескіндерінің бір ерекшелігі, денесінің төменгі бөлігі, яғни қарындары тік сызықпен берілсе, жоталары сәл иіліп көрсетілген [176, с. 63]. Жылқылардың денесін штрихтеуде бірнеше геометриялық пішіндер қолданылған. Олардың қатарында үшбұрыш, зигзак, қиғаш сызықтар және торкөздер пайдаланылған.

Осылайша, байқап отырғанымыздай Қазақстанның қола дәуірі жартас бетіндегі суреттерде жылқы бейнесінің өзі бірнеше бағытта анықталады. Ең алдымен жылқылар жалғыз-жарым немесе топтасқан қалыпта суреттелсе, енді бір кезекте күрделі діни-салттық композициялардың басты кейіпкеріне айналған. Олар салыну техникасы мен мәнері жағынан әркелкі болып келген. Бұл әрине хронологиялық және мәдение ерекшелігіне байланысты. Жоғарыда келтірілген жылқы сипаттамалары бір жағынан сол замандағы адамның жануарға қатысты таным-түсінігін білдірсе, екінші жағынан белгілі бір тарихи кезеңнің өзіндік ерекшелігін сипаттауы мүмкін. Осылармен қатар қола дәуірі петроглифтерінде күрделі салт-жоралғылық ұстанымды анықтайтын композициялар да кездеседі. Солардың кейбіріне тоқталып өтсек.

Қола дәуірі жұрттарының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарының жартас бетінде кескінделген бейнелерінің қатарына «әлем ағашы түбіндегі жылқы» көрінісін жатқызамыз. Ондай нақты бейнелердің бүгінде үшеуі белгілі. Олар Күршім, Құлжабасы және Шимайлы кешендерінде орналасқан. Бұлардан бөлек Ақберлі кешенінде дөңгелекке байланған қос жылқыны және елімздегі басқа да петроглиф кешендерінде жаппай кездесетін адамның екі жылқыны шылбырынан ұстап тұрған көріністерді де осы ғұрыптың шеңберінде қарастыру қажет деп санаймыз. Еуразия кеңістігінде таралған мұндай желілердің түп-тамыры сонау ерте замандардан бастау алып, халықтардың миграциясы әсерінен жан-жаққа таралған. Уақыт өте мұндай көріністер өзгерістерге ұшырап немесе түрленіп этнографиялық дәуірге дейін жеткен. Бірақ бәрінің ортақ идеясы құрбандық шалу деген қағидаға негізделеді. Жан-жануарлар құдайы деген бейне сол уақыттарда қалыптасуы мүмкін. Сол замандағы салт жүйесінде құрбан шалу ғұрпы нақты бір тәртіпке негізделді [177, с. 3-6]. Соған сәйкес құрбандық малы да қатаң иерархия сақтады. Мәселен, ежелгі үнді мәтіндерінде құрбандық түрлері келесі сатыда анықталды: адам - жылқы - бұқа - қошқар - тауешкі. Одан бөлек құрбандық шалу орнын белгілеу де маңызды факторлардың бірі болды. Ежелден қалыптасқан таным-түсінік бойынша ондай орындардың рөлін тік бағана, көп жағдайда өсіп тұрған ағаш атқарды. Үндіарийлерде жылқыны әлем ағашының түбінде құрбандыққа шалу - «ашвамедха» атты күрделі ғұрпы болғандығы белгілі. Ол бойынша көк түсті

айғырды аспан құдайына «әлем ағашының» түбінде құрбандық етіп, бұл әрекет космогониялық сипат алды. Айғыр құрбандыққа шалынар алдында символикалық тұрғыда патшаның бірінші әйелімен қатынасқа түсетін, мұның өзі өсіп-өну культімен байланысты болса керек [69, с. 200]. Күршім, Құлжабасы және Шимайлы петроглифтеріндегі атқазық суреттері осы ғұрыппен астасуы мүмкін. Егер үндіеуропалықтардың Орталық Азия халықтарымен байланыстарын негізге алар болсақ, онда олардың арасында атқазықтағы жылқымен байланысты кейбір ғұрыптарының сәйкес келуі таңданыс тудырмайды.

Өзіміз сипаттап отырған Күршім кескіндік композициясында жылқылармен бірге 6 шабағы бар шеңбер бейнеленген. Ашвамедха барысында ғұрыптың мазмұнын одан әрі тереңдету үшін құрбан бағанының үстіне күннің нышаны ретінде дөңгелек орнататын. Осы ретте біз сипаттап отырған шеңбер де осы ғұрыптың терең мағынасына арналса керек [69, с. 201]. Өзіміз жоғарыда сипаттап кеткен Ақберлі кешеніндегі шеңберге шылбырымен байланған қос жылқы композициясы да осындай жосын-жоралғылардың аясында деген қорытынды жасауға болатындай. Біздің тағы бір байқаған жайтымыз ол «әлем ағашы түбіндегі жылқы» образы жоғарыда аталған петроглиф кешендерінде бір-бірден кездесетіндігі. Демек ежелгі суретшілер мұндай көріністерді бейберекет тасқа қашай бермеген. Мәселен, кез-келген антропоморф немесе зооморф бейнелері, одан басқа да желілер петроглиф кешендерінде бірнеше рет, тіпті одан көп қайталануы мүмкін. Ал қарастырылып отырған көрініс тек біреу. Осыған қарап мұндай көріністері бар петроглиф кешендерінің бір жағынан символикалық маңызы жоғары болған, екінші жағынан солардың маңында ғана қоғам үшін маңызды діни-ғұрыптық шаралар өткен деген болжам жасауға болатындай.

Жалпы алғанда, «әлем ағашы» түбіндегі жылқы әртүрлі халықтардың дүниетанымы мен өнерінде уақытнамалық және территориялық ерекшеліктерге ие. Сондықтан оның толыққанды мазмұнын ашу үшін сол жердегі автохтонды халықтың этнографиясымен байланыстыра қараған жөн сияқты. Бұл мәселені төмендегі арнайы тарауға қалдыра отырып, петроглифтердегі жылқымен байланысты келесі сарындардың мазмұнынан үңіліп көрейік.

Олардың қатарына Теректіәулие кешеніндегі жылқылармен қатар жүретін түрлі шар тәрізді шұңқырлар мен шағын ойықтар, Шимайлыдағы түрлі геометриялық фигуралармен безендірілген жылқыларды жатқызамыз. Негізінен алғанда жануарлардың денесін түрлі геометриялық фигуралармен көркемдеу Қазақстандағы қола дәуірі петроглифтерінде таңсық дүние емес. Бірақ мұндай геометриялық сызықтар негізінен бұқалардың, одан кейін түйе мен бұғылардың бейнелерінде ұшырасады. Ал штрихталған жылқы суреттерінің үлкен топтамасы, әсіресе қола дәуірімен мерзімделетіндері әзірге тек осы Шимайлы кешенінде ғана кездеседі. Салыстырмалы түрде алғанда Моңғолиядағы Арал-Толгой петроглифтеріндегі денесінде тік немесе толқынды сызықтар салынған жылқыларда ерте қоламен мерзімделген [82, с. 53]. Бір қызығы Шимайлы жылқылардығы геометриялық айшықтар Шығыс Қазақстанның қола дәуіріне

тән қыш ыдыстардың сыртындағы ою-өрнектермен бірдей. Бұл жерде аймақты қола дәуірінде мекендеушілердің қол өнері мен бейнелеу өнеріндегі мәдени үндестік түсіндірмені қажет етпейді. Жалпы қола дәуіріндегі геометриялық фигуралармен безендірілген жануарлар жөнінде, біздің жағдайда Шимайлыдағы жылқыларды таңбалаудың табиғаты түсініксіз. Олар бір жағынан әшекей элементі ретінде қарастырылуы мүмкін, тіпті ежелгі адамдардың жануардың түр сипатын беруге тырысқан әрекеті деп те бағалауға болады. Зерттеушілер арасында кескіндердің семантикалық мазмұнын тереңдете бағамдау арқылы, ондай жануарларды үндіиран пантеонындағы түрлі құдайлардың құрбандығы ретінде көрсету кездеседі [178, с. 46]. Тіпті зерттеушілірдің бір қатары жануарлардың денесіндегі мұндай белгі-таңбаларды шоқжұлдыздармен байланыстыру арқылы, оларға ғарыштық сипат береді [179, с. 379-389]. Ал Теректіәулиедегі біз атап кеткен көріністер жөнінде кешенді зерттеушілер былай деп тұжырым жасайды: «...композиция ғалымдар арасында түрліше түсіндіріліп жүр. Кей зерттеушілер шеңберлі композиция принципін табиғабиғаы айналым, күн мен түн ауысуы деп пайымдаса, енді біреулері сюжетте туып жатқан (не өліп жатқан) жануарлардың әлемі көрсетілген, олардың жанының қайта туылуы осы композициялардың негізгі мазмұны...» [72, 163 б.]. Жалпы кез келген нышан немесе таңба түрлі дүниетанымдық, әлеуметтік тіпті мәдени мазмұнға ие болатындығын ескерер болсақ Шимайлыдағы мифтік мағынаға ие жылқылар көбіне жетекші күш ретінде көрініс береді. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан петроглифтер кешеніндегі жылқы бейнелерін, әсіресе мағынасы күрделі композицияларда кескінделгендері адамның алғаш қолға үйретіп, одан кейін мініс және жегін көлігіне айналдырған жануарға деген бүкіл Еуразия кеңістігіне ортақ дүниетанымдық идеяның көрінісі деп қабылдаған жөн. Сонымен, жоғарыда айтылғандарды негіздейтін болсақ, келесідей тұжырымдар жасаймыз. Қарастырлған материалдарға сүйенсек қола дәуірі тұрғындарының дүниетанымындағы жылқы бейнесі барынша синкретті болған, және де ол уақытша болсын сырттан келген мәдени дәстүрлермен байланысқа түсуінің арқасында өзгерістерге ұшыраған. Қалай болғанда да жылқы адамдар мен құдайлар арасындағы байланыста жетекші орынға ие болған. Әрине, мұның бәрі ең алдымен, өзіміз айтып кеткеніміздей жылқы малының ежелгі бақташылардың тұрмыс-тіршілігіндегі мызғымас орынымен байланысты.

Мәдени дәстүрлер жөнінде сөз қозғағанда еліміздің жартас суреттерінде бейнеленген жылқы образдарының салыну мәнері еске түседі. Олар туралы біз жоғарыда жылқы бейнелерімен қатысты сюжеттерді сипаттау барысында тоқталғанбыз. Әсіресе жиі аталғандардың қатарына «сейма-турба» мәнерін жатқызамыз. Одан бөлек «тамғалы» дәстүрі деген де ұғым бар. Бұл стилдердің немесе дәстүрлердің мазмұнын ашу қола дәуіріндегі тайпалардың миграциясы мен мәдени дәстүрлердің алмасу үдерісін бағамдауға септігін тигізеді.

Жалпы «сейма-турба феномені» деп аталатын ерекше құбылыс – ежелгі металлургтердің қауымдастығында қалыптасып, сол заманның озық технологиясын және бейнелеу өнеріндегі айрықша мәнердің кең таралуын

сипаттайды. Мұны зерттеушілер Е.Н. Черных пен С.В. Кузьминыхтың төмендегі пікірлері толығымен ашып көрсетеді: «...б.з.д. II мыңжылдықтың орта шенінде олардың қару-жарағының және әскери қуатының дамығаны соншалық, бұл адамдар қысқа ғана мерзімнің ішінде мыңдаған шақырымды құрайтын Батыс Сібірдің орманды далалары мен Тайганың сазды алқаптарын басып өтіп, Орал тауларын асып түсіп, Еуразия далаларының орманды жазықтарына дейін жете алды» [180]. Яғни, бұл ғалымдардың пікірінше қару-жарақтың көмегі арқылы бұл тайпалар өздерінің «этникалық белгісін» қалыптастырған. Бұған қатысты зерттеушілер арасында біршама пікір-таластар туындаған болатын. Біздің тақырыбымыздың шеңберіне кірмейтіндіктен оларға тоқталмастан, мынадай мәселені атап өткіміз келеді. Металлургия өндірісінің жоғарғы технологиясы арқасында қуатты қауымдастық құрған сейма-турбалықтардан бір этникалық субстрат іздеудің қажеті жоқ деген З. Самашевтың көзқарасымен толық келісеміз [71, с. 31-36]. Дегенмен, жартас сурет өнеріндегі ортақ сарындар мен желілердің таралғандығын жоққа шығара алмаймыз, әсіресе жылқы бейнелерін сомдауда.

«Сейма-турба» мәнерін жекелеп көрсетуге негізінен алғанда шағын мүсін өнерінде кездестін мүсіншілер себеп болды. Ондай қола мүсіншелер Қазақстан территориясынан да анықталды (Сурет 12). Шығыс Қазақстан аумағынан кездейсоқ табылған жылқының басы түрінде бітетін екі асатаяқ қазіргі күні зерттеушілер арасында түрлі талдауларда қолданылып жүр. Өздерінің жасалу техникасы жағынан олар ұсақ пластика өнеріндегі төлтума туындылар болып саналады. Мәселен, Шемонайхадан табылған қола қанжар сабының басындағы жылқы бейнесі келесідей сипатталады: «Жануар «кенеттен тоқтап қалған» қалыпта, арқы қысқа аяқтарына отырып қалған тәрізде бейнеленген. Жылқының үлкен басы төмен түсіріліп, бірақ сәл алға созылған, аузы ашық және танаулары кең. Тұмсығының ұшында сопақ және дөңгелек қуыстар түріндегі танаудың түсіндірмесі тас асатаяқтарды аяқтайтын жылқылардың бастары үшін де дәстүрлі болып келеді. Пржевальск жылқысындағыдай кекілге ұласатын қысқа жалы – «сейма-турба» келбетіндегі барлық жылқы мүсіндеріндегі секілді жуан мойындағы әлсіз доға түрінде үлгіленген» [75, 25 б.]. Осыған жақын мәнерде орындалған тағы бір жәдігер Қостанай облысы Жетіқара елде-мекенінен табылды. Мұнда қола найза төлкесінің қарама-қарсы бетіне екі жылқының басы түріндегі мүсіншелер орнатылған. Олардың алдына төрт құстың мүсіндері бекітілген. З.Самашевтың тұжырымы бойынша бұл найза соғыс қарауы емес, керісінше салт-дәстүрлік шараларды өткізу барысында қолданылған [75, 26 б.]. Мұндағы біздің назар аударатын нәрсе екі жылқының да «сейма-турба» мәнерінде орындалуында. Өзіміз жоғарыда сипаттап өткен жартас бетіндегі суреттерді және аталмыш шағын мүсіншелерді негізге ала отырып көптеген зерттеушілер Шығыс Қазақстан мен оған іргелес аймақтарды қоса алғанда, сонымен бірге Жетісу мен Ферғананың біраз жерін қамтитын территорияны, қарастырылып отырған өнердің жарқын үлгілері табылған Қазақтың ұсақ шоқысын «сейма-турба» дәстүрін таратушылардың кеңістігі ретінде қарастырады [72, 134-140 б.].

XX ғасырдың 80-жылдары А.Н. Марьяшев Таңбалы петроглифтерін сараптай келе және оларды іргелес өңірлердегі басқа да петроглиф кешендерімен салыстыра отырып кейбір көріністер мен жекелеген бейнелерде ұқсастықтар және қайталаулар бар екендігін алдыға тартады [77, с. 218]. Кейін келе А.Н. Марьяшев пен А.А. Горячев «тамғалы стилі» немесе «тамғалы дәстүрі» деген терминдерді қолдана бастайды [76, с. 37]. Жалпы бұл терминдерге қатысты ғылымда кейбір талас-тартыстар бар екендігі белгілі. Дегенмен біз үшін маңыздысы шынымен де Жетісу өлкесінде жартас сурет өнерінің еліміздің басқа аймақтарына қарағанда бөлек дәстүрі кездесетіндігі дау тудырмайды. Бұл әсіресе өзіміз сипаттаған жылқы кескіндерінен анық білінеді. Әрине қола дәуірі тайпаларының дүниетанымына қатысты бейнелер барлық жерде бірдей қайталанады, ал кейбір жеке образдардың кескінделуіне келгенде айырмашылық бар. Мұның өзі жалпы қола дәуіріндегі миграциялық үдерістердің толқындарының әртүрлі бағытымен байланысты. Сол арқылы жерлеу ғұрпы мен бейнелеу дәстүрінде де мәденигенездік алмасулар жүрді.

Жалпы Қазақстанның қола дәуіріндегі жекелеген кескендер мен топтасқан композициялар сол замандағы жерлеу ғұрпындағы ерекшеліктерді толығымен негіздейді және ортақ дүниетанымның семантикалық мәнін ашып көрсетеді.

3 ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕР ЗАМАНЫ МЕН ТҮРКІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҮСІНІКТЕР

3.1 Ерте темір дәуірінің жылқымен байланысты археологиялық жерлеу-еске алу ескерткіштері

Б.з.д. II мыңжылдықтың соңында Еуразияның далалық аймақтарында жаңа мәдени-шаруашылық тұрпатының толыққанды орнығуы орын алады, яғни дала өркениетінің негізі қаланады. Осынау ұлан-ғайыр атырапта бір жағынан алып қарағанда түрлі санаттары бойынша бір-біріне етене жақын, екінші жағынан өзіндік ерекшеліктері бар салттаттылар өркениеті құлаш жайып, адамзат тарихының даму сатысына белгілі бір үлестерін қосты. Бүгінгі қазақ даласы да аталған тарихи үдерістің бір аумағы ретінде шығыстан батысқа батыстан шығасқа ағылған халықтардың ат дүбірінің куәсі болды. Оның айқын дәлелі ретінде еліміздің түкпір-түкпірінде тарыдай шашылып, сол заманнан ақпарат беріп тұрған түрлі археологиялық ескерткіштер тобын атауымызға болады.

Жалпы алғанда, Қазақстанның ерте темір дәуірі археологиясында жерлеу ғұрпы мәліметтерін зерттеу мен түсіндіруде жеткілікті дәрежеде тәжірибе жинақталған. Ақыреттік заттарды зерделеу арқылы ежелгі көшпелілер заманындағы материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктері жан-жақты қырлары бойынша анықталған. Жерлеу ескерткіштері ең алдымен ежелгі халықтардың мәдениетіндегі сакральді нысандар қатарына жатады. Кез-келген жерлеу кешені жалпылай алғанда әлемнің жаратылуы туралы, соның ішінде о дүние жайлы анықтама береді. Киелі нысандар қатарына жататын жерлеу құрылыстары үшін олардың орналауы мен тізбектелуі, ішкі құрылыстары мен ақыреттік заттарының бір-бірімен байланыстылығы және белгілі бір рәсімдік жүйеге негізделуі тән болып келеді. Сол себепті де ежелгі көшпелілердің жерлеу ғұрпындағы жылқының орны мен рөліне қатысты мәселелерді шешу барысында жерлеу ескерткіштеріне талдау жасау маңызды қадам болып табылады.

Ерте темір дәуірінің жылқы немесе оның бөліктерін қосып жерлеу ғұрпы кездесетін қорымдар негізінен еліміздің шығысында, орталығында және оңтүстік-шығысында орналасқан. Зерттеу тақырыбымызды толыққанды ашу үшін және алдымызға қойған міндеттерге қол жеткізу үшін әр аймаққа жеке-жеке тоқталайық.

Бұл ең алдымен әр аймақтың қарастырылып отырған кезеңде түрлі тарихи-мәдени қауымдастықтардың құрамында, соған сәйкес оларда әртүрлі діни-мифологиялық түсініктердің болуына қатысты. Сондықтан да әр аймақ бойынша сипаттаулар жасап алып, солардың негізінде ортақ тұжырым жасау біздің ойымызша пайдалы болып табылады.

Сонымен, осы аталған географиялық аймақтардың ішінде ежелгі көшпелілердің әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызын анықтауда Шығыс Қазақстандығы ескерткіштердің орны айрықша. Аймақтағы ерте темір дәуірі ескерткіштері шартты түрде Майемер, Берел және Құлажорға кезеңдері болып үшке жіктелген. Б.з.д I мыңжылдықтың басы мен б.з. I мыңжылдығының

алғашқы ғасырларын қамтитын осы тарихи кезеңдегі ескерткіштерде жылқыға қатысты ғұрыптардың өзіндік ерекшеліктері сақталған. Осылардың ең ертесі Майемер ескерткіштеріндегі обаларда жылқыға қатысты орындалған ғұрыптарды сипаттаудан бастайық.

Майемер мәдениеті ескерткіштері Алтай тау жүйесінің батысында, солтүстік-батыста және таудың бөктері мен жазықтарында орналасқан [181]. Майемер мәдениетіне жататын ескерткіштердің басты анықтауыш белгілері: обалардың шығын тізбекпен топтасуы, жерлеу камерасы қабір шұңқыр түрінде, кейде тіпті терең болып келеді және ақымның аузы таспен бекітіледі, кей жағдайда тас жәшіктер; үйіндінің шетін айналдыра тас қоршаудың болуы немесе оның болмауы; өлікке жылқы арнау, солтүстік немесе солтүстік-шығыс бөлікте ат-әбзелдерін қою; өлікті шалқасынан жатқызып, басын солтүстікке кейде солтүстік батысқа қаратылып жерлеу [181, 46-50 б.].

XX ғ. басында, анығырақ айтқанда 1906, 1910 және 1911 жылдары А.В. Адрианов Шығыс Қазақстан өңірінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жұмыстардың нәтижелері 1916 жылы Императорлық археологиялық комиссияның Хабаршысында жарияланды. Майемер жазығында, Нарым жоталарындағы Солонечный Белок түбінде, Черновая ауылынан жоғары Бұқтырма өзенінің оң жағалауындағы зерттеулер негізінде ерте темір дәуіріне жататын өте құнды заттар анықталып, әртүрлі кезеңге тиесілі жартас бетіндегі жазулар мен тас мүсіндер жайлы ақпарат жиналды [181, 47-48 б.].

1911 ж. Оңтүсті-Батыс Алтайда А.В. Адриановтың жетекшілігімен археологиялық қазба жұмыстары жүргізіледі. Оның тарапынан Ертіс өзенінің сол жағалауындағы Қараш ауылы жанында, Майемер өзенінің оң жағасында, 14 оба зерттеледі. Қараш шатқалыдағы № 1 обаны қазу барысында 2,37 м тереңдікте қабірдің солтүстік қабырғасын бойлай, басы солтүстік-шығысқа бағытталған жылқы қаңқасы анықталады. Ол аяқтарын бауырына жинаған қалыпта орналастырылған.

Солонечный Белок қорымындағы № 2 обаның солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа созылған қабір шұңқырынан 2,84 м тереңдікте етбетімен жатқызылып, басы оңтүстік батысқа бағыттала аяқтарын бауырына жинаған жылқы қаңқасы ашылған. Жылқының ауызында қола ауыздығы, сақталған тоқымында қола әшекейлері бар [181]. Черновая қорымының № 4 обасында 1, 95 м тереңдікте адаммен бірге жылқы қатар жатқызылған. Жылқының басы батысқа бағытталып, қабірдің солтүстігін бойлай жатқызылған.

2018 жылы Солонечный Белок қорымында З. Самашев бастаған ғылыми топ зерттеу жұмыстарын жалғастырады. Зерттеушілер қорымды Топқайың деген атаумен негіздейді. Осы қорымда қазылған бір обадан жылқы қосып жерлеу ғұрпы ашылады. Жылқы қабір шұңқырының солтүстік қабырғасын бойлай, басы шығысқа қарай бағытталып жатқызылған. Маңдайында чеканның ұрғаннынан қалған із сақталған. Жалпы зерттеушілер бұл обаны б.з.д. VI-Vғасырлармен мерзімдеп, майемер мәдениетінен гөрі өтпелі кезеңге жатқызады. Яғни, пазырық мәдениетінің ерте кезеңімен сипаттайды [182, 35 б.].

1959 ж. С.С. Сорокин Үлкен Берел обасындағы қазба жұмыстарын аяқтап, 1960 ж. Бұқтырма өзенінің бойымен Күрті өзенінің құяр сағасына дейінгі жерлерде барлау жұмыстарын жүргізді. 1961-1963 жж. аралығында осы ауданда тағы да қосымша барлау жұмыстары жүргізіліп, Күрті мен Тау-теке өзендерінің аралығында қазба жүргізеді [183]. Солардың ішінде біздің тақырыбыма қатысты мәліметтер берген қорымдарға тоқталсақ.

Күрті қорымы Бұқтырма өзенінің сол жағалауында орналасып, зерттеушінің тарапынан 6 топқа жіктеледі. 1961 жылы Күрті қорымында қазба жұмыстары жүргізіліп, әртүрлі кейіптегі он екі жерлеу құрылыстары ашылады, олардың көбі б.з.д. I мыңжылдыққа жатады. Ең көнесі кішігірім тас шеңберлі құрылыстар болып шықты. II–III топтан мұндай онға жуық шеңберлі жерлеу құрылысы тіркелді.

Күрті II қорымындағы №3 шеңбердің диаметрі 4 м. Қабір шұңқырын ішкі шеңбер қалайды. Бұл шеңберді құрайтын тастардың ұштары қабір шұңқырға қарай төмен қаратылып қойылған, тереңдігі 0,6 м. Жерленген адам сол жақ бүйірімен бүгілген қалыпта жатқызылған, басы СБ бағытталған. Шеңбердің оңтүстік-шығысына сопақша келген шеңбер қаланды біріккен. Оның ішіне толық жылқы жерленген. Оның жанынан сүйектен жасалған екі сулық табылды. Салыстырмалы талдаулар жасай келе С.С. Сорокин жылқымен қосып жерлеу дәстүрі бар Күрті II қормындағы жерлеуді б.з.д. IX-VIII ғғ. жатқызады.

Катон қорымы Сарымсақ өзенінің оң жағасын бойлай орналасқан. Қорымдағы 17 обада қазба жұмыстары жүргізілген. №№ 4, 10, 17, 19 обаларда жылқы жерлеулері анықталған [183, с. 39-60].

№ 4 обаның қабір шұңқырының көлемі 2,8х1,8 м, тереңдігі 1,8 м. Қабірдегі қима-тағанның солтүстік қабырғасында басы шығысқа бағытталған жылқы жерленген. Сүйектері толық емес.

№ 10 оба. Қабір шұңқырының көлемі 2,8 х 1,8 м, тереңдігі 2,5 м болып келген обада қима-тағанның солтүстік қабырғасындағы тепкішекте бастары шығысқа бағытталған 2 жылқы қойылған. Үстіңгі жылқы: 6-7 жасар, сымбаттылығы орташа, шыбық сүйектері үлкен. Сүйектерінің құрылысы жақсы дамыған. Азу тістері күрек тістерге салыстырмалы түрде жақын орналасқан. Мандайынан чеканмен ұрып өлтірілген. Бойы 135-137 см. Азу тістері күрек тістерге тым жақын. Жалпы дене бітімі ірі, сүйектердің құрылысы жақсы дамыған. Асығы қысқа, мойыны түзу, мықты; басы үлкен емес, танау тесіктері мен беті кең келеді. Аяқ сілтетеуі мығым, кеудесі кең (Сурет 13).

№ 17 оба диаметрі 8 м, биіктігі 0,2 м. Қабір шұңқырының өлшемдері 3х2,5 м, солтүстік шетінің тереңдігі 2,4 м, ал оңтүстігі 3 м. Қабірдің оңтүстігінде қатты шіріп кеткен қима-тағанның қалдығы сақталған, оның солтүстік қабырғасын бойлай, сәл жоғарырақ бастары шығысқа қаратылған 2 жылқы жатқызылған. Сақталу деңгейі өте нашар. Бұл қаңқалар өте мығым, сүйектері ірі жылқыға тиесілі болған және № 10 обадағы жылқыларға ұқсас.

№ 19 оба диаметрі 9 м, биіктігі 0,5 м. Қабір шұңқыры 2,4 х 1,9 м, тереңдігі оңтүстік бұрышында 2 м, ал солтүстік шетінде 1,6 м. Шұңқырдың түбіндегі төбесінде жабыны бар қима-тағанда ересек ер адамның қатты шіріген сүйектері

жатты. Қимадан тыс солтүстік жақта тепкішекте бірінің үстіне бірі екі жылқы жатқызылған. Олардың бастары шығысқа қаратылған [183, с. 39-60].

Келесі тарихи кезеңге Берел деген атаумен енгізілген ескерткіштер жатады. Қазақстан жеріндегі ерте көшпелілердің өлікке ат арнау ғұрпы туралы сөз болғанда ең алдымен Қазақ Алтай, соның ішіндегі сондағы Берел қорымы еске түседі. 1865 жылы В.В. Радлов тарапынан алғаш алғаш зерттелген Берел қорымын, 1998 жылдан бері З.С. Самашев жетекшілік ететін ғылыми топ кешенді түрде зерттеп келеді. Берел қорымының ежелгі көшпелілер заманына тән зерттелген обаларының барлығында жылқы қосып жерлеу ғұрпы сақталған. Табылған жылқылардың санына және сән-салтанатына қарай бірнеше топқа жіктеуге болады. Алғашқы топқа қабір шұңқырында 8 және одан да көбірек жылқылар табылған обалар, яғни рубасшылары, көсемдер немесе «патшалар» жерленгендер жатады. Олар №№ 11, 10, 16, 2 және Үлкен Берел обасы [117]. Осыларға нақтырақ тоқталар болсақ.

Үлкен Берел обасында жерленген жоғары әлеуметті лауазым иесін мәңгілік сапарға 17 жылқы шығарып салған. Қабірхананың солтүстік қабырғасын бойлай 4 қатар етіп қабаттаса жатқызылған 16 жылқы және қабірхананың ішіне бір жылқы ораналастырылған [117, с. 103]. Қазба есептеріне қарағанда жылқылардың барлығында ат-әбзелдері болған, шығысында жылқылар тіпті салтанатты әшекейленген.

№ 11 оба. Қорымдағы ең ұзын тізбектің солтүстігінде жеке дара тұрған №11 обада (диаметрі 33,5х22,8 м, биіктігі 1, 8 м) екі қабатқа (астыңғы қабатта жетеу, үстіңгісінде алтау) 13 жерленген екен. Жылқылардың бастары солтүстік-солтүстік-шығысқа бағытталған. Жылқылар барлығы әшекейленген және ерттелген, ал бастапқы екі жылқының басында ағаштан жасалған тау ешкінің мүйізі болды. Мүйіздің салаларына жұқа алтын фольгаларды жабыстырған. Зертеушілердің тұжырымдауынша жирен түсті, жастары 13- 20 шамасындағы, жалымен қоса есептегенде биіктігі 136- 144 см болатын жылқылар көктем мезгілінде жерлеген (Сурет 14). Жылқылардағы тауешкі түріндегі маскаларына қатысты төмендегі арнайы тарауда толығырақ тоқталатын боламыз [115].

№ 16 оба. Осы топқа жататын № 16 обаның қабір шұңқыры 3,5х5,5 м, тереңдігі 5 м болған. Мұнда жерленген ер адам мен әйелді екі қабат етіп жатқызылған 8 жылқы соңғы сапарға шығарып салған. Өкінішке орай тонаушылардың әрекетінен жылқылардың үстіне кигізілген әшекейлі әбзелдері толық сақталмаған. Тіпті тонау барысында жылқылардың бастары үстіңгі қабатқа дейін шығарылып тасталған [184, с. 89].

№ 10 оба. Тереңдігі 3,35 м болып келген қабір шұңқырының түбінде он жылқы жерленген. Жылқылар аяқтарын бауырына жиған қалыпта орналастырылған. Жылқылар барлығы салтанатты түрде ерттеліп, үш қатар болып қойылған. Бірінші қатарға төрт жылқы жатқызылған, бастары жоғары болу үшін плита тастардан жастық жасалған. Келесі, екінші және үшінші қатардағы жылқылар үш-үштен орналасып, әрқайсысының басы алдындағы жылқының жамбасына сүйеліп орналастырылған. Алдыңғы қатардағы бірінші

жылқының, яғни ағаш табытқа жақын орналасқанның басына тауешкінің мүйізі түріндегі әшекей кигізілген [185].

№ 2 оба. Үлкен Берел обасына солтүстік-батыс жағынан түйіседі. Диаметрі 28 м, биіктігі 0,6 м. Орталық бөлігенен 5х4,5 м болатын қабір дағы анықталады. Тереңдету жұмыстары барысында қабір шұңқырының солтүстік бөлігінен 3,5 м тереңдікте жылқы сүйетері кезедесе бастайды. Толық тазалау барысында обада жерленген әйел адамның жанынан жеті жылқы жерленгендігі анықталады. Жылқылар аяқтарын бауырына жинап, бастары шығысқа қаратылып жатқызылған. Тек бір жылқы ғана ерекше орналастырылған, ол алты жылқының үстінен қойылған. Мамандардың көрсетуінше морфологиялық жағынан жылқылардың барлығы айғыр болған [186, с. 50].

Екінші топқа №№ 9, 75, 30, 41 обаларын жатқызуға болады. Бұларда қоғамның орта топ өкілдері жерленген болуы керек. Аталған обалардың алғашқы екеуінде 5 жылқыдан, ал соңғы екеуінде 4 жылқыдан жерленген.

№ 9 оба. Үлкен тас плиталардан тұрғызылған қабір үсті құрылысы алынғаннан кейін тіктөрбұрышты қабір шұңқыры анықталады. Шұңқырдың тереңдігі 3,5 м құраған кезде, солтүстік-батыс бұрышынан беті арнайы тас плиталармен бекітілген жылқылар орналасқан бөлік ашылады. Онда бастары солтүстік-шығысқа бағытталған бес жылқы жатқызылған. Жылқыларда ауыздықтар мен әшекейлер сақталған [118, с. 64].

№ 75 оба. Обаның жерлеу камерасы тігінен қойылған тастардан тұрғызылған қабырға-қоршаудан тұрды. Қабірдің жылқы жерлеуі бар солтүстік-батыс бөлігі тастар мен плиталардың бірнеше қатарымен жабылған. Жерленген 5 жылқының беткі қабаты қайыңтозбен қымталған. Екі қабат етіп жатқызылған 5 жылқы бастарымен солтүстік-шығысқа бағытталған. Олар ауыздықталған және ерттелген [118, с. 81].

№ 30 оба. Осы топтқа кіретін обаның құрылысы бойынша қорымдағы ескерткіштермен бірдей. Ол қатты тонауға ұшыраған, нәтижесінде қосып жерленген 4 жылқының қаңқалары ғана сақталған [185, p. 246].

Үшінші топ обалары біздің тарапамыздан шартты түрде қоғамның қатардағы мүшелеріне жатқызылды. Оларда бірден үшке дейін жылқылар жерленген (№№ 18, 4, 41, 8, 71, 31, 34, 15, 36, 72, 74, 32, 40, 42, 19, 5 обалар).

№ 18 оба. Қабір шұңқырының өлшемі 3,25 х 3,90 м, тереңдігі 3,90 м болып келген обадағы тас текпіштің үстіне, солтүстік-батыс қабырғаны бойлай 3 жылқы жатқызылған.

№31 оба (диаметрі 14х10,3 м, биіктігі 0, 68 м). Қима-тағаннан солтүстік-батыс қабырғасында бастары шығысқа қаратылып, аяқтарын бауырына жия қойылған екі жылқы жерлеуі ашылды (Сурет). Солтүстігіндегі жылқының басы жерге тігінен, мойны иіле (археозоолог П. Косинцевтің ойынша, жылқының басының бұлай қойылуы тек басын байлап тастаған жайда ғана кездеседі) жатыр және жылқыны алдыңғы аяғын соза, ал артқы аяғын бауырына жия оң жамбасымен қойған. Сол жақ жамбасымен жатқан оңтүстігіндегі екінші жылқының жамбасында жатқан тасқа қойылған. Бұл соңғы жылқы жетекте

кетіп бара жатқандай әсер қалдырады. Жылқыларда дөңгелек, темір ауыздықтар сақталған [118, с. 99].

№32 оба. Обаның қабір ішіндегі астау-табытта жерленген адамның жанына аяқтарын бауырына жинаған жылқы қойылған[118, с. 103].

№34 оба. Обада бастары солтүстік-шығысқа бағытталған 2 жылқы жатқызылған [118, с. 103].

№23 оба. Обаның ортасындағы қабір шұңқырының 2,40 м тереңдікті құрайтын деңгейінде солтүстік қабырға бойында 1 жылқының қаңқасы жатты [118, с. 95].

№ 4 оба. Қабір шұңқырының көлемі 3,20х4,40 м, тереңдігі 3,70 м болып келген обаның солтүстік-батыс қабырғасын бойлай 3 жылқы жатқызылған. Олардың біріне тауешкі мүйізі бар бетперде кигізілсе, екінші жылқыда балық түріндегі салпыншақтары бар ер-тоқымның қалдықтары сақталған [118, с. 65].

№ 8 оба. Оңтүстік-батыс – солтүстік-шығыс бағытында созылып жатқан обаның қабір шұңқырында тонаушылардың әсерінен сүйектері қатты бүлінген 2 жылқы жытқызылған.

№ 71 оба. Обаның қабір шұңқырының өлшемдері 2,10х3,30 м, тереңдігі 3,30 м болып келген. Мұнда да екі жылқының қаңқасы адаммен қоса ағаш раманың солтүстік-батысынан жерленген. Жылқылардың басы солтүстік-шығысқа қараған, аяқтары бауырына жиылған. Сол жақ жамбасымен жатқан алдыңғы жылқының басы тігінен, тұмсығынан арнайы салынған қара түсті органика – “киіз” үстіне қойылған жұмыртастарға тірей қойған. Екінші жылқы да сол жамбасымен қойылған, бірақ басы алдыңғы жылқының сол жағына қойылған [118, с. 75].

№72 оба. Обадағы қима-тағанның солтүстік қабырғасын бойлай басы шығысқа бағытталған, аузында қола ауыздық пен ағаш сулығы бар жылқы жерленген. Ол қарынымен, яқтары бауырына жиналған қалыпта жатқызылған [118, с. 76].

№74 оба. Обаның сопақша келген қабір шұңқырының көлемі 2,8х2,5 м болып, солтүстік-солтүстік-шығыс – оңтүстік-оңтүстік-батыс бағыты бойынша созылып жатты. Жерлеу камерасының солтүстік бөлігінде қола ауыздықпен және ағаш сулықпен жүгенделген жылқы жерленген. Ол аяқтары бауырына жиналып, қарынымен жатқызылған. Тазалау барысында қоңыр түсті шірінді анықталды. Осыған қарағанда жылқының үстін қайытозбен және киізбен жапқан болуы керек [118, с. 79].

№ 36 оба. Жерлеу ғұрпы бойынша аталған нысандардың ішінде № 36 оба ерекше қызығушылық тудырады (Сурет 16). Мұнда жылқыға арнайы тастан бекітілген құрылыс тұрғызылған. Тас жәшікке жақын бұл жерлеу камерасының түбі жұмыр тастармен көмкеріліп, қабырғалары тігінен қойылған тас блоктардан тұрғызылған. Жылқы аяқтарын бауырына жинап, басы шығысқа қаратылып, сәл көтеріңкі күйде жатқызылған. Одан кейін жылқы жатқызылған бұл құрылыс толығымен таспен бекітіліп тасталған, соның нәтижесі болуы керек тонаушылардан аман қалған [118, с. 87].

№ 19 оба. Аталмыш нысан № 18 обаның солтүстік жағында орналасқан. Диаметрі 17 м, биіктігі 2 м құрайды. Орталық бөлігінде анықталған қабір шұңқырынан бірінің соңынан бірі қойылған екі жылқы анықталады. Жылқылар аяқтарын бауырына жинап, бастары солтүстік-шығысқа бағытталған [186, с. 91].

№ 5 оба. Қазбаға дейінгі өлшемдері: диаметрі 25 м, биіктігі 3 м. Жер беті деңгейінен 3,5 м тереңдікте қабір шұңқырының солтүстік қабырғасын бойлай бірінің артынан бірі екі жылқы орналастырылған. Аяқтарын бауырына жинап қойылған жылқылардың бастары шығысқа қаратылған [187, с. 155].

Жоғарыда сипатталған ескерткіштермен қатар Берел қорымында хронологиялық жағынан біршама кейінгі жерлеу орындары ашылады. Жерлеу ұрпы мен алынған материалдары бойынша олар сяньбилермен баламаланып, уақытнамасы бойынша б.з. II-IV ғасырларымен мерзімделеді. Бұл ескрткіштерден де жылқымен қосып жерлеу ұрпы анықталады. Берел кезеңі ескерткіштерімен қатар орналасқандықтан, тіпті кейде бірігіп кетуіне байланысты тарихи-мәдени сабақтастық тұрғысынан қарастырылып отырған кезең ескерткіштерімен қатар сипатталуы тиіс деп санадық.

№ 81в нысаны. Үлкен Берел обасының солтүстігіне қарай 30 м жерде орналасқан. Қазбаға дейін мүлде белгісіз болып жатты, тек №81 обадағы қазба барысында бір шеті анықталады. Шым қабаты алынғаннан кейін төрт бұрышты тас құрылыс түрінде болды. Тас құрылыстың астындағы дақ бойынша жүргізілген қазба нәтижесінде солтүстік-шығысқа бағытталып, аяқтары бауырына жинақталған [184, с. 60-61]. Негізінен алғанда бұл құрылыс нысаны № 81обаның қосымша құрбандық орны болған болуы керек. Жылқыны жеке көму арқылы бөлек құрмет көрсеткен тәрізді.

№ 82в нысаны. Сыртқы формасы шеңберлі қоршау түріндегі тас қаланды. Құрылыстың өлшемдері солтүстік-оңтүстік 4,8 м, шығыс-батыс 5,9 м, биіктігі жер беті деңгейінен 50 см. Орталық бөлігіндегі шұңқырға ауыздықталған жылқы көмілген. Жылқының денесі солтүстік-шығысқа бағытталғанымен, басы арқа қаратылып, яғни тұмсығымен оңтүстік-батысқа бұрылған [186, с. 157]. Бұл нысан да № 81в тәрізді жылқының құрбандық орны болған тәрізді.

№ 79 нысан. Бұл ескерткіш те тас қаланды түріндегі қоршау тәрізді болып келді. Орталық бөлігінен денесімен шығысқа бағытталған жылқы қаңқасы ашылады. Жылқының басы жерлеу кезінде ақ бөлініп алынып мойынына теріс айналдырып қойылғанға ұқсайды [186, с. 162]. Нысан өзінің ұрыптық мәні жағынан жоғарыдағы ескерткіштерді қайталайды.

Берел қорымында 2018 жылы дәл осындай қаланды-қоршаулардың алтауында қазба жұмыстары жүргізіліп олардың үшеуінде жылқы арнау ұрпы тіркеледі.

№ 67С нысаны. Мұнда тек ауыздықталған жылқы ғана жерленген. Жылқының басы шығысқа бағытталған.

№ 108 нысан. Қабірге жасы үлкен ер адам мен жылқы жерленген. Бір ерекшелігі алдымен адам жерленіп, оның үстіне жылқы жатқызылған. Яғни, екі ярусты жерлеу орындалған.

№ 108А нысаны. Мұнда да екі ярусты жерлеу ашылады. Алдымен әйел адам қойылып, одан кейін жылқы жерленген [187, с. 16-18].

Шығыс Қазақстан ерте темір дәуірінің соңғы кезеңі Құлажорғаға кіретін ескерткіштерден де жылқымен қосып жерлеу белгілері айқындалады. Аталмыш ескерткіштер С.С. Черников тарапынан 1948 жылы алғаш ғылыми есепке алынып, өзіндік ерекшеліктеріне қарай жеке кезең ретінде бөліп көрсетуге мүмкіндік жасайды [188-190]. Ендігі жерде жылқыны қосып көму салты бар обаларға сипаттама бере кетсек.

Құлажорға қорымы. Сипатталып отырған кезеңнің атауына негіз болған Құлажорға қорымы Нарым тау жотасының етегінде, Ертіс өзенінің сол жағалауында орналасқан. Обалардың барлығы бір типті болып келген. Негізгі зерттеу жұмыстары 1948 және 1956 жылдары жүргізіледі. Жұмыс нәтижесінде жылқы қосып жерлеу ғұрпы кездесетін төмендегідей нысандар ашылады.

№ 12 оба. Нысандағы тас жәшіктің ішіне ер адам мен әйел қосарлана жерленген. Тас жәшіктің үстіне жылқының астыңғы жақ сүйегі мен аяқтары қойылған [191, с. 6].

№ 43 оба. Орталық бөлігіндегі тас жәшіктің ішіне ер адам мен оның жанына қыш ыдыс қойылған. Жәшіктің солтүстік қабырғасының сыртына басы шығысқа бағытталған жылқы орналастырылған. Жылқының аяқтары бауырына жианалған.

№ 15 оба. Қорымдағы бұл нысанның жер қабірінде адаммен жылқы қатар қойылған [192].

Славянка қорымы. №1 оба. Үйінді астындағы диаметрі 5 м тас қоршау ортасынан 1,75 м тереңдікте екі жылқы бірінің артына бірі, тұмсықтары шығысқа қаратыла жамбасымен жатқызылса, 2,25 м тереңдікте тас жәшіктен (2,5х1,15 м) затсыз қос жерлеу болған. С.С. Черниковтың ойынша, бұл обаның материалдары құлажорға мен пазырық мәдениетіне тән болып келген [193].

№ 10 оба. Нысандағы 0,5 м тереңдікте орналасқан тас жәшікті жерлеудің солтүстік қабырғасының сыртына, басы шығысқа бағытталып жылқы жатқызылған.

№ 14 оба. Оба шұңқырынан басы шығысқа бағытталып, аяқтары бауырына жиналған жылқы жерлеуі ашылды. Жылқы 2,4 м тереңдіктегі тас жәшіктен 1 м жоғары қойылған (Сурет 17).

№ 15 оба. Көлемі 1,65х0,8 м тас жәшікте бастары шығысқа қаратылып әйел мен баласы жерленген. Олардан 1 м жоғары деңгейде басы шығысқа қаратылып жылқы жатқызылған [193].

Қызыл ту қорымы. Қорымдағы зерттеулер 1950 жылы жүргізіледі. Қорым Ертіс өзенің оң жағалауында, Самар ауданына қарасты Қызыл ту ауылы маңында орналасқан.

№ 4 оба. Қабір шұңқыры ішіндегі төрт бөренеден құралған қиманың ішіне бала жерленіп, оның солтүстігіне аяқтарын бауырына жинаған екі жылқы жатқызылған [192, с. 56].

1977-1983 жылдар аралығында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты

археология бөлімінің Шүлбі археологиялық экспедициясы Ертіс өзені аңғарындағы археологиялық ескерткіштерді зерттейді [194].

Жартас қорымындағы № 51 обадан жылқы қосып жерлеу ғұрпы анықталады. Обаның қабір шұңқыры сопақша болып келген, өлшемі 2,45 х 1,95 м, батыстан шығысқа қарай бағытталған. 1,25 м тереңдікте ежелгі жер бетінен, тас жәшіктің жабу плиталарында жылқы қаңқасы табылды. Ол сол бүйіріне қарай жатып, басын шығысқа қаратқан. Алдыңғы аяқтары тізеден бүгілген, ал артқы аяқтары үйінді қысымынан түскен плиталар нәтижесінде жәшіктің түбіне түсіп кеткен (сурет 18).

Зевакино қорымы. Шығыс Қазақстан облысы Шемонайха ауданы аумағында орналасқан. Ф.Арсланованың жетекшілік етуімен 1964-1974 жылдар аралығында зерттелген. Қорым аумағынан түрлі тарихи кезеңге жататын ескерткіштер шоғыры есепке алынады. Солардың қатарында жылқы қосып жерлеу ғұрпы кездесетін Құлажорға кезеңіне тән ескерткіштер де қазылады. Солардың сипаттамасына тоқталсақ.

№ 98 оба. Оба диаметрлері 5,5-6 м болып келетін екі қоршаудан тұрған. Олардың әрқайсысында қабір шұңқырларының болуы өзіндік ерекшелік болып табылады. Қабір шұңқыры солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа созылған бірінші қоршауда, 1,8 м тереңдікте солтүстік қабырғаны бойлай аяқтары бауырында, басы тік қойылып, солтүстік-шығысқа бағытталған жылқы сүйегі орналастырылған. Ал одан 0,4 м тереңдікте басы солтүстік-шығысқа бағытталып, шалқасынан адам жерленген [195, с. 13].

№ 104 оба. Үйінді астында үш шұңқыр анықталады. Екі жерлеуде шұңқыр төртбұрышты, бұрыштары дөңгелене келген. Соның біреуінде көлемі 2,75х1,25 м болатын қабірде жылқы мен адам жерленіп, бастары шығысқа бағытталған. Жерлеу дәстүріне қарай оба б.з.д. IV-II ғасырлармен мерзімделген [195, с. 13-14].

№ 99г обасы. Нысанның қабірі төртбұрыш пішіндес, шеттері дөңгелене келетін қоршауының солтүстік қабырғасында, тас төсеніш үстінде басы көтеріліп қойылған, аяқтары ішіне қарай бүгілген, басы шығысқа қаратылған жылқы сүйегі қойылған (Сурет 18). Бұл жылқы сүйегінен 0,7 м тереңдікте басы шығысқа қаратылған, арқасымен қойылған адам қаңқасы жатты [196, с. 12-13.].

№ 99е обасы. Нысандағы жылқы 2,7 м тереңдіктегі тас жәшіктің бетіне, аяқтарын бауырына жинап, басы шығысқа бағытталып жатқызылған (Сурет 19). Одан 0,4 м тереңдікте басымен дәл сол бағытта адам жерленген [196, с. 14.].

Құрық 2 қорымы. Бұл қорымдағы № 6 обаның қабір шұңқыры 3,2х1,6 м құрайды. Шұңқырдың оңтүстігінен 1,3 м тереңдікті оң қырымен жатқызылған басы жоқ жылқы анықталады. Оның жанына басы жоқ қой сүйегі қойылған [197, с. 20].

Қызылтас қорымы. Құлажорға кезеңіне тән ескерткіштерге жақын бұл қорымды XX ғасырдың 90-жылдары А.А. Ткачев зерттеген болатын. Ескерткіш Ертістің жоғарғы ағысы бойында орналасқан. Қорымдағы № 46 және 47 обалардан қабір ішене толтырылған тастардың үстінен жылқы жерлеулері

кездескен. Жылқылар сол жамбастарымен, аяқтары бүгіліп, бастары шығысқа бағытталып жатқызылған [198, с. 8-13].

Біздің ғылыми топтың Шілікті жазығындағы зерттеу жұмыстары барысында Құлажорға кезеңіне жақын ескерткіштер тобы анықталған болатын. Бір айта кетерлігі кезінде С.С. Черников Шілікті жазығында бірнеше обаның материалдары негізінде аталмыш өңірде Құлажорға типтес ескерткіштердің таралуы мүмкіндігі жайлы болжам жасаған болатын. Бұл болжамды біздің Шілікті IV және V қорымдарында жүргізген қазба жұмыстарымыз дәлелдей түсті. Әсіресе , жылқы қосып жерлеу ғұрпы бар нысандардың кездесуі айрықша қызығушылық тудырды.

Шілікті V қорымы. Нысан Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі аумағында орналасқан. Обалар тобы Тасбастау ауылының шығысында 2 шақырым жерде, Зайсан-Шілікті тас жолының екі жақ шетінде орналасқан. Обалар бірнеше тізбекті топтан тұрады. Әрбір топта 2-3 және 4-5 обадан тіркелді. Олардың жердің бетінде білініп, көзге көрініп тұрғандары жоспарға түсірілді. Тізімге алынған обалардың саны 30. Обалар негізінен солтүстіктен-оңтүстікке қарай тізбектеле орналасқан. Олардың көлемдері біркелкі: 8-12 м аралықтарында. Солардың ішінде жылқы жерлеуі ашылған обаның сипаттамасын бере кетсек.

№ 12 оба. 2012 жылы зерттелді. Нысан Шілікті-Зайсан тас жолынан солтүстік-шығысқа қарай 100 м жерде, тау бөктерлерінің етегінде орналасқан. Оба төрт обадан тұратын топтың ішінде (Сурет 20). Оба кішірек және орташа тастардың топырақпен араласуынан үйілген. Үйіндінің формасы домалақ. Обаның етегімен есептегендегі диаметрі 9 м, биіктігі 0,5 м. Орталық бөлігінен қабір шұңқырын анықтайтын тастар шоғыры ашылды. Қабір шұңқыры 1,2 м тереңдікке жеткенде солтүстік қабырға бойынан жылқы қаңқасы ашылды. Анатомиялық қалпын сақтаған жылқы сол жақ бүйірімен жатқызылып, басы шығысқа қаратылған. Аяғының сүйектері мүлде сақталмаған, тонаушылардың әсерінен болса керек. Жылқының астына тастан төсеніш жасалған [199, 6-8 б.].

Шілікті IV қорымы. Нысан Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі аумағында орналасқан. Обалар тобы Тасбастау ауылының солтүстік батысында, Гүрт елді-мекенінен тура солтүстікте шамамен 700 м жерде орналасқан.

№ 7 оба. Нысанның солтүстіктен-оңтүстікке қарай ұзындығы 12,5 м, шығыстан батысқа қарай –11,5м. Биіктігі 0,3 м. Қабір шұңқырының тереңдігі 2 м асқанда жылқы жерлеуі ашылды. Жылқы ұзына бойымен оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай қаратылып, басы солтүстікке бағытталған (Сурет 21). Оң жамбасымен жатқызылып, аяқтары бауырына жиналып, бүгілген қалпы жерленген. Жылқының басы денесінен сәл биікте орналастырылған. Басының астына жастық құсатып ірі қиыршық құм төселген. Алдыңғы аяқтары алға қарай созылып барым, тізесінен ішке қарай бүгілген [200, 3 б.].

Сонымен жоғарыда айтылғандардың негізінде Құлажорға кезеңіне қатысты өзіміздің қорытынды ойларымызға тоқталайық. Жалпы С.С. Черников құлажорға мәдениетін ғұн шаньюйі Чжи-чжидің батысқа жорығынан белгілі угэ тайпалары қалдырған деп тұспалдауға, әрі бұл тайпа қорғандарынан табылған

керамика мен тары қалдықтарына қарағанда алыс, әрі ұзаққа көшпеген болар деген ой түйген болатын [128, с. 64-81]. Угэ тайпасы С.С. Черниковтың айтуы бойынша тек Ертістің жоғарғы ағысы бойын жайлап Жетісудағы үйсіндермен тығыз қарым-қатынаста болған. Ал олардан батыста Шыңғыстауда, Ертістің төменгі ағысында және солтүстік Алтайда жерлеу ғұрпындағы ерекшеліктеріне қарағанда басқа тайпалар өмір сүрген [202, с. 132-137]. Бұл жерде соңғы жылдардағы археологиялық қазбаларға, қазіргі қолда бар мәліметтерге қарағанда ғалымдардың пікірінше юэчжи тайпалары өз мәдениетін (пазырық) қалдырған [189, с. 169-177]. Ертістің сол жағалауында, нақтылап айтатын болсақ, Тарбағатай теріскейінде Ә.Т. Төлеубаевтың пікірінше үйсін тайпалары мекендеген, ол мұндағы ескерткіштердің сыртқы құрылысы мен қабірлерден алынған заттар кешенінен де айқындауға болады деген тоқтамға келген [203, 23-38 б.]. Біздің ойымызша, мұнда угэ тайпаларынан өзгеше, үйсіндерге жақын, яки үйсін тайпалық одағына кіретін, этно-мәдени жағынан туыстас ру, тайпалардың өмір сүрген болуы ықтимал. Қалай деген де Құлажорға кезеңі ескерткіштерін өзіндік әдет-ғұрпы мен дүниетанымы бар тайпалар қалдырғандығында еш күмән жоқ.

Қазақстанның орталық өлкесін б.з.д. I мыңжылдықта ерекше мәдени үлгідегі ескерткіштер қалдырған халықтар мекендеді. Ғылымда бұл ескерткіштер тобы Тасмола мәдениеті деген атауға ие болды. Сонымен қатар соңғы уақыттарда аталмыш өңірде Қорғантас типіндегі ескерткіштер бөліп көрсетіліп жүр. Жалпы алғанда Қазақстанның орталық өңірі мен кейбір іргелес өңірлерінде жылқымен байланысты ерекше жерлеу-еске алу ғұрыптары тараған. Бүгінгі күнге дейін белгілі болған нысандарға сипаттама жасайық.

Қанаттас қорымы. Нұртай өзенінің сол жағалауында Қанаттас ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Қорымда жеті оба тізімге алынған [165].

№19 оба. Нысанның диаметрі 9 м, биіктігі 0,7 м. Қабір шұңқырында жас жылқының бас сүйегі, аяқ сүйектері мен омыртқалары жатты. Бас сүйегінің тұмсығы солтүстік-шығысқа бағытталған. М.Қ. Қадырбаев обаны б.з. IV- V ғғ. мерзімдеген.

Тасмола I қорымы. Ескерткіш 1959 ж. зерттелген. Шідерті өзенінің оң жағалауында, Төртүй ауылынан (бұрынғы Екібастұз совхозы) оңтүстік-шығысқа қарай 8 шақырым жерде орналасқан. Қорымда әртүрлі кезеңге жататын 36 ескерткіш тіркелген [165].

№ 19 оба. Аталған қорымның батыс шетінде орналасқан обада әйел адам жерленген. Оның сол аяғын бойлай жылқының бас сүйегі мен жауырыны қойылған. Бас сүйек тұмсығымен солтүстікке бағытталып, ауызында сулық кигізілген ауыздық сақталған.

№22 оба. Диаметрі 8 м, биіктігі 0,35 м.Қабір шұңқыры сопақша келген, оңтүстік-солтүстік бағытында созылған (2,2х0,6 м). 1,3 м тереңдікте адамның алты омыртқасы мен кеуде сүйегі сақталса, қалған сүйектері шашырап кездесті. Қабір шұңқырының оңтүстік жағында жылқы бас сүйегінің қалдықтары төменгі жақ сүйек түрінде сақталған.

№24 оба. Алдыңғы обадан шығысқа қарай 30 м жерде орналасқан. Қабір шұңқыры оңтүстік-солтүстік бағытында созылған (2,3х0,9 м). Қабірдің түбінде, 1,2 м тереңдікте ер адамның шашылған сүйектері анықталды. Адамның жіліншік сүйектерінің арасында жылқының бас сүйегі мен жауырыны жатты. Бас сүйек тұмсығымен оңтүстікке бағытталып, ауызында қола ауыздық сақталған [165].

Тасмола V қорымы. 1961 ж. зерттелген қорым жоғарыда сипатталып өткен Тасмола I қорымының солтүстік-шығысынан 1,8 шақырым, Шідерті өзенінің шығысында 2 шақырым жерде орналасқан. Қорымда бес оба тіркелген [165].

№ 2 оба. Диаметрі шығыс-батыс бағытында 18 м, оңтүстік-солтүстік бағытында 17,5 м, ал биіктігі 1,2 м. Қабір шұңқырының тереңдігі 1,8 м құрап, оның ішінен жерленген адамның шашылған сүйектері кездескен. Қабірдің оң жақ бұрышында қойдың бас сүйегі мен жауырыны жатты. Осы жерде жерлеу ғұрпы орындалған заманда 7 жылқының бас сүйектері жатқан болуы керек, бірақ тонаушылардың әсерінен олар қабірдің солтүстік жағына лақтырылып тасталған. Жылқылардың ауыздарында қола ауыздықтар болды [165].

№3 оба. Диаметрі 20 м, биікті 1,6 м болып келген нысан жоғарыда сипатталған №2 обадан солтүстік-шығысқа қарай 20 м жерде орналасқан. Қабір шұңқырының тереңдігі 1,5 м құрап, солтүстік-оңтүстік бағытында созылған. Оның оңтүстік түбінде 2 жылқының бас сүйегі мен жауырыны қойылған.

№ 6 оба. Диаметрі 13 м, биікті 0,6 м. Қабір шұңқыры сопақша келіп (2,3х0,9 м), солтүстік-оңтүстік бағытында созылған. Қабірдің оңтүстік бұрышында 2,1 м тереңдікте жылқының бас сүйегі, жауырыны және тұяқ сүйегі жатты.

Тасмола VI қорымы. Алдыңғы қорымның солтүстік-шығысына қарай 300 м жерде орналасқан. Қорым екі оба мен олардың ортасындағы үйіндісі жоқ жерлеу орнынан тұрады [165].

№ 1 оба. Диаметрі 11 м, биікті 0,8 м. Солтүстік-оңтүстік бағытында созылған (2,7х1,1 м) қабір шұңқыры сопақша келген. Қабір түбінде (1,6 м тереңдікте) солтүстікке бағытталған бас сүйегі жоқ адам қаңқасы жатты. Қабірдің оңтүстік бұрышында тұмсығы оңтүстікке қаратылған жылқының бас сүйегі мен бірнеше омыртқа және жауырын жатты.

№2 оба. Өлшемдері: диаметрі солтүстік-оңтүстік бағытында - 9 м, шығыс-батыс бағытында - 10 м, ал биікті 0,6 м. Солтүстік-батыс-солтүстік - оңтүстік-шығыс-оңтүстік бағытында созылған қабір шұңқыры (1,7х0,7 м) сопақша пішінде келген. 1,5 м тереңдікте адамның шашырап жатқан сүйектері ұшырасты. Әдеттегідей қабірдің оңтүстік бөлігінде жылқының бас сүйегі мен жауырын алып жатты.

1962 жылы Шідерті өзенінің бойында орналасқан Қарамұрын және Нұрмамбет қорымдарында зерттеу жұмыстары жүргізілген. Нұрмамбет II қорымындағы №3 обаны зерттеу барысында, 1,5 м тереңдікті құрайтын қабір шұңқырының оңтүстік-батыс бұрышынан аударылып тасталған жылқының бас сүйегі тіркелді [165].

1959 ж. зерттелген Ботақара қорымындағы №48 оба екі қорғаннан тұрады. Бірінші қорғанның солтүстік-оңтүстік бағытындағы көлемі - 5 м, ал шығыс-батыс бағытында - 10 м, биіктігі 0,4 м. Оның астында, батыс бөлігінде оң жақ бауырымен, басы солтүстікке бағытталған жылқы қаңқасы жатты. Оның аяқтары созылыңқы. Екінші қорғанның астынан да дәл осы қалыпта, бірақ басы солтүстік-шығысқа бағытталған жылқы анықталған.

Нұркен 2 қорымы. Қорым Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен ауылының оңтүстік-батысына қарай 10 шақырым жерде орналасқан. Негізгі зерттеу жұмыстары 2001-2002 жылдары жүргізіліп, нәтижесінде әртүрлі кезеңге тиесілі 16 нысан зерттеледі. Солардың ішінде № 3, 4, 5 жерлеу орындарынан өлікке жылқы арнау ғұрпының белгілері анықталады. Бұл обалардағы жерлеу ғұрпы тас жәшіктерде орындалған. Тас жәшіктердің шығыс басында арнайы құрбандық орындары жасалған. Олардың ішіне жылқының бас сүйектерін қойған. Қазба авторы А.З. Бейсеновтың тұжырымдауынша бұл жерлеу орындары мәдени-хронологиялық белгілері бойынша б.з.д. I мыңжылдықтың соңымен мерзімделеді [204, с. 180]. Сонымен қатар, аталған зерттеуші мұндай жерлеу ескерткіштерін Орталық Қазақстанның шығыс аудандарымен байланыстырып, ерекше «қорғантас типіндегі ескерткіштер» деген атаумен жіктейді [205, 1995, с. 55-61].

Байке 2 қорымы. Қорым Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен ауылының оңтүстік-оңтүстік-шығысына қарай 14 шақырым жерде орналасқан. Қорымның құрамында 13 оба, сегіз құрбандық орындары және этнографиялық дәуірге тән көптеген нысандар бар.

№ 5 оба. Диаметрі 4 м, сақталған биіктігі 0,25 м. Орталық бөлігінен көлемі 1,4х1,2 м, тереңдігі 0,6 м болатын батыс шұңқыр және көлемі 1,2х1,15 м, тереңдігі 0,5 м шығыс шұңқыр ашылды. Соңғы, яғни шығыс шұңқыр құрбандық орны болған. Онда 5 жылқының бас сүйегі қойылған [206, с. 299-300].

Еңбекшіл қорымы. Қарағанды облысы Шет ауданы аумағындағы Еңбекшіл ауылының солтүстік-шығысына қарай 3,5 шақырым жерде орналасқан. Қорымның құрамындағы нысандар апатты жағдайда, кейбір тіпті бүлінген. Қорымдағы № 2 нысанда қазба жүргізіледі. Ақымдап жерлеу ғұрпы сақталған бұл обаның негізгі шұңқырынан 1,5 м тереңдікте тұмсығы солтүстікке қараған жылқының бас сүйегі ашылады [206, 2015, с. 446].

Көріп отырғанымыздай Қазақстанның орталық өлкесінде ерте темір дәуірі тайпаларының жылқы малымен байланысты өзіндік жосын-жоралғылары болған. Оның ерте кезеңі тасмола мәдениеті ескерткіштерімен байланысты болса, кейінгі дәуірі қорғантас кезеңі нысандарымен сипатталады. Олардың типологиялық ерекшеліктері төменгі тарауда толық талданады.

Ерте темір дәуірінде жылқы қосып жерлеу ғұрпы кездесетін тағы бір аймаққа Жетісуды жатқызамыз. Осы күнге дейінгі ғылыми зерттеулердің бірінде де аталмыш өңірде өлікке ат арнау ғұрпының болғандығы жөнінде айтылмайды. Біздің бұрынғы археологиялық қазбалардың ғылыми есептерін саралау барысындағы ізденістеріміздің нәтижесінде бұл аймақты мекендеген

ерте көшпелілердің де ұрпында жылқы қосып жерлеу болғандығына көз жеткіздік. Өкінішке қарай ол ғылыми есеп материалдары ғылыми айналымға енбей қалған. Нақтырақ айтар болсақ ол Г.А. Кушаевтың жүргізген археологиялық қазбалары. XX ғ. 60-жыдары Алакөл ойпатындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеудің жаңа кезеңі басталады. Зерттеу жұмыстарына басшылық еткен Г.А. Кушаев тарапынан өңірдегі ежелгі дәуірден ортағасырларға дейінгі біршама ескерткіш зерттеледі және тізімге алынады. Солардың ішінде Алакөл I қорымындағы бірнеше обадан жылқы қосып жерлеу ұрпы анықталады. Соларға қысқаша тоқталып кетсек.

Алакөл I қорымы. Қорым қазіргі Алматы облысы Алакөл ауданы Көктұма ауылынан шығысқа қарай 10 шақырым жерде орналасқан. Шығыстан батысқа созылып, 50 аса обалардан тұрады. 1963-64 жылдары қорымдағы бірнеше обада қазба жұмыстары жүргізіледі. Солардың ішінде біздің қарастырып отырған мәселе және тарихи кезең бойынша төрт обадан мәлімет алынды.

№ 44 оба. 1963 жылы зерттелген. Диаметрі 8 м, биіктігі 0,6 м болатын оба үйіндісі тас аралас қиыршық қабатын тұрды. Қазіргі жер беті деңгейінен 0,5 м тереңдікте солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа созылған, ұзындығы 2,3 м, ені 1,35 м тас құрылысы ашылады. Осы тас құрылыстың астынан 0,7 м тереңдікте жылқы қаңқасы анықталады. Жылқы оң жамбасымен, басы шығысқа бағытталып, аяқтары бауырына жиылған қалыпта орналастырылған [207, с. 74].

№ 48 оба. 1963 жылы зерттелген. Жоғарыда сипатталған № 44 обаның солтүстігінде орналасқан. Қазбаға дейінгі көлемі: диаметрі 4 м, биіктігі 0, 15 м. Обаның қабір шұңқыры оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып, ұзындығы 2,5 м, ені 1,5 м құрады. Шұңқырдың солтүстік-батыс бөлігінен 1, 3 м тереңдікте жылқының төрт аяқ сүйегі қойылған [207, с. 76].

№ 6 оба. 1963 жылы зерттелген. Қорымның батыс шетінде орналасқан. Диаметрі 9 м, ені 0,53 м. Орталық бөлігінен солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылған, ұзындығы 1,8 м, ені 0,7 м болатын қабір шұңқыры анықталған. Жер беті деңгейінен 1,2 м тереңдікте басы шығысқа бағытталған жылқы қаңқасы ашылады. Арнау жылқы оң жамбасымен, алдыңғы аяқтары алға созылып, артқы аяқтары артқа жіберіліп жатқызылған. Қазба авторының пікірінше бассүйегі мен мойынның орналасуы жылқының шабысын ерекше сомдаған, яғни озып шығуға тырысып баққан жануарды көрсетеді [207, с. 80].

№ 51 оба. 1964 жылы зерттелген. Жоғарыда сипатталған № 48 обаның оңтүстік-шығысына қарай 30 м жерде, жеке дара орналасқан. Қазбаға дейінгі көлемі: диаметрі 9 м, биіктігі 0,5 м (Сурет 22). Төрт бұрышты болып келген қабір шұңқырының өлшемдере 3х3 м құрайды. Жер беті де деңгейінен 1,3 м тереңдікте, қабір шұңқырының солтүстік қабырғасын бойлай басын шығысқа қаратып сол жамбасымен жылқы жатқызылған. Алдыңғы аяқтары бауырына жиналса, арқы аяқтары оңтүстікке бағытталған. Жерленген жылқы бас сүйегінің жанына тағы екі жылқының бас сүйегі қойылған [207, с. 87-88].

Жылқы қосып жерлеу ұрпы кездесетін ескерткіштердің тағы бір тобы еліміздің батыс өңірлерінен есепке алынған. 1977 жылы Орал педагогикалық

институтының Г.А. Кушаев бастаған археологиялық тобы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы территориясындағы Дөңгелек су қоймасы маңында қазба жұмыстарын жүргізеді. Екі обалар тобынан екі нысанда қазба жұмыстары жүргізіледі. Солардың бірінде біздің тақырымызға қатысты мәліметтер алынған.

№ 8 оба. Диаметрі 50 м, биіктігі 1,6 м құраған. Нысаннан бірнеше қабір шұңқыры анықталып, 4-қабірден жылқымен байланысты ұрып анықталады. Қабір шұңқырының көлемі: ұзындығы 2,75 м, ені 1,45 м құрайды. Қазба кезінде 1,2 м тереңдікте қабір шұңқырының шығыс қабырғасын бойлай жылқының 6 бас сүйегі қойылған. Олардың бесеуі тұмсықтарымен солтүстікке, біреуі оңтүстікке бағытталған [208, с. 25-26].

Өлікке ат арнау ұрпы сақталған келесі бір нысан Қырық-оба II қорымындағы зерттеу барысында анықталады. Қырық-оба II қорымы Батыс Қазақстан облысы Бөрілі ауданы Даниякөл ауылынан 5 шақырым жерде орналасқан. Қорымдағы зерттеу жұмыстары 2001 жылдан басталады.

№ 3 оба. 2006 жылы жылқы қосып жерлеу ұрпы кездескен № 3 оба зерттеледі. Обаның қазбаға дейінгі диаметрі 55 м, биіктігі 3,8 м құрайды. Обадан екі жерлеу орны ашылады. Жерлеу ұрпы ағаш қима-тағанда орындалып, олар батыс-шығыс бағытында орналастырылған. Негізгі қима-тағанның оңтүстік қабырғасының сыртына екі жылқы жатқызылған. Жылқылардың аяқтары бауырына жиналып, бастары солтүстікке бағытталған. Жылқы бас сүйектерінің жандарында диаметрі 6 см болатын ат қазықтардың орындары сақталған [115, с. 271-272].

№ 15 оба. Нысан Орал-Ақсай автожолының оңтүстігінде орналасқан. Қазбаға дейінгі көлемі: диаметрі 40 м, биіктігі 1,1 м. Обаның орталық бөлігінен солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытында созылған қабір шұңқыры ашылады. Оның оңтүстік-шығысынан дәліз анықталады. Осы дәліздің ішіне жылқының 4 бас сүйегі қойылған [209, с. 54-55].

№ 19 оба. Диаметрі 36 м, биіктігі 2 м. Обаның оңтүстік бөлігінен жылқының қаңқасы табылады. Сүйектерінің күйгеніне байланысты сақталу деңгейі нашар. Жылқының аяқтары бауырына жиналып, басы солтүстікке қаратылып жатқызылған [209, с. 62].

Сонымен ежелгі көшпелілер заманында қайтыс болған иесімен бірге ер-тұрманы, әбзел әшекейлерімен қоса жерленуінен жылқының күнделікті өмірде қандай орын алғандығын аңғару қиын емес. Ескерткіштердің көпшілігінде жылқының толық нұсқасы кездессе, бас сүйектерін қою тек орталық аймаққа тән екендігі байқалады.

3.2 Ерте темір дәуірінің петроглифтері және жазба деректер

Б.з.д. I мыңжылдықта Орталық Азиядағы монументалді ескерткіштердің көпшілігінде жылқы кескіндері кездесе бастайды. Мұндағы жылқылар алдыңғы қола дәуіріндегідей аса бір тылсым дүниеге толы емес, керісінше анық, әр уақытта қозғалыс үстінде, яғни бір ерекше динамизге жақын қалыпта суреттеледі. Мұның өзі ең алдымен қарастырылып отырған кезеңде орын алған

мәдени-шаруашылық типтік жаңа түрінің – көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуымен астасады. Соның нәтижесінде алғашқы мемлекеттік құрылымдар мен түрлі әскери институттардың қалыптасуы жаңа идеологияның және дүниетанымның жүзеге асуына себеп болды. Мұның өзі жерлеу ғұрпы мен өнерде көрініс тапты. Осы уақыттағы жартас суреттерінде аң бейнелі стилде орындалған бейнелер, жыртқыштардың басқа жануарларға шабуылы, аңшылық желілер, әскери қақтығыстар сияқты сарындар басымдық алады. Яғни, негізгі сюжеттерді табиғаттағы жүйрік, күшті және айбатты жан-жануарлар құрайды.

Ерте темір дәуірінде жылқы бейнесі үндіирандық пантеондағы құрбандық жануары мәртебесін жоғалтпай басқа мазмұнға ие болады. Осы уақытта жылқы бейнесі, салт аттылардың кескіндерін қоса алғанда біртіндеп мәдени-дүниетанымдық құндылықтар жүйесінде өзіндік орнын алғанымен, «аң бейнелі стилдің» негізгі өкілдеріне айналған жан-жануарларға жете қоймады. Бұл бір жағынан сақ-скиф бейнелеу өнерінің тым күрделілігімен байланыстырылса, екінші жағынан жылқы немесе салт атты жауынгер культі басқа мағынада түсіндірілуі мүмкін.

Қаратаудың жартас бетіндегі суреттерінде осы кезеңге тән жылқы немесе салтаттылардың түрлі үлгілерін кездестіруге болады. Аталған кезеңдегі жылқылар мойны жіңішке әрі ұзын, қарны тартыңқы сарында беріледі. 1949-1950 жылдары Ходжакент петроглифтерін зерттеген Х.Алпысбаев олардың қолдан будандастырылған үй жылқысы екендігін алдыға тартқан болатын [210, с. 186]. Сондай жылқылардың үшеуі және басқа да жануарлар бейнеленген бір сюжетте жылқылардың бірі аржандық стилді сомдалған – домалақ көздері маңдай тұсынан жартылай шығып тұрады. Қаратаудағы ерекше қызығушылық тудыратын жылқы бейнелері арасында артқы аяқтарын бауырына жиып, «отырыс» қалпын көрсететін кескіндер бар [74]. Мұндай қалып жылқымен байланысты кескіндерде кездеспейді. Зоолог мамандардың пікірінше жануардың белі шойырылғанда немесе омыртқасы сынғанда осындай қалып орын алған. Осыны негізге алсақ жоғарыдағы жылқылардың бейнесі құрбандыққа шалынған болмаса өлім алдындағы көрінісі болуы мүмкін деген болжам жасауға болатындай. Мәселен, Саян-Алтай халықтарында этнографиялық кезеңге дейін сақталған жылқыны құрбандыққа шалу рәсімін В.В. Радлов өзінің жол жазбасында былайша сипаттайды: «жылқының басын шығысқа қаратып, тұмсығын мықтап буады. Аяқтары арқанмен мықтап байланады. Жылқының қапталына диірменнің ауыр тастарын қойып, оған аяқтарын буған арқанды орайды. Осыдан кейін бірнеше адам диірмен тастарын төмен қарай басады. Ал аяқтарын байлаған арқанды екі тарапқа тартқан кезде жылқының алдыңғы аяқтары алдыға, артқы аяқтары артқа керіліп, нәтижесінде бел омыртқасы бірнеше жерден сынады» [117, с. 375].

Сауысқандық петроглиф кешенінде көлемі 2 м-ге жуық келетін жылқы суреттері де анықталған [74]. Көлеміне байланысты мұндай кескіндерді бір қарағанда тас дәуірі туындыларына жатқызуға болатындай. Бірақ анықтап зер салғанда салыну мәнері толығымен ерте темір дәуіріне тән екендігі нақты

байқалады. Әсіресе, жануардың негізгі элементері басын, көзін, ауызын кескіндеуде бұл жайт анық көрінеді.

Ерте темір дәуіріне жататын бейнелер арасында ерте көшпелілердің дүниетанымдық болмысын ашып көрсететін көріністер бар. Оған, Таңбалы мен Қаратау петроглиф кешендеріндегі басына тау текенің немесе бұқаның мүйізімен бітісетін бетперде кигізілген жылқылар дәлел бола алады. Хантаудағы Теректі жартас суреттеріндегі осыған ұқсас бейне де аталмыш мазмұнда орындалған. Қаратаудағы Қызылшың жартас суреттері арасындағы төрт жылқы да «жарты ай» тәрізді қос мүйізбен кескінделген. Мұндай бейнелердің баламаларын Есік обасындағы көсемнің бас киіміндегі қос жылқы мүсіні мен өзіміз жоғарыда сипаттаған Берел қорымындағы № 11, 10 обаларда жерленген жылқылардың бастарындағы таутеке мүйізі бар бетперделерден байқауға болады. Моңғол Алтайындағы Шивээт-Хаирхан петроглиф кешеніндегі суреттер арасында тауешкінің және бұқаның мүйіздерімен әшекейленген жылқы бейнелері анықталған. Олардың арасындағы жылқылардың бірінің желкесінде жалының түйілгендігін білдіретін белгілер салынған [82, с. 58]. Сауысқандықтағы кескіндер арасында да осы сипатта жалы бірнеше жерден түйілген жылқылар кездеседі. Бір суретте сондай салт атты жылқыға атылып келе жатқан мысық тұқымдас бейнеленген [Самашев 74]. Жалпы жылқының жал-құйрығын әркелкі әсемдеу тәсілі сақ дәуіріндегі өзіндік бір канон ретінде жерлеу орындары мен жартас бетіндегі бейнелерде жиі кездеседі.

В.Д. Кубаревтың Таулы Алтайдағы Шу алқабындағы зерттеулері барысында табылған жылқы мүсіншелері ағаштан ойылып, бастарында мүйіз орнатуға арналған тесіктер жасалған. Мүсіншелердің барлығы дерлік сыртынан алтын жапырақшалармен оралған [82, с. 56]. Бұл мүсіншелер көбіне қос-қостан жүргендіктен зерттеушелер оларды жерленген адамның бас киімімен байланыстырады. Н.В. Полосьмактың көзқарасы бойынша жылқы мүсіншелері орнатылған мұндай киіз бас киімдер салтанатты-рәсімдік қызмет атқарған, яғни оларды тек арнайы бір іс-шаралар барысында киген [211, с. 162]. Бұған дейін ғылымда мұндай пікір жасалған болатын. Есік «алтын адамы» киімінің семантикалық мазмұнын талдаған К. Ақышев оның күнделікті киюге тым ыңғайсыз әрі салтанатты екендігін атап өте келе, оны тек маңызды жиындарда ғана киген деген қорытындыға келеді [212].

Р.С. Минасянның көрсетуінше Аржан 2 обасындағы «патшаның» бас киіміндегі алтын пластинадан жасалған жылқы әшекейлері тұрмыста ешқашан қолданылмаған [213, с. 42]. Осыларды негізге алар болсақ ерте көшпелілердегі барлық атрибутика жерлеу ғұрпымен астасады.

Жалпы петроглифтердегі, одан қалса жерлеу орындарындағы жылқыларды тау теке немесе бұғының, одан басқа да жануарлардың мүйіздерімен әшекейлеудің терең дүниетанымдық мәнін ұғыну үшін тек философиялық ой-толғам мен кейбір жазбаларға ғана сүйенбей, қарастырылып отырған өңірде тіршілік ететін халықтардың этнографиялық мұрасына аса мән беру қажет деп санаймыз.

Жалпы зерттеушілерді қорытындыларына назар салсақ бір кейіпте екі түрлі жануардың, үй және жабайының тоғысуы діни түсініктер қағидасымен ұштасқан, яғни ежелгі тайпалардың аңшылықтан бақташылыққа өтуді түсіндірген. Әсіресе жылқының бұғы мүйіздерімен әшекейлеудің түркі-моңғол халықтарындағы мазмұны Д.В. Черемисиннің мақаласында қарастырылған [124]. Сондықтан да сол мақалаға сілтеме бере отырып, төмендегідей тарихи-мәдени сарқыншақтарға тоқталып кетуді жөн санадық. Мәселен, моңғолдарда мініс жылқыларына бұғының қасиетін беру туралы мәліметтер үйленуге қатысты өлең жолдарында сақталған. Онда тойға келушілердің бұғы мүйіздерін шайқаған жылқылармен келгендігі айтылады [124, с. 131]. Саян-Алтай түркі халықтарындағы бақсылардың дабылдары марал, бұлан, тау теке, жылқы не түйе ретінде, тіпті таутеке мен жылқыдан немесе жылқы мен маралдан құралған қиял-ғажайып жаратылыс ретінде сипатталған [95].

Келтірілген мәліметтер жылқы/бұғы рәсімдік кешенінің өте маңызды болғандығын көрсетіп қана қоймай, оның сонау көне замандардан бастау алып тарихи-мәдени сабақтастығы үзілмей этнографиялық дәуірге дейін жеткендігін нақтылайды. В.А. Шнирельманның көзқарасы бойынша аталған кешен Еуразия кеңістігендегі көптеген халықтардың мифологиясында көрініс тауып, олар б.з.д. II мыңжылдықтан бергі археологиялық ескерткіштерде таңбаланады [214]. Ригведадағы жылқыны дәріптеуге арналған бөлімінде ол «алтын мүйізді» жануар ретінде сипатталады [215, с. 9-11]. Мұндай жолдарды толық баяндайтын мағлұматтар Ведадағы арийлерде кездеседі, оған сәйкес олар құрбандық жылқысына бұғының алтын мүйіздірін кигізген [214, с. 257]. Келесі бір зерттеушінің тұжырымдамасына сәйкес көшпелілердің шаруашылығындағы басты жануар болған жылқы, ғұрыптар мен түрлі бейнелеулерде үй жануарына қарағанда киелілік немесе жабайылық қасиетке ие болу керек боған тәрізді [124, с. 132].

Жылқыны басына таутеке мүйіздерімен әсемдеу де жоғарыда сипатталған мазмұнда өрбіген болуы керек. Дегенмен оның да кейбір семантикалық түсіндірмесі бар деген ойдамыз. Мысалға, ежелгі үнді мифологиялық дәстүрінде ешкілер көлік құралы ретінде жылқымен теңестіріледі. Ежелгі веды мәтініндегі «ajasva» - «теке-жылқы» термині Пушан құдайының қос дөңгелекті арбаға жегілген мүйізді жылқысын білдірген [216, с. 586-587]. Ригведа бойынша Пушан «теке-жылқыларын иеленуші, малды қорғаушы» ұғымында түсіндіріледі. Дәл осы дерекке сәйкес «ашвамедха» рәсімін орындау барысында жылқыны құрбандыққа шалар алдында, құдайларға жаршы ретінде ешкіні құрбандық етіп жіберген. Ол бойынша ешкі құрбан шалу жоралғысының басталғандығы жөнінде хабар жеткізген [215, с 586-587]. Осы жерде түркі халықтарында түрлі атаумен кездесетін көкпар ойыны жөнінде тоқталып кетуге болатын тәрізді. Терең семантикалық мәні бар бұл ойынның қатысушысы жылқы мен ешкі (негізінен басымдылық серкеге берілген). Көкпардың өзі негізінен үлкен тойларда, астарда берілген. Көкпаршылар серкені бір ауылдан бір ауылға жеткізіп, оның етінен дәм татқызу арқылы құрбан шалу үдерісінің бір сатысын орындаған болуы керек. Олай болатын болса көкпар бір жағынан

құрбан шалу көрінісі, екінші жағынан ол туралы және үлкен ас жөнінде хабар жеткізудің бір жолы деп болжауға болатындай. Яғни, көп жағдайда ойын ретінде түсіндірілетін көкпарды жоғарыда сипатталған ежелгі ғұрыптың семантикалық сарқыншағы деп түсіндіруге болады деген пікірдеміз.

Сонымен жоғарыда келтірілген сипаттамалары және басқа да дереккөздері Орталық Азияда, оның ішінде қазақ жерінде де ерте көшпелілердің дүниетанымында жылқы бейнесінің айрықша орын алғандығын тағы бір дәлелдеп отыр. Алдыңғы бөлімде баяндалған жерлеу ғұрпындағы жылқының маңыздылығы жартас сурет өнерінде де өзіндік таңбасын қалдырған. Ежелгі көшпелілер жылқы малын құрмет тұтып қана қоймай, оған қоршаған ортадағы басқа да жануарлардың қасиетін сіңіруге тырысқандығы байқалады. Бұл бір жағынан қола дәуірінен бастау алған ежелгі үндіирандық мифологияның ықпалы болса, екінші жағынан олардың тұрмыс-тіршілігімен астасады. Жылқының басына бұғының немесе таутекенің мүйізі тәрізді бетперде кигізу арқылы ежелгі адамдар оның басының семантикалық мәнін арттыруға ьырысқан болуы мүмкін деген де тұжырым жасауға болатындай. Яғни, қола дәуірінен бастау алған жылқының бастарын жерлеу, кейінгі Тасмола ескерткіштерінде жалғасын табуы осының дәлелі тәрізді.

Пазырық обаларындағы және Есіктегі патша бас киімдеріне орнатылған жылқы мүсіндері осы ойдың жалғасы деп айтуға болады. Бұдан шығатын қорытынды ежелгі көшпелілер кез-келген дүниенің биігіне мән берген. Ол адамның не болмаса кез-келген бір жануардың басы болсын, оған ерекше бір қасиет беруге тырысқан. «Аң бейнелі» стилде табиғаттағы ең жүйрік, ең мықты жануарларды сомдаудың мәні осында. Осы идеяны өрбітер болсақ Хантаудағы ортағасырлық петроглифтерде кейбір салт атты жауынгерлердің мүйізді дулығада кескінделуі көп жайтты аңғартатындай [217, 64 б.].

Бұл үрдіс кейінгі қазақ батырларының дулығаларында да жалғасын тапқан болуы керек. Дулығыларда қос мүйіз болмаса да, сыртына «қошқар мүйіз» оюын бейнелуі қарастырылып отырған мәселемен түйісуі ықтимал. Мәселен, қазақ халқының танымал батырларының бірі Өтеген Өтеғұлұлын халық арасында «қос мүйізіді» Өтеген деп атаған. Бұл айтылғандардың барлығы жай ғана сәйкестік емес, жадыдағы тарихи-мәдени жаңғыру болуы мүмкін деген болжам жасаймыз. Жалпы ерте темір дәуірімен мерзімделетін жартас бетіндегі жылқы образдары, әсіресе терең мифологиялық мәні барлары әртүрлі халықтарда түрліше түсіндірілгенімен, түп-төркіні біртұтас бір идеядан шығатындығына еш күмән жоқ.

Ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері бойынша ежелгі халықтардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы бейнесін жазба деректер арқылы бекіту жұмысымыздың мазмұнынын арттыра түсетіні анық. Оның үстіне қазіргі күні кез-келген археологиялық мәліметті жазба деректермен және этнографиялық мағлұматтармен үйлесімде қарау маңызды болып табылады. Қарастырылыр отырған кезең бойынша, оның ішінде дәл біздің тақырыбымызға қатысты жазба деректер қоры өте сирек. Олардың кейбірі негізгі мәтіннен үзіп алынған жолдар түрінде кейбір зерттеулерде ұшырасса,

енді біріне талдау жасалынбаған. Ондай жазба деректер қорын негізінен антикалық авторлардың жазбалары мен қытай деректері құрайды.

Антикалық деректердің ішінде ең қолжетімдісі әрі көп қолданыстағы ол Геродоттың еңбегі екендігі белгілі. Оның ішінде біз үшін маңыздысы 4 кітап [218]. Негізінен автордың еңбегінде скифтер жөнінде айтылғанымен, ондағы сипатталатын әдет-ғұрыптардың көпшілігі дерлік Еуразия кеңістігіндегі ерте көшпелілердің барлығына ортақ болып келеді. Оның еңбегінің ішінде ең алдымен құрбандық арналатын скиф құдайларының тізімі беріледі. Бүкіл скифтер құрметтеген бірнеше құдайдың есімдері атала келе, «патша скифтері» Посейдонға арнап құрбандық шалғандығы айтылады [218]. Бір қызығы көптеген халықтардың мифологиясында жылқы су жануары ретінде сипатталады. Мәселен, ежелгі грек мифологиясында Посейдонның жұбайы теңіз әйел құдайы Амфитрита ақ түсті жылқыны иеленген, ол кей кездері тұңғиықтан жағаға шығып отырған [150, с. 588]. Алтайлықтардың дүниетанымындағы Жер-Су құдайы суда баран түсті жылқымен жүрген [95, с. 172]. Буряттардың «Абай Гэсэр» эпосындағы су әміршісі Лобсонның ерекше жылқылары болған [219, с. 22]. Түрік фольклорында Ойнар көлінің жағасына су айғырларының жайылуға шығатындығы айтылады [150, с. 586].

Ендігі жерде Геродот бойынша құрбандық малына тоқталсақ. Ол жөнінде былай жазады: «құрбандыққа олар үй жанурларын, әсіресе жылқыларды шалды» [218]. Одан ары Геродот құрбандық шалу рәсімі қалай жүргендігін сипаттайды. Оның көрсетуінше құдайларға құрбандық шалу рәсімінің бәріне бірдей ортақ желіліде жүргендігі айтылады. Құрбандық шалу барысы төмендегіше сипатталады: «...Құрбандық шалатын адам малдың артына тұрып, жіпті тартып қалып, малды жерге жығады. Құрбандық малын жыққаннан кейін ол құдайға дұға бағыштап, малдың мойнына бұғалық салып оны таяқпен айналдырып орау арқылы малды буындырып өлтіреді. Ол от жағу сияқты ешқандай алдын ала дайындық жүргізбейді, құрбандықты буындырғаннан кейін оның терісін сыпырып, етін пісіруге кіріседі» [218, с. 201]. Келтірілген мәтінде бізді қызықтыратыны құрбандық малын қан шығармай өлтіру. Бұл әдіс кейінгі түркі-моңғол халықтарының жылқыны құрбандыққа шалу әдісінде жалғасын табады. Ол туралы төмендегі арнайы бөлімде тоқталатын боламыз. Дегенмен аталмыш құрбандық шалу тәсілінің ғасырлар тоғысында жоғалмай сақталуының өзі Орталық Азия халықтарындағы мәденигенез үдерісінің айқын мысал бола алады.

Жоғарыда айтылғандардан бөлек Геродот скиф патшаларының о дүниеге жөнелтілуі барысындағы жылқының рөлі туралы да деректер келтіреді. Ол туралы былай жазылады:«... Мәйітті шұңқырға арнайы әзірленген сабаннын үстіне жатқызып, екі тұсына найза қадап, үстіне бөренелер қойып, артынан қамыс жапқышпен жабады. Шұңқырдың бос қалған жерлеріне алдын ала буындырылып өлтірілген кәнизегін, аспазын, қызметшісін, хабаршысын және жылқыларды алтын тостағандармен бірге жерлейді» [218, с. 204]. Бір жыл өткеннен кейін скифтер патшаның асын өткізген болуы керек. Оған қатысты Геродотта келесідей мәліметтер келтіріледі: «Бір жыл өткеннен кейін олар тағы

осылай жасайды. Қалған қызметкердің арасынан ең лайықтыларын таңдайды (бұлардың барлығы скифтер, себебі патшаға ол бұйырғандардың барлығы қызмет жасаған). Сонымен, 50 қызметші мен 50 жылқыны буындырып өлтіргеннен кейін олардың іш-құрылысын босатып, арнайы затпен толтырады. Өлген жылқымен келесідей әрекеттер жасалды: Жартысы төңкерілген дөңгелекті екі бөренеге, қалған жартысын басқа екі бөренеге бекітіп, осылай біршама қос бөренелерді қадап, жуаң найзалармен мойнына дейін шаншылған жылқыларды осы дөңгелектерге көтереді. Осы дөңгелектердің алдыңғылары жылқының иығын, артқылары қарнын, жамбасына таман, көтеріп тұрады. Осы жағдайда жылқының аяқтары ауада салбырап тұрады. Жылқыларға тағылған ауыздық пен жүгенді қазыққа байлайды. Буындырылған адамдарды жылқылардың үстіне отырғызып, омыртқа тұстарынан қазық қағу арқылы жылқыға бекітіп, моланы айналдыра орналастырып, қалдырып кетеді. Өлтірілген әр жігітті бір-бір атқа мінгізіп, моланы айналдырып орналастырғаннан кейін бәрі кетіп қалады» [218, с. 204-205].

Сонымен Геродоттың скиф патшаларын жерлеуге қатысты келтірген сипаттамасынан жылқының ерекше маңызды болғандығын аңғарамыз. Қаратеңіз жағалауындағы скифтердің патшасымен бірге 300 тарта, Тывадағы ерте көшпелілердің Аржанда 160 жылқыны қосып жерлеуі Геродоттың жазбасымен сәйкес келеді.

Скифтерден бөлек Геродоттың еңбегінде масагеттерге де арналған бөлім бар. Соның ішінде олардың жылқыны құрбандыққа шалуы туралы былай келтіріледі: «Олардың (массагеттердің - Р.Ж.) құрмет тұтатын жалғыз құдай ол – күн. Олар күнге құрбандық ретінде жылқы арнайды. Ондай құрбандықтың мәнісі, ең жылдам құдайға дүниедегі ең жүйрік тіршілік иесі құрбан етілуі тиіс» [218, с. 79].

Массагеттерге қатысты жазба деректер келесі бір антикалық автор Страбонда кездеседі. Ол аталған тайпалардың қоныстанған территориясы туралы, қоғамдық қатынастары жайлы баяндай келе дәл Геродотағыдай ақпараттар келтіреді. Яғни, массагеттер күнге ғана табынады, оған құрбандыққа жылқы шалады [Страбон, с. 485].

Байқайтынымыз скифтер жылқыларын құрбандық ретінде патшасына арнаса, массагеттер күнді құдай деп санап оған құрбандық шалған. Ежелгі діни түсініктер бойынша патша құдайдың жер бетіндегі ұлы ретінде сипатталған, осы қағиданы негізге алсақ екі тайпаның да құрбандық шалу нысанына байланысты айырмашылық жоқ. Ерте көшпелілердің жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарын сиапаттайтын антикалық деректердің жиынтығы әзірге осылар. Осы мәліметтердің өзі жылқы қосып жерлеудің кейбір қырларын танып-білуге септігін тигізетіндігі анық.

Ерте темір дәуіріндегі жұрттардың дүниетанымындағы жылқының орны жайлы мағлұматтарды қытай деректері аз болсада толықтыра түседі. Қытай деректерінің көпшілігі ерте көшпелілердің саяси тарихын, экономикасын және өздеріне тәуелділік деңгейін сипаттауға арналғандығын атап өтеміз. Дегенмен төмендегідей қысқаша дәйектер бар.

Мәселен, хуннулар қытай патшалықтармен өзара келісімшарт орнатқан уақытта таудың басына шығып, ол жерде боз биені құрбандыққа шалып, екі тарап соның қанын ішкен [220, с. 38].

Хуннулармен көршілес тұрған сяньбилердің жылқымен қатысты рәсімдері жөнінде Н.Я. Бичуриннің еңбегінде былай жазылады: «өлген адамдарын табытқа салып жоқтау айтады. Бордақыланған итті түрлі-түсті қарғыбаумен жетектейді, сонымен бірге тірі кезіндегі жылқысын, киім-кешегін өртеп, итке тапсырады» [221 с. 143-144]. Бұл жерде ит адам жанын күзетуші хайуан ретінде сипатталады. Еліміздің шығы өңірлерінде ерте темір дәуірінің жерлеу орындарында ит сүйегінің кездесуі осының дәлелі. Одан бөлек өзіміз жоғарыда тоқталып кеткен Күршім петроглиф кешенінде «әлем ағашы» түбіндегі жылқы бейнесі жанында ит суретінің кескінделуі де осы сарында болса керек.

Жалпы жоғарыда айтылған тұжырымдардың негізінде келесідей қорытындылар жасауға болады. Ең алдымен ерте темір дәуіріндегі петроглиф кешендерінде жылқы бейнесінің кескінделуіне тоқталсақ. Мұнда екі жайтты анық байқай аламыз. Петроглифтердегі жылқы кескіндерінің бір тобын «аң бейнелі» стиль аясында орындалған көріністер құраған. Олардың көбінде терең дүниетанымдық ұғымдар байқалмайды. Ежелгі суретшілер негізінен ол көріністер арқылы өздерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігін көрсетуге тырысқан тәрізді. Екінші жағынан алып қарағанда, жылқымен байланысты кескіндердің тағы бір тобын ғұрыптың мәні бар бейнелер құрағандығын анықтадық. Ондай бейнелер жай ғана тас бетіне қашалып қоймай, жерлеу дәстүрінде де болғандығын ашып көрсеттік. Яғни, ежелгі көшпелілер жерлеу ғұрпымен байланысты рәсімдерінде петроглифтерде қалдыруға тырысқан.

Жазба деректерге келер болсақ, оларда тікелей жерлеу ғұрпы барысында орындалатын үдерістер сипатталған. Геродоттың жазбасындағы обаның басына бағанға жылқыны керіп қою рәсімі қызуғышылық тудырады. Қабір басына жылқы тұлыбын керіп қою кейнгі түркі тайпаларында, одан ары этнографиялық дәуірде Саян-Алтай халықтарында жалғасын табады. Қазақ халқында, әсіресе шығыс өңірлерде зиратқа жылқының басын қою дәстүрі аталмыш дәстүрдің сарқыншағы болуы керек.

3.3 Ортағасырлық түркі-моңғол халықтарындағы жылқы культі

3.3.1. Жылқының толық немесе оның бөліктері кездесетін Қазақстанның ортағасырлардағы археогиялық ескерткіштері

Түркі кезеңімен байланысты археологиялық деректер қатарын жерлеу орындары мен жартас бетіне салынған суреттер құрайды. Бүгінге дейін Қазақстан территориясында жылқы қосып жерлеу белгілері бар ескерткіштердің саны жөнінде, олардың таралу аймағына қатысты толық ақпарат жоқ. Оның үстіне қарастырылып отырған ғұрып кездесетін жерлеу орындарының саны да аз. Оның өзінідік себептері бар. Біріншіден, зерттелген ескерткіштер ғылыми есеп күйінде қалып, айналымға енгізілмеген. Екінші жағынан, көне түркілердің жерлеу орындарын зерделеу жұмыстары басқа дәуір ескерткіштерімен салыстырғанда бірең-сараң болды. Одан бөлек жылқыны қосып жерлеу ғұрпын сақтаған ортағасырлық ескерткіштер негізінен Таулы

Алтайға ғана тән деген ұстанымның болғандығын жоққа шығармаймыз. Осы бөлімге қатысты материалдарды іздестіру және саралау барысында біз бұл ұстанымның теріс екендігіне көзіміз жетті. Бір жағынан ғылыми айналымға енбей қалған мұрағат қорларындағы есептер айқындық берсе, оған қоса соңғы жылдардағы Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының, ҚР Орталық мемлекеттік мұражайының жәнеде басқа да ғылыми мекемелердің археологиялық қазбалары тақырыбымызға қатысты мәліметтер базасын кеңейтті.

Ендігі жерде тақырыбымыздың мазмұнын ашу үшін сол ескерткіштердің сипаттамасын беріп, олардығы жылқыны қосып жерлеу ерекшеліктеріне тоқталайық. Біз бұл жерде де аймақтық қағиданы ұстануды жөн деп санадық. Алдымен еліміздің шығыс өңірлеріндегі ескерткіштерге тоқталсақ.

Зевакино қорымы. Нысан ШҚО Шемонайха ауданы аумағында орналасқан. Қорымда 500 тарта түрлі кезеңге жататын ескерткіштер есепке алынған. Солардың ішінде түркі дәуіріне жататын төмендегі ескерткіштерден жылқы қосып жерлеу ұрпы анықталған. Солардың сипаттамасы мен жерлеу ұрпындағы ерекшелігіне тоқталсақ [222].

№145 оба қорымның солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан және өзіне жақын үш обалар тобынан тұрады. Диаметрі 12 м, биіктігі 25 см. Сопақша келген қабір шұңқыры солтүстіктен оңтүстікке созылған. 3,6 м тереңдікте қабірдің солтүстік қабырғасында басы шығысқа қаратылып адам жерленген. Оның оңтүстігінде, басы шығысқа қаратылып толық емес жылқы қаңқасы ашылды. Мұндағы адам мен жылқы қабірдің басқа бөлігінен үлкен таспен бөлінген. Символикалық тұрғыда қойылған бұл тастың келесі жағында, яғни қабірдің оңтүстік бөлігінде биіктігі 1,1 - 1,2 м текпішекте 3 жылқы мен 1 иттің қаңқалары жатты. Екі жылқының қаңқасы 2,55 м тереңдікте қабірдің оңтүстік қабырғасының бойында, ал үшінші жылқы тас қаландылардың үстінде, шығыс қабырғаға жақын басы солтүстікке қаратылып қойылған. Осылайша, №145 обада жерленген жауынгердің жанына 4 жылқы жерленіп, оның біреуі толығымен әсем әшекейлері бар ат-әбзелдерімен ерттеліп-жүгенделіп өліктің жанына жатқызылған. Осыған қарағанда бұл жылқыға ерекше мән беріліп, жерленген жауынгердің жорықта мінген жылқысы болуы мүмкін. Қалған үш жылқы қосымша болып, алыс жорықтарда қолданылған болуы керек[222].

№ 254 оба Ертіске құятын өзендердің бірі Маринканың солтүстік-шығысына қарай 700 м жерде орналасқан. Обаның орталық тұсынан көлемі 2 х 1,9 м, тереңдігі 1,65 м құрайтын, солтүстік-оңтүстік бағытындағы қабір шұңқыры ашылды. Қабірдің солтүстік бөлігіне қарай 1,5 м тереңдікте жылқы қаңқасы жатты. Ат-әбзелі бар жылқы аяқтарын бауырына жинап, қарынымен басы батысқа қаратылған қалыпта жатқызылған. Ал, адам жерлеуі жылқының оңтүстігіне қарай 1 м жерде, 1,65 м тереңдіктен ашылды.

№ 4 обаны зерттеу барысында оның ішіндегі қоршаулардан үш қабір орыны анықталып, 2-қабірден жылқы қаңқасы табылды. Көлемі 3,05 х 2,7 м, тереңдігі 1,75 м құрайтын, шығыстан-батысқа созылған бұл қабірде басы шығысқа бағытталған ер адам жерленген. Одан солтүстікке қарай 50 см жерде

арнайы тепкішекте аяқтарын бауырына жинап, оң жамбасымен басы батысқа бағытталған жылқы жатты. Ауызында қатты бүлінген темір ауыздық қалдықтары болды [222].

Қорымдағы № 9 обадан екі қабір орны анықталып, оның екіншісінен жылқы табылды. 2-қабір (орталық қоршау) пішіні жағынан тіктөртбұрышты болып, көлемі 2,9 х 1,6 м, тереңдігі 1,1 м құрады. Қабір түбінде шалқасынан жатқызылып, басы шығысқа бағытталған адам қаңқасы болды. Осы орталық қоршаудың шығысындағы тікбұрышты тас құрылыстың ішінде, 0,7 м тереңдікте жықының бас сүйегі қойылған [222].

№ 37а оба Ертіс өзенінің бірінші аңғарында орналасқан. Диаметрі 9 м, биіктігі 25 см. Обаның ортасындағы көлемі 2,5 х 1,8 м, теңреңдігі 2 болатын қабірдің солтүстік қабырғасының бойында басы шығысқа қаратылып шалқасынан жатқызылған адам қаңқасы жатты. Ал оған қарсы, қабірдің оңтүстік қабырғасының бойында оң жамбасымен, аяқтарын бауырына жинап, басы шығысқа бағытталған жылқы орналастырылған. Жылқы жерлеуі қырынан қойылған тастар арқылы тұрғызылған құрылыспен бөлінген. Бас жағынан ат-әбзелінің әшекейлері табылды.

Осы қорымда қатардағы қауым мүшелерінің бірнеше обасында қазба жұмыстары жүргізілді. Диаметрі 7 м болып келген № 39 обаның ортасындағы қабір шұңқыры 2 х 1,4 м құрады. Қабірдің оңтүстік-шығыс бұрышында, 1,25 м тереңдікте оң жамбасымен басы солтүстік-шығысқа қаратылған жылқы орналастырылған. Қабірдегі адам да шалқасынан жатқызылып, басымен солтүстік -шығысқа бағытталған.

№ 149а обаның диаметрі 9 м, биіктігі 24 см. Қабір шұңқыры тікбұрышты формада (2,8 х 1,6 м, тереңдігі 1,1 м). Қабір түбінен адам мен жылқының шашылған сүйектері анықталды. Жылқы қаңқасы алғашында, қабірдің оңтүстік бөлігінде болған, оған оның сол қалпында жатқын бас және аяқ сүйектері мен омыртқалары дәлел. Жылқы аяқтарын бауырына жинап, басы шығысқа бағытталған қалыпта жатқан [222].

1965-1967 жж. Өскемен педагогикалық институты далалық археологиялық тәжиребелерін өткізіп, облыс аймағында кең көлемдегі зерттеулер жүргізеді. Тәжірибе жетекшісі Ф. Арсланованың бастауымен аталған уақыт аралығында түрлі кезеңге жататын 75 оба зерделеніп, олардың 29 біздің қарастырып отырған ортағасырларға жатады. Солардың ішінде №№ 1, 3 обалардан жылқыны қосып жерлеу ғұрпы анықталады [196].

№1 оба диаметрі 10 м, биіктігі 20 см. Сопақ келген қабір шұңқыры (2,5 х 4 м, тереңдігі 1,9 м) солтүстік-оңтүстік бағытында. Қабірдің оңтүстік қабырғасындағы ені 1,7 м, биіктігі 75 см болатын тепкішекте үш жылқының және бір иттің араласып кеткен қаңқалары жатты. Ал қабірдің солтүстік бөлігінен шашырап кеткен ер адамның сүйектері ашылды. Одан 20 см солтүстікке қарай ағаш астауға жатқызылған баланың мүрдесі анықталды.

№ 3 оба диаметрі 8 м, биіктігі 30 см. Қабір шұңқыры оңтүстіктен-солтүстікке бағытталып, тереңдігі 1,6 м құрайды. Қабірдің шығыс бөлігінен 1,3 м тереңдікте бірінші жылқының, қабір шұңқыры түбінің батыс бөлігінен екінші

жылқы қаңқасы ашылады. Жылқы сүйектеріні барлығы тонау салдарынан араласып кеткен [196].

Қорымдағы үш оба Уба жотасының етегінде, Зевакино ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан.

№38 оба диаметрі 8 м болатын тас үйінді. Қабір шұңқырының көлемі 1,4 х 2 м, тереңдігі 1,5 м құрап, СШ - ОБ бағытында созылған. Адам қабірдің солтүстік қабырғасын бойлап басы солтүстік-шығысқа бағытталып орналастырылған. Ал оңтүстік бөлігінде, биіктігі 20 см, ені 80 см болатын тепкішекте аяқтарын бауырына жинаған бас сүйегі жоқ жылқы жатты. In situ сүйектеріне қарағанда жылқы басымен солтүстік-шығысқа бағытталған.

Келесі № 39 обаның диаметрі 7 м. Қабір шұңқырының өлшемдері 1,4 х 2 м, тереңдігі 1,9 м. СШ - ОБ бағытталған. Қабірдің солтүстік-батыс қабырғасында басы солтүстік-шығысқа бағытталып, шалқасынан адам қаңқасы жатты. Оған қарам-қарсы, яғни қабірдің оңтүстік-шығыс қабырғасын бойлай оң жамбасымен басы солтүстік-шығысқа бағытталған жылқы орналастырылған [222].

№ 126 оба диаметрі 6 м. Ортасынан көлемі 1,5 х 2,3 м, тереңдігі 1,5 м болатын қабір шұңқыры ашылды. Қабірдің солтүстік қабырғасына жақын басы шығысқа бағытталып, шалқасынан жатқызылған адам жерленген. Оңтүстік қабырғасының бойында аяқтарын бауырына жинап, сәл көтеріңкі басы шығысқа бағытталған жылқы болды.

Осылармен қатар ШҚО Шемонайха ауданының құрамындағы Зевакино мен Камышинка ауылдарының маңында қазба жүргізген Ф.Арсланова түркі кезеңінің өртеп жерлеу белгілері бар бірқатар ескерткіштерді анықтап, оларда қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазба жүргізілген 12 обаның екеуінен (№№ 114, 103 обалар) жылқы қосып жерлеу ғұрпы анықталған.

№114 оба диаметрі 11, биіктігі 55 см. Қабірдің орталығында анықталған шұңқырдың батыс жағынан үш жылқының бас сүйегі мен толық бір жылқының қаңқасы анықталған.

№ 103 оба диаметрі - СО - 10 м, ШБ -8 м. Обадан үш жерлеу орны анықталып, оның біріншісінен (4,5 х 1,8 м, тереңдігі 0,7 м) екі жылқының шашырап кеткен қаңқа сүйектері табылған.

Қарастырылып отырған аймақтағы иесімен қатар жылқысын көму ғұрпы бар ескерткіштер тобын өзіміз жоғарғы бөлімде атап кеткен Шүлбі археологиялық экспедициясы жұмыстарының нәтижесінде алынған материалдар құрайды. Солардың сипаттамасына тоқталсақ [222].

Белокаменка қорымы. Қорым Ертіс өзенінің негізгі арнасынан оңтүстікке қарай 2,5 шақырым, Бетқұдық ауылынан солтүстік-батысқа қарай 15 шақырым жерде орналасқан. Қорымның басым бөлігін құрылыс алаңы алып жатса, қалған бөлігі тасыған су торабы басып жатты.

№1 нысан батыстан-шығысқа созылған сопақша шеңбер түрінде болды. Диаметрі 10,2 м құраған. Қабір шұңқырының оңтүстік қабырғасын бойлай адам сүйектері шашылып жатты. Оның оңтүстік жағында жылқының бас сүйегі анықталған. Зерттеушілердің көрсетуінше тонауға ұшыраған дейін мұнда жылқының толық қаңқасы болған [223, с. 142].

Ақши II қорымы. Қорым қазіргі Бородулиха ауданы Ақши (бұрынғы Пролетарка) ауылының аумағында орналасқан. Ескерткіш Ақши 1 қорымының батысына қарай 2,5 қашықтықта текшелі жоталардың шығысында жайғасқан.

№2 нысан. Ескерткіш сегіз жерлеу орнынан тұрады. Соның төртіншісінің қабір шұңқырынан басы ШСШ-қа бағыталған жылқының қаңқа сүйектері анықталды. Тонаудың салдарынан жылқы сүйектері шашыраңқы қалыпта кездескен [223, с. 162].

Ақши III қорымы. Ескерткіш Ақши II қорымының батысында орналасқан. Мұндағы жеті нысанның төртеуінде қазба жұмыстары жүргізілген.

№ 1 нысан. Қазба нәтижесінде нысанның орталығынан БОБ - ШСШ бағытында созылған қабір шұңқырының ақымнан және дәлізден тұрғандығы анықталған. Ақымда басы ШСШ-қа қаратылып адам жерленсе, дәлізге дәл сол бағдарда аяқтарын бауырына жинаған жылқы жатқызылған [223, с. 170].

№ 2 нысан. Ескерткіш жоғарыдағы нысаннан тек көлемінің сәл кішірек болуымен ғана ерекшеленген. Мұнда екі жерлеу орны анықталған. Соның негізгі, яғни екінші қабірінен жылқыны қосып жерлеу анықталды. Мұндағы адам жұқа тақтайшалардан жасалған тіктөртбұрышты құрылысқа басы СШ-қа қаратылып жатқызылған. Жылқы қабірдің оң жақ қабырғасын бойлай иесі тәрізді бағытта орналастырылған [223, с. 174].

Қарашат I қорымы. Қорым Ертіс бойының жоғарғы текшесінде орналасқан. Ескерткіштердің барлығы Қарашат өзенінің аңғарына таяу үш тізбектен тұрады.

№ 15 нысан. БОБ - ШСШ бағытында созылған қабір шұңқыры ақымнан және дәлізден тұрды. Ақымда басы ШСШ-қа бағытталып шалқасынан адам жерленсе, оң жағындағы дәлізде иесіне қарама-қайшы бағытта аяқтарын бауырына жинаған жылқы жатқызылған [223, с. 187].

Өңірде ортағасырлық көшпелілердің археологиялық ескерткіштерін зерттеу тек XX ғ. 90-жылдарынан кейін ғана жалғасын тапты. Нақтырақ айтқанда біздің тақырыбымыз бойынша мағлұматтар беретін ізденістер 2000 ж. кейін ғана жүзеге асты. Негізгі мәліметтер базасы Қарақаба ескерткішімен байланысты.

Қарақаба қорымы. Тарихи нысан ШҚО Қатон-Қарағай ауданының аумағында орналасқан. Алғашқы барлау жұмыстары 2006 ж. жүргізіліп, нәтижесінде қорымда түрлі кезеңге жататын 50-ден аса ескерткіш тіркелген. 2012 ж. бастап қорымда толыққанды археологиялық қазба жұмыстары жүргізіледі [224, с. 280-293].

№1 оба. Қабір шұңқырының солтүстүстік-шығыс бөлігінде шығыс-батыс бағытында жылқы жатқызылған. Жылқы сол бүйірімен орналастырылып, арқа жағымен жерленген адамға қаратылған. Басы ССШ-қа бағытталып, аяқтары қабырғаға тіреліп бүгілген. Ауызында темір ауыздық болды.

№2 оба. Алдыңғы обаға солтүстік-батыс тұсынан біріккен. Қабір шұңқыры бұрыштары дөңгелене келген тіктөртбұрышты формада. 1 м тереңдікте қабірдің солтүстік бойында жылқының толық қаңқасы ашылды. Жылқы аяқтарын

бауырына жинап, басы денесінен жоғары тастың үстіне қойылып солтүстік-шығысқа қаратылған [224, с. 280-293].

№ 3 оба. №1 обаға солтүстік батысынан жалғасып жатты. Орталық бөлігінде қазба жұмыстарынан кейін қабір шұңқыры анықталып (СО-1,5 м, ШБ- 2,2 м), 2,1 м тереңдіктен жылқының қалдық сүйектері анықталды. Тонаушылардың әсерінен жылқының қабірдің солтүстік бұрышында жатқан тек денесі ғана сақталған, ал бас сүйегі, мойын омыртқалары мен аяқ сүйектері қабірдің орталығына үйілген. Жылқының сақталып қалған бөлігіне қарап оның аяқтарын бауырына жинаған қалыпта, басы шығысқа қаратылып жерленгендігін анықтауға болады. Ат-әбзелдері болмады [224, с. 104-114].

№4 оба. Тізбектегі ескерткіштердене жеке дара орналасқан. Қабір шұңқыры ұзына бойы солтүстік-шығыс - оңтүстік-батысқа бағытталған. Қабірдің ішінен 2,75 м тереңдікте бастары оңтүстік-батысқа бағытталған екі жылқы анықталды. Жылқылар қабірдің оңтүстік қабырғасын бойлай оң жақ жамбастарымен, аяқтарын бауырына жинаған қалыпта бірінің үстіне бір жатқызылған [224, с. 104-114].

2013 ж. далалық жұмыстар барысында Қазақ Алтайындағы Қарақаба I қорымында 2 оба зерттелген.

№9 обаның шым қабаты алынғаннан кейін көлемі 10 х 11,8 мғ биікті 0,6 м болатын негізгі тас құрылысы ашылды. Ортасындағы қабір шұңқыры шығыс-батыс бағытында созылған. Жылқы қабірдің оңтүстік қабырғасында сол жақ жамбасымен басы оңтүстік-батысқа бағытталып жатқызылған (Сурет 23).

№11 обаның қазбаға дейінгі көлемі 9,5 х 9,7 м құрады. Өлшемі 1,5 х 2 м болатын қабір шұңқырындағы жылқы оң жамбасымен жатқызылып, басы оңтүстік-батысқа бағытталған (Сурет 24).

1955 ж. Е.И. Агеева мен А.Г. Максимованың Павлодар облысында жүргізген археологиялық ізденістері ортағасырлық көшпелілердегі жылқымен жерлеу ғұрпын ғылыми айналымға енгізудің көш басында тұрды. Аталған зерттеушілер зерттеген нысандардың екеуінен жылқы қосып жерлеу ғұрпы анықталады [226, с. 32-58].

№ 9 оба. Нысан № 499 совхоздың орталық фермасының маңында орналасқан. Диаметрі 20 м, биіктігі 0,59 м. Обада үш жерлеу шұңқыры анықталады. Жылқының қаңқасы № 1 шұңқырдан табылады. Ол 2,1 м тереңдікте, қабір шұңқырының оңтүстік бөлігіндегі кішігірім баспалдаққа жатқызылған. Бағытталуы шығыс. Жылқыдан 0,4 м тереңірек, қабірдің солтүстік бөлігінде жерленген адамның сүйектері шашылып жатты [226, с. 52].

Сонымен бірге осы жылы Жәміш өзені маңынан тағы ортағасырлық ескерткіш зерттеліп, оның екеуінен де жылқы қосып жерлеу белгілері анықталады.

№ 5 оба. Диаметрі 20 м, биіктігі 0,49 м. Қабір шұңқыры СШ-ОБ бағытында. Тонаушылардың салдарынан адам мен жылқының сүйектері араласып шашылып жатты [226, с. 56].

№ 4 оба. Диаметрі 20 м, биіктігі 0,53 м. Мұнда да қабір шұңқырының бағытталуы СШ-ОБ. 1,53 м тереңдікте шұңқырдың солтүстік-батыс бұрышынан адам сүйектерімен қатар жылқының бас сүйегі анықталды [226, с. 57].

1961 ж. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының бір тобы Ф.Арсланованың жетекшілігімен Ертістің орта ағысында, нақтырақ айтқанда Павлодар қаласынан 136 шақырым жердегі Боброво ауылының маңында қазба жұмыстарын жүргізеді. Боброво деген атаумен белгіленген қорымда 13 оба тізімге алынып он екісінде қазба салынады. Солардың ішінде №6 обадан жылқымен қосып жерлеу анықталған [222].

№6 обаның диаметрі ОБ-СШ 15 м, СБ-ОШ 12 м, биіктігі 0,15 м. Обаның шығыс бөлігінде өртеп жерлеудің қалдықтары анықталып, ол жерден жылқының 3 бас сүйегі табылған. Ал топырақ қабатынан 3 жылқының қаңқа сүйектері шығады. Бірінші жылқы 0,3 м тереңдікте, аяқтарын бауырына жинап, қарынымен жатқызылған. Сақталу деңгейі өте нашар болған. Екінші жылқы 0,8 м тереңдікте, аяқтарын бауырына жинап, басын көтерген күйде жатқан. Ауызында темір ауыздық және маңайында түрлі әбзел әшекейлері болған. Үшінші жылқының қаңқасы 1 м тереңдіктен ашылған. Ол аяқтарын бауырына жинап, үстіне қайыңтоз жабылған.

Ортағасырлық көшпелілердің жылқымен қосып жерлеу ғұрпы сақталған келесі аймақ Жетісу өңірі. Бұл өңірдегі біздің тақырыбымызға қатысты мәліметтер базасы негізінен қазіргі Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен ҚР ОММ қызметкерлері тарапынан жинақталды.

1977 ж. Алматы қаласы түбіндегі жүргізілген шаруашылық жұмыстары кезінде кездейсоқ түркі кезеңіне жататын жерлеу орны ашылады. Қабір шұңқыры ШОШ-БСБ бағытында. Шұңқырдың оңтүстігінде қабырғаны бойлай басы БСБ-қа бағытталып жылқы орналастырылған. Жылқы аяқтарын бауырына жинап сол жамбасымен жерленген [227, с. 191].

Г.А. Кушаевтың XX ғ. 60-жыдары Алакөл ойпатындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмыстары барысында ортағасырлық дәуірге жататын бірнеше оба ашылады. Олардың сипаттамасы төмендегідей.

Арасан қорымы. Қорым Бүйен өзенінің орта ағысында, қазіргі Алматы облысының Ақсу ауданына қарасты Жөнке мекенінің шығыс жағында орналасқан. 1964 ж. Арасан 2 қорымында 5 оба зерттеледі. Солардың ішіндегі келесі нысандарда ортағасырлар кезеңіне тән жылқымен қосып жерлеу кездеседі [207].

№ 54 оба. Ескерткіш қорымның батыс жағында. Диаметрі 5 м, биіктігі 0,22 м. Беткі қабаты алынғаннан кейін шығыстан батысқа бағытталған қабір шұңқыры анықталды. Шұңқырдың батыс шетінен 1,2 м тереңдікте жылқы қаңқасы табылды. Жылқы аяқтарын бауырына жинап жатқызылған, басы батысқа бағытталған (Сурет 25).

Алакөл I қорымы. Қорым қазіргі Алакөл ауданы Көктұма ауылынан шығысқа қарай 10 шақырым жерде орналасқан. Шығыстан батысқа созылып, 50 аса обалардан тұрады. 1963-64 жж. қорымда бірнеше обада қазба жұмыстары

жүргізіледі. Солардың ішінде біздің қарастырып отырған мәселе және тарихи кезең бойынша № 28 обадан мәлімет алынды.

№ 28 оба. Қорымның орталық бөлігінде орналасқан, диаметрі 6 м, биіктігі 0,50 м. Беткі қабаты алынғаннан кейін шығыстан батысқа қарай бағытталған қабір шұңқыры табылған. Қабірдің батыс шетінен 1,25 м тереңдікте жерленген жылқы ашылды (Сурет 26). Жылқының алдыңғы бөлігі сол жақ бүйіріне жатқызылған, ал аяқтары бүгілген күйі оңға қарай, қабірдің солтүстік жартысында орналасқан. Артқы бөлігі аяқтарын бауырына жиған қалыпта [207].

1986 ж. Жетісу археологиялық экспедициясының З.Самашев бастаған бір тобы Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Ақтерек ауылы аумағында ерте ортағасырлық ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізеді.

Сұлу-қоян қорымы. Нысан Ақтерек ауылының оңтүстігіне қарай 7 шақырым жерде орналасқан. Сол жылы қорымдағы үш нысанда қазба жұмыстары жүргізіліп оның екеуінде жылқы арнау ұрпы кездескен [228].

№ 2 нысан. Қорымның солтүстігіндегі кішігірім жотада орналасқан. Ескерткіштің беткі қабаты алынған соң, оның бір қабатты қоршау құрылысы екендігі анықталды. Орталығындағы қабір шұңқыры ірі тастармен толтырылған. Қабірдің өзіне басы ООШ-қа бағытталып жылқы жатқызылса, ақымға қарама-қарсы бағыттағы бағдарда иесі жерленген [228].

№ 3 нысан. Жоғарыдағы нысаннан шығысқа қарай 10 м жерде орналасқан. Сыртқы құрылысының формасы да ұқсас. Мұнда да адам ақымда жерленсе, жылқысы негізгі шұңқырға қойылған. Жылқының басы адамға қарсы бағытта ООШ-қа бағытталған күйі аяқтарын бауырына жинаған қалыпта жатқызылған [228].

2014 ж. ҚР МОМ Алматы археологиялық экспедициясының Ақтерек тобы (жетекшісі Х.А. Айтқұл) қарастырылып отырған қорымда археологиялық ізденістерді жалғастырады. Жұмыс нәтижесінде қорымның толық жоспары жасалып, негізгі топтары анықталады. Бір айта кетерлігі экспедиция мүшелері З.Самашевтың осы қорымдағы жұмыстарының есебімен таныс болмаған тәрізді. Сол себепті де қорымның атауын ауылдың атауына байланысты Ақтерек деп енгізген. Одан бөлек қорымдағы ескерткіштер бірнеше топқа жіктеледі. Солардың ішінде жылқыны қосып жерлеу ұрпы сақталған ескерткіштерге тоқталсақ.

Ақтерек қорымының солтүстік тобы. № 1 оба диаметрі 6 м, биіктігі 0,3 м. Қабір шұңқырындағы қазба барысында сол жақ қабырғасынан ақым анықталды. Ақымда басы солтүстікке бағытталып адам жерленсе, негізгі шұңқырға басымен оңтүстікке қаратыла жылқы орналастырылған (Сурет 27).

№2 оба. № 1 обадан 3 м шығысқа қарай орналасқан. Диаметрі 6 м, биіктігі 0,3 м. Бұл обаның да қабір шұқырының бағыты СО бағытында (Сурет 28). Мұнда да қабірдің сол жақ қабырғасын бойлай ақым жасалып, оған солтүстік бағдарда адам жатқызылған. Жылқысы сол жақ жамабасымен оңтүстік бағытында орналастырылған [229].

2017 ж. жоғарыда аталған мекеменің зерттеушілері қарастырылып отырған ескерткіште ғылыми ізденістерін жалғастырады. Нәтижесінде тағы бір обадан түркі кезеңіне тән жылқы арнау ұрпы анықталады.

Ақтерек қорымының солтүстік тобы. № 6 оба диаметрі 5 м, биіктігі 0,45 м. Жерлеу орны солтүстіктен оңтүстікке бағытталған. Бұл обада да қабірде ақым жасалып оған басы солтүстікке қаратылып адам жатқызылған (Сурет 29). Оның жанына жылқысы қарама-қайшы бағытта орналастырылған [230, 140 б.].

Аталмыш қорымдағы зерттеулер 2018 ж. жалғасын тауып тағыда екі обадан жылқы қосып жерлеу ұрпы анықталды.

№ 9 оба. Ақтерек қорымының солтүстік тобына кіреді. Оба диаметрі 7 м, биіктігі 0,20 см (Сурет 30). Қабір іші құрылыс толығымен жоғарыда сипатталған нысандармен ұқсас. Ақымға иесі, негізгі шұңқырға жылқы жатқызылған. Бағытталуы да өзгеріссіз. Адам солтүстікке, жылқы оңтүстікке бағытталған [231, 183 б.].

№ 10 оба. Ақтерек қорымының солтүстік тобына кіретін нысанның диаметрі 7 м, биіктігі 0,25 см (Сурет 31). Қабірдің ішіндегі ақымға бағдары солтүстікке қаратылып адам қойылып, оған қарама-қарсы тұспалға бағытталып жылқы жатқызылған [231, 187 б.].

Қызылқайнар қорымы. Нысан қазіргі Тараз қаласының маңында орналасқан. Қорымда диаметрі 7 м, биіктігі 0,3 м болатын бір обадан екі қабір шұңқыры ашылады. Оның бірінен басы шығысқа қаратылып жерленген адым шықса, екіншісінен жылқы табылады.

Жетісу өлкесіндегі соңғы 20 жыл көлемінде зерттеліп келе жатқан бірегей ескерткіштердің бірі Бұтақты 1 археологиялық кешені. Нысан 1996 ж. алғаш анықталып, содан бастап оны сақтау мен зерттеудің кешенді жұмыстары жүргізілді. Мұнда қола дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі түрлі ескерткіштер тобы жинақталған. Ескерткіш Алматы қаласының оңтүстік-шығысындағы Бұтақты (Бутаковка) шатқалында орналасқан. Кешендегі түркі кезеңі ескерткіштерін зерттеу барысында жылқы арнау ұрпы сақталған нысандар анықталды. Негізінен алғанда ортағасырлық обалардың көпшілігі мұсылман бейіттерін түрғызу барысында сырылып тасталған. Сондықтан да, ескерткіштердің сыртқы формасын анықтау мүмкін болмағын, тек олар жерлеу орындары ретінде белгіленген.

Бұтақты I қорымы. Жерлеу орны № 3. 1997-98 жж. зерттелген. Т-тәріздес катакомба түрінде. Жерлеу камерасына адам қойылса, дәлізге жылқысы жатқызылған. Жылқы сүйектері шашылған қалыпта, соған байланысты оның бағытталуы нақты айқындалмаған. Дегенмен дәліздің СБ-ОШ бағытында созылыңқы екендігін ескеріп, сонымен бірге жылқының алдыңғы аяқтарының анатомиялыққа жақындығын алдыға тарта оның оңтүстік-шығысқа бағыталғандығын болжауға болады [232, с. 92-93].

Жерлеу орны № 17. 2007 ж. зерттелген. Қабір шұңқыры ақымдалған. Тереңдігі 80 см құрады. Ақымның түбі түріндегі тепкішекте жылқының сүйектері анықталады. Негізінен алғанда бас сүйегі мен аяқтары ғана.

Бағытталуы солтүстік-батыс. Зертеушілердің пайымдауынша мұнда жылқының толық қаңқасы емес, тек тұлыбы қойылған [232, с. 96-97].

Жерлеу орны № 36. 2010 ж. қазып зерттелген. Т-тәріздес катакомба түрінде. ОШ-СБ бағытында созылған сопақша дәлізге жылқы жатқызылған. Дәлізге солтүстік-батыс жағына түйісетін жерлеу камерасына басымен солтүстік-шығысқа бағытталып иесі қойылған [232, с. 100-101].

2011 ж. «Есік» тарихи-мәдени қорық-мұражайы қызметкерлері Алматы облысы Еңбекші Қазақ ауданына қарасты Жаңатұрмыс және Алмалы ауылдары аумағында құрылыс салдарынан бұзылып жатқан нысандарда қазба жүргізеді.

№ 1 нысан. Жаңатұрмыс ауылының оңтүстік-батысында 500 м жерде орналасқан. Қабір шұңқыры СБ-ОШ бағытында созылып жатты. 1,38 м тереңдіктен жылқының қаңқасы ашылды. Жылқы басымен оңтүстік-шығысқа бағытталып, аяқтарын бауырына жинаған қалыпта жатқызылған [225, с. 220].

Еліміздің батыс аймағында жылқы қосып жерлеу ғұрпы кездесетін ортағасырлық көшпелілердің ескерткіштері бар. Олар жөнінде мәліметтер тек археологиялық экспедициялардың ғылыми есептері түрінде ғана сақталып, нәтижесінде көпшілікке белгісіз болып қалған. Сондай жұмыстардың бірін 1974-1975 ж. облыстың арнайы бұйрығынан кейін Орал педагогикалық институтының Г.А. Кушаев пен Б.Ф. Железчиков бастаған археологиялық тобы жүргізеді.

Қарасу қорымы. Ескерткіш Үлкен-Өзен өзені сол жағалауында 400 м жердегі текшеде, Қарасу ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 6 шақырым жерде орналасқан. Қорымда 30 аса оба тіркелген.

№ 1 оба. 1974 ж. зерттелген. Қорымдағы обалар тізбегінің батыс шетінде орналасқан. Қазбаға дейінгі көлемі диаметрі 30 м, биіктігі 0,54 м. Қабір шұңқыры батыс-шығыс бағытында. Обадағы тонау салдарынан адам мен жылқының сүйектері араласып кеткен. Иесі мен жылқының да бас сүйектері қабірдің батыс бұрышынан ашылды. Адамның басқа сүйектерінің орналасуына қарай оның батысқа бағытталып жерленгендігі анықталды [208, с. 22].

№ 10 оба. 1975 ж. зерттелген. Қорымның шығыс шетінде орналасқан. Қазбаға дейінгі көлемі диаметрі 26 м, биіктігі 0,8 м. Қабір шұңқыры ШБ бағытында созылған. Негізгі жер бетінен 0,9 м тереңдікте, қабірдің солтүстік қабырғасындағы кертпеште жылқы жатқызылған. Бағытталуы батыс бағдар. Аталған тереңдікте оңтүстік қабырғада ақым басталады. Онда басы шығысқа бағытталып адам жерленген. Яғни, иесі мен жылқысының бағытталуы қарама-қайшы [208, с. 16].

№ 11 оба. 1975 ж. зерттелген. Қорымның ортасында орналасқан. Диаметрі 30 м, биіктігі 1,42 м. Оба негізгі және қосымша жерлеуден тұрған. Жерленген адамның сол жағында, 1 м тереңдікте жылқының бас сүйегі ашылған [208, с. 21].

№ 20 оба. 1975 ж. зерттелген. Нысан қорымның батыс бөлігінде орналасқан. Диаметрі 15 м, биіктігі 35 см. Бір ерекшелігі жылқы аса терең емес, қабір үстіне басы оңтүстік бағытта жерлеген. Жылқы сүйектерінің астында ағаш жабынды болды. Жылқы қаңқасынан сәл оңтүстікке қарай, ағаш

құрылыстың астында 0,70 м тереңдікте басымен солтүстікке бағытталған адам жерлеуі ашылды [208, с. 34].

Жоғарыда сипатталған ескерткіштер Қазақстан жеріндегі ортағасырлық көшпелілердің өлікке ат арнау ғұрпы кездесетін ескерткіштерінің жиынтығы болып табылады. Аталмыш ескерткіштер қарстырылып отырған мәселе бойынша деректер қорының бірінші, тіпті негізгі тобын құрайды. Ортағасырлардағы археологиялық деректердің екінші тобын жартас бетіндегі бейнелер жатады.

Осы кезеңде алғашқы дәуірлердегі бейнелеу сарындары қалыс қалып, алдыңғы қатарға қоғамдағы саяси-әлеуметтік қатынастарды суреттейтін кескіндер шығады. Ортағасырлар бойы әскери істің негізгі қозғаушы күш болуы өнерге де өзінің ықпалын тигізеді. Ендігі жерде жылқы жеке дара емес, жауынгердің жорықтағы серігі ретінде бейнеленеді. Жартас бетіндегі жауынгер, ат-әбзелімен берілген жылқы және қару-жарақ кешені – ғасырлар бойы дамып келе жатқан жылқышылық мәдениеттің шарықтау шегінің көрінісі болып табылады (Сурет 32-33). Ортағасырлық салт атты жауынгердің бейнесі Орталық Азия петроглифтеріндегі ең танымал суретке айналады. Жартастағы бейнелерде жауынгердің жылқысына ерекше мән берілген. Ол жараған қалыпта, жіңішке аяқты, қысқа қиылған жалы бар мойыны аққу тәрізді майысып, тік құлақты басы кішірек мәнерде берілген. Осы уақыттағы танымал бейнелердің бірі – қолына ту ұстаған жауынгер. З.Самашевтың пікірінше бұл бейне ежелгі түрік кешенінің ерекше «мәдени шартты белгісі» болып табылады [234, p. 160].

Бұдан басқа ортағасырлық жартас суреттері қатарында мойнына тұмар ілген жылқы немесе салт атты бейнесі ерекшеленеді. Аталмыш бейнеде Орталық Азияның ортағасырлық кескіндерінің арасында жиі ұшырасады. Мұндай салт атты бейнелер немесе үлгісі жағынан соған жықын суреттер Сауысқандық, Боралдай, Қарамұрын, Қоспа (Арыстанды) петроглифтерінде бар. Сонымен бір осы дәуір кескіндеріне аңшылық, саясшылық және ат үстіндегі қарулы шайқас көріністері басымдылыққа ие. Жалпы алғанда, бұл бейнелердің барлығы өзіндік өмір сүру салты, дүниетанымы, шаруашылығы мен қалыптасқан саяси жүйесі бар Түркі қағанатының саяси сахнаға шығуымен байланысты деген пікірдеміз.

Сонымен жоғарыда өзіміз сипаттап өткен археологиялық нысандар, әсіресе жерлеу ескерткіштері Қазақстанды мекендеген ежелгі түркілердің дүниетанымы бойынша маңызды дерек қоры болып табылады. Жоғарыдағы нысандарды негізге ала отырып сараптама жасайтын болсақ, иесімен бірге жылқысын немесе бір бөлігін қосып көму ғұрпы бар ескерткіштердің көрсеткіші келесідей: еліміздің шығысында ондай жерлеу орнындарының саны - 25, Жетісу өлкесінде - 15, батыс аймақта - 4, Павлодар облысы аумағында -5. Бұлардың кейбірінде бірнеше жылқы, енді бірінде тек бас сүйектерін ғана қойғандығын да назардан тыс қалдырмау қажет. Бір ескерте кететін жайт, бұл статистикалық сан тек біздің қолымызған түскен материалдардың негізінде ғана жасалып отыр.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды саралай келе бөлім бойынша қорытынды жасасақ. Ең алдымен, бұған дейінгі ғылыми зерттеулерде айтылып жүргендей, еліміздегі жылқы қосып жерлеу белгілері бар ескерткіштер бірнешеумен ғана шектелмейтіндігі анықталды. Яғни, ондай ескерткіштер еліміздің шығыс аймағынан бөлек, Қазақстанның батыс өңірінде, Жетісуда және Алакөл ойпатында да таралған. Демек, ат арнау ғұрпы тек Таулы Алтайға ғана тән құбылыс емес екендігі белгілі болды. Ең бастысы, Орталық Азияны жайлаған ежелгі түркілердің жылқы малымен байланысты ортақ түсінігінің болғанды шүбә келтірмейді.

Екіншіден, Қазақстанның ортағасырлық көшпелілерінің жылқыны жерлеу барысындағы ерекшеліктері, обалардың планиграфиясы және жартас бетіндегі жылқы кескіндерінің басты нышандары нақтылады.

3.3.2 Жазба деректер және этнографиялық параллель

Алғаш қолға үйретіліп, өндірісте негізгі күшке айналған жылқы қарастырып отырған түркі кезеңінде өзінің шаруашылық пен дүниетанымдағы маңыздылығын одан ары жоғарлатпаса төмендете қойған жоқ. Осы орайда белгілі түрік тарихшысы А.Синардың: «бүкіл түркі әлеміндегі тарих пен мәдениетте жылқының алатын орны өте жоғары. Біз оны бірінші орынға шығарсақта қателеспейміз» [134] – деп жазуы өте орынды.

Орталық Азия мен оған іргелес өңірлердегі орта ғасырлармен сипатталатын археологиялық жерлеу ескерткіштері жылқының ежелгі түркі тайпаларының әдет-ғұрыптарындағы маңызын толыққанды ашып көрсетеді. Осыған қоса қарастырылып отырған кезеңде жазба деректердің бірқатар жинағы қордаланды. Олардың қатарына өзіміз жоғарыда айтып өткен қытай деректері, араб және еуропалық саяхатшылардың жазбалары жатады. Бұл жазба деректердің кейбір тұстары археологиялық мәліметтерді бекіту барысында қолданылып жүргендігі белгілі. Көп жағдайда олар негізгі мәселені бекітудегі қосымша материал ретінде ғана қолданылады. Біздің жағдайда мұндай деректер базасы жай ғана көмекші мәтін емес, тақырыпты ашудағы негізгі деректер базасының бір саласы болуы қажет. Осы орайда біз тақырыпқа қатысты мағлұматтар тіркелген қолдағы бар жазба деректерді географиясы мен уақытнамасына қарай емес, жылқымен қатысты орындалған ғұрыптардың ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне қарай топтауды жөн көрдік.

Деректердің бірінші тобын түріктердегі жылқы шаруашылығына қатысты мәліметтер құрайды. Олардың көпшілігі жылқы малын түркілердің осы өмірдегі жан серігі ретінде сипаттайды. Мәселен, Әл-Джахиздің IX ғ. ортасында жазылған шығармасында былай деп келтіріледі: «Егер де сен түріктің өмір сүру уақытын есептеп шығарсаң оның өмірінің басым бөлігін жер бетінде емес, аттың үстінде өткізгендігін аңғарасың» [235, С. 67-91]. С.П. Нестеровтың пікірінше бұл жерде Ферғана мен Шаш аймағын мекендеген қарлұқтар мен түргештер жөнінде айтылған [66]. Әрине, бұл жерде деректегі мәліметтер белгілі бір тайпаға байланысты келтірілгенімен, дерек мазмұны сол замандағы бүкіл түркі жұртының болмысын сипаттап тұр деген тұжырым

жасасақ қателеспейміз. Одан ары Әл-Джахиз былай деп жазады: «Егер ол бір жылқысын тынықтырса, онда екіншісін ауыстырып мінеді» [235]. Мұны өзіміз жоғарыда сипаттап өткен бірнеше жылқыны қосып жерлеген обалар, одан бөлек Таштық материалдары дәлелдейді. Тепсей жапсырмаларының бірінде шауып бара жатқан салт аттылардың бірі ерттелген жылқыны жетекке алса, екіншісі тек жүгенделген жылқыны ерткен [66]. Бұл жапсырмадағы бейне ежелгі көшпелілердің жылқыны пайдалану әдісінен толыққанды сипат береді.

Жалпы жылқы малы ежелгі түркілердің шаруашылығындағы басты байлық көзі ретінде сауда-саттық пен сыйлық құралы болған. Мәселен, Қытай мен Түрік қағанатының шекарасында 588 ж. жылқы сататын немесе тауарға айырбастайтын арнайы жәрмеңке жұмыс істеген [66]. Оған қоса 713 ж. екі ел арасында жылқы саудасын реттейтін арнайы құжатқа да қол қойылған [66]. 981-984 жж. Ұйғыр қағанатында елшілікпен болған Ван Яньденің жазбалары жоғарыда айтылғандарға біршама мағлұмат қосады. Оның ақпараты бойынша ақсүйектер жылқы етін, қоғамның қатардағы мүшелері қой етін жеген. Жылқыны өсірумен қағанның өзі тікелей айналысып, оның жылқылары түр-түсі бойынша үйірлерге жіктелген. Жылқының көптігі сонша олардың нақты санын білмейтіндігі туралы айтады. Сонымен бірге ұйғырлар жылқыны тек мініс үшін немесе ішіп-жеуге ғана емес, Қытайға сату үшін де өсірген. Мәлімет берушінің дерегі бойынша оларда жылқылар пайдалану саласына қарай өсірілген және дайындалған. Мәселен, соғысқа мінетін жылқылар бөлек, ал арбаға немесе күймеге жегілетіндері бөлек ұсталған [134].

Тағы бір дерек көздеріне негіз артар болсақ теле тайпаларында адам өлтірген үшін және жылқы ұрлаған үшін өлім жазасы түріндегі жазалау шарасы болған [134].

Жазба деректердің келесі тобын жылқының қатысуымен орындалатын түрлі ғұрыптық шаралар жөнінде мәлімет беретін жазбалар құрайды. Мәселен, қытай жылнамаларының бірінде түріктердің жерлеу ғұрпына байланысты мынадай жолдар кезігеді: «өлген адам денесін киізден жасалған үйдің ішіне жатқызады. Ұлдары, туыстары үйдің есігінің алдында құрбандық малын сойып, жайып қояды. Атқа мініп үйді жеті рет айналады, содан кейін үйге кірерде пышақпен беттерін тіледі, жас пен қан бірге төгіледі. Осылайша жеті рет жасайды, содан кейін ғана тоқтайды. Арнайы бір күн белгіленіп өлген адам тірі күнінде мініп жүрген жылқысымен бірге өртеледі және жылдың бір нақтыланған күні күлдері көміледі. Жазда және көктемде қайтыс болған адамды талдағы және өсімдіктегі жапырақтар сарғайғанда немесе түсе бастағанда жерлейді; күзде немесе қыста өлгенді гүлдер бүршік жара бастағанда жерлейді. Жерлеу күні, қайтыс болған күні тәрізді туыстары құрбандық шалып, атқа мініп шабады және беттерін тіледі...Қойды және жылқыны құрбан шалғаннан кейін олардың бастарын қадаға іліп қояды» [134, 230 б.]. Дәл осыған ұқсас мағлұматтар «Вей шу» жазбаларында кездеседі: «бірнеше малдың түрінен құрбандық шалып, олардың сүйектерін өртейді және адам жерленген жерді атпен сан рет айналады, кейде атпен шауып жүздеген айналымдар жасайды» [66].

Ибн Баттута. Туысқандарымен, ағайындас бауырларымен, жақын достарымен бірге, жалпы алғанда жүзге жуық туыстарымен бірге өлтірілген қағанды алып келді. Қағанға арнап, жер астынан үлкен жерлеу орнын дайындады, әрі онда тұрмыстық заттардың барлық түрі қойылды. Онда қағанды қаруымен бірге қойды, қасына үйіндегі барлық алтын және күміс ыдыстар бірге қойылды. Одан кейін төрт жылқыны алып келіп, әбден болдырғанша шаптырды. Қабірге ағаш бақандар орнаталып, оған жылқылар ілінді. Бұдан алдын, жылқылардың артынан ағаш кіргізіп аузынан шығарып қойған болатын. Жоғарыда сөз болған қағанның бауырларын да жерлеу орнынан өздерінің қару-жарағымен бірге, үйлеріндегі ыдыстарымен қоса жерленді. Өлгендердің ішінде қарттарына (саны оншақты) үш жылқы жоғарыдағы тәсілмен бақанға керілсе, кішіеу жастағыларға бір жылқыдан жоғарыда аталған ғұрып жасалды [236, С. 111-159].

Ортағасырларда Орталық Азия аумағы еуропалық миссионерлер үшін қызығушылық тударғандығын біз олардың қалдырған деректерінен байқаймыз. Тұңғиыққа толы тылсым аймақ олар үшін жаңа бір дүниенің ашылуымен пара-пар болғандай. Саяхатшы-миссионерлер аймақ тұрғындарының бүкіл тіршілік қамын, мәдениетін және әдет-ғұрпы мен дүниетанымын күнделіктеріне түртіп отырған. Сол жазбалардың ішінде жылқымен байланысты жосын-жоралғылар туралы мәліметтер де бізге жеткен. Ол жазба деректер де жоғарыды сипатталған араб саяхатшылары қалдырған мағлұматтарды одан ары дамытып, археологиялық қазба материалдарды тұжырымдауға көмегін тигізеді. Мысалы, солардың бірі, Плано Карпинидің XIII ғ. Моңғол империясына жасаған саяхатында жолсерік болған Бенедикт Поляк өзінің жазбаларында мынадай мәліметтер келтіреді: «Бай адам қайтыс болса, оны ашық алаңда, ішінде өзі отырған күйінде киіз үймен бірге, жасырын жерлейді. Қасына ет тола ағаш астау, бие сүті толы кесе қояды. Сонымен бірге жанына биені құлынымен, жылқыны ауыздығы мен ерін қосып, садақты қорамсағы мен оқтарымен қоса көмеді. Бір жылқыны достары жеп, терісіне шөп тығылып, ағаш бағандарға қойылады» [236, С. 111-159]. Дәл осыған ұқсас деректерді Плано Карпини де сипаттайды. Оның жазбаларында келесідей жолдар бар: «...Жерлеу барысында мәйітпен бірге, тағы бір биені құлынымен қоса, ер-тоқымын да жерлейді. Ал екінші жылқының етін, жеп, терісінің ішіне сабан толтырып, екі кейде төрт таяққа керіп қояды []. XIII ғ. өмір сүрген армян тарихшысы Киракос Гандзакецидің мәліметтері жоғарыдағы келтірілген жолдармен сәйкес келеді [236, С. 111-159]. Ортағасырлық авторлар Ц. Де Бридиа, Рикольдо де Монте Кроче және Винцент де Бовенің шығармаларында баяндалған жосын-жоралғылар айна қатесіз қайталанады. Негізінен алып қарайтын болсақ еуропалық авторлардың мәлеметтерінің шығу тегі ортақ болуы да мүмкін деген пікірдеміз, себебі мәтіндердің көп жағдайда сөзбе сөз сәйкес келуі осы ойға жетелейді. Біздің ойымызша аталмыш авторлардың шығармаларына түпнұсқа ретінде Марко Поло мен Плано Карпинидің еңбектерін атағанымыз жөн тәрізді. Әрине бұл тақырыптың арнайы зерттелуді қажет ететіндігін ескере отырып, өзіміздің зерттеумізге қатысты келесі бір мәселенің ұшын тарқатсақ.

Жоғарыдағы мәліметтерде ортағасырлық түркі-моңғол тайпаларының жылқыны қосып жерлеу ғұрпы туралы сипатталса, дерек берушілер оның себептерінен де айналып өтпеген тәрізді. Мысалға, Киракос Гандзакецидің шығармасында төмендегідей жолдар бар: «...онымен бірге жылқыларын да көметін. Олар ана жақта ауыр ұрыс жүргізеді дейтін. Қайтыс болған адам туралы естелік қалдырғысы келгенде жылқының ішін жарып, ішінен етін толық сүйегінен ажыратып алатын да, іш құрылыстарын сүйегімен бірге өртейтін. Сөйтіп жылқы тірі күйіндегі кейпінде болуы үшін теріні толтырып тігетін. Кейін бір сырықты жақсылап үшкірлеп, оны жылқының ішінен тығып, аузынан шығаратын да, талға ілетін, немесе бір биіктеу жерге қадап қоятын» [236, С. 111-159]. Бенедикт Поляктың да мағлұматтары жоғарыда баяндалған сарында өрбиді: «Олар мәйітке болашақ өмірінде осының барлығы, яғни сүтін ішіп тұру үшін бие, мініп жүруге ат, сондай-ақ қасына қойылған заттар керек болады деп сенеді. Осындай сеніммен алтын мен күміс те қоса қояды» [236, С. 111-159]. Плано Карпинидің жазбаларында біршама қызықты ақпараттар келтірілген: «Бұл ғұрып, олардың айтуынша, келесі дүниеге жол көрсетуші, ал бірге жерленген биенің сүтін ол ішеді және жылқыларын көбейтуге мүмкіндік алады. Оларды кейін қолға үйретіп, мініс аты ретінде пайдаланады. Ал, өздері жеген жылқы сүйектерін өлген адамның жанын құтқару үшін өртеп жіберген» [237, 106-112 б.].

Доминикандық монох Винсент де Бове жылқының татарлардың жылқы сүйегін өртеуіне қатысты төмендегідей дерек келтіреді: «Жерлеу барысында мәйітпен бірге, тағы бір биені құлынымен қоса, ер-тоқымын да жерлейді. Ал екінші жылқының етін жеп, терісінің ішіне сабан толтырып, екі кейде төрт таяққа керіп қояды. Бұл ғұрып, олардың айтуынша, келесі дүниеге жол көрсетуші. Оларды кейін қолға үйретіп, мініс аты ретінде пайдаланады. О Әйелдер жиналып, өлген адамның жанын құтқару үшін, еті желінген жылқының сүйектерін өртеу ғұрпына қатысады. Егер де, өте беделді, бай татар өлген жағдайда, оның достары жылқыны сойып, басынан бастап, құйрығына дейін терісін сылып алып, өлген адамды еске алу үшін үшін, терісінің ішіне топан толтырады, сосын барып ірі екі мүйіз секілді бақанға апарып іледі. Бұл мәйтті ұмытпай еске алу үшін жасалған ғұрып [236, С. 111-159].

Өлген адамды жылқымен қамтамасыз ету ғұрпының болмысын Ибн-Фадлан оғыздардың мысалында жақсы ашып көрсетеді. Оның жазбаларында төмендегідей мәлімет кездеседі: «Егер олардан бір адам қайтыс болса, оған арнап үй тәрізді үлкен қабір қазады, оған (өлікке) киімін кигізіп, белдігі мен садағын тағып, қолына ыдыс қояды да бүкіл затымен сол үйге қояды. Одан кейін оның үстінен жабын жауып, бетін топырақпен жабады...кейін жүз немесе екі жүз жылқыны өлтіреді, не болмаса бір жылқының басы мен тұяқтарынан, терісінен, құйрығынан басқасын жейді, ал терісін ағаш құрылысқа керіп қояды да, «бұл жылқылармен ол жұмаққа барады» деп айтады...Кейде олар бір немесе екі күн жылқыны өлтіруді (құрбан етуді) ұмытып кетеді. Сол кезде оларға үлкен ақсақалдардың бірі келіп былай дейді: «Мен оны түсімде көрдім, яғни қайтыс болған адамды, ол маған: «Көріп тұрсың, мені жолдастарым озып кетті,

олардың артынан ілесем деп аяқтарым жарылды, оларды қуып жете алмағандықтан жалғыз қалдым». Осы жағдайдан кейін олар оның жылқыларын алып өлтіреді де, моласының басына іліп қояды. Тағы да бір-екі күн өткеннен кейін сол ақсақал келіп: «Мен оны көрдім, ол маған: «Менің үйімдегілерім мен жолдастарыма хабарла, менен бұрын кеткендерді қуып жеттім, шаршаудан тыныштық таптым» [134].

Жоғарыдағы жазба деректерден келтірілген үзінділер арқылы жылқымен байланысты орындалатын келесідей жайттарды жіктеуге болады:

1) жылқы құрбандық малы;

2) жылқы басқа әлемге жеткізуші және сол жақтағы мініс көлігі;

Ендігі жерде археологиялық деректер мен этнографиялық параллелдер негізінде жазба деректердегі аталған мәселелерге талдау жасап көрелік.

Алғашқы тармақ бойынша айтар болсақ бұл жерде мәселенің барлығы түсінікті деген ойдамыз. Жоғырғы тарауда Қазақстандағы жылқы қосып жерленген ескерткіштердің сипаттамасын беріп өткенбіз. Сол материалдардың өзі ортағасырлық жазба мәліметтермен үйлесім тауып тұр. Оның үстіне жылқыны қосып жерлеу ғұрпы бар ескерткіштердің таралу аймағы кең екендігін атап, оларға қатысты зерттеу еңбектерін жоғарыда талдағанбыз. Сондықтан да, қайталауға жол бермей, тек сол еңбектерге сілтей отырып, қарастырылып отырған мәселенің тарихи сабақтастығын жүргізейік. Мұнда әрине этнографиялық параллелдер өзінің үлесін қосады. Этнографиялық дәуірде түркі-моғол халықтарының дүниетанымында жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар ежелгі генезисін сақтай отырып, кейбір өзгерістермен және жаңашылдықпен көрініс тапты. Қазақ халқының жерлеу ғұрпындағы жылқының орны жоғырыдағы бөлімдерде тоқталып кеткен Ә.Т. Төлеубаевтың, А.У. Тоқтабайдың, С.Е. Әжіғалидың еңбектерінде кеңінен ашылуы бізді қайталау жасамауға мүмкіндік береді. Жалпы, қазақ халқының жылқымен байланысты жерлеу-еске алу ғұрпы «тұл ат», «тұлданған ат» немесе «қаралы ат» ұғымдарымен астасады. Бұл бойынша қайтыс болған адамның тіршілігіндегі мініс жылқысының құйрық-жалын күзеп үйірге жібереді. Бір жыл бойы оған ешкім мінбейді, оны тіпті барымташылар да айналып өтетін болған. «Тұл ат» жылдық асына сойылып, оның бас сүйегі қабір басына қойылған. Біздің кейбір ақпарат берушілердің мәліметінше негізінен жылдық асқа сойылған тұл аттың» бас сүйегі бейітке ілінген. Қазіргі күні жылқыны «тұлдау» рәсімі сақталмаса да, еліміздің шығыс өңірлерінде оның сарқыншақтары кездеседі. Шығыс Қазақстанның көп аудандарыда адамның қайтыс болған кезінде сойылған жылқының және бір жылдық асына сойылған жылқының да бас сүйектері бейітке қойылады [4; 7].

Ғұрыптық идеясы жағынан қазақтың «*тұл ат*» немесе «*қаралы ат*» түсініктерімен ұқсас жосын-жоралғылар түркі және моңғол халықтарында да көрініс тапқан. Ғұрыптағы басты қағида жылқы бірден құрбандыққа шалынбай белгілі бір уақыт үйірдің ішінде жүруі. Мұндай құрбандық жылқыларын хакастар «*ызых*», тывалықтар «*ыдык*», якуттар (сахалар) «*ытык сылгы*» («киелі жылқы») және «*хайлыга ат*» (тайэлга), телеуттер «*ыйык*», қырғыздар «*ыйык*»

немесе «*сетер жылқы*» [238, с. 120], моңғолдарда «*сэтэртей*», алтайлықтар «*койлоо ат*», буряттар «*хойлго*» [238, с. 169] деп атаған. Аталған жосын-жоралғылардың түп-төркіні бір болғанымен, уақыт кеңістігіне қарай түрленіп, әр халықтың дүниетанымдық болмысына қарай икемделген. Жалпы аталған ұғымдардың анықтамасын түсіндіру үшін ең алдымен түркі-моңғол халықтарының этнографиялық дәуірдегі жылқымен байланысты рәсімдерді саралап өткен маңызды деп санаймыз.

Басқа да түркі халықтарындағы тәрізді саха-якуттардың да өткен тарихында жылқының культтік маңызы болды. Олардың әдет-ғұрыптарындағы жылқының орны біршама зерттеулер мен этнографиялық материалдарда көрініс тапқан. Тарихи-этнографиялық құндылығы әлі күнге дейін маңызын жоғалтпай келе жатқан Я.Линденаудың еңбегінде ауқатты якуттардың жерлеу ғұрпы сипатталады. Автордың көрсетуінше қайтыс болған адамды жерлеу барысында бірнеше жылқы қосып көмілген, оның бірі адамның жанына қойылса, қалғандары қабірден тыс жерге көмілетін болған. Жерлеу ғұрпы аяқталған соң тағы бірнеше жылқы сойылып, олардың терілері ағашқа ілінетін болған. Бір апта өткен соң, жерлеуге қатысқан адамдардар тағы жиналып бірнеше жылқыны құрбандыққа шалып, сол жерде еті желінген. Одан бөлек қабірдің бір жағына бірге көмілген жылқылардың санынан сәйкес, ал екінші бетіне жерлеу кезінде желінген жылқы санымен бірдей сырық орнатылған [98]. Көріп отырғанымыздай Я.Линденаудың XVIII ғ. берген мәліметтері өзіміз жоғарыда тоқталып кеткен ортағасырлық деректермен үйлесім табады. Жалпы алғанда саха-якуттарда жылқымен байланысты өткізілетін рәсімдердің түрлері бірнешеу. Ендігі жерде жылқымен қатысты осы жосын-жоралғылардың этнографиялық мағынасын түсіндіріп көрсек. Якуттарда адам қайтыс бола салысымен сойылатын жылқы «*хаайлыга*» деп аталып, қайтыс болған адам онымен алыс сапарға аттанады деген сенім қалыптасқан [99]. Жылқыны ең алдымен қайтыс болған адамның үйіне әкеледі де, тізгінін қолына беріп «мынау сенің мініс атың, тірек көпірің, тексеріп ал» деген сөздер айтылған [99, с. 144]. Адамды жерлегеннен кейін зиратқа жақын талдардың біріне «хаайлыга» жылқының басы бір мойын омыртқасымен ілген. Одан кейін жерлеу орнын үш рет атпен айналып өтіп, тарқасқан [99, с. 188]. И.А.Худяков верхоян якуттарындағы аталмыш ғұрпты былыйша сипаттайды: «қайтыс болған адамның жылқысын иесінің тірі кезіндегідей ерттеп, одан кейін оның тіршілік еткен жерлерімен шапқылатады; бұл жылқы күнмен және дүниемен қоштасуы үшін жасалады. Осыдан соң, жылқыны арнайы қораға кіргізіп, ең мықты адам оны шоқпармен ұрады. Жылқы селт етпестен өлуі қажет; егер жылқы бірден өлсе, қайтыс болған адамның туыстары қуанады, олай болмаса, иесі о дүниеде қиналып жатыр деп ойлайды» [66]. Кейбір мағлұматтарға сәйкес кейінгі діни сенімдеріне қарай, әсіресе күштеп шоқындырудың салдарына кейбір аймақтарда қан шығару құрбандығына тыйым салынған. Ендігі жерде «*хаайлыга*» жылқының бас сүйегінің ағашқа ілу рәсімімен сипатталған [239, с. 306]. Бұдан бөлек якуттарға қатысты этнографиялық мәліметтерде жылқымен байланысты «*ытык сылгы*» ұғымы кездеседі. Бұл ғұрыппен байланысты «киелі

жылқы» бақсының өткізген рәсімдерінен кейін, үйірге жіберілген. Мұндай жылқыны ешкім мініс көлігі пайдаланбаған немесе соғымға соймаған. Жылқы өз ажалы жетіп өлген кезде ғана оның сүйектерін ағаштан тұрғызылған арнайы «арангаста» жерлеген [239, с. 198].

Археологтар саха халқында адаммен қоса жылқы жерлеу рәсімінің негізгі үш түрі бар екенін атап өтеді: топырақтағы, жердегі және ауадағы. Өз кезегінде әрқайсысының жергілікті нұсқалары бар: жылқы мүрдесінің топырақтағы қорымдары жеке шұңқырда, адам мүрдесімен бірге немесе арнайы қапталда болады. Олар қаңқалар саны және сою немесе өртеу тәсілі жөнінен ерекшеленеді [239, с. 198-199].

Осындай дүниетанымдық ұстанымға негізделген әдет-ғұрыптық сарындар Саян-Алтайды мекендейтін басқа да түркі халықтарында кездеседі. Мәселен, XIX ғ. авторы Н.Ф. Катанов хакастардың этнографиялық тобы бельтырлер бұрынғы уақыттарда қайтыс болған адамның сүйікті жылқысын өзінің ерімен ерттеп, қанжығасына заттарын іліп, жылқының жалы мен құйрығын әйелдердің бұрымы тәрізді өрген. Одан кейін жылқы есіктің алдында өлікті шығарғанша байланып тұрған. Мұндай жылқылар қабір басында құрбандыққа шалынып, еті ит-құсқа қалдырылған [101].

А.В. Анохиннің мәліметіне сүйенсек, телеуттер мен тывалықтар қайтыс болған адамның жақсы көретін атын о дүниеде мініп жүруі үшін сойған. Тывалықтарда XX ғ. басына дейін иесіне ат арнау ғұрпы сарқыншақ ретінде сақталған [96, с. 57].

Ал алтайлықтарда иесімен бірге жерленетін жылқы «*койлоо ат*» деп аталған [240, с. 134]. Одан бөлек алтайлықтар жоғарғы әлем иесіне арнап құрбандық шалатын болған. Ондай жылқыны «*барылгы*» немесе «*ыйык*» деп атаған. Мұндай құрбандық жылқысын бақсы таңдап, басқа жылқылардан өзгешелеу үшін оның жалына қызыл шүперек байланған. Жәнеде оған ешкім мінбей, құйрық-жалы күзелмеген. Құрбанға шалынғанға дейін үйірде жүрген [148, с. 253-254].

Құмандылар тайпаны желеп-жебеуші «Пайнеге» арнап үлкен ғұрыптық іс-шара өткізген. Оның негізгі рәсімдік нышаны ретінде құрбандыққа жылқы шалынған. Бұл ғұрыпты іске асыру барысында қолданылатын жылқы құлын кезінен таңдалып, үш-төрт жасқа дейін мінілмей өсірілген. Сенім бойынша осы жылқыға мініп Пайне өзіне қарасты тайпаның мекенін аралаған. Белгіленген күні, киелі қайыңның түбінде арнау жылқы құрбандыққа шалынып, оның бас сүйегі мен тұлыбы сол қайыңға ілінген [93, с. 61-62].

Этнографиялық мәліметтерге сүйенетін болсақ, түркі халықтарының бірі қырғыздарда қайтыс болған адамның жылдығына сойылатын жылқы «*сетер*» деп аталған. Мұндай жылқыға негізінен марқұмның тірі кезінде мінген жануары таңдалып, құйрығы мен жалы күзелген күйі үйірге қосқан. Одан бөлек оның ғұрыптық маңызын көрсету үшін кекіліне ақтық байлаған. Зерттеушілердің көрсетуінше «*сетер*» дегеніміз де «*киелі*» деген ұғым берген [238, с. 120]. Одан бөлек қырғыздарда қайтыс болған адамды жерлегеннен кейінгі ұйымдастырылатын ат шабыс «*көр бәйге*» деп аталады. Зерттеушілердің

пікірінше мұндай салттың басты қағидасы – өлген адамды еске алу. Аталған жосын-жоралғы қайтыс болған адамға қырық күн, жыл толғанда да өткізілген. Соның барысындағы ат бәйгеде бірінші келген салт атты өлген адамның үйінің алдына келіп, ондағы қаралы жалауды алып, оның сабын сындырып құрбан малы пісірілген ошаққа тастаған. Осындай жоралғы әулеттегі қаралы мерзімнің аяқталғандығын білдірген [66].

Жылқы байланысты тотемдің жоралғылар башқұрттарда да кездеседі. Оларда жылқының бас сүйегін есік алдына, қабырғаға немесе қора төбелеріне іліп қоятын ежелгі рәсім сақталған. Адамдар бұл бас сүйектерді аракідік майлап отырған. Бұл рәсімнің мәні мал-жанды көзден сақтау, сондай-ақ сол мал иесінен құт кетпесін дегенге саяды [150, с. 285].

Чуваштарда бертінгі уақытқа дейін өздерінің құдайларына шалынатын құрбандықтың ең үлкені жылқы екенді айтылса [90], Кавказды мекендейтін түркі халықтары қарашай мен балқарларда жылқының басы қасиетті саналып, оны үйдің төбесін тірейтін негізгі бағанға ілген [149, с. 171-173].

Осы айтылғандарға тағы бір қосатын мәліметтер моңғол халықтарының дүниетанымында да кездеседі. Оның себебі айқын, ежелгі және ортағасырларда түркі-моңғол халықтарының бір-біріне етене жақын ортақ діни көзқарастар болған. Оның бір ғана дәлелі өзіміз жоғарыда келтіріп өткен ортағасырлық саяхатшылардың жерлеу ғұрпындағы жылқымен байланысты жосын-жоралғылар. Олар моңғолдардікі немесе түркілердікі деп сипаттаған әдет-ғұрыптар кейінгі түркі халықтарында айнымай кездесетіндігіне тоқталдық. Соған жақын жылқымен қатысты әдет-ғұрыптар кейінгі моңғол халықтарының да жарқын көрініс табады. Мәселен, М.Н. Хангаловтың көрсетуінше буряттар о дүние туралы түсінікке сәйкес қайтыс болған адамды көлікпен қаматамасыз ету үшін жанына жылқы қосып жерлеген [241, с. 205-225]. Саян-Алтайды мекендейтін түркі халықтарындағы тәрізді буряттарда да *«хойлго»* (жерлеу жылқысы) ұғымы кездеседі. Т.А. Бертагаевтың түсініктемесі бойынша аталған ұғымдағы *«хой»* жұрнағы - солтүстік дегенді білдірген, яғни *«хойлго»* дегеніміз солтүстікке бағытталған жылқы мағынасын береді [94, с. 57]. XX ғ. басында ламаист-буряттарда мәйітті табытқа салу сәтінде аулаға ертелген жылқы әкелініп бағанға (сээргэ) байланған. Олардың сеніміне сәйкес бұл жылқыға мәйіттің рухы мінген. Мәйітті алып кеткеннен кейін жылқыны аулаға бос қоя берген, тек 49 күн өткенде ғана оны құрбандыққа шалған [242, с. 81-87]. Бұдан бөлек буряттарда жылқының бас сүйегі мен тұлыбын ілумен байланысты *«зулэхи»* атты рәсім бертінге дейін ұшырасады [243, с. 285-286].

Сонымен жоғарыдағы ортағасырлық жазба деректер мен этнографиялық параллельдерді сараптау барысында жылқымен байланысты орындалатын келесідей рәсімдерді аңғарамыз: жылқының қан шығырылмай құрбандыққа жіберу, жылқы тұлыбын ағашқа ілу немесе керіп қою және құрбандыққа арналған жылқы ілінетін немесе байланатын ағаш бағанның қызметі.

Көрсетілген мәселелер бойынша талдау жүргізейік. Жылқыны қанын шығармай құрбандық малы ретінде таңдау қазақ халқындағы «*тұл ат*», алтайлықтардағы «*барылгы*» немесе «*ыйык*», якуттардағы «*ытык сылгы*»,

қырғыздардағы «*сетер*», моңғолдарда (дербеттер) «*сэтэртэй*» тәрізді мазмұны ортақ рәсімдермен сипатталады. Олардың әрқайсысында жылқы *«киелі»* болып саналған. Яғни, олар иесі қайтыс болғанда бірден құрбандыққа шалынбай, белгілі жосын-жоралғылардан кейін үйірге қосылып отырған. Басқа жылқылардан айыру үшін оларға жоғарыда сипатталғандай арнайы белгілер салынған. Бұл рәсімнің кейбір қырлары, әсіресе моңғолдардың дербет тайпасы мысалында В.Терентьевтің еңбегінде жақсы талданған [152, с. 191-211]. Ал түркі халықтарындағы мазмұны қайтыс болған адамның ұрпақтық өкілі - «*тұлдың*» бір жыл бойы өзінің руластарымен бірге көшіп жүруі тұрғысынан түсіндіріледі. Осыдан келіп бір жылдық аста «*тұл аттың*» о дүниеге бастаған саяхаты аяқталып, өлген адаммен руластары арасындағы байланыс тізбегі үзілген. Былайша айтқанда қаралы үйдің аза тұту уақыты біткен.

Тағы бір түсінік бойынша, әсіресе моңғолдардағы «*сэтэртэй*» рәсімі мал санын көбейту және қорғау мақсатында орындалған [152, с. 200]. Бір жағынан алып қарағанда мұның да бір шынайлығы бар тәрізді. Біріншіден, құрбандық жылқы үйірге қосылғаннан кейін оған ешқандай ұры-қары тимеген, ит-құстан қорғалған. Яғни, ондай жылқы үйірде жүруі арқылы бүкіл үйірдің қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. Екіншіден, мұнда діни-нышандық қорғаныс болған деген пікірдеміз. Мәселен, қазақ халқында «әкенің малы балаға мал болмайды» деген сөз тіркесі кездеседі. Соған салсақ, жылқыны бірден құрбандыққа шалмай үйірге қосу арқылы, артындағы ұрпағы басқа малдарын қорғауға тырысқан болуы мүмкін. Жалпы алғанда, қарастырылып отырған ұрып ежелгі үнді-арийлік «*ашвамедхамен*» толық бітіседі деуге болады. Оның ішіндегі келесі құбылыс қызығушылық тудырады. Аталған ұрыпты жүзеге асыру барысында таңдап алынған жылқы солтүстік-шығыс бағытында бір жылға дүниені шарлауға жіберілген. Жылқының жолына кедергі келтіргендердің барлығы рәсімдік қарғысқа ұшыраған. Оның үстіне жылқының жанында 100 жігіт қорғаушы ретінде жүрген. Жылқының тек бір жылдық сапары аяқталғаннан кейін ғана арнайы тік бағанда тізгіндеп құрбандыққа шалған [244, с. 304-336]. Қазақ халқының «*тұл аттың*» иесінің бір жылдық асында ғана сойуы, сипатталған ежелгі ұрыптың мазмұнымен толық сабақтасады.

Қалай дегенде де, сипатталған рәсімдер алғашқы кезде ортақ ұғымда болып, кейіннен әр халықтың өміріне әлемдік діндердің ықпал етуінен түрлі трансформацияға түскен.

Келесі бір мәселе жылқы тұлыбын ағашқа ілу немесе керіп қою рәсіміне қатысты түсіндірмелерді Саян-Алтайды мекендейтін түркі-моңғол халықтарының дүниетанымынан іздеген абзал. Жоғарыдағы деректерде жылқының құрбандыққа шалу барысында орындалатын іс-қимылдар кеңінен сипатталған. Олар жылқыны құрбандыққа шалу, етін асқа пайдалану, сүйегін өртеу, тұлыбын сабанмен толтырып ағашқа не бағанға ілу. Жылқының тұлыбын ілу ұрпының мәнін П.О. Рыкин лексикалық мәліметтер арқылы шешуге тырысқан. Зерттеушінің жасаған қорытындысы бойынша бұл ұрыптың барынша таза сақталған іздерін буряттардан алуға болады [243, с. 284]. Бұл әсіресе буряттардағы *«зулэхи»* рәсімінде жақсы көрініс табады. Рәсім

бойынша жылқының тұлыбы қайың бағанға іленген. Басы түрлі-түсті жолақтармен көркемделіп, ауызына самырсынның қабығы салынып, тұмсығымен күн шығысқа қаратылған. Бақсылардың сеніміне сәйкес жылқының тұлыбы жоғары көтеріліп, құрбандық кезінде алынған ет-сүйегі қайта жиналып, жерге қайтып оралған [243, с. 284].

Басқаша айтқанда бұл жерде өлу мен туудың қатар жүруі, яғни ұрпақ алмасуы болған деген тұжырым жасауға болады. Ал жылқының тұлыбын жасау кезіндегі сырықтың негізгі қызметі құрбандық жылқысының жанын көкке жылдам жеткізу болған деген көзқарас бар [243, с. 286]. Тағы бір айта кететін мәселе, ол аталмыш ғұрыпты орындау барысында жылқының тұлыбы ілінетін ағыштың маңызы. Кейбір түркі халықтарында ондай ағаштарға аса мән беріліп, оларды киелі санаған. Қазақ халқындағы бүгінге дейін кезедесетін *«әлемді», «ақтық байлау»* тәрізді рәсімдер осының жалғасы болуы керек. Мәселен, шығыс өңірлерде бұлақтардың басындағы ағаштарға шүберектер байлау жиі кездеседі.

Жоғарыда берілген ақпараттардан тағы бір бөліп көрсететін рәсімдердің бірі ол құрбандық жылқысының арнайы бағанға байлануы. Ондай терең нышандық мазмұны бар бағанды қазақ халқы *«атқазық»* немесе *«мамағаш»* деп атаған. Ондай ғұрыптық атқазықтар Саян-Алтай өлкесіндегі түркі-моңғол халықтарында *«сэргэ»* деген атпен белгілі болса, мажар халқында *«фейфа»* деп аталған. Қазақ халқындағы нұсқасы *«құлпытас».*

Жалпы аталмыш ескерткіштердің түркі-моңғол халықтарындағы дүниетанымдық және стилистикалық мазмұны ғылымда В.Ф. Яковлев, С.С. Сорокин, Р.И. Бравина, З.П. Соколова, А.С. Суворова, С.Е. Әжіғали, А.А. Слепцова, Е.О. Закшеева, Ф.М. Зыков, Н.К. Данилова және тағыда басқа зерттеушілер тарапынан жан-жақты талданған. Сондықтан да біз бұл мәселеде қайталау жасамай, тек біздің тақырыбымызға қатысты кейбір тұстарына тоқталсақ. А.А. Слепцова якуттар мен буряттардағы *«сэргэлердің»* мысалында оларды қызметі бойынша бір-бірімен ғұрыптық жағынан тығыз байланысты үш топқа жіктейді.

1. Пайдалы тұсы, яғни тұрмыстағы қолданысы. Жылқы байлау үшін немесе тері кептіруге арналғандар.

2. Ғұрыптық атқазықтар, рәсімдерді орындау барысында құдаймен, жебеуші рухтармен және аруақтармен байланыс орнатуға арналғандар.

3. тарихи маңыздылар, белгілі бір тұлғалар мен оқиғаларды насихаттауға арналғандар [245, с. 159-160].

Бірінші топтағы сэргэлер якуттар мен буряттардың дәстүрі бойынша әрбір үйдің алдында міндетті құрылыс болып табылып, сол үй иесінің немесе әулеттің нышанын білдірген. Сондықтан да оны мықты әрі әдемі етіп жасауға тырысқан. Сэргэлердің басында бірнеше айналдыра жасалған ойықтар болған. Оның ең үстінгісіне отағасы жылқысын байласа, төменгі жақтарын жасы кішілер пайдаланған [246]. Саха-якуттар *«тойонсэргэ», «кэтэх сэргэ» деп* аталатын бірнеше сэрге қойған [245, с.160].

Екінші топтағы сэргэлер жоғарыда атап өткеніміздей құдайлар мен аруақтарға арналып, якуттарда қызмету бойынша түрлі құрылыстардан тұрған. Біреуі қайтыс болған адамдардың рухын арналса, енді бірі өсіп-өну құдайына арналды [247, с. 63]. Бұлардан бөлек бақсыларға арналған сэргэнің түрі болған [245, с.160]. Сонымен бірге ежелгі «әлем ағашы түбіндегі жылқы» ұғымымен астасатын сэргэлер болған. Ондай сэргэге жылқы байланып, тұрған жерінде құрбандыққа шалынған. Қанын сол сэргэге жаққан [245, с.160].

Үшінші топтағы сэргэлер XX ғ. екінші жартысында ғана кеңінен тарай бастаған. Олардың көпшілігі уақыт шеңберіне сай жойылып кеткен. Посткеңестік кезеңде, әсіресе ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға байланысты жеке тұлғалар мен тарихи оқиғаларға байланысты сэргэ тұрғызу қайта жанданған [245, с.161].

Көріп отырғанымыздай, бұл жерде негізінен саха-якуттары мен буряттардың тіршілігіндегі сэргэлер сипатталғанмен, осындай ұғырып бүкіл түркі-моңғол жұртына ортақ дүниетаным екендігін жоққа шығара алмаймыз. Өйткені әр халықта оның өзіндік ерекшеліктері болған. Оның үстіне атқазықтардың діни-ұғыптық мазмұны сонау қола дәуірінен бастау алып этнографиялық дәуірге дейін түрлі өзгерістермен жеткен. Мәселен, сақ-скиф әлеміндегі бұғытастар мен ежелгі түркілердегі тас мүсіндер дүниетанымдық қызметі жағынан біз қарастырып отырған ескерткіштердің арғы тегі ретінде қарастырылып жүр [248; 249].

Қазақ халқындағы атқазықтар мәселесі архитектуралық және семантикалық тұрғыдан С.Е. Әжіғалидың еңбектерінде жақсы ашылған. Зерттеуші аталмыш ескерткіштердің қазақ халқының дүниетанымындағы көрінісін *«құлпытаспен»* байланыстыра ашып көрсетеді [10].

Жалпы алғанда, мифопоэтикалық ұғымды білдіретін тік бағана – *«мамаағаш», «құлпытас», «сэргэ»* әлемнің тігінен бөлінетіндігімен сай келеді. Біріншіден, олар біздің ойымызша үш бөлшекті әлем бәйтерегінің ұғыптық элементі болумен қатар, екінші жағынан түркі-моңғол халықтарының этнографиялық дәуірдегі жылқыны құрбандыққа шалудың түрлі нұсқаларымен астасып жатыр. Қазақтың космогониялық аңызы салсақ темірқазық шоқжұлдызы әлеммен байланыс орнатудың эквиваленті болып табылады. Ал ондағы Ақбозат пен Көкбозат әрдайым жеті бөрінің (Жеті қарақшы) бақылауында жүреді. Бір сөзбен жеткізгенде ғаламның тұрақтылығы болып табылатын бұл жылқылардың жоғалуы гармония бұзылуына, яғни ақырзаманға әкеп соқтырған. Демек, бізқарастырып отырған тік бағандар бір жағынан әлемдерді байланыстыру, екінші жағынан тұрақтылықты сақтаушы деген түсінікке саяды.

Бұл келтірілген деректерден келесідей мәселелерді байқауға болады. Біріншіден, адам қайтыс болған кезде және жерлеген уақытта құрбандық ретінде бірнеше малдың сойылуы, соның ішінде жылқының да орын алуы. Екіншіден, жылқыға мініп үйді, қабір басын айналу секілді ұғыптардың орындалуы, жерлеу салтынан кейінгі ат шабыстар белгілі бір дәрежеде аза тұту, өлген адамды о дүниеге шығарып салу немесе қоштасу белгілері болуы мүмкін.

Баяндалған әдет-ғұрыптарды орындау барысында да басты орында жылқы жүргендігін көруге болады. Мұнда да халықтың ауызында ең алдымен бәйгеден бірінші келген жылқы туралы және оның қаралы жалауды шешкендігі жөнінде әңгімелер қалады.

4 ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫҢ, ДІНИ-МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИГЕНЕЗДІК САРАПТАМАСЫ

4.1 Жылқымен қатысты әдет-ғұрыптардың типологиясы және аймақтық ерекшеліктері

Археология ғылымында белгілі бір тақырыптың мазмұнын ашуда зерттеуші ғұрыптың немесе заттың толыққанды жүйелі сипаттамасын жасаумен ұшырасады. Ғылыми әдебиетте ондай рәсімдер жүйесі «типтеу» және «классификациялау» деп аталады. Көп жағдайда аталмыш екі термин синоним ретінде қолданылғанымен, «типтеу» ұғымы біршама кеңірек мағынаға ие болып келеді. Жалпы, бұл мәселе археология ғылымының әдістемесіне байланысты жарияланған көптеген әдебиеттерде жан-жақты талданған, сондықтанда біз осы жерде тек сол әдебиеттерге сілтеме жасаймыз [250]. Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, біз жұмысымызда жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар сақталған ескерткіштерді түрлі белгілері мен уақытнамасына қарай топтауда «типтеу» ұғымын қолданамыз.

Диссертациялық жұмыстың уақытнамалық шеңберіне сәйкес жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар кездесетін жерлеу орындарын типтеу барысында біз төмендегідей қағиданы басшылыққа алдық. Яғни мысты тас дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі ескерткіштерді территориясы мен уақытнамасына қарай бөлдік. Бір аймақтың өзінен бірнеше түрлі ескерткіштер анықталған жағдайда олардың өзін ішкі құрылымына қарай жеке-жеке бөлуге тырыстық.

Мысты тас дәуірі. Зерттеу барысында анықталғандай, жылқыны қолға үйретудің маңызды кезеңін анықтауда жылқы сүйектері көп роль атқарады. Ботай және Терсек мәдениеттеріне тән ескерткіштерден табылған остеологиялық материалдарды талдау барысында, мыңдап табылған жылқы сүйектерін зерттеген палеозоологтар аталған жылқы сүйектері үй жылқыларының сүйектеріне тән екеніндігін анықтағандығын жоғарыдағы тарауларда сипаттағанбыз. Жалпы алғанда Ботай мәдениеті ескерткіштерінен алынған жылқының тұсамыс сүйектерінен жасалып, түрлі геометриялық сызықтармен сомдалған түрлі жәдігерлер ғұрыптық символиканың нышаны ретінде бағаланды. Одан бөлек жоғарыда өзіміз тоқталып кеткен, Ботай қонысындағы бірнеше жылқы бас сүйектерінің қатар-қатар қойылуының өзі сол ғұрыптың танымның бір қыры ретінде нақтыланды. Сол себепті де, біз жылқы культінің Қазақстан жеріндегі алғашқы нышандары мысты тас дәуірінде қалыптасып, одан кейінгі дәуірлерде шарықтау шегіне жеткен деген тұжырымдаманы басшылыққа аламыз.

Қола дәуірі. Алдыңғы тарауларда тоқталып өткеніміздей Қазақстанның қола дәуірі тұрғындарының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарын жерлеу материалдары және жартас суреттері негізінде төмендегідей типтерге жіктейміз.

1-тип. Бұл типті археологиялық қазба материалдары негізінде екіге жіктейміз. Біріншісіне (1А типі) бір обада қос жылқыны қатар жерлеу ғұрпын

және екіншісіне (1Б типі) жылқының бөліктерін (басын, аяқтарын) қосып жерлеуді жатқызамыз.

1А типі. Бұл типтегі ескерткіштер қатарына Нұртай қорымындағы № 2 оба, Аяпберген қорымындағы № 7 оба, Ащысу, Бірлік 2 қорымындағы №1, 2 обалар, Ақсайман қорымындағы № 2, 4 обалар, Бестамақ қорымындағы №35, 140, 170 обалар, Халвай қорымындағы № 3 жерлеу шұңқыры, Майтан қорымындағы №7Г, 29В, 29Г қоршаулары кіреді. Жылқылардың орналасуы түрліше болып келеді. Олар, арнайы тегістелген топырақтың үстіне аяқтарымен бір-бірлеріне қаратылып немесе керісінше арқаларын түйістірген қалыпта орналастырылған. Ең бастысы бұл ғұрыптан арбаға жегілген қалыпты бейнелейтін көрініс жақсы байқалады.

Осы типтес іргелес өңірлерде кездесетін қос жылқыны жерлеу дәстүріне қатысты Д.Г. Зданович, Е.В. Куприянова [40], Е.А. Черленок [42] тәрізді зерттеушілер тарапынан типология жасалған болатын. Аталған зерттеушілердің сараптамасы бойынша Синташта қорымындағы № 3, 4, 5, 10, 12, 19, 26, 29, 30 жерлеу орындары, Каменный Амбар 5 қорымының №2 обасындағы 8-жерлеу орын, кривое озеро қорымындағы № 9 обаның 1-жерлеу орны, Утев қорымындағы №6 обаның 4-жерлеу орны біздің жіктеген типке сәйкес келеді [42, с. 347].

Біздің ұсынып отырған бұл тип орта қола дәуіріндегі мәдениеттердің дүниетанымынан хабар береді. Бұл кезеңді қазіргі күні үндіеуропалық тайпалармен байланыстыру қалыптасқан. Жылқымен бірге арбаны қосып жерлеу немесе жылқылардың арбаға жегілу қалпын беру, яғни имитациясын жасау арқылы ғұрыпты орындау осы типтің негізгі көрсеткіші. Көптеген зерттеушілер аталған ескерткіштердің, сонымен қатар осы кезеңмен сипатталатын басқа да обалардың қабір шұңқырларын қос жылқы жерленген арбамен байланыстырады [42-45]. Өлік пен арба заты қойылған қабірдің түбі символикалық тұрғыдан арбаның шанағын білдіруі мүмкін. Ал қабірдің үстінде немесе арнайы төселген жабынға қойылған қос жылқы жегінді білдірген. Қабір шұңқырын арба ретінде ұғыну дәстүрі алдыңғы дәуірлерде де болған болуы керек. Әсіресе бұл, көптеген зерттеушілер синташта мәдениетіне негіз болған деп санайтын катакомба мәдениеті тұрғындарының жерлеу ғұрпында жақсы байқалады. Кавказдағы ерте катакомба ескерткіштерін зерттеген А.Н. Гей олардың жерлеу камерасын жан-жағынан тұйықталған күймемен байланыстырады [251, с. 97–99].

Мұндай нышандық бейненің жалғасын біз өзіміз қарастырып отырған синташта мен петров кезеңдеріндегі жерлеу кешендерінен көре аламыз. Ендігі жерде күйменің орнын қос дөңгелекті арба басады. С.В. Сотникова Синташта ескерткіштеріндегі материалдар бұл дәстүрдің енді ғана қалыптаса бастағандығын көрсетеді деген қорытынды жасайды. Оны ол пәуескенің немесе оның бөлшектерінің тек қабірдің түбінде ғана кездесуімен негіздейді [252].

Петров тұрпатындағы ескерткіштерде жылқы және нышандық қос дөңгелекті арбамен байланысты ғұрып сәл өзгерген қалыпта жалғасын табады. Енді жерде қос жылқы жерлеулері қабірдің ішіне емес, керісінше оның бетінде

орындалады. Көп жағдайда қабір шұңқырын айналдыра топырақтан немесе күлден арнайы арнайы төсеме тұрғызып соның үстіне жылқыларды қоятын болған. Оны біз жоғарыда сипатталған Бірлік, Ақсайман, Аяпберген, Нұртай, Ащысу қорымдарындағы жерлеу кешендерінен байқаймыз. Мұнда да жылқылардың қабірде орналасуына қарай өзіндік өзгешеліктері бар. Мәселен, Бестамақ I мен Ақсайман қорымның кейбір обаларында жылқылар қабірді жапқан тақтаның үстіне жатқызылса, тағы сол Ақсайман мен Бірлік қорымдарында жылқылар қабір шұңқырының ішінде, бірақ негізгі жерлеуден бөлек арнайы топырақ үйіндісінің үстіне жатқызылған. Көп жағдайда арбаның қалдықтары сақталған. Жылқыларды орналастыру тәртібі де түрлі: бір жақ қырымен, аяқтары бір-біріне қаратыла, арқалары түйістіріле, аяқтары жан-жаққа қаратыла және тағы басқалары. Ерекше жерлеулер қатарына Бестамақ I қорымындағы №1 және 45 жерлеу орындарын жатқызуға болады. Оларда жылқылар қабір шұңқырының түбіне аяқтары бауырына жиналған қылыпта орналастырылған. Бұл ерте көшпелілер заманындағы жерлеулерді еске салады. Мұндай қабір айналасындағы алаңдар ғұрыпты орындаудағы арнайы шекара немесе құрбандық орны болуы мүмкін деген болжам жасауымызға болады. С.В. Сотниковаңың көзқарасына көңіл бөлсек, жерлеу ғұрпының бұл түрі әлем осі ретінде сипатталады. Мұндағы қабір шұңқыры жер асты әлемін, қазіргі жер деңгейі орта, ал арнайы рәсім алаңы мен обан үйіндісі жоғарғы әлеммен ұштасады. Міне осы ось арқылы адамның жаны, қабірге қойылған құрбандықтар мен ғұрыпты орындаушылардың тілектері жоғары көтерілген [252, с. 41-47]. Бірлік қорымындағы осындай алаңды арнайы зерттеген Г.Б. Зданович топырақтың құрамында қосымша қоспалардың болғандығын, тіпті бұл кірпіш болуы мүмкін дегенді атап өтеді [38, с. 116]. Яғни, жерлеу кешенінде мұндай төсемдер жасау белгілі бір жосын-жоралғыны атқарудың, оған қоса оның үстіне жылқыны қою терең бір мазмұндық түсінікпен астасады.

Осыған қатысты зерттеушілер тарапынан түрлі пікірлер жасалған болатын. Зерттеушілердің бірқатары жерлеу ғұрпындағы арбаларды соғыс кезінде пайдаланылған, кейіннен жерлеуде қолданылған деп есептейді [41, С. 214–219]. Н.Бороффканың ойынша арбалар соғыс немесе аңшылық құралы ретінде емес, керісінше белгілі бір топ мүшелерінің әлеуметтік дәрежесін сипаттайтын сән-салтанат заты ретінде анықталуы қажет [253, с. 80]. Осыған ұқсас пікірді біз Е.Е. Кузьминаның тұжырымдарынан да аңғарамыз. Зерттеуші көнешұңқыр мәдениетіндегі қарастырылып отырған тұрпаттағы жерлеу кешендерін қоғамдағы дәрежесі жоғары адамдарға тиесілі болғандығын алдыға тартады. Бірақ автор ондай обаларды әскери адамдармен байланыстырады [41, с. 185]. И.Л. Алексеева тіпті басқа көзқарас білдіреді, оның пікірінше арба кездесетін жерлеулер қоғамдағы абыздар билігінің өте жоғары екендігінен хабар береді [254, с. 48-52]. Синташта кешеніндегі ескерткіштерді зерттей келе Н.Б. Виноградов келесідей қорытындыға келеді, арбамен байлынысты жерлеулерді түсіндіру барысында жерлеу ғұрпының жоғары деңгейдегі семиотикалық маңызына көңіл аудару қажет. Жекелеген тұлғалардың қабірлеріне арбалардың бөлшектерін қою үндіеуропалық мифтегі адам жанының саяхатын қайта

түрлендіру болуы мүмкін [103, с. 264].

С.В. Сотниковаың пікіріне сүйенсек арбамен байланысты ғұрыптық әрекеттер бүтінді бөлшектеу және солардан жаңа тұтастық құрау тәрізді рәсімдермен астасады. Мұндай әрекеттер үндіиран халықтарының құрбан шалу дәстүрінің ерекше белгісі болып табылады [45, с. 104].

Зерттеушінің мұндай тұжырымдарын археологиялық материалдарды түсіндіру арқылы сипаттауға болады. Мәселен, мұндай ғұрыптар қабірлердегі жылқы қаңқаларына немесе жекелеген сүйектеріне (бас сүйегі мен аяқ сүйектері) қатысты болуы мүмкін. Екінші жағынан, синташта мен петров тұрпатындағы ескерткіштердің молаларындағы арба мен қос дөңгелекті арбалардың бөлшектері айтылған көзқараспен ұштасады. Яғни, Қазақстанның қола дәуірі жерлеулеріндегі жылқы мен арбалардың бөлшектері келесі дүниедегі тұтастықтың нышанын сипаттайды деп қорытынды жасауға болады.

1Б типі. Қарастырылып отырған типтегі ескерткіштер қатарына сипаты бойынша Бұғылы I қорымындағы № 1, 2, 10, 11 қоршаулар, Былқылдақ II қорымының № 2 қоршауы, Майтан қорымындағы №15А қоршауы, Балықты қорымындағы №10 қоршау, Бозінген қорымының №5 обасы, Бірлік II қорымы № 10 оба, Ақсайман қорымындағы № 2 оба, Семипалатное қорымы № 2 оба, Бестамақ қорымы № 5шұңқыр, Халвай қорымы № 3, 6 шұңқырлар жатады.

Қола дәуірі ескерткіштерінде жылқының бас сүйегі жерлеу ғұрыптарында кездесуі өте кең таралған түрдің бірі. Мұндай ғұрыптық жерлеулер өзіміз жоғарыда бөліп көрсеткен қорымдардан бөлек, мәдениеті жағына жақын іргелес аймақтардағы ескерткіштерде жиі ұшырасады.

Таулы Алтайдағы Бике I қорымындағы афанасьев мәдениетіне жататын обадан жылқының үш бас сүйегі, Тобыл өзені жағасындағы Савин ғибадатханасынан жылқының 19 бас сүйегі табылса, жерлеу ғұрпына тән мұндай ерекшелік Көне шұңқыр, Синташта және Қарасұқ ескерткіштерінде қалыпты жағдай түрінде қабылданған [83, с. 100; 255, с. 270-271].

Қола дәуіріндегі жұрттардың дүниетанымында кез-келген жануардың белгілі бір мүшесі түрлі түсінікке ие болған. Археологиялық зерттеу әдебиеттерінде жерлеу орындарын «құрбандық» немесе «ғұрыптық» кешендері деп атайды [256, С. 222]. Здановичтің пікірінше мұндай ғұрып ас беру арқылы көбею немесе өсіп-өну қағидасымен ұштасады [40, с. 193]. Мұндай ғұрыптық кешендерді тұрғызу барысында жануардың денесі үшке бөлінген: жоғарғы рәсім (бас сүйек), төменгі рәсім (аяқ сүйектері) және ортаңғы рәсім (етті денесі). Мұндағы алдыңғы екі бөлік құрбандық орнына көмілсе, үшінші бөлік, яғни еті құрбандық асы ретінде желінген. Сипатталған құрбандық шалу түрі жөніндегі жазба деректер «Ригведада» көрініс тапқан. Осындағы Пурушқа арналған жыр жолдарына талдау жасаған В.Н. Топоровтың тұжырымы бойынша құрбандық шалу барысында бөлшектену арқылы тұтастыққа қайтып оралу мәні негізделеді [244, с. 217]. Мұндай ғұрып ерте кезде Еуразияның қола дәуіріндегі жұрттарына ортақ таным-түсінік таралғанымен, уақыт өте келе түпкі идеясын сақтай отырып әртүрлі халықтарда түрліше жаңғырды. Мәселен, славян халықтары украиндар мен белорустар жын-перілерді жолатпау үшін

үйдің маңына жылқының бас сүйектерін іліп қойған [257, с. 190]. Венгрлердегі секлер тобы үйдің іргетесын тұрғызу барысында арасына жылқының бас сүйегін салса [150, с. 206], қарақалпақтар үйдің кіреберісіне не болмаса үй төбесінің бұрыштарына іліп қоятын болған [150]. Түркі халықтарының бірі башқұрттарда да мұндай рәсім кездеседі, оларда жылқының басын үйдің айналасына, бал омарталарының жанына әліп қоятын болған, тіпті кей уақыттарда оларды сыртынан майлап отырған [150, с. 619]. Олардың түсінігі бойынша жылқының басын қораның маңына ілу арқылы сол малдың басын сақтап қалу болған. Бір айта кететініміз мұндай дәстүр Сыр бойы қазақтарында әлі күнге дейін кездеседі. Жергілікті халықтың пікірінше қораға ілінген жылқының басы мал басын сақтайды, тағы бір түсінік бойынша келер жылы да соғамға жылқы малы бұйырсын деп тілеген. Бұл жерле тағы бір мән беретін жайт, ол башқұрттардағы жылқының бас сүйегін омарта маңына ілу. Сербия мен Черногорияда аралар ұясы өсіп-өнуі үшін деген сеніммен омарталардың арасына жылқының басын қойған [150, с. 645]. Мәселен, ежелгі Веда жырларының бірі Брихадараньяк-Упанишаде Дадхьянч Атхарваның ашвиндерге жылқы басының көмегі арқылы бал бергендігі туралы айтылады [83, с. 102]. Демек, сипатталған ырымның түп-тамыры сонау ежелгі үндіиран болмысында жатыр деп тұжырым жасауға болатындай.

Қазан татарлары мен түркімендер астық пен жеміс-жидек мол болсын деген ниетпен бау-бақша мен егістіктердегі бағаналарға жылқының басын ілген [150, с. 642].

Үндіеуропалық халықтардың ішінде жылқының басына табыну іздері ежелгі римдіктер мен гректердің аңыздарында көрініс табады. Ежелгі римдіктер Марс құдайына арнап өткізетін мейрамда арбаға жегілген жылқылардың біреуін қасиетті санап оны сойған. Одан кейін Рим қаласыны екі ауданы сол жылқының басы үшін күрес жүргізген. Гүлдестемен әсемделген жылқының бұл басы кейіннен патша сарайының қабырғасына ілінген [41, с. 42]. Ежелгі грек жерлеу ғұрыптарынан кейінгі өткізілетін арнаулы ас жылқының бас сүйегі жаында орындалған [83, с. 100].

Байқап отырсақ бұл типке жатқызылған ғұрыптың мазмұны аса тереңде, ежелгі замандардағы ортақ дүниетанымның қатпарында жатыр. Яғни, кезіндегі жылқымен байланысты ортақ түсінікті әр тайпа өзінше қабылдап, миграциялық және уақыт үдерісі салдарынан бұл түсінік түрліше ұғындырылды. Бірақ, бір жұрттар сол түсініктің бір қырын, келесі бір жұрт екінші бір қырын сақтай отырып этнографиялық кезеңге дейін жеткізді. Жалпы алғанда, Қазақстанның қола дәуіріндегі жұрттары тіршілігі мен дүниетанымындағы жылқы бейнесі ортақ болғанымен, еліміздің орталық, солтүстік және батыс өлкелерінде жылқының бас сүйегіне қатысты жеке бір діни түсінігі бар топтың өмір сүргендігі анық.

2-тип. Бұл типті қола дәуірімен мерзімделетін жартас бетіндегі суреттер құрайды. Оларды біз мазмұны мен нышандық түсіндірмесі бойынша бірнеше тип тармақтарына жіктейміз.

2А типі. Мұнда жартас бетіндегі жалқы және топтасқан бірнеше жылқылардың бейнелері бар кескіндерді енгіздік. Ондай суреттердің көпшілігі Теректі әулие (зооморфтардың 90 % жылқы суреттері), одан бөлек өзіміз жоғарыда сипаттап өткен еліміздің барлық белгілі петроглиф кешендерінде топтасқан.

Өзіміз жоғарыда тоқталып өткеніміздей бұл типке негізінен жеке дара немесе бір үйір болып кескінделген жылқылар жатады. Олардың стилистикалық қалпын беруде бірнеше тұрпат анық көрінеді. Мәселен, «сейма-турба» мәнерінде берілген жылқы бейнелері солардың қатарында. Зерттеушілер олардың қалпын келесідей сипаттайды: «мүсіні нобайлы (төрт қысқа және бүгілген аяғы барлары сирек), қалпы қимылсыз, тек жуан, түбіне қарай жуандай беретін және доғадай иіліп тұрған, сына тәрізді кекілге ұласатын жалы бар мойыны – жануардың ішкі ширығу қалпын анықтайтын белгілер» [74]. Бұл сипатталған кейіп Сауысқандық, Теректіәулие, Байқоңыр және тағыда басқа петроглиф кешендеріндегі 2А типіне жататын жылқылардың қалпы.

Осы типке бірінің артынан бірі кетіп бара жатқан қос жылқыны да жатқызуға болады. Жартас бетіндегі мұндай суреттердің заттай көрінісін Мыңшұңқыр қорымынан және Алтайдағы Чарыш өзені жағасында ескерткіштен алынған алтын сырғалар көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше сырғаларда берілген қос жылқы бейнелері «аң стилінің» ерте кездегі бастауларын сипаттайды [82, с. 54].

Сонымен бірге, қарастырылып отырған типке «аққу» мойыны үлгісіндегі Шимайлы мен Сауысқандықтағы жылқы кескіндерін де енгіземіз. Жоғарыда тоқталып өткеніміздей бұл жылқыларға ерекше сипатты денелеріндегі түрлі сызықтар мен геометриялық фигуралар беріп тұр. Осыларға жақын қола дәуіріне жататын суреттер Арал-Толгой және Цагаан-Салаа IV петроглиф кешендерінде кездеседі. Алғашқысындағы жылқылардың денелерінде қосымша элементтер берілсе, екінші кешендегі жылқыларда толқынды және түзу сызықтар салынған [82, с. 53]. Одан бөлек Шимайлы кешеніндегі геометриялық сызықпен әсемделген буаз жылқы [176, с. 259], Арал-Толгой ескерткішіндегі осыған жақын кескінмен үйлеседі [82, с. 53].

Жалпы археология ғылымында осындай бейнелерге қатысты қабылданған ортақ пікір жоқ. Оның үстіне сипатталған тұрпатты беретін, әсіресе жылқы суреттері өте аз. Қазіргі күнгі белгілі тұжырымдар бойынша мұндай кескіндердің мәні ежелгі адамдардың психологиялық қалпында, жануарлардың буаз кейіпінде, құрбандық жануары ұғымында, сыртқы түр-түсін беруде және тағыда басқа ұғымдарда жатыр. Еліміздегі Шимайлы кешенінің ашылуы, ондағы геометриялық сұлбалы жылқылардың талданауы болашақта аталмыш мәселеге қозғау салады деген пікірдеміз.

2Б типі. Бұл типке жартас бетіндегі жылқылардың арбаға жегілген қалпын сипаттайтын кескіндерді жатқызамыз. Ондай суреттер өзіміз жоғарыдағы бөлімде сипаттап өткеніміздей еліміздегі негізгі ірі-ірі петроглиф кешендерінің барлығында дерлік кездеседі. Кейбір кешендерді тіпті арбалар галереясы деп айтсақ қателеспейміз. Жалпы Қазақстан территориясындағы қос жылқы

жерленген арбалардың кескіндері Еуразия даласындағы осындай бейнелер тарихи-мәдени кеңістігінің бір бөлігі болып табылады. Аталған кеңістіктегі қос жылқы жерленген арбалардың пайда болуы, таралуы және генезисі біздің тақырбымыздың шеңберінен тыс болғандықтан, сонымен қатар бұл мәселелер жөнінде ғылымда жеткілікті дәріжеде айтылғандықтан оған тоқталмай, тек соған қатысты әдебиеттерге сілтейміз [40-45].

Қос жылқы жерленген арбалардың мифтік-поэтикалық және дүниетанымдық маңызының болуы бізге бұл типті жеке бөліп көрсетуге негіз болды. Жеке тип ретінде жіктегенімізбен петроглифтердегі қос жылқы жерленген арбалар ғұрыптық-семантикалық мазмұны жағынан 1А типіне жақын. Бірақ археологиялық ескерткіштің басқа бір түрі ретінде олардың да түсініктемесе өзгеше жүреді.

Қарастырылып отырған ғұрыптың пайда болуы мен таралуын, сонымен бірге мәнін ұғыну үшін жазба деректерге де негіз арту артық болмайды. Е.И. Елизаренкова мен В.Н. Топоров «Ригведаны» жасаушы ведалық арийлердегі пәуескенің маңызы туралы былай деп жазады: «Олар арабаларының ішінде көшіп мал бағып өмір сүрді, олар отырықшы болған жоқ; олардың арбалары тіпті үйден де қымбат болды, бұл олардың арбада көп уақыт өткізгендігіне байланысты емес, керісінше арба олар үшін «кіші» үй, «кіші» отан ретінде саналды, мұндағының бәрі адамға тиесілі болды; арба үнемі болатын құбылыс. Үй де және отырықшылық та арбамен қозғалу және оның мүмкіндіктері сияқты өмір сүру салтын анықтай алмады» [109, с. 489-490]. Аталған зерттеушілердің көзқарастары бойынша «Ригведадағы» пәуеске немесе арба ведалық тұрмыс-тіршіліктің көрінісі ғана емес, сонымен бірге қасиетті және мифтік әсер тағылған зат болып табылады [109, с.490].

Жалпы алғанда үндіарийлердің мифологиясында қос дөңгелекті арба жоғарғы құдайлардың өзгермес атрибуты болып саналады. Зерттеушілердің анықтауы бойынша бір ғана «Ригведада» қос дөңгелекті арба сөзі 200 рет аталады [215, с. 228.]. Одан бөлек жылқы мен арба «Асау құла жылқылардың арбакеші» – жайатқыш-жауынгер Индрамен, «Құрбандықтарды тасымалдаушы» – құрбандық отының құдайы Агнимен, Ашвин егіз құдайларымен және күн құдайы Сурьямен бірге аталады [215, с. 183].

Көріп отырғанымыздай жоғарыда сипатталған тұжырымдар 2В типіне жіктелген арбаға жегілген қос жылқы жай ғана сурет емес, терең мифтік-поэтикалық тамыры бар екендігін көрсетіп отыр. Демек, аталған типке кіретін ескерткіштер аумағын ежелгі үндіарийлік дүниетанымның нағыз жүзеге асқан территориясы ретінде қарастыруға болады.

2В muni. Жылқы бейнелерінің түрлі ғұрыптық қалыпта бейнеленуі. Оған «әлем ағашы» немесе «ат қазықтағы» жылқы кескіндерін және басқа да элементтермен бейнеленген суреттерді жатқызамыз.

Ең алдымен, «әлем ағашы» түбіндегі жылқы бейнесінің мазмұнына тоқталайық. Жоғарыдағы бөлімде мұндай ұғымды негіздейтін және бөлір көрсетіліп отырған типке жататын суреттер Құлжабасы, Теректіәулие, Күршім, Шимайлы, Ақберлі петроглиф кешендерінде кездесетіндігін атап кеткенбіз.

Жартас бетіндегі мұндай сюжеттердің еуразия кеңістігіндегі ұқсастығы олардың барлығының ортақ үндіеуропалық тұтастығында жатқан болуы керек. Сол замандарда жылқыны мініс және арбаға жегу құралы ретінде пайдалану, оның шаруашылықтағы рөлін дүниетанымда да арттырды, соның нәтижесінде оны құдайдың жануары деген тәрізді ұғымдар пайда болған болуы керек. Уақыт өте үндіеуропалықтардың жан-жаққа тармақталуы бұл түсініктің де Еуразия кеңістігінде таралуына себеп болған. Біртіндеп, түрлі себептерге байланысты жылқыға байланысты ортақ түсінік біртіндеп өзгергенімен, әр халықта оның бастапқы идеясы сақталып қалды. Сондай ортақ ұғымның бірі осы «әлем ағашы» түбіндегі жылқы көрінісі десек қателеспейміз. Бұл жерде біз З. Самашевтың осыған қатысты жасаған келесідей пікірімен толық келісеміз: «Әлем ағашының мифологиялық бейнесі ол әлемді тігінен түйреп өтетін және төменді, ортаны және жоғарыны немесе нақтырақ айтқанда, төменгі әлемнің (жер асты, мейрімсіз құдайлар әлемі), ортаңғы әлемнің (тіршілік атаулының әлемі: адам, фауна және флора) және жоғарғы әлемнің (игілікті дәріптейтін құдайлар әлемі) нақты бір сандық жүйесін анықтауға мүмкіндік беретін - әлдебір әлем өзегі. Содықтан да ағашта, бағана да және басқа да тік өзек әлем ағашының нышаны қызметін атқара алады, немесе оның визуалды көрінісі, белгісі, теңеуі болуы мүмкін» [72]. Оның діни-ғұрыптық семантикасы ежелгі үндіирандық «ашвамедха», «ашваттха» тәрізді жосын-жоралғыларда жатыр.

Бұл мәселеге қатысты жазылған зерттулер өте көп, оның үстіне олардың барлығында бір ортақ дүние кездеседі. Сондықтанда бұл тақырыпты қайталамай, соған қатысты әдебиеттерге сілтейміз.

Жалпы алғанда, «әлем ағашы» ұғымы ерте темір дәуірінде бұғытастар мен «аң бейнелі» стилде, түркі кезеңінде балбал тастарда және этнографиялық дәуірлерде әр халықта өзінше сипатталды. Мәселен, қазақ халқындағы көрінісі құлпытастар мен атқазықтарда жәнеде кейбір ағаштарды әулиелендіруде жатыр.

Қарастырылып отырған 2В типіне жылқы кескіндеріндеге немесе олардың маңындағы түрлі қуыс шұңқырларды жатқызамыз. Археология ғылымында мұндай қуыс-шұңқырлар белгіленген тастарды «тостаған тастар» деп атау орын алған. Олардың таралу кеңістігі де үлкен, бірақ қола дәуірі петроглифтеріндегі бейнелері Орталық Азиядағы, әсересе Таулы Алтай жартас суреттеріндегі басты сюжеттер қатарынан. Қазақстан жеріндегі қола дәуірімен мерзімделетін және жылқы бейнесімен байланысатын мұндай суреттер Терекгіәулие кешенінде кездеседі. Ол суреттің сипаттамасын жоғарыдағы арнайы бөлімде келтіргенбіз. Жалпы тостаған тастардың типологиясы В.Д. Кубарев тарапынан жасалған болатын. Бір айта кетерлігі типология Таулы Алтайдағы ескерткіштер негізінде жасалған:

1) тостаған тәріздес шұңқырлары мен жануарлардың суреттері бар сынтастар;

2) зооморфтық бейнелері кездесетін сынтастар;

3) құрбандық плиталары;

4) алып жүруге ынғайлы құрбандық тастары;

5) петроглифтер кездесетін жазықтардағы тостаған тәріздес шұңқырлар [258, с. 74-75].

Біздің Теректіәулиедегі мұндай бейнелер келтірілген типологияға сәйкес бесінші топқа жатады.

А.П. Окладниковтың пікірінше мұндай тостаған тастардың орындалу техникасын талдау олардың түсіндірмесін дұрыс жасауға көмектесетіндігін алдыға тартқан болатын [259, с. 325].

Бүгінгі күні ғылымда қарастырылып отырған мұндай тостаған тәріздес шұңқыры бар тастардың мазмұны толық түсінідіріле қойған жоқ. Көп жағдайда оларды ғұрыптық сипатта, тіпті кейде астраномия әлемімен байланыстыру да кездеседі. Қалай дегенде де, Теректіәулиедегі жылқымен бірге берілген ондай шұңқырлардың сол замандарда өзіндік мифологиялық түсініктемесі болғандығы анық.

Қарастырылып отырған типке жататын жылқымен байланысты келесі бір кескіндерге жылқы тұяқтарының ізін жатқызамыз. Мұндай бейнелер зерттеушілердің көрсетуінше адамзаттың ежелгі дүниетанымдық құбылысы болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде мұндай іздер құдайлардың немесе олардың жылқыларының басқан ізі ретінде, тіпті кейбір еңбектерде бақташылық магиямен байланыстырыла түсіндіріледі [72]. Еліміздің кейбір өңірлерінде жылқы тұяғының іздерін қасиетті санау, оған табыну да кездеседі. Қазақ халқында тастардағы ондай іздерді «тұлпартас» деп атаған [4, с. 8-9].

3-тип. Металдан жасалып, сабының ұштары жылқының басы түрінде бітетін асатаяқтар жатады. Қазақстан территориясынан ондай асатаяқтардың бірнешеуі табылған болатын. Олардың сипаттамасы жоғарыда берілді. Енді олардың семантикасына тоқталсақ. Көп жағдайда асатаяқтар екі түрлі мағынада түсіндіріледі. Біріншісі, ол билік нышаны және екіншісі ғұрыптық зат. В.А. Дергачевтың пікірінше асатаяқтар құдайлардың нышаны ретінде табиғат күштері мен қарапайым адамдарға магиялық әсер ету үшін қолданылған [85, с. 172]. Біздің жағдайда жылқы образымен біте қайнасқан асатаяқтардың мәні ежелгі үндіеуропалық бірлік ұғымына алып баратын тәрізді. Бұл жөнінде толыққанды И.В. Ковтунның еңбегінде талданған. Сол себепті де бұл мәселеде қайталау жасамай аталған еңбекке сілтеме жасаймыз [83].

Сонымен қола дәуіріндегі жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарды типологиялық жағынан үшке бөліп қарастырдық одан бөлек бір типтің ішінен бірнеше типті жеке бөліп көрсеттік. Ол бір жағынан әдет-ғұрыптардың мән-мағынасын толық ашумен байланысты болса, екінші жағынан олардың өзара айырмашылықтарына қатысты болды. Жалпы жоғарыдағы типологиядан Қазақстанды қола дәуірінде мекендеген жұрттардың тұрмыс-тіршілігі мен рухани әлемінде жылқы саны қырынан танылғандығына көз жеткіздік. Яғни, жылқы жай ғана көлік құралы емес, сол қоғамдағы діни түсініктердің ортасында жүрген қасиетті жануар немесе құрбандық малы деген терең мағыналы семантикалық ұғымды иеленді.

Ерте темір дәуірі. Алдыңғы бөлімдерде Қазақстанның ерте темір дәуірі тұрғындарының дүниетанмындағы жылқының бейнесі түрлі формада көрініс

тапқан. Негізгі деректер қорын жерлеу ескерткіштері мен жартас бетіндегі суреттер құрайды. Әсіресе жерлеу ескерткіштерінің орны бөлек. Өйткені еліміздегі қола дәуірі мен ортағасырларғы дейінгі ескерткіштердің ішінде ерте темір дәуірі қорымдарының жылқының жерлеулері көп кездескен. Жәнеде олардың аймақтық және хронологиялық ерекшеліктері тағы бар. Сондықтан да қарастырылып отырған дәуірдегі жылқымен байланысты ескерткіштердің типологиясын жасауда аймақтық және хронологиялық қағиданы басшылыққа алдық.

1-тип. Шығыс Қазақстандық нұсқа немесе Алтайлық тип. Негізінен алғанда еліміздегі жылқы жерлеуі бар ескерткіштердің 90 % астамы осы топқа жатады. Бұл типке кіретін ескерткіштер хронологиялық жағынан үш жеке типке жіктеуге сұранып тұр. Біріншіден, ескерткіштер уақытнамасы бойынша бірінен-бірі алмасып келсе, екіншіден, жылқыны жерлеу бойынша әрқайсысында өзіндік ерекшеліктер бар.

1А тип. Бұл типті ғылымда қабылданған кезеңдемеге сәйкес *Майемер тип* деп атауға болады. Өйткені Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірінің ерте кезеңі осылай аталады. Ал археология ғылымында Майемер мәдениеті деген ұғым кеңінен қолданылады. Жалпы Алтайдың скиф-сақ кезеңі екі этаптан тұрады: аржан-мәйемер және пазырық.

Бұл мәдениетінің ғылыми ғылыми айналымға енгізілу тарихы А.В. Адриановтың 1911 жылы Нарым және Бұқтарма өзендері бойындағы зерттеу жұмыстарымен астасады [260].

Бұл типтегі жататын ескерткіштерде жылқы қосып жерлеудің үш түрін бөліп көрсетуге болады:

1) жылқыны толық жерлеу ғұрпы (Күрті, Топқайың (Сонечный белок), Черновая, Қараш, Сарыкөл және тағы басқалары) ;

2) қабірге жылқының тұлыбын, бас және аяқ сүйектерін қою (Измайловка, Зевакино қорымдары);

3) ат-әбзелін ғана жерлеу ғұрпы (Камышинка көмбесі).

Аталған ескерткіштердегі жерлеу ғұрпына типологиялық және хронологиялық жағынан Таулы Алтайдағы Бойтыгем II, Семисарт I, Ак-Алаха II тәрізді ескерткіштер өте жақын болып келеді.

Жалпы алғанда бұл типке жіктелген ескерткіштердегі жылқы қосып жерлеу ғұрпының ерекшеліктері осылай анықталады. Таулы Алтайдың Ресей аумағы жағында осы кезеңмен мерзімделетін ескерткіштер тобы барынша кешенді зерттелген, тіпті соның нәтижесінде Майемер мәдениетімен замандас басқа да мәдениеттерді жеке шығару орын алуда. Сондықтан да осы мәселе төңірегінде ізденістер жүргізу керек деген ойдамыз.

1Б тип. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі кезеңдемесіне сәйкес *Берел тип* деген ұғымды қолданамыз. Берел кезеңін М.Қ. Қадырбаев жеке бөлір көрсетіп, б.з.д. V-IV ғасырлармен мерзімдеген болатын [261, 246-273 б.]. қазіргі күнгі ғылыми зерттеулерде Берел ескерткіштері Таулы Алтайдағы пазырық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері бар нұсқасы ретінде қарастырылады.

Бұл типке кіретін жерлеу ескерткіштері Қазақстан ерте темір дәуіріндегі жылқы сүйектері табылған обалардың жартысынан астамын құрайды. Сонымен бірге Берелдегі обаларда жерленген жылқылардың қабір ішіндегі саны бойына Таулы Алтайдағы пазырық ескерткіштеріндегіден де басым болапы келеді. Осыған қарап ақ жалпы пазырық қоғамының ішінде Берел қорымында жерленгендердің әлеуметтік мәртебесі жоғары болуы мүмкін деген қорытынды шығаруға болатындай.

Жалпы бұл типке жатқызылған жылқы жерлеулері бойынша келесідей тұжырымдар жасауға болады. Ең алдымен № 11 обадан табылған жылқыларға байланысты жүргізілген жаратылыстану ғылымдарының нәтижелері. Бұл мәселеге мән беріп отырғанымыз еліміздің табылған жылқы қаңқаларына қатысты мұндай бағыттағы ізденістер алғаш рет орын алды. Сол жұмыстардың негізінде келесідей мәліметтер анықталды. Біріншіден, палеоветеринарлық талдаулар барысында олардың семіздігіне, іш майы мен қазысының қалыңдығына қарап олардың күз айларында жерленуі мүмкін деген тұжырым жасалды [118, 27 б.]. Екінші жағынан, остеометриялық зерттеулердің нәтижесінде берелдегі жылқылардың барлығы азиялық ьұрпаттағы жануарлар екендігі анықталды. Жастары шамамен 10-12 ден 18-19 аралығында жасалды [118, 27 б.].

Берел жылқыларына байланысты қарастырылатын келесі бір мәселе олардың жерлеу барысындағы бағытталуы. Ежелгі замандарда жерленген адамдардың және басқа да қосымша ақыреттік заттардың бағытталуына ерекше мән берген. Өйткені мұнда адамның бір әлемнен екінші әлемге өтуіне байланысты терең танымдық түсініктер болған. Соған байланысты да қайтыс болған адамды не болмаса жануарды бір бағытқа қарай жерлей отырып оған о дүниеге барар жолды көрсеткен. Осындай қағиданы басшылыққа алатын болсақ онда өзіміз жоғарыда сипаттап өткеніміздей берел жылқыларының барлығы бастарымен шығысқа немесе солтүстік-шығысқа бағытталған. Бүгінде археология ғылымында қалыптасқан қағида бойынша ежелгі адамдар жерлеу бағытын анықтауда көбіне күннің батуын немесе шығуын басшылыққа алған. Мәселен, А.А. Тишкин мен П.К. Дашковский ежегі пазырықтықтардың жерлеу ұрпындағы бағытталу мәселесін қарастыру барысында күннің шығысын және батысын да есепке ала отырып зерттеулер асаған. Бұл жерде тағы ескерілетін жайт жыл мезгілдері мен географиялық ендікке байланысты қарау нүктесінің өзгеріске ұшырайтындығы да ескерілген [121, с. 138-139]. Аталған зертеушілердің тұжырымдамасын, оның ішінде күннің шығуын басшылыққа алатын болсақ берел ескерткіштерінде жазда қайтыс болғандар солтүстік-шығысқа, ал көктемде және күзде қайтыс болғандар шығысқа бағытталған. Әрине бұл тұжырымдама әліде болса зерттеулер мен толыққанды дәлелдеулерді қажет ететіндігі белгілі. Мәселен, бұл жерде өз-өзінен қыстың кезінде қайтыс болғадардың жағдайы қалай болған деген заңды сұрақ туындайды. Қарастырылып отырған өңірдің қыс мезгіліндегі табиғатын ескере отырып жерлеу рәсімін өткізудің өзі қиын екендігін атап өтуге болады. Міне соған байланысты да Таулы Алтайдағы ерте темір дәуірі ескерткіштерінде

бальзамдау кездеседі деген ойдамыз. Яғни, қыста қайтыс болған адамдарын сол әдіс арқылы сөреде сақтап, ерте көктемде жерлеу мүмкін ба деген болжам да жоқ емес.

Берел жылқыларына байланысты қарастырылатын келесі мәселердің бірі ол жылқыларды жерлеудің діни-ғұрыптық мәні. Берел жылқыларының барлығы жерлеу ғұрпына арнайы дайындалған болуы керек. Олай дейтініміз олардың барлығы ауздықталып, тіпті көсемдердің жылқылары ерекше сән-салтанатқа ие болған. Осы жерде Е.Е. Фиалконың элитарлы скиф ескерткіштерінде жерленген жылқыларда көсемнің «жеке атқорысының» жылқысы болады деген ұсынысын атап кетуге болады [65, с. 169]. Ондай жылқылар жерленген көсемге жақын орналасумен, үстіндегі әшекейлерімен және тағыда басқа элементтерімен ерекшеленген. Мәселен, оған Толстая могила, Чертомлық, Лемешов және Таулы Алтай мен Тывадағы басқа да обалардағы жылқыларды, жәнеде ат-әбзелдерін жатқызуға болады. Мұндай ғұрыптық өзгешелік ежелгі берелдіктерде де сақталған. Кезінде В.В. Радлов қазып зерттеген Үлкен Берел обасында жерленген он жеті жылқының біреуі жеке дара қабірхананың ішіне қойылған. № 11 обада жерленген он үш жылқының бастап тұрған екеуіне таутеке мүйізімен бітісетін бетперде кигізу арқылы ерекшелеген. Ал, № 10 обада жерленген жылқылардың ішінде қима-тағанға, яғни жерленген адамға жақын жылқы да аталмыш бетпердемен әшкейленген. Осы қорымдағы № 2обада жерленген жеті жылқының алтауы жеке орналастырылып, біреуі солардың үстіне ерекше рәсіммен қойылған. № 4 обадағы үш жылқының бірінде таутеке мүйізімен сәнделген бетперде сақталған.

Бұл келтірілген сипаттамалардың ішінде жерленген адамға арнап ерекшелеп қойған жылқылардың таутеке мүйізімен әсемдеуі қызығушылық тудырады. Жоғарыдағы петроглифтерге арналған бөлімде аталмыш мәселенің бір шетін қозғаған болатынбыз. Жалпы ежелгі көшпелілердің жылқыны таутеке не болмаса бұғы мүйіздерімен әсемдеуді ертеректегі үндіеуропалық діни біртұтастықтың көрінісі ретінде бағамдау қажет.

Берел жылқылары, көршілес орналасқан Таулы Алтайдағы Тұяқты II, Башадар II қорымдарынан және Ақ-Алаха I қорымындағы № 1 обадан анықталған таутеке мүйізі бар бетперде кеиген жылқылармен семантикалық жағынан өте жақын. Алдыңғы бөлімде біз жылқы мен бұғының ұштасуына қатысты талдау жүргізгенбіз. Соның барысында, бұғыдан бөлек ежелгі веда мәтінінде «ajasva» - «теке-жылқы» ұғымы, үндіарий құдайларының бірі Пушан «теке-жылқыларын иеленуші» деп түсіндірілетіндігін атап өткенбіз. Былай қарағанда мұз басқан және құзар шыңдарда ғана жүретін таутеке ежелгі адамдардың түсінігінде ерекше қасиеттерді иеленді. Оның үстіне ерте көшпелілердің дүниетанымында о дүниеге аттанған адамды жолдағы биік асулар мен тасып аққан өзендерден алып өткізетін ерекше жануар қажет болды. Міне сондықтан да олар жылқылардың түрлі жануарлардың кейпімен әсемдеу арқылы оларға сол жануарлардың қасиетін беруге тырысқан. Осыған қатысты Н.В. Полосьмак былай деп пікір білдіреді: «пазырықтықтардың таным-түсініктері бойынша бұлт басқан таулардың ар жағында олардың өлілер елі,

«аспандағы жайылымдары» болған. Таутекенің қасиеттерін иеленген жылқы шектеуі жоқ мүмкіндіктер арқылы қиял-ғажайып жаратылысқа айналады, сол арқылы өлгендерді аталған жайылымдарға жеткізеді...Иран тілдес халықтарда теке бейнесі тау, ағаш және өсіп-өну куьтімен байланысты екендігін еске саламыз» [211, с. 94].

Петроглифтер мен түрлі аңыздарда біздің қарастырып отырған мәселе кеңінен көрініс тапқан. Саймалы-Тас петроглифтерінде жылқы мен теке жегілген «ғажайып арбаларды» зерттеушілер үндіеропалық мифтік геммалармен байланыстырады [124, с. 134]. Осыған жақын суреттер Чулуут жартас суреттерінде берілсе, Оглахты петроглифтерінде жылқы таутеке мүйізімен бірге сомдалған. Аңыздардағы мұндай көріністер ежелгі исландиялықтардың мифологиясындағы Тор құдайның арбасына жегілген теке ретінде белгілі. Аңшылар арасындағы түсінік бойынша ауланған таутекелердің мүйіздері мен сүйектері, оларды аруақтар қайта тірілтуі үшін таудың басында қалу керек болған [124, с. 134].

Осы айтылғандарды негізге алатын болсақ берел жылқыларындағы таутеке мүйізімен әсемделген бетперделер олардың құдайға арналған болмысы мен таңдаулылығын сипаттаған. Оның үстіне бет перде мен жылқы әбзелдерінің мысық тұқымдас аңдардың түріндегі әшкейлермен бензендірілуі жылқылардың семантикалық мазмұнын ода ары арттыра түседі.

1Б1 тип. Бұл типті жоғарыда сипатталған Берел типі аясында қарастыра отырып, жеке бір тип ретінде бөліп көрсетуімізге тура келді. Оның басты себебі соңғы жылдары берел қорымында пазырық мәдениетінен тыс, жерлеу ғұрпы мен жылқының жерлеудің өзіндік ерекшеліктері бар ескерткішітер ашылды. Олар алдыңғы бөлімдерде сипаттап кеткен берел қорымындағы № 81В, № 82В, № 79, № 108, № 108А, № 67С жерлеу орындары. Мұнда жылқылар тас қаландыдан тұратын арнайы қоршауларда жерленген. Жерлеу ғұрпына байланысты бұл ескерткіштер б.з. II-IV ғасырларымен мерзімделіп сяньби тайпаларымен байланыстырылды. Осыған байланысты бұл жылқы ерекше жерлеу ғұрпы бар ескерткіштерді сяньби типі деп те жекелесек болады. Бұл ескерткіштерге байланысты материалдар қазіргі күнде сараптама үстінде болғандықтан, нақты пікірлер мен тұжырымдар жасау ертерек.

1В тип. Өңірдің ерте темір дәуіріндегі үшінші тарихи кезең бойынша *Құлажорға типі* дегенді пайдаландық. Бұл типке Құлажорға ескерткіштерінің б.д.д. IV-III ғғ. мерзімделетін жерлеу орындары жатады. Мұнда жылқылар қабір түбіне тұрғызылған тас жәшік жабындысының үстіне, кейде мәйіттің жаны қатар қойылған. Бүгінгі уақытқа дейін бұл типке жататын жылқы жерлеулеріне қатысты нақты тұжырымдар жасала қойған жоқ.

Аталмыш мәдениетті ғылыми айналымға енгізген С.С. Черников ескерткіштерді угэ тайпаларымен байланыстырады. Зерттеуші табылған қыш ыдыстардың негізінде олар әрі ұзаққа көшпеген болуы керек деген пікір қалдырды [201, с. 64-81]. С.С. Черниковтың көрсетуінше Угэ тайпасы тек Ертіс өзенінің жоғарғы ағысының бойын мекендеп, Жетісу жеріндегі үйсіндермен қарым-қатынас жасап отырған. XX ғ. 90-жылдарынан бастап Тарбағатай

өңірінде археологиялық қазба жүргізіп келе жатқан Ә.Т. Төлеубаев осы аймақтан үйсін ескерткіштерін ашады. Соның негізінде ол құлажорға мен үйсін ескерткіштернің жақындығы туралы мәселе көтереді [203, 23-38 б.]. Біздің пайымдаумызша, бұл жерде угэ тайпаларынан өзгеше, жерлеу ғұрпы жағынан үйсіндерге жақын, мүмкін үйсін тайпалық одағына кіретін, этно-мәдени жағынан жақын тайпалардың тіршілік етуі ықтимал.

Қарастырылған материалдарды сараптау барысында аңғаратынымыз бұл типке тән ескерткіштерге қатысты пікірлер кейінгі жылдардағы зерттеулерде қарастырылмайды. Мұның себептерінің бірі ретінде осы типтес ескерткіштерде зерттеу жұмыстарының жүргізілмеуінде. Оның үстіне бұрынғы қордаланған материалдарды негіздейтін жаңа көзқарасты еңбектер жарияланбады. Мұндағы ең басты мәселелердің бірі қола дәуіріндегі тас жәшік пен пазырық мәдениетіндегі жылқы қосып жерлеу ғұрпы үйлесім табады. Қазіргі күні қолымызда аталған мәселенің аражігін ажыратып беретін материалдар қоры жоқ. Болашақта осы аймақта жүргізілетін археологиялық қазбалар арқылы алынатын тың деректер, әсіресе кезеңделуіне қатысты жаратылыстану ғылымдарының мәліметтері аталған мәселені шешуге септігін тигізеді деген ойдамыз.

2-тип. Бұл типті орталық қазақстандық нұсқа деп бөліп көрсете отырып хронологиялық жағынан екіге: тасмола және қорғантас типі деп бөлеміз.

2А тип. Бұл типті басқаша тасмола типі деп жіктейміз.Б.з.д. VIII-VI ғасырларда Қазақстанының орталығы мен солтүстігін және оңтүстік Орал аумағын қамтыған ерекше тарихи-этнографиялық қауымдастық тіршілік етеді. Ғылымда ол Тасмола мәдениеті деген атаумен белгілі. Оған жоғарғы бөлімде сипатталған Тасмола I қорымындағы № 19, 22, 24 обалар, Тасмола V қорымындағы № 2, 3, 6 обалар, Қанаттас қорымындағы № 19 оба, Тасмола VI қорымындағы № 1, 2 обалар, Ботақара қорымындағы № 48 оба, Нұрмамбет II қорымындағы № 2 оба, Еңбекшіл қорымындағы № 2 нысан жатады. Бұлардың ішінде Ботақара қорымындағы № 48 обадан басқасының барлығында тек жылқының бас сүйектері ғана жерленген. Ал Ботақарада толық жылқы қаңқасы анықталған. Тасмола ескерткіштерінде жылқының бас сүйектері негізінен жерленген адамның төменгі жақтарында қойылған. Зерттеушілердің көрсетуінше б.з.д. V ғасырдың басына қарай жылқының бас сүйектерін қою кездеспейді [262, с. 187]. Осы уақыттан кейін өңірдегі тарихи-мәдени дәстүрлерде өзгерістер орын алған болуы керек.

2Б тип. Бұл типті біз қорғантас типі деп жіктедік. XX ғасырдың 90-жылдары Орталық Қазақстан өңірінде зерттеулер жүргізген А.З. Бейсенов құрылысы мен жерлеу ғұрпы жағынан тасмола ескерткіштерінен өзгеше жерлеу орындарын ашады [263, с. 55-61]. Бұл типке кіретін жерлеу орындарының ерекшелігі негізгі қабір орнының солтүстік-шығысынан немесе шығысынан арнайы құрбандық орындары жасалған. Оған жануарлардың сүйектерін, әсіресе басымдылық жылқының бас сүйектеріне берілген. Ондай құрбандық орындары Жасыбай обасынан, Бірлік қорымындағы № 19 обадан, Бидайық қорымындағы № 3 обадан, Байке қорымындағы № 5 оба және тағы басқаларында тіркелген.

Соңғы уақыттарда қорғантас типіндегі жерлеу орындарына қатысты ғылымда біршама пікір таластар орын алған. Негізгі мәселелер бұл типтің қалыптасу мәселесі, яғни жергілікті немесе сырттан әсердің болуы, жерлеу ғұрпындағы ерекшелік, мәдени атрибуциясы тәрізді дүниелер зерттеушілерді қызықтыруда. Төмендегі арнайы бөлімде біз аталмыш мәселелерге нақтырақ тоқталатын боламыз.

Жалпы алғанда жылқыны жерлеу ғұрпымен байланысты орталық қазақстандық тип еліміздегі ерте темір дәуірі жұрттарының өзгеше бір түрін ұсынады. Бұл өңірдегі ерте темір дәуірінің бастапқы кезеңінде тасмола типіндегі ескерткіштер, ал соңғы кезеңінде қорғантас типіндегі ескерткіштер тараған. Екі типтегі обаларда да негізінен жылқының бас сүйектерін жерлеу ғұрпы сақталғанымен, жоғарыда тоқталып өткеніміздей өзіндік айырмашылықтар болған. Яғни, екі типті ескерткіштерді қалдырған жұрттарда жылқымен байланысты ортақ дүниетаным сақталғанымен, жерлеу ғұрпына қатысты не болмаса о дүниеге байланысты таным-түсініктерінде өзгешелік болған. Бұл бір жағынан екі типтің хронологиялық жағынан алшақтығына байланысты болса, екінші жағынан осы өңірде орын алған мәденигенез үдерістерімен байланысты деп болжамдаймыз. Ал қола дәуіріндегі және ерте көшпелілер заманындағы жылқы бас сүйегінің семантикалық маңызы жайлы жоғарыда талдағандықтан бұл жерде оны қайталаудың мәні жоқ деген пікірдеміз.

3-тип. Жетісулық тип. Бұл типке Г.А. Кушаевтың Алакөл ойпатында жүргізген зерттеулері барысында табылған жылқы қосып жерлеген ескерткіштері жатады. Олар Алакөл I қорымындағы № 44, 48, 6, 51 обалар. Бұл обаларда жерленген жылқылардың бәрі бастарымен шығысқа бағытталған. Ерекше бір атап өтуді қажет ететіні № 51 обада жерленген жылқының жанына тағы екі жылқының бас сүйегі қойылған.

Мұндағы ең бастысы бұған дейін Жетісуда белгісіз болып келген ғұрыптың өңірге келуі мәселесі. А. Таиров өзінің «Ранние кочевники Жайык-Иртышского междуречья в VIII–VI вв. до н.э.» атты еңбегінде Алакөл қазаншұңқырындағы ерте көшпелілерде жылқы қосып жерлеу ғұрпы болмаған деп атаған болатын [264, с. 35]. Бірақ Г.А. Кушаевтың аталмыш өңірдегі қазба материалдарының ғылыми айналымға енгізілмеу осындай тұжырымдар жасауға негіз болды. Жалпы бұл материалдар арқылы Жетісудың ерте темір дәуіріндегі тайпаларының жерлеу ғұрпындағы жылқының маңызына қатысты тұжырым жасау ертерек. Оның үстіне сипатталып кеткен өлікке ат арнау дәстүрі сақталған обалардың басқа аймақтардағы ұқсастықтарын іздестіру де аса маңызды. Әзірге жерлеу ғұрпының кейбір элементері бойынша және ақыреттік заттарына сүйеніп оларды Таулы Алтайдағы ескерткіштермен жақындастыруға болады. Нақты нәтижелер шығару үшін Г.А. Кушаев зерттеген аймақта қосымша зерттеулер жүргізу керек деген пікірдеміз.

4-тип. Батыс Қазақстандық тип. Бұл типке Г.А. Кушаевтың қазіргі Батыс Қазақстан облысында жүргізген қазбалары барысында анықталған жылқы қосып жерлеу белгісі бар Дөңгелек қорымындағы материалды, сонымен бірге

Қырық-оба II қорымындағы № 3, 15, 19 обалардан алынған нәтижелерді жатқызамыз. Бұл қорымдағы екі обада тек жылқының бас сүйектері қойылса, қалған екеуінде жылқының толық қаңқасын қою орын алған. Жылқылардың толық нұсқасы сақталған обалардағы жануарлардың бастары солтүстікке бағытталған. Көріп отырғанымыздай бұл аймақтағы ерте көшпелілерде де жылқы арнаудың екі түрі қатар жүрген.

5-тип. Жартас бетіндегі суреттер. Бұл кезеңге тән бейнелерде өзіміз атап кеткендей қола дәуіріндегі кеудесі қысқа, «тік жалды» етіп кескінделген жылқы бейнелерін аяқтары, мойны жіңішке әрі ұзын, қарны тартыңқы «дала арғымақтары» алмастыра бастайды. Бейнелер арасында жалын бірнеше жерден түйіп, әшекейлеген жылқылар да кездеседі. Аржандық мәнерде орындалған жылқы бейнелері де тараған. Жылқы бейнелері арасында ерекше қызығушылық турыдып отырған артқы аяқтарын бауырына жиып «отырған» қалыпта бейнеленген жылқы бейнелері.

Сонымен бірге, Сауысқандық және Тамғалы жартас суреттеріндегі мүйізді бетперде киген жылқы бейнелері ежелгі көшпелілердің дүниетанымдық иконографиясының ерекше үлгісін құрайды. Олардың мәніне байланысты жоғарыда тоқталып кеткенбіз.

Жаңадан ғылыми айналымға енгізілген Шимайлы петроглифтері ерте темір дәуіріндегі жылқы бейнелерін сомдаудың еліміздегі қайталанбас кескіндерін ұсынады. Түрлі геометриялық пішіндермен безендірелген мұндай жылқы суреттері Орталық Азия петроглиф кешендерінде некен-саяқ.

Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқының орнына қатысты жоғары жасаған типология бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады.

Біріншіден, жылқыны жерлеу ғұрпы еліміздегі ерте темір дәуірінің ерте кезеңінен бастап кейінгі уақыттарына дейін кездеседі. Бұл I мыңжылдық аралығында ежелгі көшпелілер дүниетанымында тарихи-мәдени сабақтастықтың үзілмегендігін көрсетеді.

Екіншіден, еліміздің шығыс өңірлерінде негізінен жылқының толық күйде жерлеу ғұрпы ерте темір дәуірінен бастап соңғы кезеңіне дейін жалғасқанын анықтадық.

Үшіншіден, еліміздің орталық аймағында тек жылқының бас сүйегін қою дәстүрі дәл осы қағидада орын алғандығын байқадық.

Төртіншіден, алғаш рет жылқы қосып жерлеуі бар жетісулық типтегі ескерткіштерді ұсындық. Жетісу мен еліміздің батыс өңірлеріндегі ежелгі көшпелілерде жылқының толық нұсқасын және кейбір бөліктерін (бас сүйек пен аяқтары) қойғандығын нақтыладық.

Бесіншіден, ерте темір дәуірімен мерзімделетін жартас бетіндегі суреттерде кескінделген жылқы бейнелерінің түрлі сарындары мен желілері негізінде жеке типті ұсындық.

Ежелгі түркілер дәуірі. Бүгінге дейін ортағасырлардағы жылқымен қосып жерлеу ескерткіштері туралы мәліметтер тек Қазақ Алтайы аумағымен ғана байланыстырылып келсе, қазіргі күні жаңа материалдар, әсіресе бұрынғы қазба

есептерінің қайта қаралуы, одан бөлек соңғы уақыттарда жүргізілген кейбір қазба жұмыстары осы мәселе төңірегінде жаңа тұжырымдар жасауға итермелейді.

Жоғарыдағы арнайы бөлімде сипатталып кеткендей жылқы қосып жерлеу кезедесетін ортағасырлық ескерткіштер негізінен Қазақ Алтайында, Ертіс бойында, Жетісу өлкесінде және Батыс Қазақстанда топтасқандығы баяндалды. Соған қарап, біз аймақтық қағиданы негізге ала отырып келесідей типтерді жіктедік.

1-тип. Оны біз балама түрде Зевакино типі деп атадық. Бұл типке жататын обалардағы жылқылардың барлығы дерлік ат-әбзелімен, болмағанда жүгенмен жерленген. Жүгендерінің қайыстары көп жағдайда сақталмай, бізге тек ауыздықтары ғана жеткен. Зевакино қорымындағы жылқы жерлеулерінде ортақ бір жүйе байқалмайды. Оны келесідей себептермен атап өтуге болады. Біріншіден, зерттелген обаларда жылқының толық жерлеулері мен қатар тек бас сүйектерін қою да кездеседі. Екінші жағынан, оба шұңқырындағы жылқы бастарының бағыталуы да әртүрлі болып келген. Көп жағдайда аздаған ауытқушылықтармен не батысқа немесе шығысқа қаратылған. Мұндай жайтты бір жағынан ескерткіштердің хронологиялық жағынан әртүрлі болуымен түсіндірсе, екінші жағынан түрлі тарихи-мәдени ерекшелікпен сипаттаймыз.

Сонымен бірге, Ертіс бойындағы тақырыпқа қатысты басқа да ортағасырлық ескерткіштерді де осы типкі енгізуді дұрыс деп таптық. Олар Белокаменка, Ақши II, III, Қарашат I, Боброво қорымдарындағы жерлеу орындары.

2-тип. Қарақаба типі деген шартты атаумен белгіледік. Ескерткіштер Қазақ Алтайының биік таулы аңғарында орналасқан. Мұндағы жерлеулерде өлікке ат арнуда мынадай ерекшеліктерді байқадық. Қорымда зерттелген оалардың жартысындағы жылқылар бастарымен шығысқа немес солтүстік-шығысқа бағытталса, енді бір қатарында бастарымен оңтүстік-батысқа қаратылып жатқызылған.

3-тип. Оны шартты түрде жетісулық тип деп жіктедік. Бертінгі уақытқа дейін Жетісудағы ортағасырлық ескерткіштерде жылқы қосып жерлеу ғұрпы туралы мәліметтер жоқ қасы болды. Соған байланысты да зерттеушілердің көпшілігі бұл өлкедегі түркілердің дүниетанымында мұндай түсінік болмағандығы жөнінде жазып жүрді. Соңғы жылдардағы Бұтақты және Ақтерек қорымдарындағы ортағасырлық ескерткіштерден жылқы жерлеулерінің ашылуы, сонымен қатар біздің Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институ қорындағы ғылыми есептермен танысу барысында анықтаған материалдар (З. Самашевтың және Г. Кушаевтың қазбалары) бұл мәселеге жаңаша қарауға мүмкіндік берді. Осыларды негізге ала отырып біз келесідей типтерді жіктеп отырмыз.

3А тип. Бұған жататын ескерткіштерді біз Алакөл типі деп қарастырдық. Г.А. Кушаевтың Алакөл ойпатындағы зерттеулер барысында анықталған аталмыш ортағасырлық жерлеулердегі жылқылардың орналасу қағидасы

келесідей. Бұл өлкеден анықталған екі обадағы жылқылардың бастары батысқа қаратылып жерленген.

3Б типі. Шартты түрде Ақтерек (Сұлу қоян) типіндегі ескерткіштер деп жіктедік. Бұл қорымда ашылған обалардың барлығында жылқылар адамға қарсы бағытта, бастарымен оңтүстікке бағытталып жерленген.

Жалпы Жетісудың әр жерінен жеке-жеке табылған жылқы қосып жерлеу ғұрпы кезедесетін обалардың барлығын осы типке қосып қарастырдық. Ондай обалар қатарына Бұтақты қорымындағы ескерткіштер, Жаңатұрмыс ауылы маңына табылған оба, Қызылқайнар қорымынан кездескен жерлеу орны және тағы басқалар енгізілді.

4-тип. Шартты түрде батыс қазақстандық немесе Қарасу типі деп қарастырдық. Қорымдағы жылқы өосып жерлеу ғұрпы кездесетін төрт нысан ашылады. Бұл типтен мынадай ерекшеліктер анықталады. Мұнда жылқыны толық жерлеу рәсімі немесе тек бас сүйегін қою кездеседі. Сонымен бірге жерленген жылқылардың бағытталулары да әркелкі болып келген.

Сонымен, жоғарыда хронологиялық кезеңдер бойынша жасаған типологиялық реконструкция келесідей тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер береді.

Біріншіден, мысты тас дәуірінің Ботай қонысындағы жылқы бас сүйектерін ғұрыптық жерлеудің имитациясын жасау арқылы тізіп қою және жылқының тұсамыс сүйектерінен жасалған заттар жеке бір тип ретінде қазақ даласындағы жұрттардың жылқымен қатысты алғашқы дүниетанымдық түсініктері болып табылады.

Екіншіден, қола дәуіріндегі жерлеу материалдары, петроглифтер және ұсақ пластика өнері туындылары ғұрыптық ерекшеліктеріне қарай бірнеше типологияға жіктелді. Әр типологияның өзіндік ерекшеліктері мен семантикалық түсініктемесі негізделді. Соның нәтижесінде Қазақстанның қола дәуірі жұрттары жерлеу ғұрпында жылқымен байланысты екі типті қолданғандығы нақтыланды. Оның бірі, арбалы жерлеулер болса, екіншісі жылқының бас сүйектерінің қою дәстүрі. Екі тип қола дәуіріндегі жұрттарда діни сеніммен байланысты терең этномәдени тартыс жүргендігін көрсетіп берді. Одан бөлек, петроглифтердегі сарындар мен желілер негізінде бір типтің ішінен үш тип тармағы жіктелді. Олардың бірі жерлеу ғұрпындағы жылқылардың арбаға жегілген қалпын сипаттайтын 1А типімен семантикалық жағынан үйлесім табады. Қола дәуіріндегі 2В типіне жататын петроглифтер сол замандағы жылқымен байланысты түсініктердің Еуразия кеңістігіне ортақ екендігін көрсетіп отыр.

Үшіншіден, еліміздегі ерте темір дәуірі ескерткіштері жылқы жерлеу ғұрпы бойынша бірнеше типтен тұратындығы жіктелді. Алтай-Тарбағатай өңірінің өзінде ондай төрт тип бар екендігі нақтыланды. Дегенмен, аталған өңірдегі сяньби кезеңімен мерзімделетін тип ескерткіштері әліде қосымша ізденістерді қажет етеді. Орталық Қазақстан өңірінің ежелгі жұрттары қалдырған ескерткіштерде екі тип болғандығы бөліп көрсетілді. Алғаш рет

Жетісу өңірінен табылған ерте темір дәуіріндегі жылқы қосып жерлеу ғұрпы бар ескерткіштер жеке Алакөл типі ретінді нақтыланды.

Төртіншіден, ортағасырлық ескерткіштерді типтеу барысында аймақтық қағидаға негізделген бірнеше типті бөліп көрсеттік. Жетісу өңіріндегі ортағасырлық жұрттарда жылқы культі болғандығы дәлелденді. Сонымен бірге жылқы жерлеулері кездесетін ескерткіштердің барлығы генезисі жағынан жақын, бірақ таным-түсініктерінде сәл өзгешеліктер бар екендігін көрсетті.

Жалпы, жоғарыдағы типологиялық сипаттама қазақ жеріндегі ежелгі және ортағасырлық жұрттардың дүниетанымындағы жылқы бейнесі түрлі аспектіде көрініс тапқандығын және түрлі ғұрыптар ортақ идеяны сақтай отырып тарихи-мәдение сабақтастығы үзілмей жалғасқандығын нақтылады.

4.2 Қазақ даласының ежелгі және ортағасырлық жұрттарының діни-мифологиялық кешеніндегі жылқы культі мәденигенез контекстінде

Мәдениетті тарихи таным тұрғысан тануда археология ғылымы алдыңғы қатарда тұратындығы дау тудырмайды. Өйткені археологияның басты міндеттерінің қатарына ежелгі замандардағы қоғамдырдың мәденигенезі мен этногенезін зерттеу жатады. Соған байланысты да XX ғ. 30-жылдары археология «заттай мәдениет тарихы» ретінде қарастырылды [265, с. 128-136]. Яғни, ғылымда ғұрыптық сипаттағы ескерткіштер мен жәдігерлерді зерттеу ежелгі дәуірдегі рухани мәдениетті жаңғыртуға әсерін тигізеді деген ұстаным болды. Мәселен, А.П. Окладников археология саласында мәденигенез бен этногенез мәселелері ең маңызды тақырыптар қатарына жататындығын атап өткен болатын. Оның тұжырамдауы бойынша археологиядағы мәденигенез ұғымы мәдениеттің рухани және материалдық қырларын толығымен қамтиды [266, с. 5-11]. Оның ішінде мәденигенез ұғымы белгілі бір кезеңдегі мәдени компоненттердің көші-қон тұрғысынан қарастырылады. Нақты айтқанда, жерлеу дәстүрінің, бейнелеу саласындағы бір сарынның немесе материалдық кешеннің үлгілерін қалыптастырушы халықтың басқа аудандарға көшуі, болмаса мәдени ықпалы, кең мағынада тарихи сабақтастықтың ғасырлар бойы үздіксіз жалғасуы. Осы ретте жоғарыдағы бөлімдерде сараланған тұжырымдарды тарихи кезеңдер бойынша мәденигенез тұрғысынан саралайық.

Жылқы культінің халық арасыда қолданысқа түсуінің ең ерте кезеңі ретінде Қазақстан территориясы бойынша энеолит дәуірін аламыз. Осы уақытта табиғатта орын алған жаһандық өзгерістер түрлі мәдениетті тасымалдаушылардың қалыпты жағдайдан шығудың бір сала бойынша мүмкіндіктер іздестіруге негіз болды. Олардың алдында тұрған басты мәселелердің бірі мал саны және халық саны мен табиғи ресурстар арасындағы балансты сақтауда жатты. Әрине, басқа да маңызды факторлардың болғандығын жоққа шығара алмаймыз, дегенмен бақташылардың түрлі қоныс аударулары жоғарыда айтылған мәселемен астасып жатқандығы анық. Осындай қоныс аударулардың тұрақты орын алуының нәтижесінде материалдық және рухани мәдениетте ерекшеліктер мен өзгерістер айқындала бастайды. Бұл үдерістердің қорытындысы ретінде далалық аймақтарда ортақ дүниетаным,

әдет-ғұрып, өнер және т.б. таралады. Бүгінгі күнгі қолда бар мәліметтер қарастырылып отырған уақытта қазақ жерінде бақташылықтың біртіндеп ұлғайуымен сипатталатын өндіруші шаруашылық түрі кең етек жайғандығын анықтап отыр. Мұның өзі қоғамдық дамудың ерекше сатысы болды. Яғни, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының жеке шаруашылық жүйесі ретінде тұрақтануы күрделі қоғамдық бірлестіктердің қалыптасуына негіз жасайды.

Қазақ жеріндегі осындай үлкен қоғамдық ошақтардың пайда болуы күрделі мәдениеттердің немесе қауымдастықтардың қалыптасуымен байланысты. Олардың қатарында Ботай, Терсек, Сұртанды, Қысықкөл, Усть-нарым, Аят және тағыда басқа туыстас мәдениеттер бар. Бұл мәдениеттердің ашылуы, ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденуі мен ғылыми айналымға толыққанды орнығынуына қатысты мәселелер өте күрделі үдерістерден өтті және әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Біздің негізгі зерттеу тақырыбымыз осы мәдениеттердегі жылқы культіне қатысты болғандықтан, аталмыш мәселелердің байбына бармай-ақ тек соған қатысты әдебиеттерге сілтейміз [11-22].

Тікелей тақырыбымызға келетін болсақ, энеолит дәуіріндегі басты жетістік жылқыны қолға үйрету болғандығы анық. Ондай үдерістің қай өңірде алғаш жүргендігін өз тарапымыздан әлі де болса ашық күйде қалдырамыз. Ғылым саласының соңғы уақыттардағы қарыштап дамуы, әсересе жаратылыстану ғылымдарының теңдессіз жетістіктерге қол жеткізуі қарастырылып отырған мәселенің бір шетін ашады деген сенімдеміз. Өзіміз жоғарыда саралап өткеніміздей, айтылған мәселе бойынша зерттеушілер арасында ортақтық жоқ. Көп жағдайда зерттеушілер саяси немесе жершілдік ұстанымның жетегінде кетуде. Осы орайда өзіміздің пікірімізді негіздей кетсек. Жалпы алғанда, қазақ жеріндегі энеолит заманына жататын мәдениеттер негізінде Ертіс пен Жайық қосөзен аралығында жылқыға байланысты мәденигенез үдерісінің ежелгі бір ошағы қалыптасқандығы дау тудырмайды. Өз тарапымыздан бұл тарихи-мәдени шекараның аумағын кеңейтіп, Еділ мен Днепр өзендері аралығында көршілес тағы бір мәдени ошақтың болғандығын алдыға тартамыз. Біздің оймызша осы екі аумақ шаруашылық типіндегі кейбір ерекшеліктерге қарамағанда ортақ бір мәдени кеңістікті құраған болуы керек. Бұл пікіріміз негізсіз емес. Мәселен, Е. Кузьминаның ұсынған әдістемесі бойынша жылқының қолға үйретілу мәселесін қарастыру барысында келесідей 3 ұстанымды басшылыққа алған дұрыс: 1) сол өлкеде жылқының арғы тегінің таралуы; 2) тұрғындардың бақташылық дағдыларды иеленуі; 3) азық қорында жылқы етінің қажеттілігі [41, 30-б.]. Біздің атаған өңірлерде бұл үш алғашарт та кездеседі. Ежелгі жылқы тұқымдарын зерттеумен айналысатын зоологтардың барлығы оңтүстік-шығыс Еуропа жазығында жылқының арғы тегі тарпанның мекендегендігін бірауыздан қолдайды [41]. Қарастырылып отырған өңірлердегі мәдени-шаруашылық типтің бақташылыққа негізделгендігі жан-жақты талданып, нақты дәйектермен тұжырымдалды [41]. Ал азық ретінде негізінен жылқы етін қолданғандығын өзіміз жоғарғы бөлімдерде сипаттаған қоныстардан табылған жылқы сүйектерінің басымдағы дәлелдейді. Дәл

осындай жағдай Жайық пен Днепр өзендері аралығындағы энеолиттік қоныстарға да тән. Осы айтылған тұжырымдарды негізге алар болсақ, қазақ жерінің бір шетін қамтитын Шығыс Еуропа жазығының ежелгі тұрғындары жылқы малының үйсіндірілуіне айтарлықтай үлес қосқандығы анық. Дегенмен, айтылған тұжырымды негіздейтін басты дәлелдер бар, ол зерттеу тақырыбыздың өзегі болып отырған дүниетаным мәселесімен де сабақтасады. Біз жоғарыдағы Е.Кузьминаның әдістемелік ұстанымдарына тағыда екі тармақты қосуды жөн көрдік. Алғашқысы, кейбір зерттеушілердің қалыптастырған ұстанымы бойынша жылқының үйсіндірілу тақырыбын қарастыруда негізгі археологиялық белгілердің бірі саналатын - сулық.

Жылқыны басқару кезінде сулық негізігі фунцияны атқармаса да, жасалу материалына қарай көп кездесетін құрылғылар тізіміне жатады. Ең бастысы жылқының қолға үйретілгендігі туралы дәлел бола алады. Ондай дәлелдер қатарына энеолит дәуіріне жататын Түбек қонысынан табылған екі сулықты жатқызамыз. Олардың түр сипаты В.Ф. Зайберт тарапынан толық ашылған, сондықтан оған сілтеме берумен шектелеміз [11].

Келесі біз ұсынып отырған маңызды тармақ ол энеолит дәуірі тұрғындарының жылқымен байланысты діни-ғұрыптық санасы. Яғни, жылқының қолға үйретілу мәселесін талдау барысында оған қатысты дүниетанымды айналып өтуге болмайды. Өйткені қоғамдық сана қай кезеңде болсын өзгеруге немесе ауытқуға бейім, ал тас дәуірінен бастап орныға бастаған дүниетаным аса бір үлкен құбылыс болмаса көп өзгеріске ұшырамайды. Ендігі жерде осы пікірімізді негіздеп көрейік.

Зерттеушілердің көпшілігі экономикада қандай жануар басты рольге ие болса, сол культке айналатындығын бірауыздан мойындайды. Осы қағиданы басшылыққа алатын болсақ оған Ботай және Терсек мәдениеттеріне жататын ескерткіштерде жүргізілген қазба жұмыстары біршама айқындық берді. Егер, осы қоныстарға жүргізілген зерттеулерге назар аударып қарасақ, жылқымен байланысты ғұрыптар біртіндеп күш ала бастағаны, уақыт өткен сайын халық арасында жылқымен байланысты ғұрыптардың жиі қолданылғанын анық көре аламыз. Мәселен, Ботай мәдениеті ескерткіштерінен сыртқы бедері оюланған жылқының тұсамыс сүйектері табылды. Зерттеушілердің пікірінше мұндай сүйектердің символикалық маңызы бар [12; 19; 162; 163]. Одан бөлек аталған мәдениетке жататын Красный яр қонысынан жабайы өгіз - турдың мүйізінен жасалған айғырдың жыныс мүшесін білдіретін зат табылды. Басқа өңірлерден табылған осыған жақын заттарға қатысты ғылымда көптеген зерттеулер жасалып, түрлі пікірілер қалыптасқан болатын [164]. Аталған пішіндегі заттардың дүниетанымдық мәні өсіп-өну ғұрпымен астасады.

Жалпы алғанда, жылқы культін дәріптейтін осындай ғұрыптар көршілес аймақтардағы замандас ескерткіштерде де ұшырасады. Орлов мәдениетіне жататын Варфоломеев тұрағынан жылқы бейнесі бар тас асатаяқ [267], Ресейдің Орынбор облысындығы Ор ауданынан табылған жылқының басы түріндегі асатаяқ [268], Хвалын мәдениеті жерлеу орындарынан жылқының аяқ сүйектерінің кездесуі [269] осының куәсі. Мысал ретінде келтірілген бұл

деректер бізге белгілі мәліметтердің бір шеті ғана екендігін ескерте отырып, біз тағы да энеолит дәуірінде қазақ даласы мен Еропаның шығыс жазығында ортақ тарихи-мәдени үдеріс жүргендігін алдыға тартамыз.

Көріп отырғанымыздай жоғарыдағы тұжырымдардың түп-төркіні қазақ жерінің энеолит дәуірінде жылқының қолға үйретілгін өңірлерінің бірі болып қана қоймай, жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың қалыптасқандығын айғақтайды. Бір сөзбен айтқанда Ертіс пен Еділ аралығында жылқы культімен байланысты бірнеше мыңжылдыққа созылған мәденигенез үдерісінің негізі қаланды.

Қорытындылай келсек, аталмыш территория мысты тас дәуірінде бірнеше тарихи-мәдени қауымдастықтармен немесе археологиялық мәдениеттермен сипатталады. Олардың қатарында бүгінде ғылымда кеңінен белгілі ботай, терсек, сұртанды, қысыққөл, усть-нарым, аят мәдениетттері бар. Бұлардың барлығын біріктіріп қарастыратын атаулар да қолданысты жүргенімен, толыққанды орныға қойған жоқ [270, с. 42]. Бірақ біз үшін маңыздысы осы мәдениеттерді жасаушы жұрттардың дүниетанымында жылқы малымен байланысты ежелгі түсініктер қалыптасып, олар кейнгі тарихи дәуірде орныққан және семантикалық тұрғыдан жүйеленген мәдени үрдіске айналады. Яғни, ежелгі арилердің өте күрделі діни-түсініктеріндегі жылқыға қатысты түрлі әдет-ғұрыптарының қалыптасуында жоғарыда аталған мәдениеттерді жасаушы жұрттардың ықпалы болғандығын жоққа шығара алмаймыз.

Жоғарыда талданған энеолиттегі бұл мәдени үрдіс келесі тарихи кезең қола дәуірінде өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы уақытта Қазақстан территориясы өзіңнің географиялық орналасуына қарай Еуразия далалары мен Таяу Шығыстың отырықшы әлемі арасындағы көпір міндетін атқарды. Мұнда түрлі мәдени-шаруашылық типтерге тиесілі халықтардың қарым-қатынасы орын алып, этникалық көші-қонның маңызды тармақтары өтті.

Бұл уақытта тас дәуірінің соңғы кезеңдеріндегі шаруашылық пен тұрмыстың архайкалық түрлері мал шаруашылығы және егіншілікпен алмастырылады. Б.з.д. II мыңжылдықтың басында Қазақстанның далалық тайпаларында кешенді бақташылық-егіншілік шаруашылығы толығымен қалыптасады. Одан бөлек қарастырылып отырған уақытта түрлі тайпалардың көші-қон үдерісі жүріп, ол да өз деңгейінде аймақтағы тарихи-мәдени ахуалға септігін тигізеді. Осылайша, Қазақстан мен іргелес аймақтарда осындай жаңа шаруашылық түрлеріне негізделген бір-бірімен байланысты тарихи-мәдени қауымдастықтар қалыптасады. Шаруашылық түріндегі өзгерістер, сонымен қатар түрлі инновациялық жаңалықтардың таралуы қола дәуірі халықтарының дүниетанымына да өзіндік өзгерістер әкелді. Оны біз өзіміз жоғарыдағы қола дәуіріне байланысты қарастырған тарауларда атап өткенбіз.

Жалпы алғанда, энеолиттен басталған жылқымен қатысты ғұрыптық түсінік қола дәуірінде өзінің апогейіне жетеді. Ол ең алдымен ерекше мәдени-шаруашылық типке негізделген археологиялық мәдениеттердің таралуына байланысты. Өзіміз жоғары бөлімдерде саралап өткеніміздей қола дәуірі тұрғындарында жылқыны дәріптеудің түрлі жосын-жоралғылары мен іс-

әрекеттері жүзеге асады. Олардың қатарында жылқыны толық жерлеу немесе белгілі бір бөліктерін ғана қою, жартас суреттеріндегі жылқының түрлі бейнелері, ұсақ пластика өнеріндегі жылқы сұлбалары тәрізді әрекеттер қарастырылып отырған қоғамдағы жылқының діни-мифологиялық кейіпін ашады. Осы аталғандардардың барлығы алдыңғы тарихи кезеңдерден мәдени сабақтастық ретінде қазақ жеріндегі қола дәуірі тұрғындарының дүниетанымы мен өнерінен көрініс табады.

Сонымен, жоғарыда тоқталып өткен қола дәуірі ескерткіштеріндегі жылқы немесе оның бөліктерін жерлеуге қатысты екі түрлі дәстүрдің болғандығын байқаймыз. Оның бірінде екі жылқы қатар жатқызылып арбаға жегілген қалыпты бейнелесе, екіншісінде құрбандық түріндеге оның имитациясы, яғни бас сүйегі мен аяқ сүйектері қойылған. Сипатталған мұндай жосын-жоралғылардың мән-мағынасын ұғыну үшін ең алдымен сол замандағы тарихи үдерістердің барысын анықтап алған дұрыс болар. Өйткені қарастырылып отырған кезеңде орын алған үдерістер Қазақстан мен іргелес өңірлерді мекендеген халықтардың шаруашылығына, тұрмыс-тіршілігіне және таным-түсініктеріне өз ықпалын тигізген. Бұл жерде соған әсер еткен себептерді де естен шығаруға болмайды. Олардың қатарына табиғи өзгерістерді, демографияны, солардың ықпалымен туындаған әскери қақтығыстарды және діни түсініктерді тағы басқаларды жатқызуға болады.

Орта қола дәуірінің соңына қарай, яғни б.з.д. III-II мыңжылдықтар шеңберінде Еуразия кеңістігінде металл тасымалдаушы мәдениеттердің шеңбері кеңейеді. Себебі б.з.д. II мыңжылдықтың басына қарай ботай мәдениетінде құлдырау басталады, мұның өзі өңірдегі ең алдымен өңірдегі аридизация үрдісімен байланысты. Дәл аталмыш кезеңге түрлі мәдениеттерді тасымалдаушы халықтардың ірі көші-қондары жүреді. Осы уақытта Орал-Ертіс аралығында ірі Еуразиялық металлургиялық провинция қалыптасып, соның негізінде абашев, сейма-турба, петров, синташта және тағыда басқа металл өндіру ошақтары дамыса, еліміздің шығыс өңірі мен Жетісу өлкесінде де терең мәденигенез үдерістері орын алады. Біздің оймызша оның бәрі эннеолитте қалыптасқан мәдени-шаруашылық типке кері әсерін тигізбей, керісінше оны жаңа формалармен байтты. Бұл әсіресе біз қарастырып отырған жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарда кеңінен көрініс тапты.

Мәселен, Қазақстанның солтүстігі мен батысын, Оңтүстік Орал маңы мен Жайықтың арғы бетін қамтитын өңірлерде қима-алакөл мәдени «әлеміне» сәйкес келетін ескерткіштердің ашылуы қола дәуірімен байланысты үлкен жаңалықтардың бірі болды. Жоғарыда айтылған ескерткіштер тобының ішінде синташта және петров тұрпатындағы ескерткіштердің біздің зерттеу тақырыбымызда айрықша орны бар. Олай дейтініміз өзіміз сипаттап өткен еліміздің солтүстігі мен батысындағы қола дәуірінің жерлеу ескерткіштері осы аталған мәдениеттермен байланысады.

Синташта мәдениетін зерттеу тарихы XX ғ. 60-жылдарының соңына қарай басталды. Содан бері қарай аталған мәдениеттің хронологиялық шеңбері, мәденигенез мәселесіне, мәдениетті қалыптастырушы халықтардың кейінгі

жұрттарға қалдырған мұрасы, мәдениеттің қалыптасу механизмдері, мәдени трансформациясы және тағыда басқа осы мәдениеттің айналасындағы тақырыптар зерттеушілердің басты ізденіс нысанына айналды. Солардың ішінде біз Синташта тұрпатындағы ескерткіштерді қалдырушы халықтардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы мәселесіне назарымызды аударамыз. Жалпы бүгінде аталған мәдениеттің таралу аумағы біршама нақты анықталған деуге болады. Солтүстік шекарасы РФ Челябі облысындағы Шибаево I қорымымен, шығысы мен оңтүстік-шығысы ҚР Солтүстік Қазақстан облысындағы Петровка қорымымен, оңтүстігі Орынбордың шығысы мен ҚР Ақтөбе облысымен, ал батысы РФ Орынбор облысындағы Березова жотасындағы қорыммен анықталады [271, с. 189-193].

Синташталықтардың жерлеу ғұрпындағы басты ерекшеліктердің бірі ретінде қабір үстіндегі жабында немесе жерлеу камерасының үстіне бір кейде бірнеше жылқының жерленуін атап өтуімізге болады. Бұл әсіресе топырақтан үйілген Үлкен Синташта обасында нақты көрінеді [37, С. 89-95]. Сонымен бірге қос жылқыны қатар жерлеуден бөлек қабірдің түбінде жылқы бас сүйегі мен аяқ сүйектерін қою дәстүрі де орын алған. Кейде бас сүйектердің жанынан сулықтар кездеседі. С.В. Сотникованың пайымдауынша жабынның үстіне қос жылқының қаңқасын жатқызу мен қабірдің түбінде жылқының бас сүйегі мен аяқ сүйектерін қою, жерлеу-еске алу циклінде екі түрлі рәсімді білдіруі мүмкін [252, с. 41-47]. Оның үстіне бұл Синташта қорымындағы кейбір қабірлерден алынған материалдар арқылы дәлелденіп отыр. Мәселен, олардың бірінде аталған екі дәстүрде кездессе, енді бірінде бірі ғана орындалған [37].

Синташта мәдениетіндегі аталған ғұрыптың жалғасын осы мәдениетті аламастырған Петров ескерткіштерінен байқаймыз. Жалпы Петров тұрпатындағы ескерткіштер андрон тарихи-мәдени қауымдастығының батыс және орталық аудандарын қамтиды. Ескерткіштердің басым бөлігі Оңтүстік Оралдан, Батыс Сібірдің оңтүстігінен және Қазақстанның батыс, солтүстік және орталық өңірлерінен анықталған. Кейбір зерттеушілердің тұжырымдауынша Петров тұрпатындағы ескерткіштердің таралу аумағы синташтадан да кеңірек болған [166, с. 182]. Біз өзіміз жоғарыда сипаттап кеткен Сатан, Нұртай, Ащысу және Аяпберген тәрізді қорымдар аталған тұрпаттағы ескерткіштердің бастапқы фазасына жатқызылады. Дей тұрғанмен Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерін зерттеумен айналысып жүрген А.А. Ткачев аталған қорымдарды нұртай тұрпатындағы ескерткіштер қатарына ерекшелейді, тіпті оларды жеке Нұртай мәдениетіне жатқызады [166, с. 22-28]. Осы мәселені тыңғылықты зерттеп жүрген Н.Б. Виноградов бір жағынан А.А. Ткачевтың бұл пікірімен келісе отырып, Орталық Қазақстандағы нұртай ескерткіштерін петров тұрпатынадығы ескерткіштердің жеке бір нұсқасы ретінде сипаттайды [103, с. 183].

Жалпы алғанда Г.Б. Зданович Петров мәдениетінің қалыптасуын оңтүстік Оралдағы Сұртанды және Солтүстік Қазақстанадығы Ботай мәдениетімен байланыстырады [38, с. 110]. Жоғарда сипаттап кеткеніміздей жылқы қосып жерлеу ғұрпы бар Петров, Синташта, Потапов және басқа да мәдениеттер

энеолит дәуіріндегі жылқы культі қалыптаса бастаған территорияларда орналасқандығын ескерер болсақ бұл пікірдің де шындықтан алыс еместігі байқалады. Демек екі тарихи кезең арасында жылқымен байланысты түсінікте мәденигенез үдерісі сақталған. Энеолиттегі жергілікті дәстүрлер қола дәуірінде миграциялық әсерлердің нәтижесінде жаңа элементтермен толықтырылып, әсіресе жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарды ерекше бір «феноменге» жеткізді. Біздің ойымызша оның бірнеше себептері болған:

- жылқының дәстүрлі шаруашылықтағы маңызының артуы;
- салттаттылықтың толық қалыптасып, соның нәтижесінде қола дәуірі жұрттарының географиялық дүниетанымының кеңеюі;
- қос және төрт дөңгелекті арба технологиясының дамуы;
- Еуразия кеңістігінде ортақ діни-ғұрыптық жүйенің қалыптасуы және таралуы.

Жоғарыдағы тарауларда талданып өткендей Қазақстанның қола дәуірі жұрттарында жылқыға қатысты әдет-ғұрыптардың тарихи кезеңдік және этно-мәдени ерекшеліктері болған. Олар жерлеу ғұрпында және өнерде (петроглиф, ұсақ пластика және тағы басқа) жақсы көрініс тапқан.

Ең алдымен жерлеу ғұрпына тоқталсақ. Қазақстанның қола дәуірі жұрттарында жылқыны жерлеудің екі типі болғандығын жоғарыда атап өткенбіз. Біріншісі, ол қос жылқыны қатар, арқаларымен түйістіріп жерлеу. Ғылыми әдебиеттерде мұндай ескерткіштер «арбалы жауынгерлердің жерлеулері» деген ұғыммен кездеседі [40-45]. Бұл ғұрып қола дәуірінде пайда болған жаңалық болып табылады. Жылқыға қатысты энеолит дәуіріндегі ұғым болғанымен, бұл жаңа таным-түсініктердің жемісі. Екінші тип, ол жылқының бас сүйектерін ғана жерлеу. Мұндай ғұрып Петров мәдениетінен бөлек ескерткіштерде кездеседі. Осыған қарап-ақ, Петров мәдениеті мен қола дәуірінің басқа мәдениеттері арасында жылқыға қатысты түсініктерде өзгешелік болғанға ұқсайды. Яғни, әр мәдениетті қалыптастырушы тайпалар жылқымен байланысты шығу тегі ортақ дүниетанымды өзінше қабылдаған болуы керек деген көзқарастамыз. Бірақ арба «феномені» қола дәуіріндегі жұрттардың барлығына ортақ болғандығын еліміздің түкпір-түкпіріндегі петроглиф кешендерінде сомдалған арба суреттері, ең бастысы қос жылқы кескіндерінің көптеп таралуы дәлел. Демек жылқы жерлеулері еліміздің солтүстік, орталық және батыс аймақтарындағы қола дәуірі жоғарыда сипатталған ескерткіштерінде таралғанымен, жылқыға қатысты дүниетаным бүкіл қазақ даласы үшін ортақ болған.

Жалпы қола дәуірінде жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар жөніндегі мифологиялық таным-түсініктер үндіиран дәстүрлерінде жақсы көрініс тапқан. Мәселен, әлем жылқысы бейнесінде Тваштар, соны құрбандыққа шалу негізінде әлем жаратылған [216]. Яғни, Тваштар алғашында құрбандық малы болып, кейіннен үнді мифологиясында жаратушыға айналады. Сондықтан да үндіиран халықтарында құдайлар мен қайтыс болған ата-бабаларына құрбан шалу әлемдік тәртіпті сақтаудың негізі болған.

Ең басты құрбандық малы жылқы болды, рәсімді орындау барысында

негізгі рөл оның басына берілді. Үндіарийлер аспан құдайы Варунаға арнап құрбандыққа жылқы шалса, ал отпен байланысты Агникаян ғұрпын орындау барысында көк түсті жылқы құрбандыққа арналып, оның басы алтарьға қойылған [172].

Жылқыны құрбандыққа шалудың мәнін ашуда патша культімен байланысты Ашвамедха ғұрпын талдаудың маңызы жоғары. Бұл ғұрып Ригведа мен Яджурведада нақты сипатталған. Күн теңелген күні патша пәуескеның оң жағына жегілген көк түсті жылқысын еркіндікке жібереді. Жылқының соңынан жауынгерлер жүріп отырып басқа халықтарды бағындырады. Бір жылдан кейін ғұрып жалғасын тауып, құрбандық шалатын орында арнайы от жағылады, тоғанның жағасында қоғамның үш әлеуметтік тобын білдіретін патшаның үш әйелі жылқыны әсемдеп құрбандық бағанына байлайды. Кей жағдайда бағанның үстіне күннің нышанын білдіретін дөңгелек қояды. патшаның үлкен әйелі жылқымен тылсым некеге түсіп, алтын инемен жылқының басын бөліп алады. Ол бас от құдайы Агниге арналады. Екінші әйелі күміс инемен жылқының денесін бөлшектейді. Бұл рәсім патшаға күш-қуат береді. Үшінші әйелі қола инемен жылқының құйрығын бөліп, патшаның мал саны арттырады. Осыдан кейін аталған ғұрып бүкіл халықтық салтанатпен жалғасын тапқан [272].

Патша мен жылқының рәсімдік байланысы әртүрлі үндіеуропалық халықтарың патшаларының жерлеу кезіндегі жылқыны құрбандыққа шалу дәстүрімен түсіндіріледі. Мәселен, Үндістанда жылқыны құрбандыққа тек патшаны немесе кшатрийді жерлеген кезде шалатын болған. Хеттер патша немесе патшайымның жерленуі кезінде құрбандыққа жылқы шалып, олардың бастарын қабірге бірге қойған [272]. Мұндай ғұрыптардың сипатын, семантикасын және мәнін жоғарыда талдап кеткендіктіктен келесі мәселеге көшсек.

Ол Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштеріндегі жылқы бейнелерінің әдет-ғұрыптық кейіпте сомдалу мәселесі. Біз петроглиф кешендерінен екі түрлі жайтты анық аңғардық. Біріншісі, ол жылқы бейнелерінің жалқы және топтасқан қалыпта, яғни табиғаттағы немесе тіршіліктегі бейнелері көрсетілсе, екіншісі, жылқылардың түрлі діни-ғұрыптық көріністерде кесінделуі. Соңғы баяндалған сипатқа ие суреттерге қарап, еліміздегі қола дәуірі жұрттарының дүниетанымында жерлеу ғұрпынан бөлек жылқымен байланысты басқа да жосын-жоралғылар болғандығын байқаймыз. Солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі және тарихи-мәдени сабақтастық тұрғысынан этнографиялық дәуірге жеткені «әлем ағашы» түбіндегі жылқылар бейнесі. Ондай суреттер Шимайлы, Күршім, Ақберлі, Теректі әулие, Құлжабасы петроглиф кешендерінде кезедеді. Сонымен бірге, Шимайлыдағы геометриялық өрнектермен таңбаланған жылқылар мен Теректі әулиедегі жота бойына шұңқырлар түсірілген жылқы бейнесі де ежелгіғұрыптың идеяның шеңберінен. Олардың терең мифо-поэтикалық танымның мағынасы кезең-кезең бойынша жоғарыдағы бөлімдерде талданған.

Жоғарыда сарапталған деректер мен мәлеметтер негізінде қола еліміздегі

қола дәуірі жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқы бейнесін төмендегідей бөліп көрсетуге болады:

1) жылқы - құрбандық малы. Еліміздегі жылқы жерлеулері мен петроглиф кешендеріндегі суреттер желгі үндіарийлік жырлардағы жылқыға қатысты рәсімдермен сай келеді. Ежелгі үнді мәтіндерінде келтірген құрбандық түрлерінің ішінде жылқы да бар;

2) жылқы - басқа әлемге жеткізуші көлік құралы. Қабір шұңқыры арба ретінде түсіндіріліп, ал ондағы жылқылар соған жегілген жануарлар деген тұжырымға сүйенсек солай болып шығады. Яғни, тіршіліктегі қызметін басқа дүниеде де жалғастырушы.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды негіздейтін болсақ, келесідей тұжырымдар жасаймыз. Қарастырлған материалдарға сүйенсек қола дәуірі тұрғындарының дүниетанымындағы жылқы бейнесі барынша синкретті болған, және де ол уақытша болсын сырттан келген мәдени дәстүрлермен байланысқа түсуінің арқасында өзгерістерге ұшыраған. Қалай болғанда да жылқы адамдар мен құдайлар арасындағы байланыста жетекші орынға ие болған. Әрине, мұның бәрі ең алдымен, өзіміз айтып кеткеніміздей жылқы малының ежелгі бақташылардың тұрмыс-тіршілігіндегі мызғымас орнымен байланысты.

Қола дәуіріндегі осындай ғұрыптық қағида кейінгі ерте темір дәуірінде жалғасын табады. Б.з.д. I мыңжылдықта Қазақстан мен іргелес өңірлерде түрлі себептерге байланысты орын алған өзгерістердің нәтижесінде жаңа бірлестіктер, нақты айтқанда сақ-скиф типіндегі мәдениеттер қалыптасады. Қола дәуірінде басталған аридтену үдерісі жалғасуының нәтижесінде халықтардың көшпелі және жартылай көшпелі бақташылыққа өтуі басталады [121, с. 281]. Қазақстанның әрбір өңірінде кешенді шаруашылықтың ерекше нұсқалары қалыптасады. Бұл негізінен жайылымдарды жыл бойы тиімді пайдалану мен басқа да қосалқы шаруашылық түрлерін дұрыс жүргізумен байланысты болды. Зерттеушілердің көрсетуінше жаңа шаруашылық тип ерекше өмір салтының, тұрмыстың, білім мен дағдылардың, діни-мифологиялық түсініктер мен дүниетанымның қалыптасуына әсерін тигізген [121, с. 281]. Осы кезде қалыптасқан «сақ-скиф» үштігі ұғымы осының дәлелі.

Ерте көшпелілердің жаңа шаруашылық типіне бейімделуі олардың қоршаған ортаны кеңінен тануға мүмкіндік береді. Олардың діни-ғұрыптық пантеонында басқа да жануарлар пайда болады. Бірақ бәрібір де ерте көшпелілер үшін жылқының маңызы одан сайын артпаса мүлде төмендей қойған жоқ. Сол уақыттағы сақтар мен скифтердің, сарматтардың, массагеттердің күнделікті тұрмысында жылқының алатын орны жөнінде антикалық дәуірдегі авторлардың жазған жазбалары мен көне парсы деректерінен белгілі. Сонау антикалық замандардың өзінде скиф-сақтарды «ерекше төзімді ат мінгендер», «бие сүтін ішушілер», «атпен бітісіп кеткендер» (кентавр), «арба үстінде өмір сүрушілер» және т.б. сипаттамалармен көшпелі тайпалардың іс-әрекетін дәлме-дәл бере білген. Мәселен, Шығыс Қазақстан, тіпті одан әрі Алтай мен Ордостан бастап халықтардың ұлы қоныс аударуына себепші болған ғұн тайпаларын рим тарихшысы Марцеллин былай деп

сипаттап жазады: «ғұндар ат үстінен түспейді, олар ат үстінде ұйықтап, ат үстінде түс те көреді». Бұл жерден біз көне грек мифтеріндеге кентавр бейнесін көзге елестете аламыз [273, 217-222 б.].

Қазақстанның ерте темір дәуірі өзінің хронологиялық жағынан немесе тіршілік еткен тайпалардың тұжырымдамасына сәйкес екі кезеңге бөлінеді: сақ-скиф және савромат дәуірі мен ғұн-сармат кезеңі. Осы екі тарихи хронологиялық дәуірдегі жұрттардың барлығында да жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар сақталғандығын археологиялық қазба материалдары дәлелдеп отыр. Жоғарыдағы бөлімдерде тоқталып өткеніміздей Қазақстанның ерте сақ кезеңінде жылқы қосып жерлеудің екі типі тараған: майемерлік және тасмолалық.

Алғашқы тип негізінен Алтайдың солтүстік-батыс алқаптары мен Шығыс Қазақстанның шекаралас аймақтарын қамтиды. Мұндағы жерлеулер тереңдеу шұңқырда, бастары солтүстікке бағытталған күйі орналастырылған, кейде үлкен тас жәшіктер де кездеседі. Қабірдің солтүстік қабырғасын бойлай жылқы жатқызылады. Бұл кезеңдегі ең ерте жылқы жерлеу бар ескерткішке Күрті II қорымы жатады. Майемер типіндегі ескерткіштердің ерекшелігі ретінде ондағы жылқылардың жүгенделмеуі, ат-әбзелдері жылқының бас сүйегінің жанында не болмас тас жәшіктің бұрышына қойылған [274, с. 109]. Жалпы Қазақ Алтайы мен іргелес өңірлердегі ерте сақ ескерткіштерінің қалыптасу мәселесі «Сакская эпоха Казахстана» атты ұжымдық еңбекте жақсы талданған. Авторлар аталмыш аймақтағы негізгі мәденигенез үдерістерін Орталық және Шығыс Қазақстанмен жәнеде Жетісумен байланыстырудың ойға қонымды екендігін мойындайды [274, с. 101-156]. Зерттеушілердің ой-тұжырымдары ерекше географиялық, экологиялық және этномәдени аумақ ретіндегі «таулар белдеуі» ұғымымен астасады [274].

Ерте сақ кезеңіндегі жылқы жерлеуі кездесетін ескерткіштердің екінші тобын тасмола типі құрайды. Б.з.д. VIII-V ғасырларды қамтитын бұл типтегі ескерткіштер тобы Қазақтың ұсақ шоқысы шеңберінде орналасқан. Жоғарыдағы бөлімдерде қозғалғандай тасмола типі үшін негізінен жылқылардың бас сүйектерін ғана жерлеу тән. Бас сүйектер негізінен қабірдің ішінде жерленген адамның төменгі жақтарына қойылған. Зерттеушілердің тасмола мәдениетінің бірнеше элементтері бойынша осы аймақтағы қола дәуірінің генезисін өзіне сіңіргендігі туралы жасаған тұжырымдарын басшылыққа алатын болсақ [274], онда жылқының бастарын қою Халвай, Екпен I, Бозінген және тағыда басқа қола дәуірін қалдырушы тайпалардан жалғасқан ғұрып болып шығады.

Батыс Қазақстан аумағындағы Қырық-оба қорымындағы обалардан ашылған жылқы сүйектері осы аймақтағы ерте көшпелілердің дүниетанымын айғақтайды. Қолдағы бар материалдар бұл аймақтағы ерте көшпелілер жылқыны толығымен жерлеуді де және тек бас сүйегін қою ғұрпын қатар қолданғандығын көрсетіп берді.

Көріп отырғанымыздай ерте сақ дәуірінде қазақ жеріндегі жұрттарда сонау энеолиттен басталған жылқымен байланысты дүниетаным мәдени-

ғұрыптық «этно-маркер» ретінде мәнін жоғалтпай, жаңа үлгідегі белгілермен көрініс табады. Осы уақыттағы ерте көшпелілер қола дәуірінде қалыптасқан жерлеу ғұрпындағы екі типті де сәл өзгерістермен қолданған.

Ерте темір дәуірінің келесі ғұн-сармат кезеңінде жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар өзінің шарықтау шегіне жетеді. Еліміздегі жылқы қосып жерлеу ғұрыптары кездесетін ең көп ескерткіштер осы уақытқа келеді. Оған еліміздің шығысындағы берел, құлажорға ескерткіштері, орталық аймақтағы қорғантас типіндегі жерлеу орындары және Алакөл ойпатындағы обалар жатады. Алдыңғы бөлімде олардың барлығын жерлеу ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке типтерге жіктегенбіз. Осылардың ішінде Берел обаларындағы жылқы жерлеулері қарастырылып отырған дәуірдегі ежелгі көшпелілердің діни-ғұрыптық жүйесіндегі терең семантикалық түсінікті ашып береді. Ол жөнінде жоғарыда кешенді сараптама жасағандықтан, аса тереңдемей-ақ мынадай мәселеге көңіл аударғымыз келеді. Қола дәуіріндегі Петров мәдениетінде көрініс тапқан қос жылқыны жерлеу арқылы арбаның имитациясын беру дәстүрінің нақты белгілері кейінгі дәуірде анық байқалмайды. Дегенмен, В.Д. Кубарев және басқа да бірқатар зерттеушілер пазырық мәдениетіндегі обалардың ішіндегі ағаш қималар мен астау-табыттарды үйлердің имитациясы ретінде қарастырды [121, с.261]. Көшпелілер қоғамындағы үй-жай ол көші-қонға икемделген тұрақ. Оған киіз үйді айтпағанда одан басқа да тұрғын-жайлардың түрлері көп. Мұндағы ең маңыздысы арбадағы жылжымалы үйлер. Ежелгі көшпелілердің наным-сенімдері бойынша қабір іші сондай жылжымалы үйлердің бір көрінісі болған. Қола дәуірінде қалыптасқан мұндай түсінік өзінің нышандық мәніне ерте темір дәуірінде жеткенге ұқсайды. А.А. Тишкиннің жасаған тұжырымы бойынша пазырық мәдениетіндегі ағаш қабірханалар өздерінің құрылыстары бойынша жабық арбалардың қаңқасын еске салады, ал жерленген жылқылар сол жылжымалы арбалар арқылы жерленген адамды басқа әлемге жеткізген [121, с. 263]. Жылқылардың жол азабын тартпай, еш кедергісіз жетуі үшін оларды түрлі жануарлардың қасиеттерімен күшейту жолдарын жоғарыда талдағанбыз. Жалпы берел ескерткіштері де кіретін пазырық мәдениетін қалыптастырушы жұрттардың этникалық тиістілігі қаралған тұста, зерттеушілердің көпшілігі оларды юечжілермен баламалайды [274, с.150].

Шығыс Қазақстан жерінде берел типіндегі ескерткіштермен қатар, б.з.д. IV-III ғасырларда құлажорға кезеңі ескерткіштері қалыптасады. Бүгінгі дейін аталмыш мәдениеттің қалыптасуына қатысты нақты жасалған тұжырым жоқ. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл типтегі ескерткіштер құрылымы жағынан екі тарихи кезеңнен өтеді. Соның ерте кезеңінде жылқы арнау ғұрпы кездеседі. Соған қарап, З. Самашев құлажорғалықтардың Таулы Алтай мен Орталық Азия тайпаларымен тығыз қарым-қатынаста болғандығы жөнінде тұжырым жасаған [194, с.113]. Кейінгі бір зерттеулерде құлажорға ескерткіштері Таулы Алтайдағы б.з.д. IV-II ғасырлармен мерзімделетін жерлеу ескерткіштерімен, соның ішінде қара-қоба типіндегі топпен жақындығы аталып өтіледі [275, с.146].

Орталық Қазақстан жерінде б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысымен мерзімделетін ерекше «қорғантас» типіндегі жерлеу кешендері тарайды. Жоғарыда атап кеткеніміздей мұндай ескерткіштердің ерекшелігі қабірдің солтүстік-шығысында құрбандық орындарының болуы. Олардың барлығынан дерлік жылқының, қойдың, кейде ешкінің бас сүйектері табылған. Қорғантас типіндегі ескерткіштерді алдыңғы кезеңіндегі тасмола жерлеу кешендерімен салыстыру барысында ешқандай ұқсастық анықталмаған [275, с.146]. Деседе, А.З. Бейсенов қорғантас типіндегі ескерткіштердің пайда болу генезисінің жолдарын төмендегідей екі бағыт бойынша анықтаған:

1) қорғантас жерлеулері б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында Байкалдан Башқұртстанға дейін жерлеу ғұрпында орын алған өзгерістерді сіңіре білген жергілікті тасмолалықтардан қалған;

2) бұл ғұрыптың Қазақстан жеріне шығыстан келу мүмкіндіктері назардан шығарылмайды [276, с. 91-93].

Осы мәселеге қатысты терең талдау жасаған П.И. Шульга қорғантас типіндегі ескерткіштерде сырттан әкелінген белгілердің нақты көрінбеуін атап өте отырып, бұл типтегі жерлеу орындары солтүстік Қытай жерінен қоныс аударған тайпаларға жататындығы жөнінде пікір қалдырады [277, с. 405-418]. А.Д. Таиров б.з.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Байкал маңында, Моңғолияда, Солтүстік Қытайда құрбандық жануарларын жерленген адамның бас жағына қоятын мәдениеттер болғандығын алдыға тарта келе, Орталық Қазақстандағы қорғантас типі ескерткіштерінің орталық азия көшпелілерінің миграциясы әсерінен қалыптасқандығы туралы болжам жасайды [262, с.190-191]. Бұл мәселенің толық шешімін табу үшін әлі де, кейбір территориялық аймақтардағы ескерткіштердің материалдары айналымға енгізілуі қажет.

Алакөл ойпаты мен Батыс Қазақстан жеріндегі ерте темір дәуірі ескерткіштерінен анықталған жылқы жерлеулері біздің қарастырып отырған мәселеміз бойынша нақты тұжырымдар жасауға мүмкіндік бермесе де, осындай материалдардың ғылыми айналымға енгізілуінің өзі болашақтағы зерттеулердің бағдарын анықтайды.

Жалпы Қазақстанның ерте темір дәуірі жұрттарының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптары бір жағынан қола дәуірінде қалыптасқан жосын-жоралғыларды жалғастырса, келесі бір жағынан жаңа бір элементтер қосумен ерекшеленеді. Мұның өзі қазақ даласында I мыңжылдық шеңберінде түрлі көші-қон үдерістері жүріп, сондай тарихи-мәдени аласапыранға қарамастан жылқыға қатысты ғұрыптардың жоғалып кетпеуінің өзі бірз жайтты аңғартады.

Мұның айқын дәлелі, келесі тарихи кезеңде бұл әдет-ғұрыптардың жаңаша бояулармен көрініс табуы. Ерте көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетінің ішкі-сыртқы болмысын бойларына сіңірген ортағасырлық көшпелілер де жылқыны құрметтеудің, оған табынудың немесе дәріптеудің айрықша үлгілерін қалыптастырды. Жерлеу ғұрпындағы және жартас бетінде жылқының рөлі жөнінде жоғарыда тоқталғанбыз. Сол себепті, осы мәліметтердің негізінде тақырыбымыздың мазмұнын ашу үшін төмендегідей мәселелерге көңіл бөлсек: бірге жерленген жылқылар саны, олардың

бағытталуы, жерлеу құрылысының жоспары, жылқының тұлыбын немесе басқа бөліктерін қою белгілері.

Жерленген жылқылар саны ең алдымен ежелгі түркілер қоғамының әлеуметтік маркері болып табылады. Бізде ондай ескерткіштердің саны бесеу (Зевакино қорымы, № 145, № 1, № 3, № 103 обалар; Бобров обасы;). Алтайдағы түркі кезеңі ескерткіштерін зерттеумен айналысатын Г.В. Кубаревтің тұжырымдауынша мұндағы негізгі жылқы біреу, қалғандары қосымша болып есептелген. Таулы Алтайдағы (Боротал I, 6, 50 обалар; Балық-Соок I, 9 оба және т.б.), Тянь-Шаньдағы (Беш-Таш-Короо II) ескерткіштерде негізгі жылқы адамға жақын және бүкіл ат-әбзелімен толық жерленген [67, с. 18; 143, с. 55]. Мұндай тұрпатқа сай келетін нысанға біз тек Зевакино қорымындағы № 145 обаны ғана жатқыза аламыз. Онда жерленген 4 жылқының біреуі ат-әбзелімен толық қалпында адамға жақын орналастырылған. Түркі-моңғол эпостарының негізіне салсақ жауынгердің бірнеше жылқысы болуы қажет [67, с. 18]. IX ғ. авторы Әл-Джахиздің егер ол (түрік) бір атын тынықтырса, екіншісімен алмастырады деген ақпараты көп жайтты аңғартатындай [235, с. 67-91]. Оның үстіне ежелгі тұрғындардың басқа әлемге барар жолдың ұзақтығына сенгендігін есепке алар болсақ, олар жерленген адамның шаршап-шалдықпай жетуін қамтамасыз етуге тырысқандығы түсінікті.

Қабір шұңқырында жылқыны оның тұлыбынмен алмастыру да ортағасырлық тайпалардың тәжірибелегендігін жерлеу ескерткіштері дәлелдейді. Елімізде ондай белгісі бар нысанға Бұтақты I қорымындағы № 17 жерлеу орнын жатқызамыз. С.П. Нестеровтың көрсетуінше жылқының тұлыбын жерлеу Орталық Азия халықтары үшін тән емес рәсім, негізінен Еуразияның батыс аудандарында таралған [66, с. 63]. Орталық Азиядағы белгілі ескерткіштер қатарына Моңғолиядағы Хушот-Худжиртэ, Тывадағы Саглы-Бажы 5, Овюр, Минусин қазаншұңқырындағы Ник-Хая, Узун-Хая, Ах-Хол, Алтайдағы Катанда ескерткіштерін жатқызуға болады [66, с. 63-64]. Л.Р. Кызыласовтың пікірінше жылқының тұлыбын жерлеу ғұрпы Орталық Азия түркілерінде I мыңжылдықтың соңында таралған [66, с. 63-64]. Зерттеушілердің көпшілігі аталмыш мәселеде назарларын ғұрыптың дүниетанымдық мәніне емес, тек этникалық астарына көңіл бөлген. Біздің ойымызша бұл ғұрыптың қалыптасу мәселелері тереңде емес. Мәселен, қола дәуірі ескерткіштеріндегі жылқының бас және аяқ сүйектерін жерлеу, ортағасырлық сипатталатын түркі-моңғол тайпаларының қабір басына жылқының тұлыбын керіп қоюы, тіпті бертінгі этнографиялық кезеңде Саян-Алтай халықтарының түрлі рәсімдері осының көрінісі. Олай дейтініміз, қола дәуірінің өзінде жылқы қосып жерлеудің түрлі формалары болғандығын жоғарыда сипаттадық. Мұндай үдеріс ерте көшпелілерде де байқалады. Демек, Орталық Азия халықтарында ерте замандардан-ақ жерлеу ғұрпындағы жылқыға қатысты ортақ бір ұғым болды, бірақ оны жүзеге асырудың түрлі үлгісі болды. Оның үстіне мұнда әлеуметтік, одан қалса экономикалық қатынастардың да әсерін тигізгендігін жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан да, жылқының тұлыбын жерлеу ғұрпынан аса бір

ерекшелік қалыптастырмай, оны ежелгі түркілердің жылқымен байланысты дүниетанымдық болмысы ретінде қабылдау қажет деп тұжырымдаймыз.

Қарастыруды қажет ететін келесі бір мәселе жерленген жылқылардың бағытталуы мен орналасуындағы құрылыс жоспары. Негізінен алғанда еліміздегі ортағасырлық көшпелілердің жерлеу орындарындағы жылқылардың бағытталуы әркелкі. Мәселен, Зевакино қорымындағы обалардан табылған жылқылардың бағытталуы шығыс, батыс, солтүстік-шығыс, яғни аралас келген. Қарақаба қорымында солтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс. Жетісудағы ескерткіштерде, оның ішінде Сұлу-қоян (Ақтерек), Ақтерек ООШ немесе таза оңтүстік бағыт. Еліміздің батыс өңіріндегі белгілі жерлеулердегі жылқылардың бағытталуы батыс және оңтүстік бағыт. Көріп отырғанымыздай жылқылардың бағытталуына қатысты ортақ бір жүйе байқалмайды. Тұрақтанған белгілер тек Зевакино мен Ақтерек қорымдарында анықталады. Алғашқысында негізінен шығыс және солтүстік-шығыс басым болса, екіншісіне оңтүстік пен оңтүстік-шығыс тән. Обалардағы жылқылардың бағытталуы бойынша бүгінде нақты тұжырым қалыптаса қойған жоқ. Негізінен алғанда осы мәселе төңірегінде сөз қозғаған зерттеушілер иесі мен жылқысының бағдары о дүниеге апарар жолдың бағыты деген пікірде [66, с. 72]. Одан бөлек бірқатар зерттеушілер қорымдардың топографиясын да ескеру керектігін алдыға тартады [143, с. 27]. Таулы Алтайдағы Құдырге ескерткішіндегі жылқылардың басым бөлігінің оңтүстікке бағытталуына байланысты А.А. Гаврилова мұны қоныс аудару қағидасымен ұштастырады. Яғни, зерттеушінің пікірінше оңтүстік бағыт құдыргеліктердің оңтүстіктен қоныс аударып келгендігін білдірген [278, с. 59]. Осы ұстанымға негіз артсақ, Жетісудағы Ақтерек ескерткішін қалдырушылар да елімізге оңтүстік бағыттан қоныс аударған болып шығады. Мұндай негізі жоқ ғылыми тұжырым зерттеушілер тарапынан қолдау таппады. Жалпы алғанда, иесі мен жылқысының бағытталуына байланысты С.П. Нестеров жазба деректер мен археологиялық мәліметтерді ұштастыра отырып қарастырылып отырған мәселеге қатысты бірқатар тұщымды тұжырымдар жасады. Солардың кейбірімен келісе отырып, зерттеушінің пікірлерін қайталамау үшін тек сол еңбекке сілтеме жасаймыз [66, с. 72-74]. Дей тұрсақ та, аталмыш мәселе төңірегінде мынадай мәселелерді де назардан тыс қалдырмау керек деп санаймыз. Ең бастысы ол ескерткіштердің уақытнамасы, екіншіден тайпалардың этникалық құрамы және ең маңыздылардың бірі тарихи-сабақтастық мәселесі. Одан бөлек, бұл жерде әлеуметтік жағдай мен мәдени ықпалдастықты да қатардан шығыруға болмайды.

Қазақ даласында сонау мысты тас дәуірінен басталған жылқымен байланысты мәденигенез үдерісі өзінің тұрағын қазақ халқының дүниетаным жүйесінен табады. Қазақ халқындағы жылқыға қатысты әдет-ғұрыптардың кешені толығымен отандық этнографтардың еңбектерінде қаралғандығын жоғарыда атап өткенбіз. Деседе, мәденигенез тұрғысан келгенде жоғарыда сарапталған дүниелердің барлығын тұжырымдай келе жәнеде Ә.Т. Төлеубаевтың, С.Е. Әжіғалидың және А.У. Тоқтабайдың еңбектеріндегі мәліметтерге сілтей отырып, төмендегідей жайттарды атап өтеміз. Мәселен,

қазақтардың әкесі қайтыс болғанда балаларының жылқы малын сойса, «әкесін жылқыға мінгізіп жіберді» [7, с. 39] (о дүниеге) деген теңеуінің өзі сонау қола дәуірінен бастау алады десек қателеспейміз. Неге десек, қола дәуірі тайпалары қабір шұңқырын арба ретінде сипаттап, оның ішіндегі жылқыларды басқа әлемге жеткізуші медиатор ретінде қабылдаған. Дәл осындай түсінік ерте темір дәуірі жұрттарында да қайталанады, оның үстіне өзіміз жоғарыда сипаттап кеткен ортағасырлық жазба деректердегі мәліметтер қарастырылып отырған мәселемен үйлесім табады. Оған қоса, А. Тоқтабайдың этнографиялық мағлұматтарында қазақтардың адамды жерлеп болып, үстіндегі топырақты төрт қырлап шығарып үюді «ат бесік» деп атайтындығы келтіріледі [5, 401 б.].

Жалпы осы бөлімдегі мәденигенез контекстінде қарастырылған мәселелерді негізіндей келе төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

– еліміздегі энеолит дәуірі ескерткіштерінен алынған тарихи фактілер қазақ даласында жылқы қолға үйретіліп, соның нәтижесінде оған қатысты таным-түсініктер қалыптасқандығын дәлелдейді.

– қола дәуіріндегі жерлеу ескерткіштері мен жартас бетіндегі суреттер жылқыға қатысты діни-мифологиялық және дүниетанымдық ұғыптардың аса күрделі әрі түсініксіз болғандығын ашып берді. Осы кезеңдегі қабір ішіне жылқының бас сүйектерін қою, одан басқа метал асатаяқтардың басын жылқы мүсінімен сомдау энеолит дәуіріндегі дәстүрдің жалғасы екендігін атап кетеміз.

– ерте көшпелілердің рухани әлемі үшін жылқының қаншалықты маңызды болғандығын еліміздегі жерлеу орындарының көптігі дәлелдейді. Қола дәуірінде қалыптасқан жылқымен байланысты мифопоэтикалық түсінікті шарықтау шегіне жеткізген ерте көшпелілер мәденигенез үдерісінің дөңгелегін тоқтатпастан ежелгі түркілерге өткізіп берді.

– көне түркілерден бастап қазақтарға дейінгі уақыт аралығында жылқымен байланысты ұғыптар түрлі тарихи сындардан өткенімен, өзінің кейбір ежелгі дәуірде қалыптасқан белгілерін жойған жоқ. Қазақ халқында және басқа да түркі-моңғол халықтарында сондай белгілер түрліше көрініс тауып, өзінің түпкі төркінін жоғалтқан жоқ (Сурет 33).

Бір сөзбен айтқанда, қазақ даласында энеолит дәуірінен бастау алған жылқымен байланысты әдет-ұғыптар тарихи-мәдени сабақтастығын үзбестен этнографиялық кезеңге дейін жеткендігін біздің жоғарыда келтірген тұжырымдарымыз толық нақтылайды .

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссетациялық жұмыста қарастырылған мәселелер Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқыға қатысты төмендегідей қорытындылар жасауға негіз береді.

Біріншіден, ол қазақ даласында жылқының қолға үйретілу мәселесі. Бұған қатысты XX ғасырдың 80-жылдарынан бері түрлі ғылыми көзқарасқа толы пікір-талас жалғасып келеді. Қазақстанның энеолит дәуірінде Ертіс пен Жайық аралығын мәдени-шаруашылық типі бір-біріне етене жақын қауымдастықтар жайлап, өздерінің төлтума мәдениеттерін қалыптастырғандықтары бүгінгі күні нақты дәлелденіп отыр. Олардың кейінгі тарихи кезең қола дәуіріндегі жұрттардың материалдық және рухани әлеміне ықпалы қазіргі кезде көптеген пікір таластар мен қарама-қайшылықтарға толы. Бірақ қолымызда бар деректерді талдау барысында бір ғана жылқы бейнесі арқылы мәденигенездің түйінін табуға болатындығына көз жеткіздік.

Біз отандық және кейбір шет елдік зерттеушілердің салиқалы кесімдері мен нақты археологиялық деректердің негізінде қазақ даласы жылқыны үйсіндірген орталықтың бірі болғандығын толық құптаймыз. Оның үстіне соңғы уақыттағы ботай жылқыларының сүйектеріне жүргізілген генетикалық зерттеулер бұл мәселенің шегесін қақты. Яғни, ежелгі ботайлықтардың жылқыны қолға үйретуі олардың мәдени-шаруышылық типін де анықтады. Олардың тұрмыс-тіршілігінің негізін құраған жылқы шаруашылығы олардың рухани болмысын анықтағандығын да жұмыс барысында дәлелдедік. Демек, энеолитте жылқы қолға үйретіліп қана қоймай, оған қатысты белгілі бір таным-түсінік қағидалары қалыптаса бастаған. Оған өзіміз жұмыста сипаттап өткен жылқының тұсамыс сүйектерінен жасалған ғұрыптық заттар дәлел. Сонымен бірге іргелелес өңірлердегі замандас ескерткіштердің материалдары бұл ұстанымды бекіте түседі.

Екіншіден, б.з.д. II мыңжылдық пен I мыңжылдықтың арасында, яғни қола дәуірінде салтатты-серілер кезеңі басталады. Алдыңғы дәуірде жылқыны қайыс және жіп ауыздықпен басқарған адамдар онымен тек қана мал бағуға қолы жетсе, енді қоладан жасалған ауыздықты ойлап тапқан Еуразия көшпелілері жылқыны әскери мақсатқа пайдалануға қол жеткізеді. Қос дөңгелекті және төрт арбаларды қолдану жүзеге асады. Мұның бәрі өзіміз жоғарыда сипаттаған негізгі қағидадан көрініс тауып, жылқы басты ғұрыптық жануарға айналады.

Қола дәуіріндегі жұрттардың жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарын толыққанды түсіну үшін жылқы жерлеулері кездесетін еліміздегі ескерткіштер толық сипатталды. Соның негізінде ондай ескерткіштер негізінен еліміздің орталық, батыс және солтүстік аймақтарында ғана кездесетіндігі нақтыланды.

Қазақ даласының қола дәуіріндегі жұрттарында жылқының ғұрыптық маңызы үш түрлі іс-әрекеттер арқылы сипатталды:

1) жылқының толық немесе оның бөліктері кездесетін жерлеу орындары. Ондай жерлеу ескерткіштері еліміздің орталық, солтүстік және батыс өңірлерінде топтасқандығын жоғарыда атап көрсеттік. Бұл жерлеу

ескерткіштерінен алынған мәліметтердің өзі қола дәуіріндегі жылқымен қоса жерлеудің бірнеше түрінің болғандығын көрсетті.

Яғни, қола дәуірі жұрттары бір жағынан қабір шұңқырына қос жылқыны қатар жерлеу отырып оларды иесінің арбасын басқа әлемге жеткізуші жануар ретінде бағаласа, екінші жағынан зерттеушілердің анықтағанындай екі жылқының бір еркек, екіншісі ұрғашы болуы өсіп-өну культімен астасып кетеді. Демек, жылқы иесін о дүниеге жеткізуші көлік құралы ғана емес, ана дүниеде де көбеюге жіберілген қасиетті жануар;

2) қола дәуіріндегі жылқымен байланысты терең дүниетанымдық түсініктерді көрсететін іс-әрекеттер қатарына жартас бетіндегі суреттер жатады. Оларда жылқы бейнесі бірнеше нышандық бейнелер арқылы сомдалған. Олардың қатарында арбаға жегілген жылқылар, жеке өзі бейнеленген суреттер және қандай да бір ұрыптық үдерістер шеңберінде салынған кескіндер бар. Өзіміз жоғарыда сипаттап өткеніміздей олар сол дәуірдегі жұрттардың белгілі бір деңгейдегі этномаркері болып табылады. Жұрттардың бір жерден келесі бір жерге қоныс аударуы, жаңа технологияларды меңгеруі мен жаңа діни түсініктерді қабылдауы тәрізді мәселелер жартас бетіндегі суреттерде анық таңбаланған. Жылқы бейнелерін кескіндеудің «сейма-турба» және «таңбалы» сияқты ерекше мәнерлердің болғандығына көз жеткіздік;

3) шағын мүсін өнеріндегі жылқымен байланысты туындылар ұрыптық іс-әрекеттердің келесі тобын құрайды. Ондай артефактілер әзірге бірді-екілі ғана. Деседе олар өздерінің стилистикалық тұрпаты жағынан, маңыздысы қолданыс аясы қола дәуіріндегі тайпалардың терең дүниетанымынан хабар береді.

Осы көрсетілген ұрыптық іс-әрекеттер қазақ даласындағы қола дәуірі жұрттарының жылқымен байланысты әдет-ұрыптардың мәнін толыққанды ашуға септігін тигізді.

Үшіншіден, Қазақстанды ерте темір дәуірінде мекендеген жұрттардың жылқымен байланысты әдет-ұрыптары өте кең болғандығын анықтадық. Ондай тұжырымға қол жеткізу барысында Қазақстандағы жылқы жерлеулері кездесетін ескерткіштердің әр аймақ бойынша толық сипаттамасы жасалды.

Нәтижесінде еліміздің шығыс өлкесі ондай ескерткіштердің ең көп шоғырланған аймағы екендігі нақтыланды. Бұл өлкедегі жылқы жерлеулері бар ескерткіштер төмендегідей төрт хронологиялық кезеңге жататындықтары дәлелденді:

1) Майемер кезеңі. Бұл уақытта өлікке ат арнаудың келесідей үш түрі болған: жылқыны толық жерлеу ұрпы, қабірге жылқының тұлыбын, бас және аяқ сүйектерін қою, ат-әбзелін ғана жерлеу ұрпы;

2) Берел кезеңі. Аталмыш кезеңдегі жерлеу ескерткіштері біздің тарапымыздан көмілген жылқылардың санына қарай бірнеше топқа бөлінді. Сол топтар арқылы жерленген адамдардың қоғамдағы әлеуметтік дәрежесін анықтауға болады. Мәселен, Үлкен Берл обасы, № 10, 11 обаларда сол аймақтың тайпа көсемдері жерленген болуы керек деп тұжырым жасауға болады. Берел қорымындағы обаларда бір қағида қатты сақталған. Қабір

шұңқырларының тереңдіктері 2 м кем емес, жерленген жылқылар бастарымен солтүстік-шығысқа немесе шығысқа бағытталған;

3) Құлажорға кезеңі. Бұл уақытқа тән ескерткіштерде жылқылар не тас жәшік қақпағынынң үстіне немесе жәшіктің бір шетіне жатқызылған;

4) Сяньби кезеңі. Аталған кезеңмен сипатталатын ескерткіштер соңғы жылдары ғана белгілі болды, сондықтан да ғылыми айналымға жылқы қосып жерлеудің ерекше түрі ретінде алғаш жіктеліп отыр. Жылқылар тас қаландыдан тұратын арнайы қоршауларда жерленген.

Келесі бір жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар көрініс тапқан өңір Сарыарқа даласы. Бұл өңірдегі ескерткіштердің бір ерекшелігі қабір ішінде жылқының толық қаңқасы емес тек бас сүйектерінің кездесуі. Орталық және Солтүстік Қазақстан өңіріндегі ерте темір дәуірі ескерткіштерінде екі түрлі жерлеу типінің болғандығы анықталды.

Біріншісі, бұрыннан белгілі тасмола типі. Мұнда жылқы бас сүйектері қабір ішіндегі адамның аяқ жақтарына қойылатын болған. Бір қызығы б.з.д. V ғасырдың басына қарай жылқының бас сүйектерін қою кездеспейді. Уақыт өте жылқының бас сүйектерін жерлеудің жаңа үлгісі пайда болады. Қазіргі күні оны ғылыми айналымға қорғантас типіндегі ескерткіштер деп енгізген. Бұл типке кіретін жерлеу орындарының басты ерекшелігінің бірі негізгі қабір орнының солтүстік-шығысынан немесе шығысынан арнайы құрбандық орындары жасалған. Оған жануарлардың жылқының бас және аяқ сүйектерін қойған. Бұл типтегі жылқымен байланысты ғұрыпта жергілікті жердің дәстүрі сақтала отырып, сыртқы фактордың әсерімен өзгеріске ұшыраған деген тоқтамға келдік.

Жұмысымыздағы ең басты жаңалықтың бірі Алакөл ойпатынан ерте темір дәуірінің жылқы қосып жерлеу ғұрпы бар ескерткіштернің анықталуы болды. Бұл материалдар Г.А. Кушаевтың қазбасы кезінде табылып, өкінішке орай айналымға енбей, тек ғылыми есеп түрінде ғана қалған. Ендігі уақытта бұл материалдар арқылы ерте темір дәуіріндегі жұрттардың көші-қон бағыттарын, дүниетанымын және рухани әлемінің басқа да қырларын қайта қарауға болады.

Еліміздің батыс аймағында мекендеген савромат-сармат тайпаларының да жылқы қосып жерлеу ғұрпын ұстанғандығын бірнеше ескерткіштер арқылы белгіледік. Жетісу мен Батыс Қазақстан жерінде ондай ескерткіштер аз болса да, болашақтағы зерттеулердің бағыт-бағдарына бағыт беретіні анық.

Ерте көшпелілердің жерлеу ғұрпына байланысты жазба деректерде кездесетін мәліметтердің барлығы толықтай олардағы жерлеу ғұрпымен үйлесетіндігі дәлелденді. Одан бөлек петроглиф кешендерінде жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарды сипаттайтын суреттер қола дәуіріндегідей көп болмаса да, тақырыбымыздың кейбір қырларын нақтылауға септігін тигізді. Мәселен, жартас бетіндегі таутекенің немесе бұғының мүйізімен сомдалған жылқылардың кескіндері Берел қорымындағы жылқыларға киілген сондай бетперделер арқылы айғақталды. Ондай бейнелердің семантикалық және ғұрыптық маңызы толығымен сараланып, басқа да дерек қорлары арқылы талданды.

Төртіншіден, ортағысырлық ескерткіштерді саралау барысында ғылыми айналымға енбеген материалдарды анықтадық. Нақтырақ айтқанда, бүгінге дейін Жетісу өңірін мекендеген ежелгі түркі тайпаларының дүниетанымында жылқы қосып жерлеу ғұрпы болмаған деген пікір қалыптасқан болатын. Біздің мұрағат қорларындағы археологиялық қазба есептерін қарастыруымыз барысында ол пікірдің қате екендігіне көз жеткіздік. Одан бөлек аталмыш аймақтағы жаңа ашылулар біздің көзқарасымызды одан ары бекіте түсті. Бұл ғылыми жаңалық та алдымыздағы көптеген мәселелерге жаңаша қарауға жол ашты.

Дәл осындай жаңалық еліміздің батыс өңірі үшін де орын алды. Айналымға енбеген ғылыми есептер бұл аймақтан да жылқы жерлеу ғұрпы ақталған бірнеше ескерткішті белгілеп берді.

Ал, қарастырылып отырған кезеңдегі қабірлерінде жылқы кездесетін ескерткіштердің топтасқан өңірі Қазақ Алтайы екендігі тағы бір тұжырымдала түсті. Өңірдегі ескерткіштер өзінің ішкі құрылымымен, жылқыларды жерлеу ғұрпындағы ерекшелігімен бөлінетіндіктері нақты көрсетілді.

Ортағасырлық кезеңге жататын жартас суреттерінде жылқымен байланысты терең мағыналы ғұрыптарды байқай алмадық. Суреттер негізінен сол қоғамның әскерилендірілген тұрмыс-тіршілігін көрсетуге, және де салт атты жауынгердің түрлі кейіпін сомдауға арналған.

Осы айтылған дүниелердің барлығы жинақтала келе қазақ халқындағы жылқымен байланысты әдет-ғұрыптың мазмұнымен толықтай астасады. Бұл дегеніміз сонау Ботайдан басталған ұзақ әрі күрделі тарихи-мәдени үдеріс түрлі шытырманнан өтіп, өзінің бастапқы үлгісін қатты өзгертпей этнографиялық кезеңге дейін жеткен. Ондай терең мәденигенез байланысын келесідей үш тармақ арқылы жеткіздік. Олар жылқыны толық жерлеу ғұрпы, жылқының бас сүйегін қою және әлем ағашы ұғымы. Осылардың әрқайсысы бойынша жеке-жеке қарастырып өтсек.

Жылқыны толығымен жерлеу қола дәуірінде бастау алады. Ондай ескерткіштер біздің елімізде және көршілес аймақтарда көп таралған. Сол замандағы түсінік бойынша қабір іші баспана немесе жүріп бара жатқан арба ретінде түсіндіріліп, ал жылқылар соны сүйретуші немесе өзге әлемге жеткізуші пырақтар қызметін атқарған. Бұл үрдіс ерте темір дәуірінде де сақталған. Ежелгі түркілердің дүниетанымында бұл мәселе әліде толық қарастырылмаса да, жылқыны толық жерлеу сақталады. Бұл үрдіс қазақ халқында XVIII ғасырда да сақталғандығын А. Левшиннің жазбаларынан хабардармыз. Уақыт өте жылқыны толық жерлеуді «тұл» дәстүрі ығыстырған тәрізді. Байқағанымыздай қола дәуірінен басталған бір ізділік бергі заманға дейін үзілмей жеткен.

Келесі бағыт жылқының бас сүйегімен байланысты. Бұл ғұрып тіпті әріден, мысты тас дәуірінен бастау алады. Қола дәуірі ескерткіштерінде жылқының бастарын қою ғұрпы, кейінгі ерте темір дәуірі жерлеу орындарында да жалғасын табады. Әсіресе, тасмола және қорғантас типіндегі ескерткіштерде жақсы көрініс тапқан. Ортағасырлық обаларда жылқыны толық көмумен бірге

бастарын да қосып жерлеу сақталғандығын жоғарыда сипаттадық. Жылқының басымен қатысты мұндай ғұрып қазақ халқының дүниетанымында да көрініс береді. Бұл әсіресе, шығыс қазақтарында әлі күнге дейін кездеседі.

Үшінші бір бағыт ол тік бағана немесе әлем ағашы ұғымы. Қола дәуірінен бастау алған бұл түсінік ерте темір дәуіріндегі петроглифтердегі суреттер арқылы, бұғытастар мен сынтастар негізінде жалғасады. Олардың ортағасырлық бейнесін тас мүсіндер бейнелесе, қазақ халқындағы жалғасы құлпытастар мен ақтық байланатын ағаштар түрінде айқындалады.

Қорытындылай келгенде, диссертациялық жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері толығымен орындалды деген ойдамыз. Қазақ даласындағы ежелгі және ортағасырлық жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы бейнесін тарихи-мәдени сабақтастық тұрғысынан қарастыру барысында жаңаша тұжырымдар мен шынайы талдаулар жасалды. Тақырып бойынша, ғылыми айналымға бұрын белгісіз болып келген біршама мәліметтер енгізілді. Жылқы бейнесі арқылы қазақ жеріндегі ежелгі жұрттармен қазіргі қазақ халқының арасындағы тарихи-мәдени байланыс деректердің кешенді қорын талдау арқылы дәлелденді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Казақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

2 Арғынбаев Х.А. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969. – 170 б.

3 Аргынбаев Х.А. Обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяиство казахов на рубеже XIX-XX веков. – Алма-Ата: Наука, 1980. – С. 127-137

4 Токтабай А.У. Культ коня у казахов. – Алматы, 2004. – 124 с.

5 Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2010. – 496 б.

6 ТолеубаевА.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в.). – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 214 с.

7 Толеубаев А.Т. Происхождение и сущность казахского обычая посвященного умершему коню // Изв. АН КазССР. – Сер. общ. наук. – 1984. – № 2. – С. 35-40

8 Аджигалиев С.И. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана. – Алматы: Гылым, 1994. –260 с.

9 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Ғылым, 2002. – 652 с.

10 Ажигали С. Е. Древний символ степной Евразии: коновязные столбы (сэргэ-кулпытасы-фейфа) // Всадники Северной Азии и рождение этноса: этногенез и этническая история саха. – Новосибирск : Наука, 2014. – С. 47-72.

11 Формозов А.А. Энеолитические стоянки Кустанайской области и их связь с ландшафтом // Бюл. Комиссии по изучению четвертичного периода. 1950. –№ 15. –С. 64-75.

12 Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. – Петропавловск: ИА АН РК, 1993. – 244 с.

13 Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: КазАкпарат, 2009. – 576 с.

14 Зайберт В.Ф. Сложение энеолитической ботайской культуры в Урало-Прииртышском междуречье //Использование методов естественных и точных наук при изучении древней истории Западной Сибири:Тез. докл. – Барнаул, 1983. – С. 88-90.

15 Калиева С.С. Поселение Кожай 1. – Алматы: ИА МН-АН РК, 1998. – 255 с.

16 Калиева С.С., Логвин В.Н. Скотоводы Тургая в третьем тысячелетии до нашей эры. – Кустанай: ИА МН-АН РК: КустГУ, 1997. –179 с.

17 Калиева С., Логвин В. Поселение Кумкешу 1 – эталонный памятник терсекской культуры. – Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2017. – 320 б.

18 Калиева С.С., Шевнина И.В. Основы жизнеобеспечения терсекского общества // Экология древних и традиционных обществ: Докл. конф. Тюмень, 2007. – Вып. 3. – С. 100-103.

19 Ченченкова О.П. Общие черты в искусстве Ботайской, Окуневской и Самусьской культур (к вопросу о формировании нового мировоззрения у ранних скотоводов лесостепной Евразии) // Каменная скульптура и мелкая пластика древних и средневековых народов Евразии: сборник научных трудов / отв. ред. А.А. Тишкин. – Барнаул : Изд-во Азбука, 2007. – С. 85-88

20 Косинцев П.А. Лошади Ботая и Синташты: Сравнительная и морфометрическая характеристика // Этнические взаимодействия на Южном Урале. –Челябинск: ЧелГУ, 2002. – С. 48-50.

21 Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане (по остеологическому материалу из археологических памятников энеолита и бронзы). – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 218 с.

22 Кузьмина И.Е. Лошади Северной Евразии от плиоцена до современности. – Санкт-Петербург, 1997. – 224 с.

23 Ермолова Н.М. Остатки млекопитающих из поселения Ботай // Проблемы реконструкции хозяйства итехнологий по данным археологии. – Петропавловск: Отдел «Археология Северного Казахстана» ИА НАНРК, 1993. – С. 87-89.

24 Гайдученко Л.Л. Крупный рогатый скот энеолита степной зоны Казахстана (доместикационные признаки на черепе и нижней челюсти) // Вопр. археологии Казахстана. –Алматы: Гылым, 1998. –Вып. 2.–С. 175-178.

25 Гайдученко Л.Л. Домашняя лошадь и крупный рогатый скот поселения Кожай 1 // Калиева С.С. Поселение Кожай 1. – Алматы: ИА МН-АН РК, 1998. – с. 234-252.

26 Гайдученко Л. Л. Лошадь в погребальных памятниках эпохи раннего металла из степной зоны Казахстана и Южного Зауралья // Маргулановские чтения - 2011. Материалы международной археологической конференции. - Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2011. - С. 53-55

27 Outram A.K., et al. The earliest horse harnessing and milking // Science. 2009. 323(5919). - P. 1332–1335

28 Fages A., et al. Tracking five millennia of horse management with extensive ancient genome time series // Cell. – 2019. – Volume 177. – Issue 6. – P. 1419-1435

29 Levine M. Mortality models and the interpretation of horse population structure // Hunter-Gatherer Economyin Prehistory. – Cambridge: Cambr.Univ. Press, 1983. – P. 23-46.

30 Levine M. Botai and the origins of horse domestication // Journ. of Anthropol. Archaeology. –1999. – 18 (1). – P. 29-78.

31 Brown D.R., Anthony D.W. Bit wear, horseback riding, and the Botai site in Kazakhstan // Journal of Archeological science. – 1998. – №25. – P.331-347

32 Brown D.R., Anthony D.W. Eneolithic horse exploitation in the Eurasian steppes: diet, ritual and riding // Antiquity. – 2000. – Volume 74. - Issue 283. – P. 75-86.

33 Benecke N., von den Dreisch A. Horse exploitation in the Kazakh steppes during the Eneolithic and BronzeAge // Prehistoric Steppe Adaptation and the Horse. –Cambridge: McDonald Inst. for Archaeol. Research, 2003. – P. 69-82.

34 Olsen S.L. The exploitation of horses at Botai, Kazakhstan // Prehistoric Steppe Adaptation and the Horse. – Cambridge: McDonald Inst. for Archaeol. Research, 2003. – P. 83-104.

35 Логвин А.В., Шевнина И.В. Элитное погребение синташтино-петровского времени с могильника Бестамак // VII исторические чтения памяти Михаила Петровича Грязнова: сборникнаучных трудов I отв. ред. С.Ф, Татауров, И.В. Толпеко. – Омск: Изд-во Ом. гос.ун-та, 2008. –190 с.

36 Шевнина И., Логвин А. Могильник эпохи бронзы Халвай III в Северном Казахстане. – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2015. – 248 с.

37 Логвин В.Н. К проблеме становления синташтинско-петровских древностей // Россия и Восток: Проблемы взаимодействия: Мат-лы конференции. – Челябинск, 1995. –Ч. 5., кн. 1. – С. 88-95.

38 Зданович Г.Б. Бронзовый век Урало-Казахстанских степей. –Челябинск: Изд-во ЧелГУ, 1988. –177 с.

39 Зданович Г.Б. Щитковые псалии Среднего Приишимья // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышскогомеждуречья. – Челябинск: Изд-во БашГУ, 1985. – С. 110-119.

40 Зданович Д.Г., Куприянова Е.В. Парные жертвоприношения лошадей в бронзовом веке в Центральной Евразии: Археология, мифология и ритуал // Происхождение и распространение колесничества. – Луганск: Глобус, 2008. – С. 188-197.

41 Кузьмина Е.Е. Предыстория Великого шелкового пути: Диалог культур Европа–Азия /Отв. ред. Г. М. Бонгард-Левин. – М.: КомКнига, 2010. – 240 с.

42 Черленок Е.А. Погребения колесничих лошадей в позднем бронзовом веке на территории Восточной Европы и Казахстана // Stratum plus7 – 2000. – №2. – С. 346-349

43Косинцев П.А. Происхождение «колесничных лошадей» // Происхождение и распространение колесничества. – Луганск: Глобус, 2008. – С. 113-129.

44 Чечушков И.В. Колесницы Евразийских степей эпохи бронзы // Вестник археологии, антропологии и этнографии. –2011. –№ 2 (15). – С. 57-65

45 Сотникова С.В. Образ колесницы и колесничего в ритуальной практике населения эпохи бронзы евразийских степей: опыт реконструкции ритуала и представлений // Вестник Томского государственного университета. –2014. – № 380. – С. 102-108.

46 Outram A.K., et al. Horses for the dead: funerary food ways in Bronze Age Kazakhstan // Antiquity. – 2011. – Volume 85. – Issue 327. – P. 116-128

47 Руденко С.И. Горноалтайские находки и скифы. – М.-Л., 1952. – 246 с.

48 Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. – М.: Наука, 1953. – 358 с.

49 Грязнов М.П. Аржан – царский курган раннескифского времени. – Л.: Наука, 1980. – 62 с.

50 Грязнов М.П. Древнее искусство Алтая. – Л., 1958. – 112 с.

51 Грязнов М.П. Первый Пазырыкский курган. – Л., 1950. – 80 с.

52 Кубарев В.Д. Курганы Уландрыка. – Новосибирск: 1987. – 302 с.

53 Кубарев В.Д. «Конь счастья» в религиозно-мифологических представлениях ранних кочевников Горного Алтая // Рериховские чтения. – Новосибирск, 1980. – С. 58-70.

54 Кузьмина Е.Е. Конь в религии и искусстве саков и скифов // Скифы и сарматы. – Киев: Наукова думка, 1977. –С. 96–119.

55 Кузьмина Е.Е. Распространение коневодства и культа коня у ираноязычных племен Средней Азии и других народов Старого света // Средняя Азия в древности и Средневековье (история и культура).– М.: Изд. «Наука», Главная редакция восточной литературы,1977. – С. 28-52.

56 Кузьмина Е.Е. Опыт реконструкции некоторых памятников скифского искусства // Мифология и искусство скифов и бактрийцев (культурологические очерки). – М.: Российский институт культурологии, 2002. – С. 124-145.

57 Беленицкий А.М. Конь в культах и идеологических представлениях народов Средней Азии и евразийских степей в древности и средневековье // КСИА. – Вып. 2. – М.: 1978. – С. 31-39.

58 Самашев З. Конь в ритуально-обрядовой практике у древнего населения Казахского Алтая // Түрік дүниесі. Альманах. – Алматы, 2013. – С. 616-625.

59 Оңғар А. Оңтүстік-батыс Алтайды мекен еткен ежелгі малшылардың жерлеу ғұрпындағы жылқы (берел қорымының материалдары бойынша) // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – Вып. 3. – Уральск, 2004. – 188-195 бб.

60 Очир-Горяева М.А. Роль коня в погребальном обряде Евразийских кочевников скифской эпохи // Филология и культура. – 2014. – №2(36). – С. 245-248

61 Очир-Горяева М.А. Конь в культуре кочевников скифской эпохи по Геродоту // НАВ. – 2011. –Вып. 18. – С. 69-75.

62 Очир-Горяева М.А. Маскировка коней под мифических животных в пазырыкской культуре Горного Алтая // Oriental studies. – 2014. – №3. – С. 94-99

63 Николаев Р.В. Солнечный конь // Скифо-сибирский мир. Искусство и идеология. – Новосибирск, 1987. – С. 154-158.

64 Фиалко Е.Е. Конь-оберег в погребальном обряде скифов // Животные и растения в мифоритуальных системах. Материалы научной конференции. – СПб.,1996. – С. 17-19.

65 Фиалко Е.Е. Кони в погребальном ритуале скифской аристократии // Степи Евразии в древности и средневековье. Материалы международной научной конференции. Книга II. – Санкт-Петербург: Издательство ГЭ, 2003. – С. 169-170

66 Нестеров С.П. Конь в культах тюркоязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековья – Новосибирск, 1990 – 143 с.

67 Кубарев Г.В. Культура древних тюрок Алтая (по материалам погребальных памятников) – Новосибирск: Издательство Института археологии и этнографии СО РАН, 2005. – 400 с.

68 Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху – Л., изд-во ЛГУ. – 1984. – 174 с.

69Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Наука, 1992. – 288 с.

70 Самашев З., Курманкулов Ж., Жетыбаев Ж. Петроглифы Казахского мелкосопочника // Международная конференция по первобытному искусству. – Т. 2. – Кемерово, 2000. – С. 98-100.

71 Самашев З.С.Некоторые замечания о проблемах петроглифоведения Казахстана// Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии. Часть 1. –Актобе, 2006. – С.31-36.

72 Самашев З, Байтілеу Д. Құрманқұлов Ж. Теректі әулие петроглифтері. – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2013. – 212 б.

73 Самашев З. Жетісу жартас суреттері. Баянжүрек. – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2012 – 240 б.

74 Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М. Сауысқандық петроглифтері. – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2014 – 374 б.

75 Самашев З. Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы. Қазақ өнері: 5 томдық. Т.І.: Ежелгі өнер. – Алматы: Елнұр, 2013. – 240 б.

76 Максимова А.Г., Ермолаева А.С., Марьяшев А.М. Наскальные изображения урочища Тамгалы. – А.-А.: Өнер, 1985. – 143 с.

77 Марьяшев А.Н. Петроглифы Семиречья // Звери в камне. – Новосибирск, 1980. – С. 211-229.

78 Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья. - Алматы: Общественный фонд «Родничок», 2002. – 238 с.

79 Новоженов В.А. Петроглифы Сары Арки. – Алматы, 2002. – 126 с.

80 Новоженов В.А. Чудо коммуникации и древнейший колесный транспорт Евразии / под ред. Е.Е. Кузьминой. – М.: Таус, 2012. – 500 с.

81 Рогожинский А.Е. Изобразительный ряд петроглифов эпохи бронзы святилища Тамгалы // История и археология Семиречья. – Вып. 2. – Алматы, 2001. - С. 7-44.

82 Кубарев В.Д. Конь и всадник в искусстве древних кочевников // Изучение историко-культурного наследия народов Южной Сибири. – Горно-Алтайск: АКИН, 2007. – Выпуск 6. – С. 52-75.

83 Ковтун И.В. «Конноголовые» жезлы и культ конской головы в Северо-Западной Азии во II тыс. до н.э. // Археология, этнография и антропология Евразии. – 2012. – №4(52). – С. 95-105

84 Суразаков А.С. Небесные кони пазырыкских вождей // Археология Горного Алтая. – Горно-Алтайск, 1988. –С. 3-31.

85 Дергачёв В.А. О скипетрах, о лошадях, о войне. Этюды в защиту миграционной концепции М. Гимбутас. – СПб: «Нестор-История», 2007. – 488 с.

86 Ченченкова О.П. Каменная скульптура лесостепной Азии эпохи палеометалла III – I тыс. до н.э. – Екатеринбург: Тезис, 2004. – 336 с.

87 Шер Я.А. «Господин коней» на берегу Енисея // Петербург. археол. вестн. – 1993. – № 6. – С. 17-22.

88 Васильев В.Е. К генезису обычая погребения с конем у народа саха в свете пограничья тюркского мира // Известия Лаборатории древних технологий –№ 2 (11) –2014. – С. 48-64.

89 Гоголев А.И. Якуты: (Проблемы этногенеза и формирования культуры). – Якутск: Изд-во ЯГУ, 1993. – 200 с.

90 Салмин А.К. Система верований чувашей. – Чебоксары, 2004. – 206 с.

91 Гундогдыев О. Конь и конница у туркмен – Ашгабат, 1999. – 224 с.

92 Яковлев В.Ф. Сэргэ (Коновязь).–Ч.1. –Якутск: СитимЧИФ, 1992. – 263 с.

93 Славнин В.Д. Жертвоприношение коня духу – покровителю рода у верхних кумандинцев (материалы) // Проблемы этнической истории и культуры тюрко-монгольских народов Южной Сибири и сопредельных территорий. – Москва, 1994. – С. 57-74.

94 Бертагаев Т.А. Этнолингвистические этюды о племенах Центральной Азии // Исследования по истории и филологии Центральной Азии. – Улан-Удэ: Бурят. кн. изд., 1976. – Вып. 6. – С. 24-39.

95 Потапов Л.П. Конь в верованиях и эпосе народов Саяно-Алтая // Фольклор и этнография. Связи фольклора с древними представлениями и обрядами. – Л., 1977. – С. 164-178.

96 Дьяконова В.П. Погребальный обряд тувинцев как историко-этнографический источник – Л., 1975. – 148 с.

97 Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М.: Наука, 1984. – 263 с.

98 Линденау Я.И. Описание народов Сибири (1-я половина XVIII в.). – Магадан: Кн. изд-во, 1983. – 176 с.

99 Бравина Р.И. Погребальный обряд якутов (XVII– XIX вв.). – Якутск: Изд-во Якут. гос. ун-та, 1996. – 231 с.

100 Попов А.А. Материалы по истории религии якутов бывшего Вилюйского округа // СМАЭ.– Т. XI. –М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1949. – С. 255-323.

101 Катанов Н.Ф. О погребальных обрядах у тюркских племен Центральной и Восточной Азии с древнейших времен до наших дней // Известия общества археологии, истории и этнографии при Имп. Казанском Университете. – Казань, 1894. –Т. 12.– Вып. 2. – С. 109-142.

102 Трапезов О.В. Доместикация как самое раннее интеллектуальное достижение человечества // Вавиловский журнал генетики и селекции. – 2013. – Т. 17. – №4/2. – С. 872-883

103 Виноградов Н.Б. Могильник бронзового века Кривое озеро в Южном Зауралье. –Челябинск, 2003. – 362 с.

104 Кузьмина Е.Е. Современное состояние проблемы доместикации лошади и происхождение колесниц // У истоков цивилизации. Сборник статей к 75-летию В.И. Сарианиди. – М.: Старый сад, 2004. – С. 129-141

105 Матюшин Г.Н. Энеолит Южного Урала. – М.: Наука, 1982. –328 с.

106 Сарианиди В.И. Задолго до Заратуштры (Археологические доказательства протозороастризма в Бактрии и Маргиане). – М.: Старый сад, 2010. – 200 с.

107 Смирнов К. Ф., Кузьмина Е. Е. Происхождение индоиранцев в свете новейших археологических открытий. – М., 1977. – 82 с.

108 Кукушкин И.А. Колесничные комплексы Центрального Казахстана // Известия НАН РК.Сер общественных наук. – 2010. – № 1. – С. 25-31.

109 Елизаренкова Т.А., Топоров В.Н. Мир вещей по данным Ригведы // Ригведа. Мандалы V–VIII. –М., 1999. – С. 487-525.

110 Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 176 с.

111 Соколова З.П. Культ животных в религиях. – М.: Наука, 1972. – 213 с.

112 Артамонов М.И. Сокровища скифских курганов в собрании Государственного Эрмитажа. Прага; – Л.: Артия; Советский художник, 1966. – 306 с.

113 Синика В.С. К вопросу о семантике конских погребений на скифском могильнике III—II вв. до н. э. у с. Глиное на Левобережье Нижнего Днестра // Археологія і давня історія України. – 2011. – Вип. 5. – С. 119-124.

114 Ушаков А.М. Символизация коня в погребальном ритуале ранних кочевников Южного Урала в V-IV вв. до н.э. // Вестник ЮУрГУ. Серия «Социально-гуманитарные науки». – 2013. – № 1. –т. 13. – С. 64-70

115 Сейткалиев М. К., Гайдученко Л. Л. Конь в погребениях кочевой элиты южного приуралья (по материалам кургана 3 могильника Кырык-Оба II) // Сарыарқа сақтары мәдениеті далалық Еуразиядағы этноәлеуметтік және мәдени үдерістерді зерттеу аясында. Археолог Кемал Ақышевты еске алуға арналған ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: “Беғазы-Тасмола” ТАҒЗО, 2015. – С. 271-274

116 Кукушкин И.А. «Семантика массовых захоронений лошадей в царских курганах ранних кочевников // Комплексные исследования древних и традиционных обществ Евразии: Сборник научных трудов. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2004. – С. 276-283

117 Радлов В.В. Из Сибири: страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 с.

118 Самашев З. Берел.– Алматы: Издательский дом «Таймас», 2011. – 236 с.

119 Марр Н.Я. Средства передвижения, орудия самозашиты и производства в доистории. – Л, 1926.

120 Токарев С.А. Ранние формы религии – М:. Политиздат, 1990. – 622 с.

121 Тишкин А.А., Дашковский П.К. Социальная структура и система

мировоззрений населения Алтая скифской эпохи. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та. 2003. – 430 с.

122 Дашковский П.К. Лошадь в религиозно-мифологической системе номадов Горного Алтая VI-II вв. до. н.э. // Археология и этнография Алтая: Сборник научных трудов. – Горно-Алтайск, 2003. – Выпуск 1. – С. 16-25

123 Членова Н.Л. Тагарские лошади (О связях племен Южной Сибири и Средней Азии в скифскую эпоху) // Кавказ и Средняя Азия в древности и средневековье. – М.: Наука, 1981. – С. 80-94

124 Черемисин Д. В. О семантике маскированных рогатых лошадей пазырыкских курганов // Археология, этнография и антропология Евразии. – 2005. –№ 2 (22). – С. 129-140.

125 Витт В.О. Лошади Пазырыкских курганов // СА. – 1952. – №16.– С. 165-179.

126 Цалкин В.И. К изучению лошадей из курганов Алтая // Материалы по археологии СССР. – 1952. – №24. – С. 37-42.

127 Кашкинбаев К., Самашев З. Лошади древних кочевников Казахского Алтая. – Алматы: ТОО «Археология», 2005. – 137 с.

128 Косинцев П.А., Самашев З.С. Лошади из могильников скифского времени Казахского Алтая // Международное (XVI Уральское) археологическое совещание: материалы международной научной конференции. 06-10 октября 2003 г. – Пермь, 2003. – С. 117-118.

129 Гребенников И.Ю. Лошади кочевников горного и лесостепного Алтая // Теория и практика археологических исследовании: сборник научных трудов. – Барнаул: Азбука, 2009. – Вып. 5. – С. 164-170

130 Вайнштейн С.И. Памятники второй половины I тысячелетия в Западной Туве // Труды Тувинской комплексной археолого-этнографической экспедиции 1959-1960. –Т.II. – М., 1966. – 328 с.

131 Длужневская Г.В. Сопроводительный инвентарь и вопросы половозрастной дифференцации древнетюркского общества // Из истории Сибири. – Томск, 1976. –Вып. 21.– С. 72-77.

132 Овчинникова Б.Б. Тюркские древности Саяно-Алтая в VI-X вв. – Свердловск: Из-во Уральского госуниверситета, 1990. – 221 с.

133 Евтюхова Л.А., Киселев С.В. Отчет о работах Саяно-Алтайской археологической экспедиции в 1935 г. // Тр.ГИМ. – Вып. XVI. –М, 1941. – С. 75-117

134 Жуматаев Р.С. Ежелгі түркілердің дүниетанымындағы жылқы // Материалы международной научно-теоретической конференции «Мировая история, историография и источниковедение в системе инновационно-научного познания». 26-27 апреля. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 273-275 б.

135 Казаков Е.П. О культе коня в средневековых памятниках Евразии // Западная Сибирь в эпоху средневековья. – Томск, 1984. – С. 99-110.

136 Конников Б.А. Конь в культуре и искусстве средневекового населения Омского Прииртышья, Южной Сибири и Казахстана: общее и особенное // Мировоззрение населения Южной Сибири и Центральной Азии в исторической

ретроспективе. – Вып. IV. – Барнаул: Азбука, 2008. – С. 24-39.

137 Нуржанов А.А., Кадиркулова Г.К. Роль коня в системе религиозных культов древних тюрков // Қазақ мәдениетінің ділдік рухани тұтастығы. – Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, 2013. – С. 61-64

138 Серегин Н.Н. Погребальный ритуал кочевников тюркской культуры Саяно-Алтая // Вестник НГУ. Серия История, филология. – 2010. – Т. 9. – Вып.5. – С. 171-180

139 Бандура А.П. Культ коня у народов Горного Алтая в период раннего средневековья и его этнографические параллели у алтайцев // Этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий. – Омск: ОмГУ, 1984. – С. 109-113.

140 Илюшин А.М. Ритуальные захоронения коней в Горном Алтае (датировка и география) // Сохранение и изучение памятников археологии Алтайского края. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 1995. – Вып. V. – Ч. 1. – С. 122–125.

141 Васютин А.С., Онищенко С.С. Некоторые вопросы интерпретации погребений со «шкурами» лошадей на юге Западной Сибири в VIII–XIV вв. // Время и культура в археолого-этнографических исследованиях древних и современных обществ Западной Сибири и сопредельных территорий: проблемы интерпретации и реконструкции. – Томск: Аграф-Пресс, 2008. – С. 96–98.

142 Трифонов Ю.И. Об этнической принадлежности погребений с конем древнетюркского времени (в связи с вопросом о структуре погребального обряда тюрков-тугю) // Тюркологический сборник 1972. – М., 1973. – С. 351-374.

143 Табалдиев К.Ш. Курганы средневековых кочевых племён Тянь-Шаня. – Бишкек: Айбек, 1996. – 256 с.

144 Васильева А.П. Репрезентация образа коня/лошади в традиционной культуре якутов // Вестник СВФУ. – 2013. – Т. 10. – №5. – С. 141-146

145 Попов В.В., Николаев В.С. Захоронения животных в обрядовой практике саха-якутов XV-XX вв. // Известия лаборатории древних технологии. – 2008. – №6. – С. 194-212

146 Кыржинаков А.А. Лошадь в культуре Хакасов // История и культура народов Юго-Западной Сибири и сопредельных регионов (Казахстан, Монголия, Китай). – Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2017. – С. 19-22

147 Бурнаков В.А. Традиционные представления Хакасов об ызыхах // Археология, этнография и антропология Евразии. – 2010. – №2(42). – С. 111-121

148 Мендешева В.М. Конь в традиционной культуре алтайцев // Мировоззрение населения Южной Сибири и Центральной Азии в исторической ретроспективе. Вып. II. – Барнаул : Азбука, 2008. – С. 250-260.

149 Текеева Л.К. Культ коня в традиционной культуре тюркоязычных народов Северного Кавказа (на примере карачаевцев и балкарцев) // Грамота. – 2016. – №12(74). – Ч.1. – С. 171-173

150 Илимбетова А.Ф., Ф.Ф. Илимбетов Культ животных в

мифоритуальной традиции башкир. – Уфа: АН РБ, Гилем, 2012. – 704 с.

151 Вяткина К.В. Культ коня у монгольских народов // СЭ. – 1968. – №6. – С. 117-122

152 Терентьев В. Религиозные практики кочевников Западной Монголии: обычай сэтэртэй мал у дербетов // Антропологический Форум. – 2014. – № 22 . – С. 191-211.

153 Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Жалын, 1979. – 279 б.

154 Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері – Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2005. – 134 б.

155 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд. – Алматы, "Санат", 1996.– 656 с.

156 Калиева С.С., Логвин В.Н. Некоторые штрихи к проблеме домашненности лошади терсекских и ботайских памятников // Вестник археологии, антропологии и этнографии. – 2011. – № 2 (15) – С. 246-255

157 Косинцев П.А. Фауна крупных млекопитающих Северного Урала в позднем плейстоцене и голоцене / П.А. Косинцев // Материалы и исследования по истории современной фауны Урала. – Екатеринбург: Изд-во Урал, ун-та, 1996. – С.84-109.

158 Васильев И.Б., Матвеева Г.И. Могильник ус. Съезжеена р. Самаре // Советская археология –1979.– №4. – С. 147-166.

159 Жуматаев Р.С. Ежелгі Ботай-Терсектіктердің жылқыны қолға үйретуіне қатысты пікірталастар // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2016. – № 1. –221-225 бб.

160 Юдин А.И. Неолитические погребения Варфоломеевской стоянки // Археология Восточно-Европейской степи. – Вып. 2. – Саратов: Саратовский университет, 1991.– С. 3-14.

161 Васильев И.Б.Могильник мариупольского времени в Липовом Овраге на севере Саратовской области // Древности Среднего Поволжья. – Куйбышев, 1985. – С. 3-19.

162 Гусев С.В. Фаллос в шаманской атрибутике народов таежной зоны и тундры (археологический и этнографический аспект) // Интеграция археологических и этнографических исследований. – Омск: Изд-во Ом. гос. пед. ин-та, 1999. – С. 226-228.

163 Ченченкова О.П. Каменная скульптура лесостепной Азии эпохи палеометалла III – I тыс. до н.э. – Екатеринбург: Тезис, 2004. – 336 с.

164 Вальков Д.В. О «фаллических формах» на поселениях эпохи поздней бронзы // Эпоха бронзы и ранний железный век в истории древних племен южно-русских степей. – Саратов: Сарат. гос. пед. ин-т, 1997. – С. 109-112.

165 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 453 с.

166 Ткачев А.А. Центральный Казахстан в эпоху бронзы. – Тюмень, 2002. – Ч.1. – 289 с.

167 Ткачев А.А. Центральный Казахстан в эпоху бронзы. – Тюмень, 2002.

– Ч.2. – 225 с.

168 Кукушкин И.А. Могильник Аяпберген - раннеандроновский памятник Центрального Казахстана // Изучение памятников археологии Павлодарского Прииртышья. – Павлодар: НПФ "Эко", 2006. – Вып. 2. – С. 50-69.

169 Жуматаев Р.С. Жылқының толық немесе оның бөліктері кездесетін Қазақстандағы қола дәуірі ескеткіштері және оларға қатысты кейбір тұжырымдар. // «Тәуелсіздік құндылықтары және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 8 сәуір 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 219-226 бб.

170 Логвин А.В. Синташтинско-Петровские древности Тургайского прогиба: дисс. ...канд. ист. наук: 07.00.06. - Кемерово, 2019. – Т. 2. – 67 с.

171 Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сарыарки (по материалам Северной Бетпакдалы). - Алматы: наука, 1992. – 247 с.

172 Жуматаев Р.С. Қола дәуірі тайпаларының дүниетанымы мен өнеріндегі жылқының орны // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2015. – №2 (77). – 238-243 б.

173 Жуматаев Р.С. Қазақстан жартас суреттерінде жылқы бейнесінің кескінделуі: уақытнамалық ерекшеліктер // Абай атындағы ҚазМПУ хабаршысы. – Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы– 2015. – №3. – 202-206 бб.

174 Маргулан А.Х. К изучению памятников района р. Сары-су и Улутау // Вестник АН Казахской ССР. – Алма-Ата, 1948. – №2 (35). – С.53-60.

175 Омаров Ғ.Қ., Жуматаев Р.С., Бесетаев Б.Б., Сагындыкова С.Т., Сапатаев С.А. Үржар ауданының археологиялық ескерткіштері (2015-2017 жылдардағы археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері): монография / Ғ.Қ. Омаров, т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 126 б.

176 Самашев З. Петроглифы Тарбагатая. Шимайлы. – Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2018. – 366 с.

177 Кузьмина Е.Е. Кони и колесницы Южного Урала и индоевропейские мифы // Проблемы изучения энеолита и бронзового века Южного Урала. – Орск, 2000. – С. 3-9.

178 Кубарев В.Д. Мифы и ритуалы, запечатленные в петроглифах Алтая // АЭАЕ. - № 3 (27). – 2006. - С. 41-54.

179 Ларичев В.Е. Стела Аскиза: астральные боги и время (к семантике фантастического обличья быков, анималистических фигур и личин окуневской эпохи) // Комплексные исследования древних и традиционных обществ Евразии. – Барнаул, 2004. – С. 379-389.

180 Черных Е.Н., Кузьминых С.В. Древняя металлургия Северной Евразии. – М.: Наука, 1989. – 320 с.

181 Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 256 б.

182 Самашев З., Чотбаев А.Е. Қазақ Алтайындағы сақтар мәдениетін зерттеу мәселелері // «Ұлы Даланың жеті қыры және Еуразия археологиясы мен

этнологиясының өзекті мәселелері» атты «XI Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ә.Т. Төлеубаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – Б. 34-37.

183 Сорокин С.С. Памятники ранних кочевников в верховьях Бухтармы //АСГЭ. – М.-Л., 1966. – № 8. – С. 39-60.

184 Самашев З. Отчет о научно-исследовательской работе. По теме: «Могильник Берел». – Астана, 2015. – 72 с. – Рукопись.

185 Samashev Z., Zhumatayev R.S. A horse in a burial-memorial ceremony of ancient nomads in Kazakh Altay region // European Journal of Science and Theology. – 2015. – Vol.11. – No.4.– P. 243-256.

186 Самашев З. Отчет об археологических работах в рамках «Программы развития научно-исследовательских работ в сфере археологии в ВКО на 2016-2018 годы». – Астана, 2016. – 256 с. – Рукопись.

187 Самашев З., Кариев Е., Александров С., Ахмадиев Ж., Киясбев Г.,Толегенов Е., Самашев С., Ерболатов С. Выкладки-оградки периода сяньби на Береле – новый эталонный памятнки эпохи великого переселения народов // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі. – Өскемен, 2018. – 252 б.

188 Жуматаев Р.С. Ежелгі көшпелілердің ғұрыптық жүйесіндегі жылқы (Қазақстан материалдары бойынша) // «Бекмаханов оқулары» аясындағы «Е.Б. Бекмаханов және тарихи тұлғаларды тану мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2015. – 100-104 б.

189 Жуматаев Р.С. Ежелгі құлажорғалықтардың жерлеу ғұрпына қатысты тұжырымдар // Қарағанды университетінің хабаршысы. – Тарих.Философия сериясы. – 2015. – №2 (78). – 167-173 б.

190 Omarov G.K., Zhumatayev R.S. Funeral architecture of archeological monuments of “Kulazhorga” type // Materialy IX mezinarodnivědecko - praktickakonference «Přednivědeckenovinky – 2013». – Dil 4. Historie. Filosofie. Politickevědy: Praha: Publishing House «Education and Science», 2013. – P. 7-9

191 Черников С.С. Предварительный отчет о работе Восточно-Казахстанской экспедиции в 1948 г. // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд.11. – Опись 2. – Дело 120.

192 Черников С.С. О работах Восточно-Казахстанской экспедиции. //КСИИМК. – М., 1956. – Вып.64. – С. 43-60.

193 Черников С.С. Отчет о работе Восточно-Казахстанской археологической экспедиции Института истории материальной культуры Академии наук СССР за 1954 г. // Архив Института археологии МОН РК. – Фонд 11. – Д. № 317. – Л. 18.

194 Самашев З.С. Памятники кулажургинского типа // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С. 95-115.

195 Арсланова Ф.Х. Отчет о работе на археологической практике студентовУсть-Каменогорского Пединститута в 1966 году. // Архив ИА КН МОН РК. – Опись 2. – Д. № 1052. – 24 с.

196 Арсланова Ф.Х. Отчет (предварительный) об археологической

практике студентов 1-го курса исторического факультета УКПИ в 1968-1969 году // Архив ИА КН МОН РК. – Опись 2. – Д. № 1125. – 26 с.

197 Самашев З.С., Васютин А. С, Ермолаева А. С. и др. Отчет об археологических исследованиях на территории Восточно-Казахстанской области за 1988 год. // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд 11. – Д. № 2177.

198 Ткачев А.А. Отчет полевые археологические исследования в Верхнем Прииртышье в 1992-1993 гг. // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. – опись 2. – д. № 2424. – С. 8-13.

199 Толеубаев А.Т. Жуматаев Р.С. 2012 жылы Шілікті V қорымында жүргізілген қазба жұмыстарының қорытындылары // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының зерттеулері мен далалық материалдары: V шығарылым. Қазақстан археологиясы мен этнографиясы бойынша материалдар мен зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б. 3-13

200 Төлеубаев Ә.Т., Жуматаев Р.С., Шагирбаев М.С. Шілікті IV қорымындағы №7 обаның қазбасы нәтижесі // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. 1 бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 3-10 б.

201 Черников С.С. Загадка золотого кургана. Где и когда зародилось «скифское искусство». – М.: Наука, 1965. – 189 с.

202 Черников С.С. К вопросу о хронологических периодах в эпоху ранних кочевников (по материалам Восточного Казахстана) // Первобытная археология Сибирии. – Л., 1975. – С. 132-137.

203 Төлеубаев Ә.Т. Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сер. – № 12. – Б. 23-38.

204 Бейсенов А.З. Работы на могильнике Нуркен 2 // Историко-культурное наследие Сарыарки. Сборник научных статей. – Караганда, 2007. – С. 173-197

205 Бейсенов А.З. К вопросу о выделении памятников коргантасского типа в восточной Сарыарке (вторая половина - конец 1 тыс. до н.э.) // Этнокультурные процессы на территорт Казахстана (древность, средневековье, современность). – Алматы, 1995. – С. 55-61.

206 Бейсенов А.З., Дуйсенбай Д.Б. Исследование нового памятника коргантасского времени на могильнике Байке-2 (Центральный Казахстан)// Археология Западной Сибири и Алтая: опыт междисциплинарных исследований: сборник статей, посвященный 70-летию профессора Ю.Ф. Кирюшина / под ред. А.А. Тишкина. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2015. – С. 299-301

207 Кушаев Г.А. Памятники Алакульской впадины и долины реки Лепсы // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд 2. – Д. № 1068. – Связка 67. – 154 л.

208 Кушаев Г.А. Научный отчет об итогах археологических раскопок в Уральской области в 1977 году // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд 2. – Д. № 1598. – Связка 109. – 36 л.

209 Гуцалов С.Ю. Погребальные сооружения могильника Кырык-оба II в Западном Казахстане // Российская Археология. – 2010. – № 2. – С. 51–66

210 Алпысбаев Х. Новые наскальные изображения Бостандыкского района // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Т. 1. – Археология. – А.-А., 1956. – С. 182-188.

211 Полосьмак Н.В. Всадники Укока. – Новосибирск:ИНФОЛИО-пресс, 2001. – 336 с.

212 Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. – М.:Искусство, 1978. – 131 с.

213 Минасян Р.С. Секреты скифских ювелиров // Аржан источник в долине царей. Археологические открытия в Туве. – СПб.:ГЭ, 2004. – С. 40-45

214 Шнирельман В.А. Образы оленя и лошади в представлениях древних обитателей Северной и Центральной Евразии // Религиозные представления в первобытном обществе: Тез. докл. – М.: Наука, 1987. – С. 255-257.

215 Ригведа. Мандалы V–VIII. / Изд. Подгот. Т.Я. Елизаренковой: АН СССР. –М.:Наука 1989. – 768 с.

216 Гамкрелидзе Т.В., Иванов Вяч.Вс. Индоевропейский язык и индоевропейцы. Реконструкция и историко-типологический анализ праязыка и протокультуры. - Т. 2. – Тбилиси: Тбилисский университет, 1984. – 1328 с.

217 Самашев З. Көне түркі графикасы. – Астана: Prosper Print, 2013. – 316 б.

218 Геродот. История в 9 книгах. Перевод и прим. Г.А. Стратановского. – Л.: Наука,1972 – 600 с.

219 Сагитов М.М. Отражение культа коня в башкирском народном творчестве / / Вопросы башкирской фольклористики. – Уфа, 1978.

220 Кычанов Е.И. История приграничных с Китаем древних и средневековых государств (от гуннов до маньчжуров). – 2-е изд., испр. и доп. – СПб.:Петербургское лингвистическое общество, 2010. – 364 с.

221 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена – М.-Л.,1950. – Т. 1. – 382 с.

222 Арсланова Ф. Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2013. – 405 с.

223 Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 124 с.

224 Самашев З.С., Чотбаев А.Е. Древнетюркский воин-музыкант из Казахского Алтая // Средневековая городская культура и кочевая цивилизация бассейна реки Урал. Материалы международной научной конференции. – Уральск, 2012. – С. 280-293.

225 Самашев З.С., Чотбаев А.Е., Байтлеу Д.А., Бесетаев Б.Б., Рахманкулов Е., Ахметов М.Г., Жалмагамбетов Ж. Начало исследования на Каракабе // Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының ебектері – Т.1. – Астана, 2012. – С. 104-114.

226 Агеева Е.И., Максимова А.Г. Отчёт Павлодарской экспедиции 1955 года // Тр. ИИАЭ АН Каз. ССР. – Т. VII (Археология). – Алма-Ата, 1959. –

С. 32-58

227 Курманкулов Ж. Погребение воина раннетюркского времени // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С. 191-196

228 Самашев З. Отчет о работе отряда Семиреченской археологической экспедиции в 1986 г. На могильнике Сулу Коян // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд 2. – Д. № 2010. – Связка 160. – 28с.

229 Айткұл Х.А. ҚР Мемлекеттік орталық музейінің 2014 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Ақтерек ауылдық округінде орналасқан археологиялық ескерткіштерге жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері // Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 137-146 б.

230 Айткұл Х.А., Мякишева О.А., Торежанова Н.Ж., Рахметова А., Айдарханова Е.Е. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің 2017 ж. Ақтерек қорымында жүргізілген далалық қазба жұмыстарының нәтижелері // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 137-142 б.

231 Айткұл Х.А. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейінің 2018 жылы Ақтерек қорымында жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері // «Ұлы Даланың жеті қыры және Еуразия археологиясы мен этнологиясының өзекті мәселелері» атты «XI Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ә.Т. Төлеубаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 181-192 б.

232 Горячев А.А.Археологический комплекс Бутакты-1. – Алматы: ТОО «KazBookTrade», 2018. – 264 с.

233 Нурмухамбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж., Рахметов А. Аварийно-спасательная деятельность заповедника-музея Иссык (Итоги сезона 2011 г.) // Маргулановские чтения-2012. – Астана, 2012. – С. 220-225

234 Zhumatayev R.S., Kozhabekova Zh. Image of a horse in rock art of medieval Kazakhstan // Prosedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol.122 – P. 157-161

235 Мандельштам А.М. Характеристика тюрок IX в. в послании Фатху. б. хакану ал Джахиза // Тр. ИИАЭ. – Алма-Ата,1956. – Т.1. – С. 67-91

236 Юрченко А.Г. Тайные монгольские погребения (по материаламфранцисканской миссии 1245 года) // Степи Европы в эпоху Средневековья. – Т. 6. –Золотоордынское время. – Сборник научных работ. – Донецк, 2008. – С. 111-159.

237 Жуматаев Р.С. Ежелгі және орта ғасырлық көшпелілердің жерлеу ғұрпындағы жылқы: жазба деректер мен археологиялық мәліметтердің үйлесімі // Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция

материалдары – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 106-112 б.

238 Молдокулова Д.Т. Некоторые обычаи и поверья кыргызов, связанные с конем (на основе полевых этнографических материалов) // Отан тарихы. – 2013. – №2. – С. 119-123.

239 Попов А.А. Материалы по истории религии якутов бывшего Вилюйского округа // СМАЭ. Т. XI. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1949. С. 255–323.

240 Голикова Т.А. Алтайцы: словарь этнолингвокультуры. – Москва-Берлин: Директ-Медиа, 2015. –346 с.

241 Хангалов М.Н. Несколько данных для характеристики быта северных бурят // Собрание сочинений в 3 т. – Т. 1. – Улан-Удэ: Бурят. кн. изд – во, 1958. – С. 205-225.

242 Ардонова Е.В. Погребально-поминальный обряд бурят // Гуманитарные исследования молодых ученых Бурятии. – Улан-Удэ, 1996. – С. 81-87.

243 Рыкин П.О. Концепция смерти и погребальная обрядность у средневековых монголов (по данным письменных источников) // От бытия к инобытию: Фольклор и погребальный ритуал в традиционных культурах Сибири и Америки: Сборник статей / Отв. ред. Ю.Е. Березкин, Л.Р. Павлинская. –СП б., 2010. – 365 с.

244 Топоров В.Н. Мировое дерево: Универсальные знаковые комплексы. Т.2. – М.: Рукописные памятники Древней Руси, 2010. – 496 с.

245 Слепцова А.А. Ритуальные столбы сэргэ у якутов и бурят:бытование и функции // Вестник Бурятского государственного университета – 2019. № 1. – С. 158-162

246 Жамбалова С.Г. Профанный и сакральный мирыольхонских бурят (XIX-XX вв.). – Новосибирск: Наука.Сиб. изд. фирма РАН, 2000. – 400 с.

247 Яковлев В.Ф. Сэргэ (Коновязь). – Якутск: СитимЧИФ, 1992. – Ч. 1. 63 с.

248 СавиновД.Г. Оленные камни в культуре кочевников Евразии. – СПб: СПбГУ, 1994. – 208 с.

249 Волков В.В. Оленные камни Монголии. – Улан-Батор: Изд во АН МНР, 1981. –254 с.

250 Клейн Л.С. Археологическая типология. – Л.: ЛФ ЦЭНДИСИ, 1991. – 448 с.

251 Гей А.Н. О некоторых символических моментах погребальной обрядности степных скотоводов Предкавказья в эпоху бронзы // Погребальный обряд: реконструкция и интерпретация древних идеологических представлений. –М. : Восточная литература, 1999. – С. 78-113.

252 Сотникова С.В. Формирование традиции вертикальной направленности погребального ритуала на территории евразийских степей в эпоху бронзы // Вопросы теории и практики. –Тамбов: Грамота, 2014. –№ 9. – С. 41–47.

253 Бороффка Н. Некоторые культурные и социальные взаимосвязи в бронзовом веке Евразии // Комплексные общества Центральной Евразии в III–II

тыс. до н.э. –Челябинск-Аркаим, 1999. – С. 80-81.

254 Алексеева И.Л. Трансформация идеологических представлений древнейших земледельцев и скотоводов Северо-Западного Причерноморья как результат контактов в IV–III тыс. до н.э. // Северо-Западное Причерноморье – контактная зона древних культур. –Киев, 1991. – С. 48-52.

255 Рослякова Н.В. Ритуальная практика населения срубной культуры Самарского Поволжья: роль и место животных в погребальном обряде // Труды III (XIX) Всероссийского археологического съезда. Т.I. – СПб-М-Великий Новгород: ИИМК РАН, 2011. – С. 270-271.

256 Сатаев Р.М., Гимранов Д.О. Характеристика археозоологического материала из 7 кургана Николаевского могильника // Николаевские курганы («Елена») на реке Стерля в Башкортостане. – Уфа: Изд-во ДизаинПолиграфСервис, 2009. – С. 222-228.

257 Заянчковский И.Ф. Животные, приметы и предрассудки – М.: Знание, 1991. – 256 с.

258 Кубарев В.Д. Памятники каракольской культуры Алтая. – Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО,2009. – 264 с.

259 Окладников А.П. Из истории древнегоискусства Центральной Азии (о вновь открытых петроглифах Монголии // История и культура Центральной Азии. – М.: Наука, 1983. – С. 311-328

260 Адрианов А.В. К археологии Западного Алтая (из поездки в Семипалатинскую область в 1911году) //Известия Императорской Археологической Комиссии. – СПб, 1916. – Вып. 62.

261 Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы, 1980. – Т.1. – 246-273 б.

262 Таиров А.Д. Памятники «коргантасского типа»: взгляд со стороны // Изучение памятников археологии Павлодарского Прииртышья. – Павлодар:НПФ «ЭКО», 2006. – С. 182-199.

263 Бейсенов А.З. К вопросу о выделении памятников коргантасского типа в восточной Сарыарке (вторая половина - конец 1 тыс. до н.э.) // Этнокультурные процессы на территорт Казахстана (древность, средневековье, современность). –Алматы, 1995. – С. 55-61.

264 Таиров А. Ранние кочевники Жайык-Иртышского междуречья в VIII–VI вв. до н.э. – Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2017. – 392 с.

265 Генинг В.Ф. Очерки по истории советской археологии. – Киев: Наукова думка, 1982. – 226 с.

266 Окладников А.П. Этногенез и культурогенез // Проблемы этногенеза народов Сибири и Дальнего Востока / Сборник материалов. – Новосибирск, 1973. – С. 5-11.

267 Килейников В.В., Юдин А.И. Костяные орудия и изделия Варфоломеевской стоянки // Археологические вести. 1. – Саратов, 1993. – С. 63-86

268 Моргунова Н Л. Неолит и энеолит юга лесостепи Волго-Уральского

Междуречья. – Оренбург, 1995. – 222 с.

269 Агапов С.А., Васильев И.Б., Пестрикова В.И. Хвалынский энеолитический могильник –Саратов, 1990. – 160 с.

270 Калиева С.С. О терминах и энеолите Зауралья // XV УАС: тез. докл. междунар. научн. конф. – Оренбург, 2001. – С. 42-49.

271 Виноградов Н.Б. Парадоксы Синташты // Бронзовый век Восточной Европы: Характеристика культур,хронология и периодизация. – Самара: НТЦ, 2001. – С. 189-193.

272 Авеста: Избранные гимны; Из Видевдата (пер. И.М. Стеблин-Каменского). – М., 1992. – 207 с.

273 Жуматаев Р.С., Шагирбаев М.С. Қазақстанның ежелгі көшпелілерінің жерлеу ғұрпындағы жылқы // Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2015. – №3. – 217-222 б.

274 Казахстан в сакскую эпоху. Коллективная монография. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017. – 228 с.


275 Таиров А.Д. Этнокультурные трансформации III-II вв. до. н.э. в Урало-Казахстанских степях // Известия Челябинского научного центра. – Вып. 4(26). – 2004. – С. 144-148

276 Бейсенов А.З. Коргантасские погребения конца I тыс. до н. э. Центрального Казахстана и проблема изучения головных внутримогильных жертвенников // 100 лет гуннской археологии. Номадизм прошлое, настоящее в глобальном контексте и исторической перспективе. Гуннский феномен. – Улан-Удэ, 1996. – Ч. I. – С. 89-94.


277 Шульга П.И. О захоронениях коргантасского типа // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии. – Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015. – С. 405-418.

278 Гаврилова А.А. Могильник Кудыргэ как источник по истории алтайских племен. – М.-Л.: 1965. – 144 с.


ҚОСЫМША



Сурет 1 – Ботай қонысынан табылған жылқының тұсамыс сүйегінен жасалған ұрыптық заттар (В.Ф. Зайберт бойынша, 2009)




Сурет 2 – Ботай қонысынан табылған жылқының тұсамыс сүйегінен жасалған ұрыптық заттар (В.Ф. Зайберт бойынша, 2009)



Сурет 3 – Нұртай қорымындағы № 2 обадан ашылған қос жылқы жерлеуі (Ткачев бойынша, 2002)




Сурет 4 – Халвай қорымының №3 шұңқырынан анықталған жылқының бас сүйектері (И.Шевнина, А.Логвин бойынша, 2015)




Сурет 5 – Бестамақ қонысының № 35 жерлеу орнынан ашылған қос жылқы (С.Калиева, В.Логвин бойынша, 2009)



Сурет 6 – Теректі әулие кешеніндегі жылқы бейнелері
(З. Самашев мұрағатынан)




Сурет 7 – Теректі әулие кешеніндегі жылқы бейнелері
(З. Самашев мұрағатынан)



Сурет 8 – Теректі әулие кешеніндегі арбаға жегілген жылқылар
(З. Самашев мұрағатынан)



Сурет 9 – Таңбалыдағы мүйізді жылқы кескіні




Сурет 10 – Қаратаудағы мүйізді жылқылар
(З. Самашев мұрағатынан)



Сурет 11 – Күршімдегі жартас бетіне салынған композициядағы әлем ағашы түбіндегі жылқылар (З. Самашев бойынша, 1992)



12 – Семей маңынан табылған аса таяқтың басы; 2 - Шемонаихадан табылған қола қанжардың басындағы мүсін.



Сурет 13 – Қатон қорымы № 10 обадағы екі жылқының жерленуі
(С. Сорокин бойынша, 1966)




Сурет 14 – Берел қорымындағы № 11 қорған
1 – № 11 қорғанның қабірханасының реконструкциясы; 2 – № 11 қорғаннан табылған жылқылардың реконструкциясы




Сурет 15 – Берел қорымындағы № 31 оба
(З. Самашев бойынша)




Сурет 16 – Берел қорымындағы № 36 оба
(З. Самашев бойынша)



Сурет 17 – Славянка қорымындағы № 14 қорғанның жоспары, тас жәшік пен ағаш ыдыс 1 – № 14 қорғанның жоспары; 2 – № 14 қорғанның тас жәшігі; 3 – ағаш ыдыс; 4 – қабір іші.



Сурет 18 – Зевакино қорымы. № 99г обасы
(Ф. Арсланова бойынша)




Сурет 19 – Зевакино қорымы. № 99е обасы
(Ф. Арсланова бойынша)



Сурет 20 – Шілікті V. №12 оба. Жылқы жерлеуінен қалған сүйектер
(Автордың фотосы)




Сурет 21 – Шілікті IV. №7 оба. Жылқы және қосымша
бұйымдармен бірге жерленген жерлен адам
(Автордың фотосы)


A
B
A
B
0 1м
0 10 см
курган 51


Сурет 22 – Алакөл қорымы. № 51 оба




Сурет 23 – Қарақаба қорымы № 9 оба
(З. Самашев мұрағатынан)




Сурет 24 – Қарақаба қорымы № 11 оба
(З. Самашев мұрағатынан)




Сурет 25 – Арасан 2 қорымы. №54 оба
(Г.А. Кушаев бойынша)



Сурет 26 – Алакөл қорымы. №28 оба
(Г.А. Кушаев бойынша)




Сурет 27 – қтүбек қорымының солтүстік тобы. № 1 оба (Х. Айтқұл бойынша)




Сурет 28 – Ақтүбек қорымының солтүстік тобы. № 2 оба (Х. Айтқұл бойынша)



Сурет 29 – Ақтүбек қорымының солтүстік тобы. № 6 оба (Х. Айтқұл бойынша)




Сурет 30 – Ақтүбек қорымының солтүстік тобы. № 9 оба
(Х. Айтқұл бойынша)




Сурет 31 – Ақтүбек қорымының солтүстік тобы. № 10 оба
(Х. Айтқұл бойынша)



Сурет 32 – Ту ұстаған салт аттты бейнесі. Баянжүрек
(З. Самашев мұрағатынан)



Сурет 33 – Ту ұстаған салт атттылар бейнесі. Ешкіөлмес
(З. Самашев мұрағатынан)



Сурет 33 – Қазақ бейтінің басындағы жылқы бас сүйегі

(Ж. Кастанье бойынша)